



**175 ЖЫЛ**

Абай Құнанбайұлының  
мерейтойы





«Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді».

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ**



**«АБАЙ АКАДЕМИЯСЫ»  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖОБАСЫ**

**НҰР-СҰЛТАН 2020**

## «АБАЙ АКАДЕМИЯСЫ» СЕРИЯСЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

---

Ерлан Сыдықов, *бас редактор*

Дихан Қамзабекұлы, *бас редактордың орынбасары*

Думан Айтмағамбетов, *жауапты хатшы*

Ерлан Сайлаубай, *жауапты редактор*

Серік Қирабаев

Жабайхан Әбділдин

Мырзатай Жолдасбеков

Сейіт Қасқабасов

Болат Көмеков

Ғарифолла Есім

Тұрсын Жұртбай

Серік Негимов

Құныпия Алпысбаев

Шәкір Ибраев

Тілеген Садықов

Жантас Жақыпов

Амантай Шәріп

Рақымжан Тұрысбек

Жанат Аймұхамбет

## АҢДАТПА

Өр заманда ұлт пен мемлекет келбетін жарқын да жасампаз идеяларымен айқындаған тұлғалар болады. Қазақ елі тарихында сондай тұлға – Абай Құнанбайұлы.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, сонымен қатар ол қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай – әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға» деген сөзі – ақынның жаһандық аядағы құбылысына берілген нақты баға.

Өткенді пайымдау арқылы өскелең ұрпақты тарихтың айшықты рухани құндылықтармен қауыштыру, адамзатқа ортақ терең ой-парасатты жария еткен дара да дана тұлғаларды ұлықтау – дүниедегі ең ардақты іс екені анық.

Тағылымы мол тарих қойнауынан бізге жеткен елеулі құндылық – дара тұлғалар мұрасы. Халыққа жол сілтер кемел ой айтқан, заманынан озып парасат пен көркемдік биігіне көтерілген, шығармашылық мұрасы қай уақытта да өміршеңдігін жоғалтпайтын алыптар – ұлттың мақтанышы мен тірегі. Қазіргі таңда өркениеттер генезисінде, мәдениетаралық диалогте ой бөйгесінің орны айрықша. Сол даналық аңсарлар жалғасын тапса, ғасырлар тезінен өтіп әлемді рухани жаңғыртса, бұл өркениеттің зор жетістігі болмақ.

Президент Қ.К.Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Әлемдік мәдениетте

Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуы тиіс» деп, ауқымды зерденің көзін ашты. Біртуар ақын мұрасы мен мұраты ел бірлігін нығайтып, жаңарған қоғамдық сананың өрелі істеріне темірқазық болары сөзсіз».

Абайдың даналық биігі – барша әлеуметті, әсіресе жастарды мемлекетшіл істерге баулудың бірден-бір дара жолы, сондай-ақ Қазақстанды әлемге танытудың өнегелі өрісі. Ақын армандаған кемелдікке терең ақыл мен тегеурінді қайрат қана апаратыны ақиқат.

Университет ұжымы және арнайы ғылыми топ осы міндеттен туындайтын ізгі мақсат жолына игілікті үлесін қосуға белсене кірісті. Мемлекет басшысы бастамасымен университет жанынан «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты құрылды.

Бұл ғылыми құрылым «Абай Құнанбайұлы мұрасы және қазіргі Қазақстан: жаңаша аспектіде жүйелеу, талдау және басылымға даярлау» атты кешенді ғылыми жобаны жүзеге асыруды қолға алды. Жоба аясында ғұмырнамалық зерттеулерді, ақын шығармашылығы туралы монографияларды, дерекнамалық еңбектерді, жаңа технологиялық жетістіктерге негізделген оқу-әдістемелік жұмыстарды танымдық сериялық басылым түрінде зиялы қауымға, ғылыми ортаға, барлық деңгейдегі білім алушылар мен көпшілік әлеуметке ұсынбақпыз. Басты мақсатымыз – абайтануға қатысты жаңа сипаттағы сан қырлы аспектідегі ғылыми зерттеулер арқылы бүкіл қоғамға, әсіресе жастарға Абай мұрасын жан-жақты насихаттау мен танымалдандыру, болашақ жарқын істерге жол салу.

Өрелі де өрісті ұлт болуымыз ақын шығармашылығын жалпылама дәріптеумен ғана емес, оны ел

дамуының өзегіне айналдыру арқылы жүзеге асатынын әрбір отандасымыз терең ұғынуы маңызды. Абай – ұлтты сүйудің эталоны, әлемдік даналыққа бой түзеудің өлшемі. Шынында да «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген ақын қағидасымен өмір сүрсек, халқымыз парасатты, мемлекетіміз тұғырлы, келешегіміз жарқын болмақ!

Шығармашыл тұлғаның ақыл-ой жетістігі жаһандық руханият қазынасына құйылады. Егер ол ұлт пен әлемнің адамгершілік мүддесін табиғи үйлестіріп, замана сын-қатерінен өтетін жол нұсқай білсе, рухани көшбасшыға айналады. Абайдың биік поэзиясы, «толық адам» қағидасы осыған сәйкес келеді.

Ол өз дәуіріндегі білім-ғылым жаңалықтарына қырағы көзбен қарап, «жаңаның басы» болар адамның қалыптасып-дамуына себепші ғаламдық ойды қозғай білді. Ақынның тұлғалық портретін қазіргі адамзат қоғамы танып-білетіндей деңгейде байыптап жазу – ұлт ғылымының асыл мақсұты.

Абай Құнанбайұлының сарқылмас мұрасы мен заңғар тұлғасы ұрпақ тәлімін, ұлт мұратын, мемлекет дамуын үйлестіруші рухани күшке айналып, бүгін де, ертең де, болашақта да ел өркендеуіне жаңаша мазмұн береді деп сенеміз.

**Ерлан СЫДЫҚОВ,**  
*«Абай академиясы» жобасының*  
*ғылыми жетекшісі,*  
*академик*





**Серік НЕГИМОВ**

**АБАЙДЫҢ КӨРКЕМДІК ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫ**



ӨЖ 821.512.122.0  
КБЖ 83.3 (5 Қаз)  
Н 36

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
Ғылыми кеңесі ұсынған*

*«Абай академиясы» жобасының ғылыми жетекшісі:  
Е.В. СЫДЫҚОВ, ҚР ҰҒА академигі*

**Пікір жазғандар:**

*Д. ҚАМЗАБЕКҰЛЫ, ҚР ҰҒА академигі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Ж.А. ЖАҚЫПОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор*

**Басылымның редакциялық алқасы:**

**Ғылыми редакторы:**

*Е.Е. САЙЛАУБАЙ, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

**Жоба жетекшісі:**

*С. НЕГИМОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор*

**Баспаға дайындағандар:**

*Ж.Қ. КІШКЕНБАЕВА, PhD, доктор*

*Ж.Т. КӨРІПБАЕВ, магистр*

**Негимов С.**

**Абайдың көркемдік және ғылыми дүниетанымы. – Нұр-Сұлтан:**  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ типографиясы, 2020. – 285 б.

**ISBN 978-601-337-348-5**

«Абай академиясы» сериясының осы басылымында қазақ жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы, ойшыл, хәкім, композитор, ұлт қайраткері Абайдың шығармашылық өнернамасы – көркемдік, пәлсапалық, ғылыми дүниетанымы тарихи-филологиялық тұрғыдан сараланып зерделенеді.

Кітап абайтануға ынтызар жалпы оқырманға, сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет саласы мамандарына, білім алушыларға арналған.

ӨЖ 821.512.122.0  
КБЖ 83.3 (5 Қаз)

**ISBN 978-601-337-348-5**

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020  
© «Абай академиясы» ҒЗИ, 2020  
© Негимов С, 2020

«Абай – қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы; тереңге сырлы, кең мағыналы кестелі атасы. Қазақ өлеңіне үлгі, өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан – Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан.

Әдебиетке, өлең-жырға бұрыннан орнаған теріс пікір, теріс ұғымның бәрін жоғалтып, жұрттың ойын тәрбиелеген.

Бұдан соңғы бір үлкен қызметі – қырдағы қалың қазаққа Еуропа мәдениетінің есігін ашқан. Орыстың Пушкин, Лермонтов, Крыловтарын қазаққа танытушы – Абай.

Мәдениетті жұрттың ысылған тілімен айтқан тәтті күй, нәзік сезімдерін Абай қазақтың дүкен көрмеген жалпақ тілімен өзіндей тәтті қылып айтып берген. Сондықтан Абай қазақ оқушысының ойымен қатар сезімін де тәрбиелеген. Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында, бұл тілдің барлық байлығы, орамдылығы, өрнектілігі табылған.

Абайдың барлық өлеңі – қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш; қырдағы қалың қазақтың осы күнге шейін сөйлеп жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл – Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі.

...Қазақтың өміріндегі кемшіліктің қайсысына болса да Абай өз емін айтып кеткен» [1].

*Мұхтар Әуезов.*

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы, классикалық қазақ әдебиетінің көшбастаушысы Абай мұрасында ұлттық, жалпыадамзаттық мәңгілік рухани құндылықтар мен асыл ой-тұжырымдар құрыштай қорытылып, құндызша құлпырып түйінделген, жинақталып жүйеленген.

Бірінші. Ұлт ақыны Абай поэзиясы бастан-аяқ ұшан-теңіз метафоралық суреттеулер мен көркем ақпараттардан тұрады десек, онда ойшылдың түйсінуі, елестетуі, қабылдауы, интуициясы, қиялы, ассоциациялық ойлау ауқымдылығы, танымы, стилистикалық, психологиялық ерекшеліктері, интеллектуалдық-шығармашылық деңгейі – образдық-метафоралық ойлаудың таңғажайып мүмкіндіктерін тудырудың, жаңаша көркемдік тәсілдер туындатудың кепілі. «Метафора – дар гения, мастерство геометра, превосходно владеющего «наукой пропорции» дейтін дәлме-дәл анықтама бар [2, 440].

Абайдың пәлсапалық көзқарасы мен дүние тану даралығы, көркемдік көзқарасы мен ойшылдық қабілеті, көрегендігі мен лидерлік-стратегтік қасиеті, сөзге, пікірге, ойға орасан тапқырлығы мен шеберлігі оның поэзиясының контексіне (құрылымына), ұйқас жүйесіне (гармониялық заңдылықтарына, фонетикалық гармониясына, стилистикалық мәнерлілігіне), шумақтық құрылысына (мағыналық конструкциясына, поэзиялық, музыкалық үйлесіміне), ырғақтық келісіміне, мәдени-эстетикалық, құрылымдық жаңалықтарына жойқын әсер еткені ақиқат.

Екінші. Хәкім Абайдың ғылыми-танымдық білім-білігін, көзқарасын түсіндіруді мақсат еттік. Сонымен қатар

Абай қара сөздерінде қазақ өміріндегі өлеуметтік-тұрмыстық, адамшылық, өнер-білім, ғылым, ар-ұят, еңбек, кәсіп және де ең бір көкейкесті мәселелерді түп-тамырынан қопарып баяндайды. Бұл орайда Абай тіліндегі көркем фразаның құпия қисындарына, халық тілінің қыртыс-қабаттарына, айтылымдарына ой жарығын түсіруге ұмтылыс жасаймыз.

Тұтастай алғанда, Абайдың қара сөздері – көзқарастар жүйесі мен даналық қағидаттар әлемі, қазақ тіршілігінің көркем шежіресі.

Ұлттық поэзия тарихындағы Абайдың ақындық, ойшылдық, хәкімдік тұлғасын барынша ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделеу.

Абай құбылысы дегеніміз жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға кемел, өзіндік көркемдік ойлау философиясы, қисынды логикасы, өзгеше гармониясы, стилистикасы, поэтикалық қағидаттары, әдіс-тәсілдері, сөз-ұғымдар, сөз-образдар, сөз-символдар жүйесі, өмір, тіршілік, қоғам, болмыс, жаратылыстың қисапсыз құбылыстарына, интеллектуалдық-психологиялық мазмұнға бай терең сырлы метафораларының жасалу жолдарының мәніне, жаңалықтарына, сөз саптау, ой толғау табиғатына ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасау.

Жаңа жазба әдебиетінің көшбасшысы Абайдың жазу өнеріне төн стильдерінің сан алуандығын айқындау.

Шеберлік мәдениетін, ерекше семантикасының қырларын таныту.

Индивидуалдық-философиялық интуициясын, данышпандық, рухани болмысын көрсету.

Мәтін, тіл, мәдениет деңгейін, ұстанымын, танымдық-этикалық көзқарасын, көркемдік мақсатын, суреткерлік белсенділігін дәйекті түсіндіру.

Абайдың көркемдік және ғылыми дүниетанымын байыптау. Ұлттық сана, көзқарас, тарих, мәдениет тұрғысынан Абайдың ұлы идеясының, рухының, көзқарасының негізі – гуманизм, стратегиялық басты бағыты – елді ізгілендіру, ұлтты ояту.

Абайдың 1) ғылым тілінде, 2) поэзия тілінде, 3) қазақтың классикалық таза әдеби тілінде, 4) ауызекі халық

тілінде яғни көркемдік һәм ғылыми ойлау ерекшеліктері баяндалады.

Абай мәтіндері филологиялық, әдебиеттанушылық, әлеуметтанушылық, этнолингвистикалық, елтану-шылық, мәдениеттанушылық тұрғыдан қарастырылады.

Абайдың шығармашылық тұлғасы туралы айтқанда, болгар оқымыстысы Е. Даскалов Гео Меловтің орыстың біртуар ақыны Александр Блок туралы: «Блок это не только Блок. Блок – это Россия!» [2, 8.] деген қанатты сөзін ойына тұздық еткен. Осы өреде айтсақ, Абай – Ұлы даланың ғұлама ойшылдарымен иық теңестірген рухани шырағдан!

**Бірінші бөлім**

**АБАЙДЫҢ ДАНАЛЫҒЫ**



## АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ ОРТАСЫ

Абай – мыңжылдықтарды құшағына сиғызған, заманалар сырын толғаған, адам болмысының құпиясы мен тұңғыық тереңін нәзіктікпен сөйлеткен, рухани жетілудің жолдарын көсемдікпен көрсеткен келешектің кемел жаратылған Ұлы даланың өрен тұлғасы. Хәкім Абай қағидаты, ұстанымы – мемлекет өркендеуі мен қоғамды ізгілендірудің, елді сәулелендірудің кепілі.

Тегінде, «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» дейтін өлеңінде:

*Білімдіден аяман сөздің майын,  
Алты өлеңмен білдірдім өннің жайын!  
Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі  
Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын.  
Көкірегінде оты бар ойлы адамға  
Бұл сөзімнің суреті болар дайын [3, 11], –*

деп белсенді суреткерлік іс-әрекет қызметін, жалынды ұйымдастырушылық қабілетін, ақыл-ойдың қопарылысына, рух жанартауына ие екендігін, ақындық лебізінің ішкі поэзиялық мазмұнға, танымдық-этикалық, көркемдік-философиялық құндылықтарға мейлінше бай екендігін мәлімдейді. Я болмаса: «Тәуекел мен батыр ой, Өткір тілді найза етіп» деуінде («Қуаты оттай бұрқырап») поэтиканың негізгі шарттарын атайды. Олар: шешімаздық, айрықша психологиялық-философиялық мазмұн, өте-мөте сұрыпталған, қажетті, таңдамалы, «жалын мен оттан жаралған сөз».

Жаратушылық энергиясы, дарындылық, шығармашылық деңгейі, білімі, тәжірибесі, ойлау жүйесі жоғары Абайдың ой толғау, сөз саптау мәдениетіне зерделі зейін-



мен үңілсек, ол абызша, билерше, данышпанша пайымдап толғанады, жігітше жалындайды («Жігіт сөзі»), қызша сызылады («Қыз сөзі»), тақпақтап, жұмбақтап, мысалдап, сықақтап, намысқа қызып сөйлейді. Адамгершілік қарым-қатынас ғылымына да жетік. Қазақ жаңа жазба әдебиетінің көшбасшысы, жаңаша көзқарас, жаңаша таным иесі ұлт руханияты тарихында қазақ әдеби тілінің классикалық тазалығын туындатты. Ол поэзия тілінде, ғылым тілінде, ауыз-екі сөйлеу тілінде дарабоздығын танытты. Абай шығармашылығында халықтық, лирикалық-философиялық, реалистік, шығыстық, аңыздық, романтикалық, сатиралық, ауыз-екі сөйлеу стильдері бар. Задында, стильдің сан алуандығы Абайдың индивидуальдық көркемдік-философиялық интуициясын, интеллектуалдық-психологиялық әлеуетін, заманның, тарихтың рухын, танымның сезімдік формаларын (түйсік, елестету, қабылдау, түсінік, ес), мәдениетін, шеберлігін, көркемдік әдісін танытады.

Өркениет тарихында Абай құбылысы – философиясымен, гуманистік көзқарасымен, көркемдік шеберлігімен, стилистикалық мәнерлігімен, формалық жаңалықтарымен, ғылыми дүниетанымымен өзгешеленеді.

ЮНЕСКО-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымы Мәдениет басқармасының) Бас директоры Федерико Майор: «Абай – әлемдік тұлға... ұшан-теңіз білімімен бүкіл адамзаттың санасына данышпандықтың дәнін сепкен ойшыл да кемеңгер ақын. Ол – нағыз ғұлама, әрі тәңірдің құдіретімен туған әулие десе де болғандай. Оның поэзиясының өнебойынан адамдарға деген сүйіспеншілік пен аяушылық сезімі есіп тұрады... Ал гуманистік ойлары Еуропаның классикалық философиясымен ғажайып бір үндестік тауып жататынына еріксіз қайран қаласың... Абай – әлемдік поэзияның асқарларымен иық теңестіріп тұрған заңғар тұлға», – дейді [4].

Ақынның өсіп-өнген ортасы, мектебі, мәдени дәстүрлері – өз алдына күрделі мәселе. Мұның өзі алуан-алуан қатпарлы, астарлы, тұңғыық сыр әлемі.

Біріншіден, Абай өскен орта – халық ақындарының, шешендерінің, шежірешілерінің, ой мен тіл көсемдерінің алтын ордасы. Әкесі Құнанбай от ауызды, орақ тілді, мұсылманшылық қағидаларын жүйрік білетін от жігерлі жан. Әжесі Зере ертекші болған.

Ақын Байкөкше (1813-1892) Құнанбай дүниеден озғанда:

*Құнан кетті - алдынан жарылғасын,  
Артында алтын қалды ат басындай.* – деген.

Алаш көсемі Өлихан Бөкейхан: «20 жасқа жеткенде Абай от тілді шешен, халық өмірі мен әдет-салтын, қазақ даласындағы атақты билердің әр істі шешкендегі төреліктерін жақсы білетін ділмар атанды», – деп жазады.

Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев (1852-1918): «Қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді... Абай бір кезі келіп тұрған самород еді», – дейді. 1908 жылы «Уақыт» газетінде: «Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, пар-сы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы тұқымды еді» делінген.

Абайдың ой-өрісінің өркендеп дамуына әсер еткен елдің жақсылары, Ахмет-Риза медресесі мен орыс мектебінде дәріс берген ұстаздары, озат ойлы орыс зиялылары яғни саяси көзқарасы үшін қуғын көрген интеллектуалдық элитаның көрнекті қайраткерлері.

Бұл ретте Петербург университетінде оқыған ойшыл Н.Г. Чернышевскиймен дос болған Евгений Петрович Михаэлисті (1841-1913) айтуға болады. Педагог, этнолог, өлкетанушы, Семей учительская семинариясының ұстазы Б.Г. Герасимов (1872-1937) екеуінің достығы жөнінде жақсы лебіз қалдырған. Және де Абайдың «Дүниеге көзімді ашуға үлкен себепкер болған кісі – Михаэлис» дегені бар.

Задында, Абайдың досы ақыл, ой сезім дүниесіне нұрын төккен көрнекті қоғам қайраткері, демократ Е.П. Михаэлис Санкт-Петербург университетінің физика-математика факультетінде оқып жүргенде-ақ, 1861 жылдың күзінде Патша өкіметі әкімшілігінің студенттер құқығын

шектейтін заңнамалық құжаттар қабылдауына байланысты Е.П. Михаэлис бастаған студенттер шеру-ге шығады. От жүректі, еркін ойлы жас қайраткер алдымен, Олонец губерниясына, 1863 жылы Тобыл губерниясындағы Тара елді-мекеніне жер аударылады. Сөйтіп, полицияның ерекше бақылауында ғұмырын өткізеді. Тағдыр талқысына түссе де, жаратылыстану дүниесіне жаны құмартқан жалын жүректі жас Батыс Сібір моллюскелерінің каталогын жасайды, жәндіктерді құлшына зерттейді.

Е. Михаэлис Семей облысы әскери губернаторының 1870 жылғы 21 сәуірдегі №24 бұйрығы бойынша ерекше тапсырмалар жөніндегі кіші шенеунік міндетіне бекітілген, 1872 жылғы 20 қаңтардағы №80 бұйрығына сай облыс генерал-губернаторының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға шенеунігі қызметіне тағайындалған.

1875-1878 және 1882 жылдарда «Семипалатинские областные ведомости» газетінің редакторы. Газеттің безендірілуі мен материалдарының берілуі жағынан алғанда, өте жоғары деңгейде болғандығын және қазақ қауымының дүниеге көзқарасын, сана-сезімін, рухани болмысын қалыптастырғандығын, шығыстық әрі батыстық мәдениеттерді шебер үйлестірген. Ұйымдастырушылық, мәмілегерлік, ойшылдық, конструкторлық, журналистік, зерттемпаздық қабілет-қасиеттері мол Е. Михаэлис Абайдың арқасында Шығыс мәдениетінен сусындаған. Дала мәдениетінен үйренген, қыр балаларының алғырлығына қызыққан.

Орталық билік, жергілікті әскери губернатордың аппараты газет шығару ісін, кітап бастыру, баспахана жұмысын қаншалықты уысында ұстаса да жаңашыл Е. Михаэлис газеттің фирмасындағы екі басты самұрықты батыл түрде түйе бейнесіне ауыстырады, қазақ халқының әдет-ғұрпына, мұрат-мүддесіне лайықты идеялық-эстетикалық мәні жоғары дүниелерді ұсынады, байырғы жер-су атауларын өзгеріссіз қолданады, кітапхана қорын ұйымдастыруға ұйытқы болады. «Ведомости» бес бірдей уезде, Қоянды жәрмеңкесінде таратылады, ақпараттық хабарлар, өзекті мәліметтер іріктеліп-сұрыпталып

беріледі. Басылым бетінде ауыл шаруашылығын жаңа талаптарға сай өркендету, егінжай зиянкестерімен күрес жүргізудің жолдары, егіншілік мәдениетін жетілдіру, денсаулық сақтау, топырақ құнарлығын арттыру, ағаш өсіру, өзен-көлдер тағдырына көңіл бөлу, құрылыс салу, отын дайындау, елді жарықтандыру, сәулендіру, көрме ұйымдастыру, азық-түлік тауарларының нарқы, үй шаруашылығы, киім кию мәдениеті, арқар ату, құс аулау, косметика т.с.с. тақырыптар төңірегінде келелі кеңестер қозғайды.

Е.Михаэлистің «Баянауылдағыәулиеүңгірі», «Қалқаман жайында бірер сөз», «Бремен ғылыми экспедициясының Семей облысында болуы», «Тоғай өсіру жөніндегі бірер сөз», «Құмырсқа құрттың жауы ретінде», «Қытайдағы тиындар, салмақ және өлшем туралы мәліметтер», «Киім-кешек туралы гигиеналық заметкалар», «Косметика гигиенасы туралы мәселелер» тәрізді танымдық-тағлымдық мәні келісті көркем очерктері бар. «Қарқаралы маңы», «Шайтанкөл» суреттемелері қызықты.

Абай мен Михаэлис Семей облыстық статистикалық комитетте тізе қосып, қызмет еткен.

Е. Михаэлистің геология, география, конхиология саласындағы ізденістері мен «Алтайдағы мұз дәуірі мәселелері жөнінде», «Өскемен маңайына 1885 жылы жасалған географиялық саяхаттар» секілді ғылымтанымдық жазбаларын айтуға болады. Бірнеше тілде мүлтіксіз жетік сөйлеген Е. Михаэлистің айырпанның моделін жасағанын, көмір, сланец кеніштерін ашқанын, қазақтың дәстүрлі ел билеу өнерін зерттегенін, баспасөздің жанрлық түрлерін жетілдіргені тағы бар.

Алаш ардақтылары Әлихан, Райымжан, Шорманның Мұсасы, Абай, Шәкәрім, Кәкітай «Семпалатинские областные ведомости» газетінің тұрақты оқырмандары болған. М. Әуезов те газетті өте ынтызарлықпен оқыған.

Томск университетінің профессоры В. Сапожников: «Ол біздің меңіреу түкпірдегі айнымас сұрғылт рамқаға салынған асыл тас еді...» – депті. Немесе көсемсөзші Н. Шелгунов: «Біз әрқашанда ақылы асқандардан

сескенеміз, сондықтан да өзімізде әманда нашарлары қалады. Мен осының бәрін Михаэлис хақында, оның теңдессіз қабілеті туралы айтып отырмын; одан, сөз жоқ, керемет профессор, натуралист және аса көрнекті ғалым шығар еді, бірақ жазмыш басқаша шешті. «Тағдырдың нақ өзі» – деп таңдайын қағып өкінеді.

Сонан соң ұлты поляк Петербург университетінің заң факультетін 1877 жылы құқық кандидаты дәрежесінде аяқтаған. 1883 жылы Семейге жер аударылған Северин Гросс (1852-1896) 1884 жылы Абай ауылында болып, ақыннан қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-санасы турасында мағлұматтар алған. Әрхам Кәкітайұлының дерегіне сүйеніп айтсақ, ол былайша айтады: «Абай ағам Гроссті өзі ертіп жүріп, қазақ халқының, оның ішінде Тобықты елінің салтын, әдетін көрсетіп, ұқтырып жаздырды, одан кейін Тобықтыға көрші Керей ішінде Қожакелді, Малдыбай, Матақ дейтін елді аралатып кел деп Гросске Мағауия екеумізді қосып берді. Оның себебі, ол Керей елінің салты біздің Тобықты елінен өзгешерек екен».

Ілімді-білімді және орыстың атақтылары А.Ф.Конимен дос Северин Гросстың кітапханасы бай болған. Абайды Гроссқа таныстырған Е.П.Михаэлис екен.

Сондай-ақ 1885 жылдың жазында Долгополов Абай ауылына келеді. Абай Мағауия мен Әрхамды ертіп, Долгополовты «Шыңғыс хан заманындағы әрбір руға белгіге берілген таңбалар салынған, айтаңба, шөміш, тұяқ, кілт» сияқты таңбалары мен «бес жүз қойдың орнындай» әрі терең көлі «кереует сияқты тастың үстінде адам бейнелес қара тасы бар «Қоңыр өулие» үңгірін көрсетіп, қыруар деректерді мөлдірете баяндап жеткізеді.

Сонан соң Бақанас өзені бойындағы үңгірлерді таныстырады[5]. Өлке тарихы, халықтың әдет-ғұрыптары, ұлттық қолөнері, ата-бабалардың дүниетанымы – олардың ортақ әңгімелері. Иә, ғылыми, танымдық, тарихи мәні қандай десеңізші!

Абай өзінің ақындық, азаматтық, данышпандық ұстанымын – «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ», «Білімдіден аяман сөздің майын», «Ұстаздық еткен

жалықпас, үйретуден балаға» деген ұран сөздерінде айқын көрініс тапса, ісінен де сондай анық.

Абайдың ұстаздығы, сыншылдығы бір ғажайып байтақ өлем. Халық әдебиетінің білгірі Абай: «Қазақтың ескі ертегісінен бұрын қай жерлерде жүргені: көршілес, күндес елдері қай жұрттар екені; діні, білімі қандайлық кезде шығарғаны, елдің ескі салты, арманы, кәсіп-харекеті не екені көрінеді» – дейді.

Мәселен, ертекші Баймағамбет Мырзаханұлы Абай Шығыс пен Еуропа халықтарының әңгімелерін айтса, ол дереу үйреніп жатқа айтқан. Атап айтқанда, ертекші Баймағамбет Абайдың кемеңгерлік кеңестерімен «Мың бір түн», «Рүстем дастан» шығармаларын, Александр Дюманың «Үш мушкетер», «Король әйел Марго», «Он жылдан соңғы» және Лесаждың «Ақсақ шайтан» романдарын, Ұлы Петр турасындағы хикаяларды, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов туындыларын жатқа заулатқан. Ертекші Баймағамбет белгілі бір шығарманың мазмұн-мәнін, күйлі, қуатты толқындарын, мақам-сарындарын толық дәрежеде меңгергенде ғана, Абай ел алдында орындауға рұқсат берген. Ол шығарманың ішкі әлемін түсініп, оқиғаның сарынын терең ұғынып, әрбір кейіпкердің жан дүниесін, бет-әлпет құбылысын, дауыс мәнерін, дене қимылын суреттеп-сипаттап орындайды екен. Ертекші елді батырлық рухқа тәрбиелейді, ертекшіні өнерге осылайша Абай баптайды. Өз ортасының әдеби-эстетикалық дүниетанымының, жаңаша, тамаша көзқарасының қалыптасуына Абайдың сіңірген еңбегі, тарихи қызметі осындай.

Абайдың шәкірті әнші, жыршы Бейсембай Жәнібекұлы (1858-1917) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын он жеті түрлі мақаммен орындаған. Халық дастандарын Мұқаметжан Майбасарұлы (1852-1917), әнші, домбырашы Әлмағамбет Сексенбаев (1870-1930) шебер жырлаған.

1889 жылы скрипкашы Мұқа Әділханов (1857-1927) пен ақын-композитор Әсет Найманбаевты (1864-1923) Абай өз қасына алдырады. Мұқаға орыс музыкасына ынталылық танытуын қалайды. Әсет «Сәлиқа-Сәмен» поэмасын жазды. Мұнда Абаймен рухтастық бар.

«Жеті жаста өн салған, сегіз жаста үлгі алған, тоғыз жасқа толғанда, орысшаға көз салған» Көкбай Жанатаев (1861-1925), Әріп Тәңірберген (1856-1924), ақын-композитор Уәйіс Шондыбайұлы (1873-1923) Абайдың шәкірттері. Бұлардың білім-білігі, ақындық шеберлігі, азаматтық тұлғасы айрықша. Мәселен, Уәйіс орыс ақыны П.П.Ершовтың (1815-1869) «Конек-Горбунок» ертегісінің сарынымен «Иванушка-дурачок» поэмасын, «Жошы – Алаша хан», «Қырық уәзір» әңгімесінің желісі негізінде «Бір қыздың оқиғасы» дастандарын құйқылжытқан.

Абай Көкбайды Мағауиямен бірге Семейге орысша оқуға жіберген. Семейге Абай Яков дейтін композиторды жалдап, оларға нота және скрипка үйреттірген. Мағауия Семейден қайтып келгенде Абай «Дунай толқыны». «Құс маршы» дейтін орыс сарындарын ойнатып отырады екен. (Сәбит Мұқановтың дерегі)

Абай өз балалары Ақылбай (күйшілік өнерге де ие екен) мен Мағауияға арнайы тапсырма беріп, «Еңлік-Кебек», «Медғат-Қасым» (Ақылбай) және «Дағыстан», «Зұлыс» (Мағауия) поэмаларын жаздыртқан.

Інісі Халиолла (1847-1870) Омбыдан оқуын аяқтап келген соң, «орысша оқуды, жазуды, сөйлеуді үйретіп, онымен бірге орыстың атақты жазушылары Тургенев, Лермонтов, Толстойдың повестерін, романдарын қазақ тілінде айтып беріп, әдебиет кешін өткізіп отыруды әдетке айналдырады» (Әрхам Кәкітайұлы естелігінен). Әубәкір Ақылбай баласы да (1881-1934) от тілді, тапқыр ойлы ақын болған. Абайдың мектебінен өткен, алдын көрген, ақыл-кеңесін тыңдаған, өнегесін бойына дарытқан бір топ шәкірттеріне Мүрсейіт Бікеұлы (ақын шығармаларын 1905, 1907, 1910 жылдарда хатқа түсірген), Ғабитхан молда, Шәкәрім, Ысқақ, Тұрағұл, Мұхаметкәрім, Махмұт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайрабай дейтін көзді туған көшелілерді қосуға болады.

Абай қолөнер кәсібін үйретуді де жақсы көрген екен. Мәселен, Кавказдан айдалып келген черкестерден ауыл жігіті Сағындық дегенге Кавказ зергерлігін үйретіп, сол елге бірінші рет Сағындықтан кавказша жасалған белбеулер, ердің тұрмандары тараған (Сәбит Мұқанов дерегі).

Абайдың әдеби ортасы дегенде өнер, білім, ғылым жолына іңкәрлікпен түскен жас ойшыл Әбдірахманның рухани кесек болмысы қайран қалдырады. Ол 1886-1889 жылдар ішінде Түмендегі Александров реалдық училищесінде оқыған уақытында орыс әдебиетінен «Мәскеу мен Киевтің Россия тарихындағы рөлі» дейтін тақырыпта шығарма жазған. Сонымен бірге жиһанкез Христофор Колумбтың саяхаттары жайында немісше баяндама жасаған. «Тристан и Изольда», Гетенің «Фауст», «Драматическая поэзия в Германии», «Упадок рыцарской поэзии XIV-XV вв» дейтін тақырыптардан неміс тілі бойынша емтихан тапсырған.

Орыстың классикалық поэзиясын жақсы білген. Бұлар Әбдірахманның көркемдік дүниетанымының кеңдігін танытса, ал оның ғылыми ойлау жүйесінің кеңістігін көрсететін көрсеткіштерді атайық: алгебра, геометрия, механика, металл технологиясы, жер өлшеу, құрылыс, машина сызбасы, модельдендіру, химия, физика пәндері.

Біліммен барынша қаруланған ғылыми танымы қалыптасқан әдепті, мәдениетті Әбдірахман әкесі ұнатып қалаған кітаптарды уақытында тауып, жеткізіп, күрделі ұғымға негізделген сөздердің мән-мағынасын түсіндіріп, жазып жолдап отырған (Архам Ысқақовтың естелігінен).

Әбіштің «өндіріп оқып» өнімді еңбектенгені, кемел, толық, озық білімі, ғылымға көзқарасы, шебер әңгімешілдігі Абайдың жоқтауында айқын көрсетілген.

*Ойламадым еш жанды*

*Өзіңе ердім оңаша.*

*Рақаттанып, мақтанып,*

*Қылушы едім тамаша [3, 238.].*

Тамаша дағды, әдет қалыптастырды. Өке мен баланың бір-біріне лайықты жарасым тауып, мәслихат жасап, сыр бөліскені, мейір қандырғаны, жан дүниесін байытқаны, кемеңгерлік кеңестері қандай десеңізші!

Жалпы, руханият шырақшысы Абай айналасындағы өнерлілер: 1) Абай мұрасын жаттап халық ішіне таратқан, 2) өнге қосып айтып елге жайған. Абай бастаған да-рындар дастаншылдық, әңгімешілдік, шежірешілдік, композиторлық, ақындық өнер түрлерін гүлдендіріп



кемелдендірген. Өркениет пен мәдениетті тең дәрежеде өркендеткен. Сөйтіп, Абай өнегесі, ұстаздық еңбегі, ғұламалық қасиеті, тарихи-көркем тәжірибесі ұлттық рух пен ұлттық сананың жетілуіне өлшеусіз үлес қосқаны, халық қазынасын байытқаны даусыз.

Абай тұлғасында жалынды ұйымдастырушылық, төлімгерлік, жоғары интеллектуалдық мәдениет, ішкі тәртіп пен тәжірибе, телегей білім мен ақыл, тілге, дәстүрге, өнерге, ғылымға, өркениетке жүйріктік, мақсаткерлік, таза, ұшқыр, дәл интуиция тән. Абайдың ойы-терең тамырлы, сәулелі, мағыналы. Ол: «Единица – жақсысы, Ерген елі бейне нөл, Единица нөлсіз-ақ, Өз басындық болар сол, Единица кеткенде, Не болады өңкей нөл?» – деп, ел тағдырын, елді бастаған көсем жайын толғайды «Сәулең болса кеудеңде» өлеңінде. «Единица» – «жалқы», «дара» деген мағынаны білдіреді. Бұл гректің философиялық ұстанымында «монада» деп аталынады.

Абайдың шығармашылық ғұмырнамасы – қандай заманда болсын абайтану ғылымының басты мәселесі. «Қазақтың жалғызы» (Әлихан Бөкейхан) «жалғыз қолда жалынды жалғыз шырақ ұстап, халқына өріс атап, бет нұсқап», «мұңлы сырлы бір сәлем» (Мұхтар Әуезов) жолдаған руханият тарихындағы «ерен құбылыс», «өткен заманның аса бір ғажайып жаратылысы» ойшылдың, ұлы ақынның әлеуметтік-қоғамдық қызметі мен өнерпаздық жолындағы жазбаша тарихи жәдігерлерді, әдеби-мәдени деректерді жинақтап жүйелеуде Кәкітай Ысқақұлы мен Мұхтар Әуезовтің еңбегі ерекше. «Абайдың өмірбаяншылары Кәкітай, ал мен кейінірек болдым. Өз басым Абай өмірбаянының төрт нұсқасын жаздым: біріншісі – Абай шығармаларының 1933 жылғы басылымы үшін; екіншісі – 1940 жылғы басылымға орай; үшіншісі – әлі жарық көрмеген нұсқа, 1945 жылы жазылды; ақыр соңында қазір өзім екінші рет редакциялап жұмыс жасап жатқан төртінші нұсқасы 1950 жылы құрастырылды», – деп жазады Мұхтар Әуезов. Абайтану ғылымы үнемі өсіп өркендеп, жаңғырып-жаңарып отыратын алға басымпаз ғылым болғандықтан, соны деректермен, жаңалықты құбылыстармен, жаңаша

пайымдаулармен, болжамдармен толығып та отыратыны даусыз. Бұл орайда осынау атаулы іске өзіндік өзгеше істерімен, берекелі ізденістерімен айшықты үлес қосқан қазақтың дарынды тарихшысы Ермұхан Бекмахановтың «Новые материалы к творческой биографии Абая Кунанбаева» дейтін зерттемесіне (1959) назар аудару қажет. Себебі, мұнда ақынның қайраткерлік, санаткерлік іс-қимылдарына қатысты мұрағат қорларындағы беймәлім деректер мен мәліметтер сарабдалдықпен байыпталған. Архив құжаттары өмірінің соңғы жылдарында Абайдың қоғамдық-саяси көзқарасын айқындауға көмегін тигізетіндігін тарихшы Е.Бекмаханов атап көрсетеді. Абай «царизмге қауіпті адам» екендігі және отарлау саясатын табанды түрде жүргізуші жергілікті жымысқы, ысқаяқ, тыңшы ұлықтардың ақынның аңысын аңдып, қалың елге жойқын ықпалын есептейтінін, семейлік полицмейстердің құпия жобалары бойынша Абай өз халқының бостандығы мен бақыты үшін күрескер болғаны айтылады. Бұл ретте Семей оязының жасырын баяндамасында былайша жазылған: «В прежние время Кунанбаев пользовался громадным влиянием среди киргиз как Семипалатинского, так и соседних уездов, неоднократно был выбран от уездов «тюбе-бием», т.е. примирителем в спорах междууездных, что считается между киргизами высшим почетом и доверием к честности избранного судьи». Шынында, Абай 1876-1878 жылдарда Қоңыр Көкше елінде болыстық қызмет жасаған. Алты жыл би болған. 1875-1877 жылдарда Семей облыстық әскери губернаторының бұйрығымен болыс міндеттерін атқарған. Үкімет алдындағы еңбегі үшін 1876 жылы 3 разрядты кафтанмен, 1890 жылы аңшы мылтығымен марапатталған және де «Құрметті қазақ» атанған. Ата қаздай мойыны озық, құқықтық-саяси дүниетанымы тегеуірінді Абайдың үстінен болыстық қызметтің 9 жылында бірде-бір арыз-шағым болмаған. 1887 жылдың 26 сәуірінде Семей қалалық бастауыш білім қамқоршылары қоғамына қабылданған. Е.Бекмахановтың көрсетуінше, 1886 жылдың 4 мамырында Семей облыстық статистикалық Комитетіне толық

мүше ретінде алынып, Өлкетану музейінің этнографиялық бөліміне қол ұшын берген. Жинақтай айтқанда, Абайдың қоғамдық, ұйымдастырушылық, мәдени-ағартушылық еңбектері ұшан-теңіз. Ол озық ойлы орыс, татар, қазақ зиялыларынан хат алысып, хат жазысқан. Қазақстанның шартарабынан ақыл-кеңес сұраған жандар есепсіз мол болған. Сондықтан да Е.Бекмахановтың жазуынша, Семей әскери губернаторы Абайға жазылған хат-хабарларға қатаң бақылау қойған. «Үкіметке қарсы үндеулердің» кең таралуына Абайдың қатысы бар деп кінәлап, Семейдің әскери губернаторы 1903 жылдың 18 сәуірінде шұғыл түрде «тиянақты тінту жүргізілсін» деген бұйрық береді. Дереву 25 сәуір күні сағат 12.00-де Абай шаңырағы мен Мағауия, Тұрағұлдың үш киіз үйіне тұтқиылдан басып кіріп, ақынның қолжазбалары мен хат-хабарларды аяусыз төркілейді. Осы бір мезетте Абай көкшетаулық Ш.Қосшығұловтан келген хатты амалын тауып ұштықүйлі жоғалтып үлгереді. Ақын аталмыш хатты негізгі мазмұнын ішіне бүгіп, тек таза отбасылық сипатта екенін айтып өзер-мөзер құтылады.

Тағдырдың уын татқан Абайдың осы бір жаралы жылдарын Есенбай Шоқбайұлы (1850-1925) былайша көрсеткен:

*Ассалаумағалейкум, Абай аға, арыстаным,  
Ойда ұлық, қырда қыңыр алысқаның.  
Қайда жүрсең аман жүр, данышпаным.  
Сатқындар ұлықтармен жанасады,  
Жанасып, ақыл-ойдан адасады.  
Құдай дана жаратқан, Абай аға,  
Сізбенен қандай сұмырай таласады.*

Патшалық аппараттың өкілдері Абайдың «өзіне қатысты емес жайларға өте-мөте сақ екенін» жақсы білген. Бұл орайда Семей оязы былайша мәлімдейді: «В суждениях своих во время беседы Кунанбаев обнаруживает полное понимание государственных интересов и правильные взгляды на цивилизаторскую миссию России в азиатских владениях и с негодованием осуждает попытки мусульман-фанатиков».

1. «1891 жылғы 25 наурызда қабылданған «Далалық Ережеге» сәйкес қазақтардың діни істері Ішкі Істер Министрлігінің хұзырында қалып отыр. Жергілікті әкімшілік орындары соңғы кезде бірсыпыра қуғын-сүргін шараларын жүзеге асырды. Атап айтқанда, 1903 жылы Петропавл, Көкшетау, Павлодар және Семей уездерінде белгілі-белгілі қазақтардың үйінде тінту жүргізілді. Соның барысында алынған кітапханалар әлі күнге дейін иелеріне қайтарылмай отыр. Ол ол ма, Көкшетау уезінің қазақтары Наурызбай Таласов пен Шәймерден Қосшығұлов өздерінің діни-нанымы үшін алғашқысы Енесей губерниясына, соңғысы Якут облысына жер аударылды» деп жазылған «Жоғары Мәртебелі Министрлер кеңесінің Төрағасы мырзаға – Семей облысы Қарқаралы уезінің қазақтарынан» дейтін Хұзыр хатта. 1905 жылғы 26-шы маусым Қоянды жәрмеңкесі. Түпнұсқасына 12767 адам қол қойған [7, 95].

Тарихшы-аналитик Е.Бекмахановтың Абайдың шығармашылығына қатысты мынадай құнды деректердің де, иіні келгенде, келтіріп отырады. Мәселен, Семей облыстық статистикалық Комитетінің хатшысы Н.Коншин Абайдың орыстың тілінде жетік сөйлеп және терең түсініп оқитындығын және Комитетке қазақ халқының тарихы мен этнографиясы туралы сан алуан материалдар беруге уәде еткенін айтады.

Семей оязының мәлімдемелерінде Абайдың тұлғалық қасиеті, ақыл-ой деңгейі және оның әулет, орыс әдебиетіне қызығушылығы, сонымен бірге кітаптарды, журналдарды, газеттерді жаздырып алатындығы жөніндегі мәліметтер бар.

«Абайдың істеп кеткен қызметі әдебиетімізге асыл іргетас. Бұл асыл іргенің үстіне салынатын ілгергі қазақ әдебиетінің дүкені көрікті, көрнекті, нақысты, өрнекті болуына лайық» – дейді Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов. Демек, ұлт ақынының даңқты әрі қасіретті тағдырындағы нешеме алуан жәйттер, оқиғалар, күйлер, көрікті-көріксіз суреттер оның шығармашылық өмірбаянын түрлендіре, ақындық болмысын ірілендіре түседі.

Демек, Абай тұлғасы – дара құбылыс, ақыл-ойдың, парасаттың асқар биігі. М.О.Әуезовше айтқанда, «Абай кемесі» кең жайқын әлемде сенімді, түзу жол сызып, маңып барады». Абайдың дәстүрі, мектебі – Ұлы дала руханиятының жаңарып-жаңғыруына, жас ұрпақтың ой-санасының жетілуіне керемет әсер сыйлайды.

## АБАЙДЫҢ МЕТАФОРАЛАРЫ

1945 жылы жарияланған Абайдың академиялық толық басылымының эпиграфында қазақ әдеби тілі мен жазба әдебиетінің негізін қалаушы деп жазылған. Абай - қазақтың классикалық саф таза әдеби тілінің ту ұстаушысы, жаңашыл тұлға. Ол – поэзия тілінің өрен жүйрігі. Метафоралық ойлаудың дарабозы. Абайдың таңжайып метафоралары – ұлт әдебиетінің өлшеусіз қазына-байлығы. «Метафора – данышпанның ең басты қасиеті, себебі жақсы метафораны құрастырып шығара білу қабілеті ұқсастықтарды тану қабілетімен үйлеседі» – деп жазған Аристотель.

Ұлттық сана, тіл, мәдениет, дүниетаным – Абай метафораларында орайлы жарасым, сұлу келісім тапқан.

Абайдың «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» деген өлеңі (1899) тұнып тұрған лирико-философиялық мазмұнға, образдылық-метафоралық суреттерге тұнып тұр. Адам тағдыры, жүрек қазынасы (жылылық, достық) – өлеңнің арқауы. «Тағдырға адам көнбек» яки күндердің күнінде жарық дүниемен қоштаспақ. Соны Абай астарлы, құпия, жұмбақ, суретті сөйлемдерден өрнектеген.

- 1) «Бір антұрған еріксіз мезгіл келмек»
- 2) «Сағымша жоқ боп кетіп түгесілмек»
- 3) «Бейне бір сол қазынаны бір жау алмақ»
- 4) «Жұрт айтқан сол АНТ МЕЗГІЛ келсең керек...».

Осы метафоралық ойлардың ішіндегі түйіні - «ант мезгілі». Я.Полонскийде «злое время» деп алынған.

Бұл сөз, пікір, оралым Абайдың «Көк тұман – алдыңдағы келер заман» дейтін өлеңіндегі (1897):

*Ол күндер – өткен күнмен бәрібір бәс,  
Келер, кетер, артына із қалдырмас.  
Соның бір – арнаулы таусыншақ күн,  
Арғысын бір-ақ Алла біледі рас [3, 28.], –*

шумақтағы «арнаулы таусыншақ күні» – бір бес күндік адамның өмірі.

«Ант мезгілі» – адамның жанымен қоштасардағы кірпік қаққандай сөт.

Абайдың «Қызарып, сұрланып атты сыр толғауында лирикалық кейіпкердің жан құмары оттай лаулап, сезімін де, көңілін де, қиялын да, ақыл-есін де, денесін де тұтас билеп, сарқыла сөйлеп, шарыққа шырқап, бейне бір ғажайып сиқырлы күйге, нәзік бір телегейдей толқыған сырға ұласады. Бұл нағыз шынайылық пен ғашықтық сезім тазалығы. Тазалық, шеберлік дегеніміз осы. Кейіпкердің ішкі жан дүниесін терең танытып көрсету – ақындық өнердің биік шыңы, метафоралық ойлаудың жарқын көрінісі.

Мұндағы ғашықтардың қан тамырларының өрекіпген соғысы, ақырзаманды күтіп алардағыдай соғысы, жүрек дүрсілі, дем алысы, көңіл-күй өзгерістері, бет-жүз, дене қимыл-қозғалыстары, дауыс әуені, ойын бүгежектеп тұтығып айта алмауы, ым-ишараттардың мақсатсыз көбеюі, ішкі сезімдердің, көңіл-күй толқындарының толық көрініс табуы, қиялы, түйсігі.

Мәшһүр Жүсіп: «Адамның денесі – машина: будың күшімен жүріп тұрады. Денеде не нәрсенің үлгісі: әркім өз денесінен алып білуге мүмкін. Күллі денеге күш беріп тұратұғын – жүрек... Жүректің қызметкері – өкпе, бүйрек-қанды тазартып беріп тұратұғын машинаның ең күштісі» деп, адам денесінің құдіретін жіліктеп көрсеткен-ау!

Бір сөзбен айтқанда, сезімнің тілін мінсіз сөйлеткен сезім құшағындағы сыр мен әрекет – метафоралардың қайнар бұлағы.

Өлемдік поэтика ғылымының жетістіктеріне жүгіне отырып, Абайдың ғашықтық жырына қатысты ақындық-суреткерлік шеберлігін айқындауға болатындай. Бұл – сана құрылымының психосоматикасына (дене құрылысын

зерттейтін медицинаның бір саласы) қатысты. Мұнда жан мен тән біртұтас электр батареясы тәрізді «...Вожделенное тело для любящего и есть душа... Любownik одинаково любит и тело, и душу..» [8, 234-235].

«С любимой душой говорят, как с телом, на языке плоти, кожи, губ, взглядов, движений... Душа осязаема, мы можем коснуться ее, ощутит ее дыхание, горячность, напряженность, усталость, тоску. Телесность души и сознание становится достоянием поэтических метафор» [8, 235].

Метафораның 1) психоаналитикалық және 2) постмодернистік түрлеріне тоқталсақ, оның жасалу жолдары мен сипаттары былайша: «О метафорах тело, метафорах наслаждения, переживаний, соблазна и других эротических тропах, а также метафорах боли, раны, крови, рождения, смерть...» [8, 235].

Осы түрғыдан келгенде, бір деммен, бір леппен, бір машық-дағдымен жанар таудай жалындап сөйлейтін рух сардары Абай «Қызарып, сұрланып» дейтін өлеңі бастан-аяқ қиялдың жемісі – ғашықтық-психологиялық метафораларға яғни сөз магиясына құрылған. Тек соңғы шумағында сөз өнерінің мәні «Жүйрік тіл, терең ой» екені түсінікті болса да:

*Ғашыққа мойын қой,*

*Жеңілдің, жеңілдің! ... –*

деп, сезім құдіретін мойындайды. Мұнда танымның сезімдік формалары түйсік, интуиция, қабылдау, ұғым түсінік, елестету, қиялдау, эмоция іске қосылған. Сондай-ақ ғашықтық лебіздегі нәзік, болмашы реңктері мен экспрессивтік бояуларды түгендеп айту ақиқатқа сыймайды, көнбейді. Жыр мазмұны – толқыған сезім, тілек, құмарлық.

1748 жылы Ламетридің «Адам-машина» дейтін метафорасын жасап, «адамның денесі – нағыз сағаттың өзі, осынау зор сағат асқан өнермен және өнертапқыштықпен жасалған. Жан дегеніміз жарық беретін аспан» [9, 359]. дегені бар.

Абай поэзиясында мың қырлы, мың сырлы, мың күйлі сипат бар. Қай өлеңінде болмасын Тайбурылдың шабы-

сын көз алдыға әкеледі. Жалпы, поэзия дегеніміздің өзі сұлулық. Мысалы, «Ысытқан, суытқан» өлеңін оқығанда қылдың ұшында, ұстараның жүзінде тұрғандай боласыз, өзгеше бір көңіл толқынының иіріміне жолығасыз, қызығына қанығасыз, сөйтіп барып:

*Бір ақымақ әңгіме  
Сықылды көрінер.  
Онысын өңгеге  
Айтуға ерінер, –*

деп торығасыз.

*Ысытқан, суытқан.  
Бойыңды бір көңіл.  
Дүниені ұмытқан  
Құмарың тозар, біл.*

*Әуелгі кезіңде  
Қайтпаған көңілдің,  
Есептеп өзің де  
Түрінен өмірдің;*

*Бір жақсы күнім деп,  
Қызықпен сөйлесіп,  
Артынан ол нем деп,  
Ұялып кезнесіп.*

Махаббаттың отын маздатқан, ғашықтықтың тұңғыық сырын түпсіз тереңдікпен, асқан суреткерлік қабілетпен сипаттаған Абайдың «Кейде есер көңіл құрғырың» жыры түгелдей метафоралық сипаттаулардан меруерттей мөлтілдеп тізілген.

*Кейде есер көңіл құрғырың,  
Махаббат іздеп талпынар.  
Ішем деп бейнет сусынын,  
Асау жүрек алқынар.*

*Тартқан бейнет, өткен жас,  
Жүректің отын сөндірмес.  
Махаббат – өмір көркі, рас,  
Өлген соң ол да үндемес.*



*Махаббатсыз – дүние бос,  
Хайуанға оны қосыңдар.  
Қызықтан өзге қалсаң бос,  
Қатының, балаң, досың бар.*

*Жүрегі жұмсақ білген құл,  
Шын дос таппай тынымас.  
Пайда, мақтан бөрі – тұл,  
Доссыз ауыз тұшымас.*

Жыр кестесіндегі «есер көңіл», «бейнет сусыны», «жүрек оты», «асау жүрек», «Махаббат – өмір көркі», «Махаббатсыз – дүние бос», «Жүрегі жұмсақ білген құл» дейтін көркем эпитеттер мен жаңаша метафоралар ақынның көркем ойлау табиғатына жаңа бір серпін, жаңа бір өуез дарытқан.

Халықтың дүниетанымын, жөн-жосығын, дәстүрін, өдет-ғұрпын, мінез құлқын, қағидаттарын жетік білетін білімпаз, дарабоз, «халық қайраткері» (М. Әуезовтің сипаттамасы) Абай нағыз қазақтың жігіті мен қызының болмысын, әдеп-қылығын, абзалдық, адамшылық қасиеттерін үздік ақындық қуатпен, кісілік мейіріммен суреттеп нәзік жеткізеді.

Шын мәнісінде, қазақтың инабатты, қайратты жігіті алмас семсердей жарқылдап, диірменнің тасындай дөңгелеп, құмарлық ынтығына көніп, дес беріп, жай отындай жалтылдайды. Сөздің де, сезімнің де, көңілдің де асыл екенін ақтарады:

#### **Жігіт сөзі**

*Айттым сәлем, қалам қас,  
Саған құрбан мал мен бас.  
Сағынғаннан сені ойлап,  
Келер көзге ыстық жас.*

*Сенен артық жан тумас,  
Туса туар – артылмас.  
Бір өзіңнен басқаға  
Ынтықтығым айтылмас.*

*Асыл адам айнымас,  
Бір бетінен қайрылмас.  
Көрмесем де, көрсем де,  
Көңілім сенен айрылмас.*

*Көзім жатқа қарамас,  
Жат та маған жарамас.  
Тар төсекте төсіңді  
Иіскер ме едім жалаңаш?*

*Иығымда сіздің шаш,  
Айқаласып тай-талас,  
Ләззат алсақ болмай ма,  
Көз жұмулы, көңіл мас?*

*Сізде сымбат, бізде ықылас,  
Осы сөзім бөрі рас.  
Сіздей жардың жалғанда,  
Қызығына жан тоймас.*

*Етің етке тигенде,  
Демің тиіп сүйгенде,  
Тән шымырлап, бой еріп,  
Ішім оттай күйгенде.*

*Жүрек балқып игенде,  
Ішкі сырды түйгенде,  
Іздеп табар сұңқармын,  
Жарастықты шүйгенде.*

«Жігіт сөзі» биязылықтың, мінезге байлықтың, ізгіліктің сабағындай, тұңғыық тереңдіктің мысалындай.

Жігіт сөзінің логикалық-мағыналық құрылымы, мәдени-тілдік жағы, образдық-метафоралық жүйесі, индивидуалдық-авторлық стилі Абай поэтикасының асыл бір сипаты. Анығын айтқанда, алтын қиқымындай сөзбенен ұшан теңіз дария суындай сырды, сезімді, ішкі ойды суреткерлік дархандықпен, стилистикалық дәлме-дәлдікпен жеткізу.

Дана Абай ар-абыройын қызғыштай қорғайтын, шыныдай мөлдір таза қызғалдақтай қазақ қызының бейнесін: әдебін, қылығын, сөз саптауын былайша мінездейді:

### **Қыз сөзі**

*Қиыстырып мақтайсыз,  
Ойласаң не таппайсыз?  
Бізде ерік жоқ, өзің біл,  
Әлде неге бастайсыз.*

*Біз де әркімді байқаймыз,  
Тап бергеннен тайқаймыз.  
Сіздей асыл кез болса,  
Қайтіп басты шайқаймыз.*

«Қыз сөзі» жанның көркем, терең, нәзік сырлары мен ертегідей жұмбақ, қызықты энциклопедиясы, «сезім музейі» іспетті. Абайдың қазақ қызының бекзаттығын, асылзадалығын, ұрзадалығын бейнелеуде, оның аузынан сөздің өулиесін, шолпанын, дүрлерін айтқызады.

*Ақылыңа сөзің сай,  
Сіз – жалын шоқ, біз – бір май.  
Ыстық сөзің кірді ішке,  
Май тұра ма шыжымай.*

Бұл шумақ теңдесі жоқ шендестірудің жоғары дәрежелі үлгісі. Жібек мінезді қыздың мөлдір махаббаты мен тағдырын былайша сызылтып-толқытып суреттейді:

*Қабыл көрсең, көңілім жай,  
Тастап кетсең, япырмай!  
Ит қор адам болар ма,  
Бұл жалғанда сорлыңдай?*

*Тілегімді бермесең,  
Амалым не жерлесең?  
Үйір қылма бойыңа,  
Шыны жақсы көрмесең.*

Қалың қайғының отына өртенгенін мынадай трагедиялық сипатқа ие көрікті теңемелермен сипаттайды:

*Қайғың болар шермен тең,  
Қара көңілім жермен тең.  
Сенсіз маған жат төсек  
Болар бейне көрмен тең.*

*Сіз – бір сұңқар шаһбаз,  
Жер жүзінен алған баж.  
Біздей ғаріп есенсіз,  
Есігінде жүр мұқтаж.*

Абайдың «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі» дейтін өнге айналған жырлары сәнімен де, мәнімен де классикалық шығармалар. Өйткені, қазақтың ескілікті сөзінде қыздың ақылдысын, ажарлысын Алланың нұрынан жаралған екен дейді, жігіттің аса үздігін Алланың жерге жіберген қыдырынан жаралған екен дегеніне орайлас ойшыл, суреткер Абайдың «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі» өлеңдерінде қазақтың қыз-жігітін биік парасатпен ұлықтаған.

М. Әуезов Абайдың осы бір әсерлі поэзиялық – ассоциациялық ойға бай шумақ жөнінде былай деген екен: «Ақын бұнда халықтың жеңіл мағынада қолданып жүретін метафорасын тереңдетіп, қорғасын құйғандай салмақ бітіріп қолданады. «...Адасқан күшік» деген сөз... трагедиялық және философиялық мән-мазмұн табады. Күшіктің айласыз, әлсіз дал болуын көшіп кеткен ауылдың есіз қалған жұртымен байланыстырып барып, ақын өз басының ендігі мұнын соған теңейді. Көңілдің жұртынан, үміт пен арманның өрісінен көпшілік тірлігі, халық көші аулақ кетіп жатыр. Сондықтан бұның азалы ойы адасады. Үнін ешкім естімес, шерменде ой трагедиялық күйде, ұлып жүріп зарланады. Жалғыздықтың өз басына түсетін шерлі шындығын Абай кейде осындай тереңдікпен толғайды.

Абай – ұлт қайраткері. Елді басқару ісінде, білім беру жүйесінде орасан зор іргелі істер атқарған. 1880 жылы Жидебайда медресе үйін тұрғызған. Сонда Ғабитхан Ғабдыназарұлы (1835-1932) ұстаздық еткен.

Хәкім Абай әділдік, түзулік үшін арыстанша арпалысқан адамшылықтың ақ жолында іргелі шаруалар атқарған. Ұлт мәдениетінің жоқтаушысы һәм қорғаушысы болған.

Екінші жағынан өмір жолы мен тағдыры трагедияға толы болған. Ең бір сорақысы – 1898 жылы Оразбай Аққұлұлы ұйымдастырған топтың қастандық жасауы (қындағы пышағын, сағатын тартып алуы, киіз үй мүліктерін тонауы).

Бұған Патшалық Россияның Жоғарғы үкіметі Сенатқа хаты дәлел. Сондықтан да Абайдың әрбір өлеңінің тарихи себебі бар. «**Жүрегім менің қырық жамау**» метафорасы осы бір шым-шытырық оқиғадан кейін 1898 жылы туған. Демек, көркем ой ақын бастан кешкен өкініштерден қорытылып шығарылған.

*Жүрегім менің қырық жамау,  
Қиянатшыл дүниеден.  
Қайтып аман қалсын сау,  
Қайтқаннан соң өрнеден.*

*Өлді кейі, кейі – жау,  
Кімді сүйсе бұл жүрек.  
Кімі – қастық, кімі – дау,  
Сүйенерге жоқ тірек.*

Абайдың дүниетанымындағы даналық пікірлердің көркемдік қызметі де ерекше:

*Адамзат бүгін – адам, ертең – топырақ.  
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.  
Ертең өзің қайдасың, білемісің,  
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.*

«Адамзат – топырақ», «бүгінгі – ертең», «тумақ – өлмек» дейтін қарама-қарсы салыстырулар ақын адамзат тағдырына, көзқарасын шебер көрсеткен.

*Адасқан күшік секілді  
Ұлып жұртқа қайтқан ой,  
Өкінді, жолың бекінді,  
Әуре болма, оны қой.*

(«Көлеңке басын ұзартып»)

*Туысқаның, достарың – бәрі екіұшті,  
Сол себепті досыңнан дұшпан күшті.  
Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған,  
Бұл не деген заманға ісім түсті?!*

(«Ұяламын дегені көңіл үшін»)

*Күн жиылып ай болды, он екі ай – жыл,  
Жыл жиылып, қартайып қылғаны – бұл.  
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,  
Жалғаны жоқ, бір тәңірім, кеңшілік қыл.*

*(«Сағаттың шықылдағы емес ерме»)*

Абайдың қазақы ұғым-түсінігімен, сыбызғының күйіндей әсерлі, сұлу тәржімаланған «Татьянаның хаты», «Тәңірі қосқан жар едің сен», «Татьяна сөзі», «Онегиннің жауабы», «Таңғажайып бұл қалай хат» деген Ұлы Даланың игілігіне бүтіндей айналған сыр толғаулары көркемдік, рухани, сөздік-лұғаттық құндылықтарға сай. Ұлттық поэзия тарихындағы Абай туындатқан әйгілі метафораларды тізбелеп келтірейік:

1. *Шыныңды айт, кімсің тербеткен*

*Иембісің сақтаушы?*

*Әлде азғырып әуре еткен*

*Жаумысың теуіп таптаушы?*

*Шеш көңлімнің жұмбағын,*

*Әлде бәрі – алданыс.*

*Жас жүрек жайып саусағын*

*Талпынған шығар айға алыс.*

Ұлы абайтанушы Мұхтар Әуезов Абайдың Пушкин, Лермонтовтармен рухтастығын, өнер жарысындағы өрен жүйріктігін, шеберлігін білгірлікпен түкпірлеп тексеріп, дәйекті талдаулар, ойлы барлаулар өрбітіп, Абайдың ақындық еңбегінің айрықша тарихтық, мәдениеттік және ағартушылық өзгеше бағасы бар зор еңбектерінің мазмұн-мағынасын айқындайды. Мұхтар Әуезовтің салиқалы, парасатты пікіріне ден қояйық. «Өз өлеңдерін туғызуда қолданған ақындық шабыт, сыншыл ұқыптылық, тіл орамға өткір жүйріктік барлығы да аудармалық еңбекке келгенде, барынша күшімен түгел жұмсалған деуге болады. Тіпті, кейде Абайдың өзі тудырған тамаша нәзік те терең сырлы ащы сөздер, көрікті ойлар немесе аса өткір шанышпа, мысқыл әжуа, ащы сөздер осы аудармаларда үнемі көрініп отырады», – деп жазады [10, 110.].

Негізінде, Абайдың төлтума метафоралары, нақышты теңеулері, ой шумақтары ішкі сезім сырлары, көңіл

күй толқындары, ұлттық халықтық дүниетанымға сай ұғым-түсініктері, «ерекше ірі көркемдікпенен, ақылдың шеберліктің өзгеше боп құрылған күйі, келісімдері», «құрыш қуат», «көркем келіскен үйлесімдер», «қазақтың өлеңінде бұрын өсте қолданылмаған тың жаңалық», қиыннан қиыстырылған ассоцициялық құбылыстар, «теңегішті» қуатындағы ірі тапқырлық» орасан мол. Бұлар қазақтың жаңа жазба әдебиеті тарихындағы өскелең құбылыс, өркендемпаз дәстүр.

2. *Жас жүректің толқынын дөп  
Жаза алыпсың толтырып.  
Бойды жеңіп бұл асыл леп,  
Тұрды титық көп құрып.  
Тіл буынсыз, бой – таза гүл,  
Ақылы артық, ары зор,  
Ол – перизат, ойла, өзің біл,  
Не болады болса қор?*
3. *Мен – сынық жан, жамағанмен  
Түзеле алман түрленіп.*
4. *Ішім өлген, құр денем сау,  
Босқа үрейім жұр менің.  
Жарамайды бекер алдау,  
Теңің емес мен сенің.  
Бенде көрген бар қызықтың  
Бәрін ішкен сұм жүрек.  
Айныған соң, сен жолықтың,  
Айтып-айтпай не керек!*
5. *Сен – тоты құс бақта жүрген...*
6. *Қаймақ еді көңілімде,  
Бізге қаспақ болды жем.  
Екі сөз жоқ өмірімде,  
Мен де – сорлы бақыты кем.*
7. *Мен жаралы жолбарыспын,  
Жұрттың атқан оғы өтіп,  
Сен есірке, сорлы жаспын,  
Шын сөзіме рақым етіп.  
Ол – жас ағаш, бір қызыл гүл,  
Жапырағы жаңғырар.*

Ұлы даланы мекендеген ұлы жұрттың аузында шырқалған лала да лағыл сөздер ғой бұл.

Абай «Таңғажайып бұл қалай хат...», «Төңірі қосқан жар едің сен...» өлеңдеріне ән шығарған, сөйтіп, сахара еліне кең тараған-ды.

Осы орайда мына бір деректі сөйлетсек, этнограф, тарихшы, Россия географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің мүшесі А. Н. Седельников (1876-1919): «Абай Құнанбаев қазақ поэзиясындағы жаңа бағыттың өкілі, оның қаламынан «Евгений Онегин» дастаны мен Лермонтовтың (қазақтарға ең түсінікті болған ақын) көптеген жырларының тамаша аудармасы туды, сөйтіп, Семей әншілерінен, айталық, өз әуендерімен нақышталған «Татьяна сөзі» әнін тыңдауға болады деп жазған [11, 204].

*Қуатты ойдан бас құрап,  
Еркеленіп шығар саз.*

Немесе:

*Сылдырлап өңкей келісім,  
Тас бұлақтың суындай. –*

деп, поэзияның негізгі шарттарын белгілеген Абай ойын әбден ми қазанында мыстай қайнатып, ұсталықпен мүсіндеп жайнатып, бір мезетте буырқанған шабытпен ақ қағазға түсіргендей. Абайтану ілімінің майталманы Мұхтар Әуезов Абайдың шығармашылық зертханасы жайында: «Абайдың әдетінде, бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана «Сегіз аяқ» деген өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар.

Басқа жалпы өлеңдері туралы: «Қайта жазсам, бұдан жақсырақ, толығырақ болар еді деп қана айтады екен» [12,382].

Абай шығармашылық еңбегінде ойға, пікірге, сөзге төтенше ұста, поэзиясының көркемдік, стилистикалық, лексикалық, грамматикалық, семантикалық, синтаксистік, архитектуралық құрылымында ерекше суреттегіш бейнелегіш құралдар: метафора, теңеу, шендестіру, кейіптеу, әсірелеу, символ аса мол.



Содан мұндай көркемдік тәсілдер мен құндылықтар неден бастау алады деген күрделі сұрақ тууы мүмкін. Солардың бірі Абайдың бай өмірлік тәжірибесі, әлеуметтік көзқарасы, қоғамдық істері, ойшылдық, қайраткерлік қабілеті. Сондықтан да Абай метафораларының тұрмыстық жайларға орай туындауы. Айталық, «Патша құдай, сыйындым» (1886) өлеңінде:

*Кеселді түйін шешілсе,  
Көрдең мойын кесілсе,  
Келмей кетпес кезіне.  
О да – құдай пендесі,  
Түспей кетер деймісің,  
Тәңірінің құрған тезіне?! –*

дейтін ащы, өткір ойға құрылған күрделі метафора бар. Бұл метафорадағы әрбір сөз барынша сұрыпталып, дыбыс үндестіктеріне құрылып, фразеологиялық оралымдармен («түйін шешілсе», «мойын кесілсе») айшықталып, «жау жағадан алғанда», патша құдай әділдік жасап, «садаға кеткір» әділет сотына ілігіп, өмірдің мәнісін шын түсініп, қателігін мойындап, түзу, дұрыс жолға бағыттайтын тағдырдың тезіне, талқысына адам баласы түспей кетпейді дегенді түспалдап айтып отыр.

Бұл өлеңнің жазылу тарихы жөнінде Кәкітай Ысқақұлы былай дейді: «Өзге алыс ел құмар болып, Абайдың өлеңін жаздырып алып, жиналған топта Абайдың насихаты, ұқса-ұқпаса да, құлақ қойып тыңдап отырғандарына қарағанда, қайта ең жақын туысқан елі тобықтының көбі айтқан сөз, жазған өлеңімен ісі жоқ болып, өзіне жаулық ойлайтұғынына ыза болып жазғаны». Иә, Абайдың көркем ойы, көрікті метафорасы ақынның күйінішті өмірінің бір суреті, жанды көрінісі.

Абай көк аспанның батырындай қиядан іліп түседі, қанды қақпандай қауып түседі, гүлге қонған тоты құстай құмарлықпен сайрайды. Ақындық жаратылысында тұтастық бар. Тұтас болмысымен от жалындай тұтанып сөйлеп кетеді. Көңіл-күй толқындары гуілдеп-дүрілдеп мәңгі тозбас ғажайып бір суретке лезде көшеді.

Мысалы, «Ал, сенейін, сенейін» өлеңінің (1892-1893 жыл) алғаш шумағы осы пікірімізге дәлел:

*Ал, сенейін, сенейін,  
Айтқаныңа көнейін.  
Шалма ораған сопының  
Ішін арам демейін.  
Ақ көңілді әділ жан  
Табылар деп көрейін.  
Я сүйсе, я күлсе,  
Елжірейін, төнейін.*

Ақынның тілеуі – «ақ көңілді әділ жан», «Елжірейін, төнейін» дегені шынайы ақындық сезімі.

*Жаралы көңіл жазылар,  
Дүниеде рахат бар шығар.  
Жақсы адам деген құры сөз  
Емес шығар, табылар.  
Өткен өмір, көрген түс  
Не қылғанда бір болар.*

*Деп нанып ем «маған нан»,  
Не таптым мен нанғаннан?  
Жүрегімді қан қылды,  
Өткен өмір, өлген жан.  
Ақыл іздеп, ізерлеп,  
Бәрін сынап сандалған.  
Бірін таппай солардың,  
Енді ішіме ой салған.*

*Тұла бойды улатты,  
Бөрі алдағыш сұм жалған.  
Басыңа тиді, байқадың,  
Бәрінен басты шайқадың.  
Тағы бар ма айтарың?  
Нанғыш болсаң, енді нан!*

Сонан соң түпкі ойын, ниетін әрі қарай көркейтіп, гүлдендіріп, жалғанда алдамшы дүниенің есігін ашқандай күйге түседі де, өмір отын жаққандай болады. «Жаралы көңіл жазылып», «дүниенің рахаты» болар деп үміттенеді.

«Жақсы адам деген құры сөз, Емес шығар, табылар» дейтін сөйлем бір оқығанда жұмбақ, тұспалға ұқсайды. Тегінде, поэзиялық синтаксис күрделі құрылым. «Жақсы адам» дегеніміз «құры сөз емес шығар», түптің түбінде «табылар» дейтін ұғым бар. Метафоралық мағына «Өткен өмір – көрген түс» сөйлемінде бар. Осынау ой сарындары, суреттелген жағдаяттар, көңіл күй сырлары өрістетіліп күрделі метафора жасауға мүмкіндік берген.

*Жүрегімді қан қалды,  
Өткен өмір, өлген жан.*

Немесе:

*Тұла бойды улатты,  
Бәрі алдағыш сұм жалған.*

Абайдың ақындық шеберлігі сезімнің нәзік өлемін толқынды өуезділікпен, әсерлі экспрессиямен жеткізуінде, көркемдік мақсатын мінсіз орындауында, индивидуалдық шығармашылық әлуетін танытуында.

Абайдың индивидуалдық, көркемдік-философиялық интуициясының айқын айғағы «Тоты құс түсті көбелек» өлеңі (1902). Атаудың өзі де көркемдік сұлулыққа ие, себебі, жаратылыстың жаратындысы «көбелектің» түрі де, үні де тоты құсқа лайық. «Жібек қанат жаздың» (Мағжан суреттемесі) сәні көбелектің гулетіп маңайды сыңсыған үнге бөлеуі және бәйшешектің де тағдыры айтылған. Көбелектің өліп-тірілуі және бәйшешектің күйреуін салыстыра сипаттауы – Абайдың білгірлігін танытады. Сөйтіп, Абай табиғат суретін келістіре сөйлетеді, ақындық пікірін адам өміріне, тағдырына кілт бұрып:

*Адамзатқа не керек:*

*Сүймек, сезбек, кейілмек. –*

деп, нешеме алуан жағдайларды бастан кешіретінін аз сөзбен түйіндейді де, адам өмірінде түзу, дұрыс, адамшылық жолда болуы үшін ең негізгі тағдыранықтағыштық ұстанымын белгілеп береді:

*Харекет қылмақ, жүгірмек,*

*Ақылмен ойлап сөйлемек!*

Енді Абай үшінші ой сарынына ауысып, заман жайын өуезе етеді.

*Әркімді заман сүйреме,  
Заманды қай жан билемек?  
Заманға жаман күйлемек,  
Заманда оны билемек.*

Қайран, заман деген осы. Дариға-ай! Арыстан туған есіл ердің тағдыры да қоса толғанған.

Үш шумақ соншалықты шымыр, жинақы тоқылған. Лирикалық сипатпен афористік мән-мазмұны бір-бірімен әдемі қабысқан. Абайдың әрбір сөзінің көркемдік, танымдық, этикалық, әуездік ерекшеліктері мол. Өлеңнің әрбір тармағы 8 буынды, тек 2, 5, 6 жолдар 7 буынды. 12 жолы да 3 буынды ұйқасқа бағынған. Ұйқас кестесі мынау: көбелек-гулемек-күйреме-сиреме-не керек (-кейіме-жүгірме-сөйлеме-сүйреме-билеме-күйлеме-илеме). Сондай-ақ ішкі дыбыстық үндестіктер (өлме-сүйме-сезбе; солма-қылма, жан-жаман) әрі «заман» сөз-ұғымы 4 дүркін қайталанған.

Жинақтай айтқанда, ақынның «Тоты құс түсті көбелек» өлеңі – бейне бір кеңістік, болмыс, адамзат өмірі хақындағы толғау, тұтас бір көркемдік гармониясы.

Өлеңнің буындық, бунақтық, тармақтық жіктелістері симметрияны қатаң сақтаған, гармониялық заңдылықтарға бағынған, көркемдік әлемінде поэзиялық суреттеулер жеткілікті. Бірінші шумақтың бірінші суреті кейіптеу тәсіліне негізделген. Қара жаңбырлы томсарған-сазарған сылбыраған күзді жылауық жігітке ұқсатады да, құдай алдында төуекел жаса, ошағыңа орал деп бұйырады. Дәл осы мезетте Абайдың ой сарынында шұғыл өзгеріс, секіріс жасалынады. Бұл өзі ғажайып ойнақы тәсіл, шын шеберлік, екінші шумақтың бірінші суретіндегі баян арсыдағы хикаяны қозғайды. Құранға жүгінейік: «Әй, Адам! Сен және жұбайың жаннатқа орналас. Екеуің қалағандарыңша жеңдер. Алайда осы ағашқа жоламаңдар! Сонда залымдардан боласыңдар» [13]. Енді екінші шумақтың екінші суретінде әйел затының солқылдақ табиғатын әңгімелегенде «Бүгін – жалын, ертең – шоқ» деген метафора арқылы ойын жеткізеді.

Суреткердің жаратушылық энергиясы ұлттық поэзия тарихында тұңғыш рет осындай көркемдік сырларға бай күрделі, қисынды шумақ түрін тудырды, ақындық шеберліктің озық үлгісін көрсетті.

Абай өлеңінің сыртқы түр-сымбаты ішкі мазмұнын, стилистикасын айқындайды. Ал оның көркемдік мазмұны пішінін айшықтайды. Ақындық, суреткерлік қабілет, шығармашылық тәжірибе (көркем ой, сезім, тілек) мазмұны мен түрін бір-бірімен шебер үйлестіріп, уысында ұстайды. Сонда өлең сөз терең мазмұнды, түрліше дыбыстардың, бояу-нақыштар мен нәзік үйлесімді сәйкестігі, образды-метафоралық құралдардың болмысты индивидуалдық-авторлық тұрғыдан көріп қабылдаудың нәтижесі. Абайдың «Сұрғылт туман дым бүркіп», өлеңі (1892) көркемдік мазмұн-мағынасымен де, структуралық құрылымымен де қызықты, күрделі.

*1-ші шумақ:*

*1-ші сурет*                    *Сұрғылт туман дым бүркіп,  
Барқыт бешпент сулайды.  
Жеңіменен көз сүртіп,  
Сұрланып жігіт жылайды.*

*2-ші сурет*                    *Әйелмісің, жылама,  
Тәуекел қыл құдаға!*

*3-ші сурет*                    *Өлең айт,  
Үйге қайт!*

*2-ші шумақ:*

*1-ші сурет*                    *Атаңды анаң азғырып,  
Тұрғызбаған бейішке.  
Алласы оны жазғырып,  
Әкелді бастап кейіске.*

*2-ші сурет*                    *Әйелде ешбір опа жоқ,  
Бүгін – жалын, ертең – шоқ!*

*3-ші сурет*                    *Белді бу,  
Бетті жу!*

Поэзия стилін яғни ойшыл ақын Абайдың стилін айқындайтын басты өлшемдер: дүниетаным (көркемдік, философиялық логика), шығармашылық тәжірибе, шеберлік, әдіс. Бұл жағынан алғанда, төрт құбыласы сай халықтың тілін, дәстүрін, мәдениетін, тарихын және де әлеуметтік топтардың сөйлеу ерекшеліктерін, тұрмыстық сөз қолдануларды болмысына дарытқан ерен тұлға.

Ол, шын мәнісінде, поэзиясында, қара сөздерінде нешеме алуан стильдерді қолданған. Солардың бірі – «Қатыны мен Масақбай» өлеңі (1896). Бұл туындының шығу тарихын академик-жазушы Сәбит Мұқанов былайша айтады: «Абайдың інісі Ысқақтың көршісі және атшабары Масақбай деген кедей кісі болған. Осы адамның өзі де, әйелі Ұмсындық та үй ішін салақ ұстайтын, шаруа бақбайтын, өзара жанжалдасудан тынбайтын адам екен. Бір күні Абай Ысқаққа қонаққа барып, тысқа шығып келе жатса, Масақбайдың үйінен шаңқылдап ұрысқан әйел мен еркектің даусы естіледі. Абай есіктен сығаласа, әйелінің салақтығын сөгіп жатқан Масақбай мен ерінің сөзіне қарсы дау айтып жатқан Ұмсындық екен. Абай үйге кіріп келгенде, екеуі де ұялып жым бола қалыпты. Абай олардың екеуін де сөгіп, осы қылықтарыңды өлең қылам депті де. Ысқақтың үйіне барып, Масақбай мен Ұмсындықтың сөздері ғып «Масақбайға» деген өлең жазады.

Осы өлеңді естігеннен кейін Масақбай да, Ұмсындық та ұялып, тұрмыстарын жөндеп, жанжалдасуды азайтқан екен дейді». Абай ауыз-екі сөйлеу тілінде яғни тақпақ түрінде шығарған. Сөз саптасының өзі «Қатыны мен Масақбайға дәлме-дәл. Ұсқындары да, іс-әрекеттері де доп.

*Қ а т ы н ы:*

*Сырмақ қып астына,  
Байының тоқымын,  
Отының басына,  
Төрінің қоқымын,  
Бүксітіп,  
Бықсытып,  
Қоқсытып келтірді.*

*Осының бәрімен,  
Көңілінде міні жоқ,  
Жүзінің нәрі мен  
Бойының, сыны жоқ.*

*Бүкшіп,  
Сексіп,  
Түксіп өлтірді.*

*Б а й ы:*

*Күлкі боп көргенде,  
Құрбыға қадірсіз.  
Ас қылып бергенше  
Шыдамас сабырсыз.*

*Келді ойбай,  
Салды айғай  
Түк қоймай боқтады.*

*Сөзінің жөні жоқ,  
Ақылсыз томырық,  
Қатынның күні жоқ –  
Қамшы мен жұдырық.*

*Барқылдап,  
Тарқылдап,  
Салпылдап тоқтады.*

Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде Абайдың өткір тілді өлеңдері-өлеуметті түзеудің әдемі бір құралына айналғанын көруге болады. Абай халық тілінің әдеби емес әр алуан қабаттарын терең білген. Әрбір кейіпкердің сырт нұсқасын, ішкі сырын, кісілік келбетін, мінез-қылығын, сөйлеу, ойлау, қимыл-қозғалыс, психологиялық өзгешеліктерін сезімталдықпен аңғарып, портрет жасауда шеберліктің үлгісін көрсеткен.

Бірде қызылбастардың патшасы уәзіріне барша ақымақтарды есептеп шығаруға бұйырыпты. Ол бажайлап еңбектеніп барлығының аты-жөндерін тізіп, ең басына патшаның өз атын бадырайтып жазыпты. Патша қуланып: «Мені неге көрсеттің?» – дейді. Сонда уәзірі бұй депті: «Екі күн бұрын ат сатып алуға бір белгісіз екі кісіге көп ақша бердіңіз» – деді. Патша айтыпты: «Олар ат әкеліп берсе, қайтесің?» – депті. Сонда уәзірі: «Олай

болса сіздің атыңызды өшіріп, олардың есімдерін жазамын» – деп жауап қайтарыпты. Патша уәзірдің айтқанын ұнатты.

«Ойға түстім, толғандым» дейтін ішкі монологында халықтың өмір тіршілігімен бірге жасасқан Абайдың ой кешуі, тағдыры, өмірі, сыры, іс-әрекеті баяндалған.

*Ойға түстім, толғандым,  
Өз мінімді қолға алдым.  
Мінезіме көз салдым,  
Тексеруге ойландым.  
Өзіме өзім жақпадым,  
Енді қайда сыя алдым?  
Қалап алған көп мінез,  
Бойдағы мінді санасам,  
Қалайша қылып тыя алдым?.*

*Тау тасынан аз емес.  
Жүрегімді байқасам,  
Инедейін таза емес.  
Аршып алып тастауға,  
Апандағы саз емес.  
Бәрі болды өзімнен,  
Тәңірім салған наз емес.*

*Осынша ақымақ болғаным  
Көрінгенге қызықтым.  
Ғаділетті жүректің  
Әділетін бұзыппын.  
Ақыл менен білімнен  
Әбден үміт үзіппін;  
Айла менен амалды  
Меруерттей тізіппін;  
Жалмауыздай жалаңдап,  
Ар, ұяттан күсіппін,  
Құлық пенен сұмдыққа  
Құладындай ұшыппын;  
«Сіз білесіз» дегенге  
Күнге күйіп, пісіппін;*



*Мақтанбасқа мақтанып,  
Деп жүріпін «пысықпын».*

Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ғаламның жыры мен күйін күйлейтін шын сырлы сап толғауға «өуезді тіл», «көңілдің көркем сырлары» тән. Шабыт пырағында шарықтаған Абай сұлулық пен қиял суреттерін шынайылықпен кестелеп, қиялыңды, сезіміңді, дүниетанымыңды тербейтін мына бір «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» атты өлең метафоралық ойлаудың тамаша бір үздік үлгісі. Бұл ретте айтулы суреткер Абайдың тәсілі – интеллектуалдық-психологиялық, фәлсафалық тұрғыдан ірі кесек, көркем ойлар өрбітеді. Ойшылдық пен сыршылдықтың хас шебері табиғаттың таңдай қақтырарлық тамаша бір құбылысының құпиясына бойлап, ойын, сезімін, қиялын, шеберлігін, барша мүмкіндігін жұмсап, ойнатып-суреттеп, сыр мен сипаты бөлек күмбірлеп тамылжыған салтанатты күйге бөлеп, жыр күмбезін жасаған.

*Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз,  
Тастақ жол жарқырайды бұға амалсыз.  
Елсіз жер тұрғандай боп Хаққа мүлгіп,  
Сөйлесіп ымдасқандай көкте жұлдыз.*

*Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын,  
Жер ұйықтап, көкшіл шықпен бу алғанын,  
Менің не мұнша қапа, қысылғаным?  
Үміт пе, өкініш пе ойланғаным?*

*Дүниеден үмітім жоқ менің деймін,  
Өмірге өткен титтей өкінбеймін.  
Азаттық пен тыныштық көксегенім,  
Ұйықтамақ пен ұмытпақ деп іздеймін.*

*Өлімнің ұйқысы емес іздегенім,  
Ұйқы, тыныштық, ұмыту - бер дегенім.  
Көкірегімде өмірдің күші тұрып,  
Іздеймін дем алысты үзбегенін.*

*Су сылдырап, жел гулеп, күн шуақтап,  
Жылылық пен достықты тұрсын мақтап.  
Өнген, өскен жақсы деп емен ағаш,  
Теңселіп айтып тұрса, ол шайқақтап.*

Сөз жоқ, Абайдың ұшқыр қиялы, жанартаудай интуициясы, образдылық-ұғымдылық ойлау қызметі – көркемдегіш-суреттегіш құралдарға жеткілікті.

**«Поэзия – өмірдің әрі мен нәрі, қайнап қорыған жамбысы.** Поэзия – бақшада құлпырған роза гүлін сипаттамайды, оның дәрекі заттық жақтарын лақтырып тастап, хош иісін, әсем құбылғыш бояуын алады да, осылардың жаратылыстағыдан да әсем өз розасын жасайды. Поэзия – сәбидің күнәсіз ажары, жарқын жанары, күміс күлкісі, жанды қуанышы. Поэзия – көрікті қыз жүзінің ұялшақ, албырт қызғылты, теңіздей, көгілдір аспандай тұңғыш көзінің ынтықтық сәулесі, әйтпесе оның қара көзіндегі өткір от, мәрмәр иығына төгілген бұйра шашының толқыны, торғын кеудесінің демігіп тыныстауы, күміс үнінің гармониясы, сиқырлы сөзінің музыкасы, тал бойы, сұңғақ сымбатының мінсіз мүшелері, сұлу қозғалыстарының ғажайып сиқыры...

**Поэзия** – қайратты қайнардай балғын жігіттің отты көзі, өрен ерлігі, тентек тегеуріні, аспан мен жерді жалынды құшағына сыйдырмақ болған, өмірдің уы мен балын бір-ақ рет сарқа сімірмек болған тойымсыз талабы.

...*Бүкіл әлем, гүл, бояулар, дыбыстар, бар жаратылыс, барлық өмір – поэзия дүниесі, осы құбылыстардағы құпия қуат, оларға тіршілік, ойнақы өмір беретін сырлар – поэзияның тетігі мен жаны. Поэзия – әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні»* [14, 644].

*Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас,  
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.*

*Жүректен қызу-қызба кете қалса,*

*Өзге тәннен еш қызық, іс табылмас.*

*Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,*

*Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.*

*(«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас»).*

Абайдың қуатты ойынан жаралған қыз күлкісіндей қызықтырып, сыңғырлап төгілген бейнелі сөздер, ой тербелістері көңілді қанаттандырады, қиялыңды шарықтатады. Адам болмысының, жүрек қызметінің нәзік мыңдаған сырларын жіпке тізгендей мөлдіретіп жеткізетін хас шебер адамның жүрегін кәсілтіп есілген теңізге ұқсатады да, теңіз түбінде құлпырған асыл өшекейлерді қызыққа балауы – қандай тапқырлық! Содан оның көркемдік ойлауы философиялық ойлау жүйесіне ауысып, отсыз, жүрексіз еш қызық іс болмайтұғынын ескертеді де, адамшылық ар-ождан да, жағымсыз әрекеттер де «жүрек ісі» екендігін айтып, «ақыл-күзетші» деп бір түйіп тастайды. Абайдың осы бір асыл ойы интеллектуалды оқырман санасында айрықша гүлденіп, оның жігер – қайратын шыңдап, жаны мен төніне рух сыйлайды. Абай метафорасының бейнелілік, ассоциациялық, экспрессивтік, философиялық, индивидуалдық-авторлық сипаттары осындай.

Өлеңдегі көркемдік сұлулық – сан түрлі мәнерге ие нәзік мағыналық реңктерін, жұмбақтай сырларын ұғу, түсіну. Абайдың күрделі ой шумақтарында нешеме алуан трагедиялық күйлер бар. Айталық:

*Ішіп, терең бойлаймын,  
Өткен күннің уларын.  
Және шын деп ойлаймын  
Жұрттың жалған шуларын.*

*Тағы сене бастаймын  
Күнде алдағыш құларға.  
Есім шығып қашпаймын,  
Мен ішпеген у бар ма?*

*(«Құлақтан кіріп, бойды алар»).*

Ақын заманының гөй-гөйін, тағдырының да алапат қиыншылықтарын, кереғар қайшылықтарын, тікендей қадалған, оттай күйдірген ғайбаттауларын, өзінің де, өзгелердің де әрі-сәрі ахуалын жеткізеді, біреудің айтағына еріп, сойылын соғып, күн көрген итаршыларын да семсер сөзбен сілейтеді.

Әлбетте, осы бір күрделі метафораның, ұшы жоқ түпсіз ойдың сыр-сипатына үңілу толық мәнін айқындау – ғайыпты болжаумен тең.

Абай сөздің мағынасы мен магиясын терең танып, сарабалдықпен саралап, ғұламалық зердемен түрлендіріп, жандандырып қолдана білген сөз зергері, ой дүлдүлі. Егер де ақынның шығармашылық өнернамасында «сәуле» сөз-ұғымының өзін әр қырынан сөйлетіп сипаттап, 20 шақты рет қолданған. Асылы, халықтың көркемдік тәжірибесінде білім сәулесі, ой сәулесі, күн сәулесі (нұры), ай сәулесі (нұры) дейтін сұлу тіркесімдер бар. «Сәуле» мен «нұр» мән-дес сөздер. Сонда бағзы заманнан бері Алла тағаланың нұры, Мұхаммед пайғамбардың нұры, топырақтың нұры деген қасиетті сөз-ұғымдар бар.

Ал Абай «сәуле» сөз-ұғымның тұңғық иірімдерін былайша көрсеткен:

*1. Жүректің көзі ашылса,  
Хақтықтың түсер сәулесі.  
(«Көзінен басқа ойы жоқ»).*

Яннің сәулесі – хақтықтың. Хақ 1) тура, дұрыс, шындық; 2) Алла. Демек, Алланың, шындықтың, турашылдықтың сәулесі дейтін мағынада қолданылған.

*2. Ақылға сәуле қонбаса,  
Хайуанша жүріп күнелтпек.  
(«Жүректе қайрат болмаса»).*

*3. Сәулең болса кеудеңде,  
Мына сөзге көңіл бөл.  
Егер сәулең болмаса,  
Мейлің тіріл, мейлің өл!  
(«Сәулең болса кеудеңде»).*

Бұл тұстарда Абай адам баласының ақылын, ойын, санасын, көңіл сарайын нұрландыратын, құштарлығын оятатын, берекелі, көркем іс істеуге жетектейтін мағнауы, рухани бір құндылық дейтін мағынада қолданып отыр.

Ақын мына бір сыршыл лебіздерінде Ай мен Күн сәулесін суреттейді:

*1. Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп.*

2. *Астында дария – көк майдан,  
Үстінде сәуле – алтын күн.  
(«Жалау»).*

Екінші мысалымызда «сәуленің» көркемдік қуатын алдыңғы тармақтағы «Астында дария – көк майдан» метафорасы әсерлендірген.

«Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтаудағы»:

*Сәулемді құдай алған соң,  
Сарнамасқа шара не? –*

дегендегі «сәуле» – Әбдірахманның символы. Осылайша суреткерлік көзбен дүниені, болмысты, құбылыстарды нәзіктікпен танып, қисынын тауып жырлау – Абайдың шеберлік үлгісі.

Дүниені қабылдауы да, түсінуі де, танымдық дәрежесі де, көркемдік санасы да жоғары Абайдың лирикасында полифониялық сипаттар, көркемдік бояу-нақыштар ересен.

Бір сөйлемінде әрі метафора, әрі теңеу бар. Мысалы:

*«Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей»*

*(«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?»).*

Поэзиялық, көркемдік толық, кемел.

Шендестіру:

*Майдағы жұрттың іші – қар,  
Бәйшешек қарға өнер ме?*

*Ішінде кімнің оты бар,*

*Қар жауса да, сөнер ме?*

*(«Қарашада өмір тұр»).*

*Кеудесі – толған қулық ой*

*(«Қарашада өмір тұр»).*

Тұрмыс-тіршіліктің қисапсыз қайшылықтарын бастан кешірген, тәжірибе жинақтаған, ақыл-ой елегінен өткізген Абайдың мына бір ғибраты да мағыналы:

*Күшік ит бөрі ала ма жабылса да,*

*Тәңірі сақтар, табандап тап ұрса да.*

*Арсыз адам арсаңдап, арсылдайды,*

*Өр жерде-ақ керегеге таңылса да.*

*(«Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да»).*

Абақтыны айтқанда да әсерлі суреттейді:

*Көрмей тұрып құсамын,  
Темір көзді сарайды.  
(«Болыс болдым, мінеки»).*

Жеті басты жалмауыздан су жұқпас суайттар қауіпті дегені де көркем.

*Өтірік, өсек, мақтанға  
Ағып тұрса бейне су.  
(«Сабыр, арсыз, еріншек»).*

Абайдың ұлттық поэзияға қосқан жаңалықтарының бір парасы мыналар: «Көңіліндегі сабағы» («Онегиннің сипаты»); «Көңілімнің рахаты» («Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол»); «Өкпе сызы», «жүрек жігі», «көңіл жүгі» («Өкінішті көп, өмір кеткен өтіп»); «Жастықтың ойы» «Жастықтың оты, қайдасың»); «бейнет сусыны» («Кейде есер көңіл құрғырың»); «Жүректің көзі», «хикмет кеудесі» («Көзінен басқа ойы жоқ»); «Талаптың аты» («Жастықтың оты жалындап»); «Үміттің аты» («Жақсылық ұзақ тұрмайды»); «Жүректің сөзі» («Әбдірахманға Кәкітай атынан хат»); «Алланың рахматы», «Дұғаның қуаты» («Әбдірахманға»); «Көңілімнің күні», «Қайғы оты» («Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау»); «Жүректің ақыл суаты» («Алла деген сөз жеңіл»); «Көңілдің күйі», «Жанымның жарық жұлдызы» («Көңілдің күйі тағы да»); «жүрек ісі» («Жүрек – теңіз, қызықтың бөрі – асыл тас»); «шынның жүзі» («Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма»).

Сайып келгенде, академик-жазушы Сәбит Мұқанов Абай мұрасы хақында ой тербегенде, «әдебиеттің ұлттық дөнін толық пісіретін жазба әдебиет» деген еді. Ендеше Абай қазақ жазба әдебиетін жаңаша көркемдіктің қазынасымен мейлінше байытты. Абай «әр сөзін қаққан шегедей дәл оқытады» (Ғабит Мүсірепов). Абай сөзінің жазылуы да, айтылуы да соншалықты керемет сәйкестік, бірдейлік танытады. Әсіресе, Абай поэзиясының жарқын сипаты – үздік метафоралық ойлау жүйесі, көркемдік дүниесі.

## АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫ

«Если человеку поставлено только два вопроса  
держаться церковного православия или магометанства,  
то для всякого разумного человека не может быть  
сомнения в выборе и всякий предпочтет магометства  
с признанием одного догмата единного Бога и его пророка»

*Лев Толстой*

«Данышпанның көз алдындағы жасыл  
ағаштағы әрбір жапырақ құдайдың құдіретін  
түсіндіретін дәптер тәрізді».

*Шоқан Уәлиханов,*

Екінші «Қашғар күнделігінен»

Абай «кәмәләтті шеберлік» хақындағы пікірлерімен бөліседі. Табиғат – оқулық. Табиғат – қазына. Табиғат – суретхана, яғни қисапсыз бояулар мен дыбыстар дүниесі. Жаһан «жүргізіп қойған сағат сияқты» деседі. Табиғатты 1) тыңдау 2) оған бағыну, тағылым алу 3) ақыл жұмсап, құрметтеу парыз. Онда ғажайыпты ұлы үйлесім, көркемдік келісім бар. Ішкі гармония қатаң сақталған, ақыл-ой қуаты шамалай алмайтын, жанды-жансыз дүниенің құрылымында әмбебап өзара әрекеттестік бар, мыңдаған, миллиондаған байланыстар мен қарым-қатынастар жүйесі бар. Ғалам ғаламаты, Жаратушы құпиясы, жаратылыс сыры, жеті қат көк, жеті қат жер, адам болмысы Абайдың «Жиырма жетінші сөзінде» Платонның ұстазы Сократ хакімнің атынан соншалықты түпсіз тереңдікпен қисынды баяндалған. Данышпан Сократ шәкірті Аристодимге адамның денесі, оған ақылдың қайдан бұйырғаны жайында мынадай пәлсапалық түйіндемесін, тұжырымын айтады: «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне һәм қандай лайықты жарастықты законімен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтуғынын көресің». Шынында, айрықша күрделі байланыс, тәртіп, жүйе бар. Тылсымның тұңғиығына ден қойған ойшыл Абай: «Бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы Ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпейтуғын дүние түрлі керекке жаратылып һәм бір-

біріне себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем законге қаратылып жаратылды» – дейді. Сократтың пайымынша, «Жаратушы артық ақыл иесі». Ойланып көріңіз. Адамның интеллектуалдық түйсігі, ақылы табиғат әлемімен және оның тамаша көріністерімен өзектес екен. Жұлдыздардың нәзік сәулелері адамның ақыл-ойын жарықтандырады. Аспан төріндегі жарқырауық нүктеден шыққан есепсіз сәулелер – ұымдасқан тастүйін әскер деуге болады. Қазақ тіліндегі «шұғыладай өрілген» дейтін фраза осы бір реттілікті көрсетіп, танытпай ма?! Абайдың он сегіз мың ғаламның «мықты көркем законге қаратылып жаратылды» дегеніне мысал ретінде қызыл түс құбылысына ден қойсақ, бұл бір секундтың ішінде төрт жүз миллионнан мәрте тербелістер тудырады екен. Ғаламның әрбір бөлшектеріне шейін энергетикалық өріске бағынып, ішкі гармония мен сұлулық заңдылықтарына құрылған. Атақты жаратылыстанушы Анри Пуанкаренің (1854-1912) көзқарасынша, сондықтан әлем гармонияға кемелдігімен де Тәңірлік сипатқа ие [8, 202.].

«Ұлық Құдайға» «құлшылық» жасауды мойындау – әбден дұрыс. Себебі, Алла адам баласының өзінде, дәулетінде, барша керек-жарағын жаратты. Иә, «бір-біріне ғылым үйретерлік шешендік салахиятты», «сыпайылық шеберлікті» және «ғажайып ақылды», «ғажайыппенен жасаған денеге кіргізіп, мұнша салахият иесі қылғаны хикметпенен өзге хайуанға сұлтан қылғандығына дәлел емес пе?» деп, жинақылықпен түйіндеп отырып, Жаратқан Иенің «адам баласын артық көріп, қамын өуелден Алланың өзі ойлап жасағанына да дәлел емес пе? Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмай ма? – депті». Абайдың даналық дүниетанымы, жаратылыстану ғылымы бойынша озық көзқарасы, тереңдіктердегі құпия сұлулық, құбылыстар, заттар, бөлшектер арасындағы күрделі байланыстарды қуатты ақыл көзімен саралауы, әлемдік гармонияның негізін, мәнісін түсіндіруі, Ай мен Күннің жарығындай «жанының жарығы», үздік тәжірибесі мен



кемел қабілеті осындай байламдар жасауға мүмкіндік берген. Адамзаттың мәңгілік мекенін, мырзалықпен үйіп-төгіп мәңгілікке берілген ырыздығын (жер, су, ауа, от, рух, әулет және т.с.с.) мұқият қорғау, сақтау, байыту, гүлдендіру керек екендігін мына бір пікірінен «біреу сенің қамыңды жесе, сенің оған қарыздар екендігіңе де ұстаз керек пе?» дегенінен де телегей сыр мен мағына ишараттары «Отыз сегізінші сөзінде» бұған жан-жақты толық, терең түсінік-сипаттама берілген: «Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе? Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дөңдерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік, көңілге рахат гүл-бөйшешектерді, ағаш-жапырақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттәрді (өсімдіктерді) өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып, дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін. жұмыртқасын; хайуандар етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар балығын, балықтар икрасын, хатта ара балын, балауызын, құрт жібегін-һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бірнәрсе жоқ, бәрі – адам баласына таусылмас азық». Асылы, хакімнің асыл, мағыналы байлам-толғамдарының түп-төркіні «сәуле беруші кітаптың» «шыншыл ақыл-кеңесімен», «мұбарак бір насихатымен» үйлеседі: «Жерді төсеп, онда әр түрлі көркем нәрселерді өсірдік» [6]. «Сендерге көктен, жерден, ризық беретін кім? Ендеше, Алладан басқа қандай құдірет бар» [6].

Абай адамзат тарихындағы, дүние тарихындағы Жаратушының керемет қызметін, «Артықша ғажайыптауға лайықты», «ақыл иесі», «адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік» ұлы тілегін дәйектілікпен ұғындырған. Бұл Заманға, Қоғамға, Уақытқа мәңгілік қағида, ұран ететін «құдайлық құдіреттің», жаратылыстың атынан айтылған қасиетті лебіз. Өрі қарай ілгері жылжысақ,

алтын бесік, Жер-Ана, сұрқия, сұм, өзөзіл саясат ойлап тапқан радияцияның, терроризмнің, экстремизмнің, сеператизмнің, лаңкестіктің, бейдауа жұқпалы дерттердің құрбанына, жеміне айналды. Құрлықтар тозақтың отына шарпылды, адамзат тағдыры ойыншық іспетті. «Ессіздердің насихаты» белең алып, берекесіздікке душар етуде. Бұл тұрғыдан келгенде, Абай пайымдары – кемеңгерлік кеңестің нақ өзі. Жақсылық іс істеуші, жарылқаушы, «ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай құдіретпенен орналастырған» және «бірінен-бір пайда алатұғын қылып жаратыпты», «ғалам Алла тағаланың ішінде», «Бір» мен «Бар» да «ғаламның ішінде», «кәмәлатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өсіп-өнсін деп жаратқан», «ерінбеді, келісімменен, хикметпенен, кәмәләтты бір жолға салып жасады» деп, білгірлік пен көсемдік танытады.

Ғалам жүзіндегі барша құбылыстардың, заттардың, нәрселердің өзіндік тағылымы, қасиет-ерекшеліктері, «құдіретті сипаттары» бар. «Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар...» дейді. Бірінен бірі туындап, өрбіп қолдап-қорғап, жалғасып, басқа бір түрге, күйге алмасып жатқан дүние.

«Ғақлия дәлелім Құдайтағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан – деп пайымдайды Абай – онан басқа бірінен-бірі пайда алатұғын қылып жаратыпты».

Адамзат пен ғаламзатты ғаламат сұлулықпен, үздік көркемдікпен, терең де парасатты тағылыммен жаратқан Алланың құдіретін жан-жақты сипаттап жеткізу үшін, Құран Кәрімде көрсетілгендей, төрт мұхитты сия етсең де, көк аспанды қағаз етсең де, Ұлы Жаратушының ғажайып шеберлігін түп-тамырынан қопарып баяндау мүмкін емес. Өр құбылыстың, әр нәрсенің сыры мен сымбаты, мәні мен сөні, ақиқаты мен шынайылығы бар. Даналық пен тілі бар. Бұлай болмағанда әлем көріксіз күйге түсер еді. Асылы, ғаламның құрылымдық жүйесі Абайдың танымында:

*Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәтті,  
Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,  
Және Хақ жолы осы деп әділетті.*

Мұндағы ой өуені мына бір аятпен үндеседі:

*О, люди! Благоговейте пред Аллахом,  
Кто сотворил вас из одной души  
И от нее же сотворил ей пару.  
От них обеих Он рассеял (по земле)  
В великом множестве мужчин и женщин  
Благоговейте пред Аллахом,  
С чьим именем вы предъявляете друг к другу спрос,  
И чтите родственные связи,  
Поистине, Аллах – над вами страж! (С. 4, аят. 1)*

*Алла мінсіз әуелден, Пайғамбар хақ,  
Мұмин болсаң, үйреніп сен де ұқсап бақ!  
Құран рас, Алланың сөзі дүрі ол,  
Тәуилин білерлік ғылымың шақ!*

Абайдың Алланың ұлы болмысына, қызметіне байланысты мына бір сөйлемдерді келтіруге болады:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Алла өзгермес», «Алла мінсіз әуелден...», «Құран рас, Алланың сөзі дүр ол», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде онан басқа?», «Бір Құдайдан басқаның бөрі өзгермек», «Әуелі аят, хадис – сөздің басы», «Безендіріп жер жүзін Тәңірім шебер», «Алла мықты жаратқан сегіз батыр» деген қисынды қағидаттарын айрықша атауға болады.

Суреткер Абай жансызға жан бітіріп, қара тасқа тіл бітіріп, тілсіз табиғатты сөйлетуге келгенде ақындық даналық танытады. Ой тереңдігіне сезім мөлдірлігі мен сөз шеберлігі әдемі ұштасқан. Мысалы: «Жазғытұры» өлеңінде былайша өрілген:

*Безендірген жер жүзін Тәңірім шебер,  
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.  
Анамыздай жер иіп емізгенде,  
Бейне өкеңдей үстіңе аспан төнер.*

Табиғатты тамылжытып жаңартқан, жайнатып жасартқан – Тәңір Ием. Жасаған жер мен аспанды бір-біріне ғашық қылып, жарастықта тудырып табыстырған, дидарластырған. Жер – Ананың құшағы тап-таза нұрға толып, бақыт құсы қонып, бейне бір жұмақ қорығына айналған.

Өрі қарай:

*Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,*

*Құмары екеуінің сондай күшті, –*

деп сәтті сабақтастырады. Күнді күйеуге, жерді қалыңдыққа ұқсатып, бір-біріне құмарландырып, қауыштырып, тағдырлас етіп қояды. Дөңгеленген дүниенің кеудесін керіп, қорғасындай еріп, гүл атқан қосағымен қоса ағарған қызықты шағының сұлулығын Абай барынша тереңдете ашады.

*Күн – күйеуін жер көксем ала қыстай,*

*Біреуіне біреуі қосылыспай*

*Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,*

*Жер толықсып, түрленер тоты құстай.*

Нағыз суретшілік. Шынайы сыршылдық. Ол исламдық-ғылыми дүниетанымды меңгерген. Оның ұлттық дүниетанымының тереңдігінің бір қыры осыған байланысты. Себебі, Аллатағала әлемге махаббат, ғашықтық сыйлаған. Осы бір ұғым – түсінікті Абай оттай маздатып, кемеліне келтіре суреттеген. Ойшыл ақынның осынау жырында қазақы болмыс та, пәлсапалық ой да, сыр да, сурет те біртұтас түзілген.

Осылайша ұлы жаратылысты сөйлетіп, құпиясын төгілте суреттеп жеткізіп, ғаламат қуаттың көзін тауып, ой-сезім мұхитының ағыс-толқындарын тудырған.

Абай дүниені, болмысты, өмірді, тұрмыс-тіршілік толқындарын екі тұрғыдан да сабақтастырып жырлайды. Біріншісі, образдылық-бейнелілік тұрғыдан; екіншісі, логикалық-пәлсапалық заңдылықтар арқылы.

*...Жыршы құстар әуеде өлең айтып,*

*Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар* – дегенінде сыр дестесі, көркемдік кестесі де келісті. Бұл сөйлемдердің ішкі мазмұнында, рухында Алла кітабының ғибраттары, сыр-сипаттары көрініс бергендей:

«Аспандағылардың, жердегінің барлығы, қанатын кең жайып ұшып жүретін құстардың да Алланы дәріптеп, зікір ететінін сен, білесің бе? Бәрінің де өз тілінде айтатын дұғасы, мадақ сөздері бар. Олардың не істейтіні бір Алланың өзіне аян» (24-Нұр сүресі, 41-аят) [13].

Ғаламның, болмыстың әрі құпия, әрі сырлы, әрі нәзік таңғажайып құбылыстары ересен әлшеусіз. Табиғатты түсіну, әсерлі құлшыныспен қабылдау, мұқият тыңдау, төлімін адами таным мен тәжірибеде мықтап ескеру – адамзаттың асыл парызы. Жасампаз рухани құндылықтар, имандылық, ізгілік – жер мен көк амандығының кепілі. Жаралған әрбір затта және жаратылыстың өзінде терең мағыналардың бар екенін, онда әрбір жан иесі және әрбір зат сол ғаламат кітаптың бір-бір әріптері екені ақиқат. Негізінде, біртұтас дүниенің ішкі жүйесі бойынша, барша құбылыстар, заттар бір-бірімен рухтас, тамырлас. Жанды-жансызға, мағынауи кеңістікке үйлесім, келісім, тәуелділік, жауапкершілік тән.

Жаратушы мен Жаратылыстың жарасымды ырғағын нәзік үйлестіруші, ретке, жүйеге түсіруші, шын мәнісінде, Құдіреттің ісі. Хакім Абай осы бір жұмбақ жәйттердің тұңғығына барлау жасағандай.

*а) Масатыдай құлпырар жердің жүзі*

*ә) Безендіріп жер жүзін Тәңірім шебер...*

*б) Көбелекпен, құспенен сайда ду-ду,*

*в) Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек*

*г) Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл,*

*Тастағы үнін қосар, байғыз, көкек*

*д) Масатыдай құлпырар жердің жүзі!*

*ж) Жер толықсып, түрленер тоты құстай.*

Абай жаратылыстың гүлзарын, Жаратушының көркем безендіру шеберлігін, табиғаттың тамылжыған шағын осылайша толғаса, оның түпсіз терең тамырында, көзқарасында, ойлау жүйесінде Құран аяттары сырларына жүгінгендік те бар.

«Олар жер жүзіне қарамай ма? Онда әртүрлі көркем өсімдіктер өсірдік» (26 - Шұғара сүресі, 7-аят).

«Айталық, біз жер бетінде алуан түрлі әдемі өсімдіктер өсірдік. Мұны олар көрмей ме? Мұнда көп ғибрат бар ғой, бірақ олардың көбі сенуші емес» (26-Шұғара сүресі, 7-8 аят).

«Құран рас, Алланың сөзі дүр ол» деген Абайдың күрделі ойларының астарында Құран қағидаттарының ұлы ұшқындары бар. Сұлу жаратылысты сыңғырлатып

сөйлеткен Абайдың «Ата-анадай елжірер күннің көзі» дегенінде Алланың нұры жайында толғанып, ой бөліседі. Мүмкін мына бір аятпен де асыл байланыс бардай:

«Алла – аспанның да, жердің де нұры. Ол бейне бір бүркеудегі (қуыстағы) сөулеге ұқсайды. Айталық, бүркеу бар жерде шыны-шиша тұр, шишаның ішінде шырақ бар. Өлгі шиша – інжу-жұлдыз дерсің. Шырақ – шығыста, батыста болмаған ғажайып бір зәйтүн ағашының майынан тамызық алады. Өлгі май от тимей-ақ жалындап кеткелі тұрады, ал от тисе, нұр үстіне нұр қосылмақ» (24 – Нұр сүресі, 35-аят).

Абайдың түсіндіруінше, асылдардың асылы, магниттік қасиеті бөлекше металдардың төресі – темір. Мұны былайша жұмбақтап сипаттайды:

*Қара жер адамзатқа болған мекен,*

*Қазына іші толған әртүрлі кен.*

*Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,*

*Солардың ең артығы немене екен.*

*(Шешуі: Темір)*

«Сондай-ақ темірді пайда қылдық. Онда мықты күш әрі адамзат үшін хажеттер бар. (Соғыс құралдары тағы басқа аспаптар темірден жасалады). Тіпті темірсіз өмір болмайды.) Алла онымен дініне, елшілеріне көрмей-ақ көмек еткені кісіні мәлім етеді» (57 – Хадид сүресі, 25-аят) [13].

Темірде Жаратушының ғаламат сыр-құпиясының бары аятта айқын айтылған. Ақжан Машани «жүректің соғуын, қанның қозғалысын басқаратын темір атомдары» және Жердің ішкі өзегі де темірден деп жазады «Өл-Фараби және Абай» дейтін еңбегінде. Алла адамның қан тамырларындағы темір арқылы (бұған электромагниттік толқындар жазылады) ой аңсарын, ниет қалауын, жан жұмбағын жазбай таниды. Бұл жәйттер Хакім Абайға беймәлім емес. Өйткені, ол Ислам өркениеті тарихындағы ғылыми дәстүрлерді, әсіресе, Мұхаммед (с.ғ.с.) медресесінің сандаған саф таза ғұламаларының, кемеңгер тұлғаларының, хадисшелерінің, жаратылыстанушыларың, стратегтерінің, дипломаттарының, құқықтанушыларының және олардың жолын ұстанғандардың ілім-білімін қабылдаған.

Абайдың «38-ші сөзінде»: «Бұл көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикмет бірлән жарастырып, қандай құдірет бірлән орналастырған, еш адам ұғылының ақылы жетпейді» деп көркем жаратылыс жайында толғанады. Хәкімнің бұл ойы мына аяттың мазмұнымен рухтас.

*Ужель не видишь ты, как Бог,  
Вам с неба дождь (обильный) льет  
И им плоды растит разных цветов и видов  
Но есть и горные дороги – белые и красные –  
Разных (тонов и) красок,  
И скалы черные (что в цвет вороньего крыла)*  
[Сура 35, аят 27].

Түрлі-түсті үлбіреген гүлдердің желкілдеп құлпыра келісіп үйлесуі, сондай-ақ әрбір дербес гүлдердің дара қасиеті, энергетикалық әсерлілігі мен әр тараптылығы, үйлесімді гаммасы, темпераменті – осынау жаратылыстың көркем суреттері мен бояулары Жаратушы Иенің шапағаты!

Абайдың «алла тағаланы танымақтық» және «Құранның іші толған ғамалус-салих (жақсылық іс, игі іс)...» дейтін қағидалы ұстанымы бар. Алланың ғылымын, хикметін, есебін, ғибратын жүйріктікпен қабылдап, әрбір аяттың мағынасын зеректікпен ұғынған Абайға мына бір Алланың сөзіне де жүгінген болар. Алланың хикметі, есебі, ғибраты, ғылымы бар.

*Он – Тот, Кто сделал Солнце  
(животворным) блеском,  
Установил луну, что свет по фазам льет,  
Чтобы знали вы число годов  
И по нему отсчитывали время.  
И это сотворил Аллах  
Никак иначе, как по Истине (великой).  
Так Он свои знаменья изъясняет  
Для тех, в ком разумение живет*  
(Сура 10, 5-айат)

«Ол сондай Алла күнді жарық, айды нұр етіп жаратты да оған (айға) жылдардың сандарын, есептерін білулерің үшін орындар белгіледі. Алла, бұларды шындықпен ғана

жаратты, Алла білетін ел үшін; аяттарын ашық-ашық баян етеді» (Сүре 10, 5-аят).

«Научная ценность Коран определил строгую разницу между Солнцем («дийа»), которое горит, активно испуская свет и Луной («нура»), пассивно светящей (отражая свет), и указал на существование собственных орбит у Луны и Земли (С.36, ст.38-40; С.39. ст.5; С.21, ст.33), а также на существование собственного орбитального движения Солнца (по отношению к центру Галактика, что было научно исчислено лишь в 1917 г. Ученым SHarply как 250 млн лет на одиоборот/ : «И Солнце бег вершит к назначенному месту» (С.13, ст.2; С.31, ст.29; С.35, ст.13)

Картина эволюции Вселенной в Коране, где и Солнцу и Луне «Определен свой срок» (С.39, ст.5). «Әрбір белгілі бір мерзімге дейін жүріп тұрады» (С.39, 5 аят). Ғылымның анықтауы: 5,5 млрд.жыл «процесс трансформации водорода в гелий» «медленное охлаждение, расширение внешних слоев и уплотнение внутренних, ослабление испускания света» «прекращение существования как центра Солнечной системы заманауи астрономияның анықтамасы»[15].

Абай ой-тұжырымдарының беломыртқасы – Мұхаммедтің (ғ.с.): «Әр нәрсенің бір шоқтығы бар» дейтін қағидаты.

Абай «құдай тағала ғылымды, рақымды, гадаләтті құдіретті еді» – деп жазады. Алланың ұлық қасиеттерін соншалықты айқын көрсетеді, білімділікпен, білгірлікпен жіліктеп танытады. Ғаламның жаратылуында Алланың ұлы қызметі былайша баяндалған.

*Он – Тот, Кто небеса и землю сотворил  
За шесть (небесных) дней  
И утвердил Свое державие на Троне.  
Он знает, что уходит в землю  
И что выходит из нее:  
Он знает, что нисходит с неба  
И где стремится к небесам.  
И где б вы ни были, всегда Он с вами  
И зрит незримо все, что делаете вы.  
(Сура 57, аят 4)*



«...Создание Света 1-ый день созданию звезд, создание вечера и утра (т.е.земногодня, предшествует созданию Земли (на 3-й день творения) предшествует созданию Солнца на 4-ый день; появление птиц в небе (на 5-ый день творения)... животных на земле на 6-ой день, хотя последние появились раньше; существование водной массы (вместе газообразной) – на первоначальной стадии формирования; высоко образованного растительного мира с семенным размножением – до существования Солнца. Он – Тот, Кто сотворил небеса и землю за шесть дней, а затем вознесся на Трон (или утвердился на Троне). Он знает то, что проникает в землю, и то, что выходит из нее, и то, что нисходит с неба, и то, что восходит к нему. Он с вами, где бы вы ни были. Аллах видит все, что вы совершаете. «Присутствие Аллаха рядом с творениями означает что Аллах объемлет свои творения, знанием, могуществом, слухом, зрением, властью, господством к другими божественными качествами» [15].

Ғаламның жаратылуын Құранның аяты бойынша түсіндірер болсақ, бірінші күні Жұлдыздар, Кешкілік пен Таңертеңгілік, сонан соң Жер (үшінші күні), сонан соң Күн, бесінші күні Көктегі құстар, алтыншы күні малдар, сонымен қатар бұлардың алдында әлем су түрінде (газ-сұйық зат орнына), Күн жаратылар алдында жоғары жүйелі ұйымдасқан және көбейіп өсетін тұқымдарымен бірге өсімдік дүниесі жаратылған.

Алла өзінің жаратқандарын біліммен, құдіретпен, көзбен көріп, құлақпен толық естіп, билікпен, әмірімен және құдайлық сипаттарымен жасады.

«Патша Құдай, сыйындым!» Терең сырлы мағынаға ие тарихи мәні зор сөйлем. Пайғамбар заманының білгір хадисшісі Ибн Теймийяның айтуынша: «Аллаға сыйыну – айқын да, жасырын да біртұтас бірлескен сөздерің мен істерің арқылы Алланы сүю, құрметтеу. Сонда ғана Ғаламның Раббысы бек разы болады» – дейді.

Әрі қарай Абай «Тура баста өзіңе» дегенін де Алланың жолын нұсқайды. Алланың сөзін мұқият тыңдау, бұйрығын толық орындау, теріс қылықтардан безу, шы-

найы шыншылдықты толық мойындау, бағыну, келісу екендігін жан-тәнімен түсінеді.

«Поклонение – это подчинение Аллаху... понятие, объединяющее все слова и дела, как явные, так и скрытые, которые любит Аллах и которыми он доволен.

Ибн Касир писал: «Поклонение Аллаху – послушное выполнение того, что Он приказал и отказ от совершения того, что он запретил, и в этом заключается сущность ислама как религия, смысл «Ислама» – это покорность Аллаху, высшее повиновение, подчинение, смирения;»

Хақім Абай осы ойын «Буынсыз тілің» дейтін өлеңінде:

*Бір тәуір дос,  
Тым-ақ керек,  
Ойы мен тілі бөлінбес, –*

деген сөзінде нақтыланған.

Пайғамбар айтыпты: «Егер де сыйынғанда Алланың өзін көріп тұрғандай толық сезінсең, сен Ұлы Жаратушыны өзің көрмесең де, Ол сені көріп тұрады» дейді. Сонда Абайдың аталы, баталы, дұғалы сөзінің тарихи себебі мен негізі бар.

Қоғам өмірінде, ел ішінде дархандықпен, білгірлікпен, кемел жүйрік-тікпен ұйымдастырылған мәслихаткеңестердің мағынасы да өлшеусіз. «Ақ көңілмен істелген іс аспаннан да кең!» (Мәшһүр Жүсіп). Абайдың ұлтқа, ұрпаққа, адамзатқа істеген қызметін айтқандағы адалдық, әділдік, даналық, тазалық, мұсылманшылық көзқарас тұрғысынан айтқанда, жұмаққа апарады. Мұхаммед пайғамбар айтыпты: «Шынында жұмақта бір ағаш бар, салт атты кісі оның көлеңкесінде жүз жыл жүрсе де, оны шетіне жете алмайды». Сонда Алланың кітабы Құранның ұлы идеялары мен мінсіз қағидаттарын ойтұжырымдарының қазығы еткен Абай мыңжылдықтардың төрінде жарқырайды.

«Аллах есть Свет земли и неба, И свет Его подобен нише, А в ней светильник, что в стекле, Стекло же точно яркая звезда, (роняющая), свет жемчужинный (Светильник) зажигается от древа смоковницы благословенной ни на востоке, ни на западе (земли), Чье масло может вспыхнуть (све-

том), хотя огонь его и не коснется (Кладется) Свет на Свет (Все выше к небесам), ни к свету Своему ведет Аллах кого (своей угодой) пожелает лишь тех, Так для людей Аллах приводит притчи: Ему известна всякой вещи (суть)» (Сура 24. аят-35).

Алла-Көк пен Жердің жарығы (свет) тура мағынасында да және ауыспалы мағынасында да. Алланың құдайлық құдіреті, мәні, негізі – Оның Жарығы мен перде-жамылғышының өзі жарықтың өзінен. Егер де Алла жамылғыш-шымылдығын көтерер болса, Оның айдынды жүзі, көзі көрген аймақты өртеп жіберер еді. Оның ғаламат жарығымен жұмақ бау-бақшалары жайнар еді. Құдіретті Алла Жарығының тағы бір таңғажайып мағынасы – Оның Ұлы Кітабының өзі жарқыраған нұр, оның шарифаттары да сәулелі. Аллаға сыйынғандар мен құлдарының таза жүрегіндегі діни наным мен білім атаулының өзі қасиетті нұр. Егер де Алланың нұры болмаса, ғалам қаратүнек құрдымға айналар еді. Алланың ақиқат жолына бағыттайтын нұрдың өзі бүркеудің ішіндегі шамшырақ іспетті (Абайдың «Жанымның жарық жұлдызы» немесе «Жүректің көзі ашылса, Хақтықтың түсер сәулесі. Іштегі кірді қашырса, Адамның хикмет кеудесі») осы бір ойларды терең қозғап қаузайтындай). Мәселенің мәнісі мынада: адам жүрегінде мықтап ұялаған Құран мен Исламның жарығы, нұры. Бұл дегеніңіз шырағы жанған бүркеу қуыс, бүркеудің іші жарық. Шырақ жап-жарық, тап-таза, мөп-мөлдір інжу-жұлдызға ұқсайды. Оның жарығы құдды оттай, зәйтүн ағашының майынан тұтанып кетердей. Күннің жарығын сүйеді, сіміреді, сіңіреді. Адамның жүрегі Алланың жарығымен нұрланады, жаңағы таза майға ұқсас. Сонда Алланың да, інжу жұлдыздың да, діннің де, білімнің де жарығы тектес, тамырлас құбылыс.

Сонда адам баласының жаны мен ақылы білім мен даналық арқылы көркейеді, жарылқанады.

Құранның аятында Күн мен Айдың тағдыры яғни өмір сүруінің шегі, мөлшері («фаза», «стадия», «период») келтірілген. Және де Ай мен Жердің өз орбиталарында

болатындығы нақтылы айтылған (сүре 36, 38-40 аяттар; сүре 39, 5-аят; сүре 21, 33 аят).

Сондай-ақ Күннің өз орбитасындағы қозғалысы 250 млн жылда бір айналып жасайды. Күннің Жұлдыздар жүйесінің (Галактикалық) кіндігіне қатынасы 1917 жылы ғылыми тұрғыдан анықталған (оқымысты Snary) «И солнце бег вершит к назначенному месту» (Сура 13, ст.2; Сура 31, ст.29; С.35. ст.13).

*И солнце завершает путь*

*За срок, определенный для него.*

*Таков приказ Того,*

*Кто преисполнен мощи и познания.*

*(Сура 36. Аийат 38).*

Құранда ғалам жаратылысының жайы, оның ішінде Күн мен Айдың өмір сүру мәнісіне байланысты: «Әрбірі белгілі бір мерзімге дейін жүріп тұрады» делінген. («определенный свой срок»)(Сүре 35, 5 аят). Заманауи ғылымның анықтауынша, Күннің жасы 5,5 млрд.жыл екен: «процесс трансформации водорода в гелий», «медленное охлаждение, расширение внешних слоев и уплотнение внутренних, ослабление испускания света», «прекращение существования как центра Солнечной системы» [15, 699]. Сондай-ақ жаратылыстану ғылымдарының айнасындай Құранда математикаға қатысты – 61 аят, салыстырмалы теорияға тиесілі – 61 аят, физикаға арналған – 64 аят, ядролық физикаға байланысты – 5 аят бар екенін Ливан оқымыстысы Юсуф Мураван анықтаған [16, 16.].

Абайдың «38-ші қара сөзіндегі» ғылыми ой-тұжырымдары мен исламдық құндылықтарының мән-мағынасы түбегейлі зерделеп-зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

## АБАЙДЫҢ ДАНАЛЫҚ ӘЛЕМІ

*Хвала Аллаху, Кто небеса и землю создал,  
Кто ангелов посланниками сделал  
И дал им две, или три, или четыре  
Как ширит (рамки) Своего Творенья  
Как (мудрости) желанья Своего, –  
Поистине, Аллах над каждой вещью мощен!  
(С.35. ст.1)*

*«Адамдарды Раббыңның жолына даналық  
және көркем үгіт арқылы шақыр».  
(16-Нахл сүресі, 125 аят).  
«Ми – ғажайып алып машина, біз соны  
қоқыстарға толтырып тастадық».  
(академик Е.Велихов)*

Абайдың кең толғаулы құрыштан құйылған қара сөздерінде адамзат пен ғаламзаттың сан алуан қисапсыз байланыстары, барлық пен ғайып, Жаратқан мен жаратылыс, жан мен тән, ислам мен иман шарттары, өмір мен өлім, рух пен ғарыш, себеп пен салдар, жақсылық пен жамандық, жастық пен ақсақалдық, ел мен жер, еңбек пен кәсіп, адамшылық пен әділеттілік, төзім мен сабыр, табандылық пен жүректілік, қайырым мен мейірім, өнер-білім мен ғылым, есте сақтау мен оқу, ғибадат пен құлшылық, сенім мен ақиқатты түсіну, өзін-өзі тану, тазалық пен тәртіп, ел басқару ісі, дін мен философия, ой жүгірту мен ақыл жұмсау, ғылымға қызықтыру, талаптылық, үй-іші тәртібі, бала бағу, байлық пен кедейлік, атақ пен абырой шарттары, махаббат пен ізгілік, мақтанғөйлік пен даңғойлық, күншілдік пен жалқаулық, қорқақтық пен ашушаңдық, сақтық пен салғырттық және т.с.с. күрделі мәселелер егжей-тегжейлі қарастырылады.

Абай қорғасындай құйылған қара сөздерінде адамзаттың ақыл-ой әлеміндегі тәжірибелерін негізге ала отырып, өзінің философиялық – эстетикалық көзқарасы тұрғысынан кесек ойлар, кемел кеңестер, тұрлаулы тұжырымдар жасайды. Мұның баршасы ұлттық сана мен рухтаным тарихы үшін, елтану мен мәдениеттану үшін,

ұлттық психология мен әдеби тіл тарихы үшін, Алланың ғылымы мен жаратылыстану ғылымы үшін бағалы қажет, құнды дерек, асыл материал.

Абайдың қара сөздері – қазақ өмір-тіршілігінің айнасы. Абай – халық данасы, ұлт қорғаны, қайраткері. «Ол ара сияқты гүлге қонып, мейірі қанып ұшып кеткенде, гүлді және оның бояуы мен иісіне иненің ұшындай да зиянын тигізбейді, ендеше данышпан да құдды сондай» деп айтқанды б.з.д. 556-476 жылдарда өмір сүрген үнді бекзадасы Сиддхартха Гаутама. Демек, дана Абайдың болмысы тура сондай.

«Қара сөз, – деп жазады ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы – ұғым түрлеріне қарай, бірнеше тарапқа бөлінеді. 1. Ғалам тарапына, 2. Құдай тарапына, 3. Ғылым тарапына, 4. Әлеумет тарапына, 5. Үгіт-тәрбие тарапына, 6. Сын тарапына.

1. Адамның зейіні бүгін ғаламды тануға жұмсалып, ... бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұлы ұғым жүйесі **даналық** деп аталады. **Даналық мақсаты** бүгін ғаламды танып, бүгін ғалам аталған дүниенің жұмбағын (дүние мәселесін) шешпек.

2. Адамның зейіні Құдайды тану жағынан жұмсалып, Құдай турасындағы мәселені шешпек...

3. Зейін табиғат құбылысын тану жағына жұмсалып, табиғаттың түрлі заңдарын тауып, қасиеттерін білуге...

4. Зейін әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде, көсемдік ұғым жүйесі пайда болады.

5. Зейін... үйрету жолына жұмсағанда, үгіт-тәрбие ұғым жүйесі пайда болады.

6. Зейін басқаның ісін таразыға тартып, ұнамды, ұнамсызын тексергенде, сын ұғымының жүйесі пайда болады [17,396.].

«Қазақтың бас ақыны» деп әйгілеп танытқан Ахмет Байтұрсынұлының осынау қара сөзге берген анықтамасы Абай қара сөздерінің табиғатын, философиялық мәнін, даналық сипатын көрсеткендей. Және де ұлт мәдениетінің бір тармағы даналық тарихының жарқын бір дәуірі. Ахаңша айтқанда, ғаламның жыры мен күйін Абай даналық болмысымен, шыншылдық, ойшылдық көзқарасымен толық

толғағандай. «Өз заманындағы болған оқиғасын», «бүгін жұрттың өмірін», шыншылдық пен көркем сыр, тарихи сөз ретінде жеткізгендей. Абайдың қара сөздері, Ахмет Байтұрсынұлының пайымдауынша, заман хат. Заман хатты «жүйелі, тәртіпті» етіп, Абайдай оқымысты жазады.

«Тұрмыс мәселесі тоқсан түйіннің тоғысып, шиеленісетін жері. Оны дұрыс шешуге көпті көрген көсем болу да керек, адамның, халықтың ия бір таптың мінезін, құлқын, салт-санасын, жан дүниесін, ой жүйесін, тарихын, мұң-мұқтажын жақсы білетін дана болу, ғалым болу керек. Тұрмыс мәселелері деп қандай мәселелер айтылады? Тұрмыс мәселесі деп айтатын, айтылатын – оның адамшылық мәселесі, өмір мақсатының мәселесі, яғни өмір бақытты болу мәселесі, ошақ басының, жұрт қамының, мемлекет жайлылығының, дүние тыныштығының мәселесі. Мұндай ұлы, ұйысқан мәселелерді дұрыс шешу оңай нәрсе емес, ондай ірі іс ердің ерінің, дананың данасының ғана қолынан келмек» [17,403.].

Әдебиет пен мәдениет білгірі Ахмет Байтұрсынұлының бұл пайымдаулары, Абайдың бүкіл қара сөздеріне қатысты. Бір ғана «Отызыншы сөзінде» классикалық қазақ әдеби тілінің үздік үлгісі. Абай тұрмыстың тілін, шаруаның тілін, елдің тілін кесек-кесек оралымдарымен мәлім етеді. Және де ой көрегендігінен, даналық тәжірибе молдығынан, білім, көңіл, ақыл байлығынан туған «Отыз сегізінші сөз» белгілі бір айтулы құбылыстар турасындағы көзқарастар мен қағидаттар жүйесі туралы ілім.

Абайдың қара сөздерінде автордың атымен, затымен, тағдырымен, тұлғалық ерекшеліктерімен, көзқарасымен, таным-білімімен, мінез-құлығымен байланысты тарихи-мәдени ақпараттар жеткілікті. Адамгершілік қарым-қатынас жасау ғылымының көкейкесті мәселелері баяндалған. Мұнда қазақ қоғамының келбеті, ел басқару жайы, өлеуметтік топтардың ерекшеліктері, өнер-білім, ғылым, кәсіп, оқу, адамгершілік, әділет, мінез-құлық, жалған, ахырет мәселелері білгірлікпен сараланып баяндалады.

Абайдың шығармашылық өмірбаяны, тағдыры, хәкімдік, қайраткерлік, даналық, тапқырлық, әңгіме-

шілдік, ақындық тұлғасы, философиялық көзқарасы, ілімі, оның қара сөздерінде жарқын көрініс тапқан. Абайдың сөз қолдану шеберлігіне, тіл мәдениетіне, ұлт тілінің негізгі сөздік қорын пайдалануы жайына, тілдік-лұғаттық сөздігіне барлау жасар болсақ, «жүрек» сөзін зат есім есебінде 151 рет, сын есім ретінде 5 рет яғни көркемдік-философиялық, ассоциациялық-метафоралық құбылыс ретінде қолданған. Бұл тұста «Жүрегім менің қырық жамау» (1899), «Жүрегім, нені сезесің?» (1900), «Жүрегім, ойбай соқпа енді...» (1892), «Жүректе көп қазына, бөрі жақсы...» (1899), «Жүректе қайрат болмаса...» (1898), «Жүрек – теңіз, қызықтың бөрі – асыл тас» (1902) дейтін ұлттық поэзиямыздың интеллектуалдық өрісін, ой, сезім жүйесін, көркемдік әлемін байытқан сан сипатты жырлары бар. Және де «жас жүрек», «шын жүрек», «ыстық жүрек», «асау жүрек», «қан жүрек», «жау жүрек», «ынталы жүрек», «күйген жүрек», «ызалы жүрек», «кірлеген жүрек», «жұмсақ жүрек», «қаза көрген жүрек», «өртенген жүрек», «елжіреген жүрек», «сорлы жүрек», «ет жүрек», «өрбіген жүрек», «суынған жүрек», «ынталы жүрек» дейтін тұрмыс-тіршілік қазанында, тағдыр талқысында, қоғам өмірінде жүректің сан түрлі есепсіз күйге түскенін Абай осылайша мәлімдейді. «Он төртінші сөзінде»: «Рақымдылық, мейірбандылық, өртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар –жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды», – дейді. «Жүрек ісінің» құдіретін одан әрі терең аша отырып: «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады», - деп, «жігер, қайрат, байлаулылықтың» мәнісін айқындайды. Жүрек сырының қатпарлары және алуан-алуан нәзік қызметін кемеңгерлікпен дәйектейді. ХХІ ғасырдың өзінде білімділер дейтіндеріміздің тиянақты, тұрлаулы ұстанымы жоққа тән. Жақсы-жаман істерді дауыстап айтуға, әділ баға беруге, шешімпаздық жасауға қауһары жоқ қуыршақтар. Олардың миын, санасын дүниеқоңыздық, мансапқорлық,



бақайесептік жайлаған. Ойшылдың: «Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» – дегені осы.

«Әйтпесе, Құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?

Білімді білсе де, арсыз қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір ілігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем.»

Абайдың «Он жетінші қара сөзінде» Қайрат, Ақыл, Жүрек өзіндік өзгеше қабілеттерін жайып салғанда, «Жүрек айтыпты: – Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ... Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын; жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын-мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» – депті.

Сонда төреші ғылым айтыпты: «... әмірші жүрек болса жарайды», «осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет», «бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам – сол» де.

Абайдың ойлау машығында бір заттың, бір мәселенің, бір нәрсенің түбін тексеру, себебіне үңілу, астарына қызығу сияқты харекеттері бар. Хәкімнің «Қырық үшінші сөзінде» өнерді, білімді, ғылымды яғни адам баласын рухани кемелдікке жеткізетін жанның үш қуатының бірі ретінде «впечатлительность сердца» деген ұлы ұғымды айрықшалап атайды. Бұл өзі «жүректің әсерленгіштігі» деген ұғым.

«Үшіншісі, орысша «впечатлительность сердца» – дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсені кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық раушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жиылады, тез ұмыттырмайды. Егер де бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қисық, я күңгірт көрсетеді. Енді ондай нәрседен оңды

ұғым болмайды». Неткен сұңғылалық! Тапқырлықпен, ойшылдықпен анықталған айқын жіктеу! Адам баласының жүрегіндегі тұңғық сырларын, иірімдерін, толқындарын ақыл таразысына, ғаламат рухани көсемдігіне сүйеніп, жіпке тізген меруерттей пайымдаған.

Асылы, «жүрек ісі», мәні, мінезі, өні, сыры, әсері, қызметі, қуаты, рухы, қазынасы қандай екендігі – Абайдың ой-пікірлерінде нақты таңбаланған.

Абай шығармашылығында «айна» дейтін сөз – символ, сөз – ұғым күрделі сипаттарға ие. Бұл ұғымды поэзиясында да қолданып, жаңа қырларын, тұңғық сырларын көрсетеді. Мәселен:

1. *Жүректе айна жоқ болса,  
Сөз болмайды өңгесі.  
Тыңдағыш қанша көп болса,  
Сөз ұғарлық кем кісі.  
(«Көзінен басқа ойы жоқ»).*
2. *Жүрегі – айна, көңілі – ояу  
Сөз тыңдамас ол баяу.  
(«Білімдіден шыққан сөз»).*

Түркі поэзиясы тарихында былайша жырланған:

*Көңіл сенсе – «айна» деп сал көзіңді,  
Сен көресің сол арқылы өзіңді.  
Жақсы кісі – жан айнасы қылы ғой,  
Оған қарап түзеледі қылық, ой.  
(Жүсіп Баласағұн).*

Абайдың қара сөздері бірде жанды әңгіме, сырлы кеңес, насихат, бірде күрделі ғылыми философиялық немесе ұғымдық-логикалық категорияларға негізделген трактат (мысалы «Отыз сегізінші сөзі»), бірде нақыл іспетті.

Отарлаушылық саясаттың қаһарында, қайшылықтарын да бастан кешірген, өзі болыс болып, ел басқарған, елдің де, ердің де намысын қорғаған, жаланың да отына күйген, опасыздардың да тұзағына іліккен, алғырлығымен, азулығымен, артықшылығымен арыстанның ауызындағысын, түрікпеннің түбіндегісін шеберлігімен, шешендігімен іліп түскен адамзаттың сырттаны Абай «Бірінші сөзді» былайша бастайды:

«Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын».

Сонан соң халық өміріне, тұрмысына ауысуы. Оның тармақтары: «ел бағу», «мал бағу», «дін бағу», «балаларды бағу», «ғылым бағу». Абай күші кемігенін, қайраты азайғанын, дәурені өткенін, заманы озғанын айтып нағызды. Ақылдың алтын астауындай Абайдың мына бір жан сырларына ден қояйық:

«Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күңсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік». Осы ойын «Отыз екінші сөзінде» білім-ғылымды еселеп, өркендетіп, көбейтудің шарттарын түгендеп атап, соның төртінші бабында: «білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі - мұлахаза қылу, екіншісі – берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды».

Мұлахаза – ойлау, пікірлесу; мұлафаза – сақтау, қорғау деген мағынада. **Абайдың ой бөлісетін, түсінетін тыңдаушың болмаған соң, ғылым өзі де еңсенді езетін «күйік» дегені осы.**

Дегенмен де Абайдың дәстүрі, мектебі болғаны ақиқат. Себебі, Абай қызықты да ойлы да әңгімесін тыңдаушыларына, қауымына көзбе-көз дидарласып, шешіліп-есіліп, сөз асылын, ойдың асылын, білімін, тәрбиесін сыпайылықпен ұғымды айтып отырғанына: «ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар, зінһар, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі

– құданың, екінші – халықтың, үшінші – дәулеттің, төртінші – ғибраттың, бесінші – ақылдың, ардың бөрінің дұшпаны. Ол бар жерде бұлар болмайды» дегенінде бұған «жаным, соған бек сақ бол» толық дәлел.

Тыңдаушылардың зейін-зердесін, таным-түсінігін, ой-санасын толықтыратын жанды өңгімеге, жақсылардың мәслихатына Абайдай төлімгер, ұстаз өңгімешіл кісінің мақамдап, тақпақтаптебіреніп-толқыпайтқан өңгімешілдік өнерінде біздерге беймәлім сырлар мол болуы мүмкін. Ол Платон, Сократ, Аристотель, Әл-Фараби, Махмұт Қашғари, Жүсіп Баласағұни, Ясауи, Сопы Аллаяр, Фирдоуси, Физули, Шамси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Хожа Хафиз, Низами, Ғұламаһи Дауани, Руми, Рашид-ад-дин, Бабыр, Әбілғазы сынды шамшырақтардың шығармашылық мұрасы мен даналық толғамдарын жетік білгендіктен, өңгімешілдік өнерді де гүлдендіргені түсінікті.

Сонымен қатар, Құран Кәрімнің ұлы идеяларын, Пайғамбарымыздың хадис шарифтерін ыждаһатпен үңіліп оқыған Абай ішкі рухани сұлулық пен кемелділік – Құранды Дәуіттің дауысындай мақамдап оқығанда құштарлықпен, ізгілікпен харекет етуге жол ашады. Негізінде, мақамдап оқудың мән-мағынасы адамның ішкі рухани дүниесіне қатысты, себебі, дауыстың өсерлігі арқасында тыңдаушылардың рухы, санасы, жан сарайы нұрланып тазарады, ұлттық болмыс-бітімі жетіледі. Иә, ислам тарихында белгілі бір мақамдар жүйесі болған. Ясауи ілімі бойынша, жетпіс ілім оқып-тоқып үйренбей, жетпіс мақамды меңгермей шайхылық лауазым берілмейді екен.

Ясауи хикметтері XVI ғасырға дейін арнаулы мақамдармен айтылған. Ал, Ясауидың діни уағызын 191000 адам тыңдаған (Мехмет Фуат Көпрүлү. Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағлымы. Шымкент, 1999).

Абай сахара жұртындағы патша үкіметі аппаратының жандайшап өкілдері, Мағжан Жұмабаевша айтқанда, «шолтаңдаған шолақ билер, орыстың шекпеніне елін сатқан» атқамінерлер, бай-бағыландар, болыстар, старшындар, елубасылар, тілмаштар, атшабарлар «Жиырма екінші сөзінде» нақтылы дәлелдермен, өзіндік қылық-

мінездерімен, іс-әрекеттерімен, ішкі пасық пиғылдарымен терең көрсетіліп, ұлы тілмен әшкереленеді. Бұндай әлеуметтік топтарға берген Абайдың логикалық сипаттамалары мәнді, ауқымды ой-пікірлерімен, түйінді қорытындыларымен, ересен халықтық, индивидуалдық тіл байлығымен, әрбір қырын өзіндік өзгеше белгілерімен сөйлете білу шеберлігімен ерекшеленеді. Енді Абайды сөйлетейік: 1. **Байдың** да бас **еркі жоқ**. Малына да қожа емес. Ол еліне, жеріне өгей баладай, «ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып», «құттылар, сүттілер», «кеселді қулар көбейіп» әркімге бір яки тойымсыздарға, обырларға бір «жем болып жүр», - деп нақтылайды. Бұл бір кесек мінездеме.

2. Білімдар Абай «мырза» ұғымының мән-мағынасын пайымымен бажайлап, ұққан адам. Мұсылмандық Шығыс елінде «мырза» деп шахтың тұқымын атаған. Және де қазақ топырағында сымбатты, оқтай тұзу өсетін ақ теректі «мырза терек» деген. Сондай-ақ халық ұғымында қолы ашық, ақ пейіл, жомарт, бекзат қасиетті үлгілі адамды «мырза» деп құрметтеген. Негізінде, «анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп» дегені мырза адамның қандай болатынын түсінгендіктен. Халық тарихына жетік Абайдың «құрым киізді тұзға малшып тыққан соң есі шығып» дейтін өзіндік ұғымында мән бар. Хан заманында талау, барымта қылған жазалыларды сұлтанның өмір-пәрмені бойынша дүрелеп, мойнына құрым киіз кигізіп, ғибрат-сабақ болу үшін ауылдан ауылға апарып, қазақтардың қалың қоныстанған жерлеріне қарай жүргізеді екен. Есі жоқ, жігері жасық, ойсыз пасық талтайып емізіп жүреді екен.

3. Болысың да, биің де нәуетек. Еңіреп-емініп, сұрамшақтанып, сұғанақтықпен ие болғандықтан мағынасыз, дәрменсіз бір нәрсе, құр көлеңке, даңғырлаған қуыс бөшке. Қоғам дерті, қайшылығы сахара жұртында десек бір жақты болар еді. Халық пен билік арасында күн астындағы елдерде де қайшылық бар. «Правительство не решает проблемы: правительство и есть проблема» деп, АҚШ-тың 40-президенті Рональд Рейган (1911-2004) да зарлаған.

4. Қай заманда, қай қоғамда болсын жақсылықтың жолы жіңішке, жаманшылықтың жолы даңғыл. Қоғам «мықтылықтың» мәнін түсінуге әзір емес. Б.з.д. 638-559 жылдарда ғұмыр кешкен Сақ шешені Анақарыс (Анахарсис) Элладалықтар қызық осы: «Мұнда сөзді ақылдылар айтады да, ал мәселені ақымақтар шешеді» – депті. Иә, маймылдар ағаштың басына өрмелеп шықса да, күндердің күнінде абыройы (арты) ашылып қалатыны ақиқат.

5. Абайдың түсінігі бойынша, әділет, ұят, нысап-есті кісінің қасиеттері де, қулық, сұмдық, арамдық, амалға жүйріктік – елдің есті деп қабылдаған пысықтардың әдеті.

6. Міскін-бишаралар «жатқан түйеге міне алмаса да» момын деуге ауыз бармайды, -дейді. Болар-болмас тірлік табы білінсе, «бірдемені ептеп ілерлік те жайы бар» деп, сонымен не керек, жақсы көретіні де, қадірлейтіні де жоқ екенін білген Абай дағдарады.

Замана туындай Абайдың мұңы, зар-наласы, әлеуметтік-психологиялық тебіренісі, ішкі монологы «Тоғызыншы сөзінде» өте-мөте меруерттей мөлтілдеген көз жасымен, көңіл сырларымен, жүрек қанымен сорғалап, хатқа түсірген.

«Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Өншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі.

Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «өттегене-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.»

Абай «Бесінші сөзін»: «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» - деп бастайды. Осы бір күй ақынның шығармашылығына тән сипат. Немесе мына айтқаны да сондай: «қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен».

Барлап ұшатын баба қырандай хәкім Абай «Төртінші сөзінде» уайым-қайғының, уайымсыздық-қайғысыздықтың, «ызалы күлкі» мен «бояма күлкінің» мәнісі хақында қымбат пікірлер туындатады. Жалпы ойшыл ақын өзінің тұтас шығармашылығында «уайым-қайғы» ұғымын – жеті рет, «уайымды» – 13 мәрте, «қайғыны» – 65 дүркін пайдаланған. «Уайым-ер қорғаны, есі барлық» – деп жырға қосқан Абай «Төртінші сөзінде» мынадай мәні мен мағынасы адамның тағдырында ерекше бір бағалы сабақ боларлық афоризмді ұсынады: «Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі - кеніш болса керек».

Тағы да «уайым-қайғы ойлағыш» күйге түсе отырып, «уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет» тауып, істеңіз, – дейді. Және де алдыңғы ойды өсерлендіріп: «Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!» - деген қанатты оймен бұйыра сөйлейді.

Уайым-қайғының тұтқынында қамалма! Жасандылықтан аулақ бол! «есіл өмірді ескерусіз, басқа, жарамсыз

қылықпен, қор етіп өткізбе» -деп ғибрат айтады да: «Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ-өнерсіз иттің ісі. Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» - деп түйінді тұжырым жасайды.

Абайдың «қара жер де береді» дегенінде телегей сыр бар. Адамзаттың өмірі, тұрмысы, тағдыр-талайы, әулет көбейтуі, көсегесінің көгеруі, денсаулығы, ас-суы, дәм-тұзы баршасы қара жерге тәуелді. Көне заманда бір ақылды қария өлер алдында ұлдарына мынадай өсиет айтыпты: «Мына жерге қазына қалдырдым, осы уақытқа шейін бұл байлық жөнінде жақ ашпадым. Енді өздерің қазып алыңдар да, керек-жарақтарыңа жұмсаңдар!». Кейін балалары жерді олай да, бұлай да қазады. Ештеңе таппайды. Сонан соң ойланып-толғанып егін егеді. Сөйтіп, олардың қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болады. демек, харекет жасау, еңбек ету – рыздықтың кілті. Абайдың түпкі мақсаты – осы.

Хәкім Абай «Үшінші сөзінде» «әрбір қазақтың ойын» сыншылдықпен, сарабалдықпен тамыршыдай танып, қазақ ортасындағы терістіктердің, қырсықтардың, қиғаштықтардың атын атап, түсін түстейді, ол сауалдары мынау: «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?». Сөйтеді де «ғаламға белгілі данышпандардың» ой әуендерінен саңлақтықпен ұққанын, одан шығарған ғибратын: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арысыз келеді; әрбір арысыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» – деп, қазақ баласына байланысты дәлелді пікірін өткір жеткізеді.

«Елдегі жақсы адамдардың үстінен арыздар қарша барайтынын, пәлеқор куәгерлердің битше өріп кеткенін, «татымды толық билік» пен «толымды білімді» адамның жоққа тән екенін қынжыла әңгімелейді.



Мұнда болыстың бейнесіне де ой жарығын түсіреді. Ой тізгінін Абай да: «Ол болыс болғандар өзі қулық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп» – деп, жағымсыз ақиқат шындықтың ішек-қарнын ақтарады.

Қоғам өмірінің әділетті сыншысы, реформатор Абай болыс сайлаудың тәртібін өзгерткісі де бар. Қайраткердің ойынша, елдің сайлаймын деген кандидатурасының орысша білімі болғаны дұрыс, әйтпесе «уезный начальник пен военный губернатордың назначениесімен болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді». Өйткені, «назначением болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді» – деп жазады.

Ел тағдырын, келешегін, көркеюін дана жүреппен, сара санамен толғанған Абай «Сегізінші сөзінде» халық алдында жүрген болыс-билердің жайына тағы да мойын бұрады. Ақылды үйренетін, насихатты тыңдайтын кім бар деген ой Абай жүрегін тулатқаны анық. Расында, болыс-билердің «үйренейін», «тыңдайын» дейтін пиғылы мүлде жоқ. «Олар өздері де үздік кісіміз» деп сайланғанымен, «ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба, немесе халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығымдап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? - деген ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді». Өнімсіз істермен, жалтақтап-қалтыраумен жүрген ұлықсымақтардың елді өрге бастыратын іске, әлбетте, қолының ұшы да тимейді, суқаны сүймейді. Ұжымының тілегі мен еңбегін көргісі келмейтін ескермейтін, жоғарыға жауаңдаған ұлықсымақтар қай дәуірде болмасын баршылық қой.

Абай бұлардың іс-әрекетін, мінез-қылығын, дүниеқоңыздығын, сатқындығын, сойыл соғарға айналғанын былайша нақтылап тереңдетеді: «Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып ала-

ды. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім - ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны - бөрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме? Ол малды суармақ, тойғызбақ; саудасын жиғызбақ, күзеттірмек, бақтырмақ, ұры-бөрі, қыс, суық-сұғанақ – солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық кісі таппақ». Бұрынғы байларымыздың ісі – ХХІ ғасырдың да шенеуніктерінде де қылаң береді. Мысалы, үлкен мекеменің басшысы өз ұжымының «қой жүнді қоңыршаларының яки қызметкерлерінің кәсіби қабілетін, интеллектуалдық мәдениетін, адамгершілік қасиетін ескермейді. Өзінен жоғарылардың қас-қабағына қарап іс істейді. Я болмаса сол мекемедегі бір пысық жоғарыдағы дөкеймен жең ұшымен жалғасса, ол дереу жақсы бір лауазымға, дәрежеге ие болады.

Абайдың би-болыстар туралы ойы әлі де сол қазқалпында. Данышпан Пифагордың «Жизнь подобна театру: в ней часто весьма дурные люди занимают наилучшие места» дегені рас-ау.

«Қолы тимейді», «Қолы тие ме» деген лепес сөз жаһандану дәуірінде ғажайып қанатты сөзге айналып, жер жүзін шарлап Қазақ әдеби тілі тарихында Абайдың тілі және оның теңдесі жоқ оралымдары қайран қалдырады. Халық тілінің және өз жүрегінің мұхитынан толқын атқан сөз тізбектері ХХІ ғасырдың өзінде жаңа, сап таза.

«Он бірінші сөзінде» де ұлықтар, бұзақылар (азғырушылар), ұрылар турасында пікір қозғап: «Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді, шаруа да қылар еді. Бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді» – деп, ой тастайды. Сөйте тұра «Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме?» – деп, күйініп түңіледі де.

«Он бесінші сөзінде» есті және есер кісілердің жайына үңіліп, парқын пайымдайды. Өу баста дүние табалдырығын аттаған соң, бір нәрсеге ұмтылып қызығатыны мәлім. «Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты

уақыты болып ойында қалады» дегені есті, ақылды, зиялы адамға қатысты айтқаны. Өмірінің қайратты, жалынды шағын «тозбастай, буыны босамастай» сезінген есердің күні қараң, көмескі, «көзі аспанда, жынды кісіше» қанкөбелек ойнап, селтектеп-секеңдеп жүре береді екен.

Ақылдылар мүмкіндікті барынша пайдаланып, «бойын сынатпай жүріп, ізденеді екен». Расында, ыждаһаттылық сәттіліктерге бастайды, адам тіршілігіндегі игілікті бір қазына! «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» – деп, ұлағатты кеңес береді.

«Адамдық диқаншысы» қазақ баласының осал, оғат, шикі тұстарын, шалағай қылықтарын әділдікпен, сыншылдықпен әйгілеп көрсетіп, өнегелі жолға бағыттайды.

«Жетінші сөзінде» «жан құмары» ұғымына мынадай түсініктеме берген: «жан құмары білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген». Сонан соң қазақ баласының бойтұмарына лайық: «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды» дейтін ғибратнамасын ұсынады.

Қазақ баласының зейін-зердесін, ой-санасын, еңбектену қабілетін жетілдіру мақсатында хайуаннан артықшылығын шегелеп былайша әңгімелейді: «Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны». Бұл ғылыми сипаты айрықша пікір. Ортасынан түңіліп күйзелген Абай «қуат жетпеген, ми толмаған, мақсатын айқындамаған ессіздерге «жанның тамағы» не екенін, жан мен тәннің байланысын сипаттайды. «Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік.

Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, төңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз. Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ».

Осындағы ой-пікірлерді «Отыз үшінші сөзінде» кеңейтіп, қазақ баласының қолөнерге ынтасы жоқтығын, «баяғы қазақтың талапсыздығын, түзден өнер іздемейтінін», әр істің басын бір шалатындығын, бір нәрсеге ерні тисе, «малға бөге қалған кісімсіп» кететінін, «пайдасыз алдауға», «салдау-салғырттыққа» түсетінін, «дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып» қоятынын, тамыршылдаулығын Абай соқыр көретіндей ғып, керең еститіндей ғып, нақ-нағымен, тақта-тақтасымен түсіндіреді де: Осы несі екен? Қазақтың баласының бәрі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алданғыш болатұғыны қалай?» деп тұжырымдайды. Дәл осынысы ХХІ ғасырға да сипаттама.

Адам баласының жетілуі де мысқалдап, тірнектеп әрекеттенумен: «естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады» («Он тоғызыншы сөз»).

«Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ. Яғни надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі» («Жиырма бірінші сөз»).

Ой зергері, сөз шебері Хәкім Абай жетеңе жетерлік, жан толқытарлық, қантамырларын солқылдатарлық тіл шеберлігімен, үстемелеп сөйлеуімен өрнектеп, кестелеп, айшықтап, ақылмен орап, сөз қуатын еселеп жеткізеді-ау! Сөз тізгіні Абайда: «Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен дегені ағайыным

мақтаса екен дейді. Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген өзімді өзім мақтап жетем дейді» («Жиырма бірінші сөз»).

Абай афоризмдері – оның желілес, сабақтас өрбіген ой-пікірлерінің, мыңжылдықтардың еншісінде жинақталған тәжірибелердің кешенді, тұжырымды қорытындысы, ережесі, қағидаты. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадисінде: «Өр нәрсенің бір шоқтығы бар» деп айтылғандай, Абайдың даналық ғибраты, яғни ұлт әдебиеті тарихындағы, Ұлы дала өркениетіндегі қазақы рухты, айқын мағыналы хадистер десе болады. сондықтан да сан сипаты Абай афоризмдері – ұлт даналығы мен ақыл-ойының шарайнасы.

«Толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де...» «Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, **ғибадаты ғибадат** болмайды».

«Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласыменен өзін-өзі танып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса...» («Он екінші сөз»).

«Иман деген – алла табарака уа» тағаланың бірлігіне, барлығына, жарлығына, инанмақ», «иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен» («Он үшінші сөз») деп, Абай «иман» ұғымын нақтылайды, дәлелдейді, анықтауды мақсат етеді.

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» («Он сегізінші сөз»).

«Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман – парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат – парыз деген екен» («Жиырма сегізінші сөз»).

«Әуелі – иманның **иғтиқадын**<sup>5</sup> махкамлемек керек».

«Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергеніңді кім біледі?.. Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? («Оныншы сөз»).

«Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ («Оныншы сөз»).

<sup>5</sup>Нану-сену, берік, мығым ұстау.

«Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі, ызасы – сол үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды («Оныншы сөз»).

Абай тұжырымдары әлем ойшылдары мен суреткерлерінің көзқарастарымен үндеседі. Мысалы:

Хорошие ноги рано или поздно станут спотыкаться; гордая спина согнется; черная борода поседеет; кудрявые голова облысеет, прекрасное лицо покроется морщинами; глубокий взор потускнеет; но доброе сердце подобно солнцу и луне; и даже скорее солнцу, чем луна; ибо она сияет ярким светом; никогда не изменяется и всегда следует верным путем (Шекспир).

Моя честь – это моя жизнь, обе растут из одного корня. Отнимите у меня честь – и моей жизни придет конец (Шекспир).

Хәкім Абай «Отыз екінші сөзінде» адам бойындағы асыл қасиеттердің бірегейі – талаптың шарттарын жіктеп талдайды. Білім-ғылымға ие болудың бірінші басқышы бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рақат хұзур хасил<sup>6</sup> болады». Демек білмекке құмарлықтан, қызығушылықтан «махаббат пайда болады», деп жазады да, «әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады». Міне, Абай тәжірибесі.

«Тәжірибе көзбен көрген, қолмен ұстағаннан басталады. Ақыл зерек тексеріп тергеп, терең бойлап тоқып, кестелеп көзбен көргеннен, қолмен ұсынғаннан қорытынды шығарады. Бұл неше сыннан өтіп, таспадай сыдырылып, таяқтай жонылып білім негізі болып шығады».

Мейірім – тәрбиенің анасы. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» деп, адам көңілі мен мейірінің орасан қуатын мәлімдейді.

Сонан соң ғылым-білім жолына түскен «айқын мақсаты, бұған қоса «көңіліңді пысықтандырмақ үшін ... азырақ бахас» керек екенін ескертеді.

<sup>6</sup>Ойға оралған, еске түскен белгілі бір нәтиже, мағына, сырға, сезімге бөлену рахаты.

«Отыз төртінші сөзінде» анық ақиқат көзімен айтылған тағдыранықтағыштық, жалпыадамзаттық мән-мағынасы көркем, келісті ойлар бар. Мысалы: 1. «Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек...» 2. «Адам баласына адам баласының бәрі – дос».

«Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіс қылған қысымның аты», «ұят өзі иманның бір мүшесі».

Абайдың даналық ілімі – ұлт қазынасы, мерейі мен мәртебесі. Адамзат мәдениеті тарихында даналық қағидаттарды мейлінше құрметтеген, асқақтатқан. Мысалы, Платон өз Академиясының маңдайшасына: «Кімде-кім геометрияны білмейтін болса, ол бұл ғимаратқа кірмей-ақ қойсын!» деп, қашап жазып қойған. Ол Аристотельді - «Академияның ақылы» деген. Араб философы Ибн Рушд (1126-1198, 10 желтоқсан): «Аристотельдің ілімі – ұлы шынайы құбылыс. Ол адамзат өркениетінің ең биік басқышына көтерілді, құдайлық сипатқа жуықтап барды. Құдайдың оны бізге жібергенінің түпкі себебі, адам ойының мөлшері қандай және не нәрсені танып-білуге болатындығын көрсету тұрғысынан» деп жазған.

Сонымен қатар даналық орталығы «Дарул хикмат» қақпасында: «Ғалымдардың сиясы шейіттердің қанындай қадірлі» деген сөйлем жазылған (Ақжан Машани дерегі).

Мінекей, көне заманда ғылыми даналыққа деген көзқарас 2500 жыл бұрын ... планеталардың қозғалысын бақылап, зерттеп, Күн мен Айдың тұтылуын алдын-ала білу дәрежесіне жеткен, астрономиялық өлшеу жүргізудің дәлдігін нақтылап көрсеткен. Сонда сол оқымыстылар яғни үш мың жыл бұрын Айдың ұзақтығын дәлме-дәл есептегендігінің сондай, қазіргі заманғыдан 0,4 секунд қана айырмасы бар екен [18,11.].

Сол бір антика заманындағы ғылыми деректерге ойыссақ, Күн жерден 1301000 есе үлкен екен де, Күннің массасы Жерден 332400 есе ауыр [19, 287.].

Білгіштігі әулиелікке ұштасқан кемеңгер Пифагордың (б.з.д. 576-496 жылдар) дүние-жаратылыс, ғарыш, құдай, даналық турасындағы ой-пікірлері ғаламдық

дүниетаным, даналық тарихындағы ұлы құбылыс. Оның айтуынша, әсемдік дегеніміз – гармония, қуат дегеніміз – ой, данышпандық дегеніміз – есеп, тәртіп, құдай – есептің есепшісі.

Дүние әлеміндегінің баршасы, турасын айтқанда, жаһанның баршасы- гармония. Құдайға да, ғарышқа да гармония тән, оның құрамдас бөліктерінің бір-бірлерімен біртұтас бүтін үйлесімділікте. Ғарыштың орасан алапат кеңдігін, шексіздігін ойлаудың өзі күрделі. Ол аспани тірі нәрсе, мәңгілік құбылыс, ғаламзаттың бастамасы мен себебі де құпия.

Бұл орайда Алланың Елшісі хақындағы жер жаһан ойшылдарының пікірлеріне де сүйенген абзал.

«Бұл кісінің ұлықтығын мүмкін, болған барша таразымен өлшеп байқар болсақ, ғажап, одан да ұлығырақ адам болуы мүмкін бе? Жоқ, еш мүмкін емес! Ұлылардың ұлылығы немен өлшенсе, өлшенсін, бірақ Мұхаммед хазіреттің ұлылығынан ұлы пенде жоқ» (Ламартин) [20].

«Біздер, Еуропа халықтары мәдениетіміздің айрықша дамығанымен, хазірет Мұхаммедтің ұлылығының ең бірінші сатысында ғана тұрмыз. Оған ешқандай шүбә келтіруге болмайды. Және бұдан кейін де одан ешкімнің аса алуы мүмкін емес.

«...Жаратылғандардың – ұлығы Мұхаммед» (В.И.Гете.) [21].

«Мен Мұхаммед әкелген дінге оның ғажайып өміршеңдігі үшін үлкен құрметпен қарадым. Менің түсінігімше, бұл-өмірдің ауыспалы жағдайларына тез бейімделетін қабілетке ие бірден-бір дін, сондықтан барлық жастағы адамдарға сөзсіз ұнауы мүмкін. Мен оның өмірімен таныстым, меніңше, ол – ғажайып жан, антихрист емес, қайта оны адамзаттың құтқарушысы деп білу керек» (Сэр Бернард Шоу) [22].

«Мұхаммед келместен бұрын арабтар тұратын жерлерге үлкен бір оттың бөлігі түсер болса, ол құмдарға сіңіп жоғалып, соңына ешбір із қалдырмаған болар еді. Бірақ Мұхаммедтің келуімен бұл құмды шөл дала бау-бақшаға айналды. Бұл кісі нұр тәрізді жарқырады, төңіректегі



адамдар ол кісіден жарық алған жарқын денелерге айналды. (Томас Карлейл «Арабтар, Мұхаммед және оның ғасыры» кітабынан) [23].

«Ол бір өзі Цезарь және Рим папасы болды. Бірақ ол папа секілді материалдық игіліктер, Цезарь секілді аймақтарды иеленбеді, оның кәсіпқой әскері, жеке қорғаушылары, салтанатты сарайы, тұрақты жылдық табысы болған жоқ. Егер тек қасиетті қағидалармен билік құрған әлдебіреу туралы сөз ететін болсақ, онда оның Мұхаммед туралы болғаны». (Босуарт Смит) [24, 92.].

«Мұхаммед ісінің ғажайып жетістігі бір рет қылыш сілтемей-ақ, кішкентай күштің (ақиқатқа шақыру) көмегімен жүзеге асқан» (Эдвард Гиббон) [25].

«Мұхаммед пайғамбар өзіне дейінгі барлық ұлы пайғамбарлар секілді өз ісінің ерекшелігін сезіне тұрып, ешқашан өзін жоғары қойған емес...

Мұхаммед барлық жағдайда кемеңгерлік танытты. Оның сүйікті ұлы өлгенде күн тұтылды. Мұны жұрт оған Аллаһтың көңіл айтуы деп ұғынды. Бірақ Мұхаммед: «Күннің тұтылуы – табиғат құбылысы. Оны адамның туылуымен немесе өлімімен байланыстыру ақымақтық» – деген. (Джеймс Тигнер) [26, 68-70.].

Орыс ойшылы П.Я. Чаадаев (1794-1856):

1. «Адамзат құдайлық жарықтың шұғыласы арқасында қимыл жасады» («Человечество всегда двигались при сиянии божественного света»).

2. «Бақытты болу» үшін үш нәрсе бар: 1) тек Құдай туралы ойлау керек;

2) жақындар туралы ойлау керек»; 3) «Бір ғана идея туралы ойлау керек».

Абай шығармашылығында «Алла» – 101 рет, «Құдай» – 137 рет, «құдайлық» – 1 рет, «Құдайтағала» – 8 рет, «Ие» – 31 рет, «Жаратқан» – 3 рет, «Жаратушы» – 7 рет, «Құран» – 8 рет, «Құдірет» – 21 рет, «Хикмет» – 21 рет, «Хақ» – 21 рет кездесетіндігін де айтқан дұрыс.

Жігері, қайраты жартасты да жарып өтетін «Жігерлен, сілкін, Қайраттан, беркін!» деп, «Сегіз аяқта» дабыл қаққан Абай әрбір ойын, пікір байламын түбірінен, та-

мырынан қозғап тексереді. Хәкімнің бар мақсаты, нысаны – қазақ баласының жоғары санатты ел қатарына қосу, «ғылымды, рақымды, ғадаләтті, құдіретті» («Отыз сегізінші сөз») ету және өзі осы ізгілік жолында қызмет ету.

Хәкім Абай ата-бабаларының ардақты ісін, мінезін, «ел басы», «топ басы» атанған «екі тізгін, бір шылбырды» ұстаған серкелерін құрмет тұтқан, пір тұтқан.

Қарапайым жұрт «оларды зор тұтып, өулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен» дейді.

Екінші бір ерекше қасиеті ата-бабалардың намысқорлығы және бұл асқақ қасиетке – арлылық, намыстылық, табандылық тән дейді «Отыз тоғызыншы сөзі» [3, 185.].

Қазақ баласының қым-қиғаш оспадарлықтары, одырайып шыға келетін қылықтары, мың құбылған мінездері, ойсыздықтан туған «пәлелі сөздері», «кеселді кісілердің «құрметтелетіні», «қаз көтеріле бергенде, маса да қанатын делдигеді» дегендей, жікшілдердің, желөкпелердің, алақұйындардың, желдей гулеген, суша сапырылған ғибаттаулары, арам пиғылдары, «пәле шығаратын кісі мықты аталатұғыны» (қазір де осындайлардан билік тұтқасын ұстағандар ығады, атақ-дәрежелерге солар ие, арызын бұрқыратып жазып, дегенін істетеді), айла-амалымен абыройы мен айбары асқан «арыстанның» етегінен ұстаған кесірлі «тоқал қатынның» айтқаны орындалатыны «Қырқыншы сөзде» келісті айтылған.

Абай айтады: «Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егер де жетілсе, бағанағы досына бір бітім жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай?» Немесе: «Қылығының қылшығын танитұғын», «ақыл айтарлық кісіден» «қашық жүретұғыны қалай?». Бұл ойлар бүгінгі таңда да өзгерген жоқ, күнделікті тәжірибеде жиі ұшырасатын жәйт.

Айтпақшы, осы сарындас пікірлерді «Қырық бірінші сөзі» мен «Қырық екінші сөзінде» толықтырады. Жұмыссыздық, ғылымсыздық, мақтаншақтық, желөкпелік, «қулық сөзге» үйірлік – қазақ баласының қас дұшпаны екендігі дәлелденеді.

Хәкім Абайдың «Қырық үшінші сөзі» адам психологиясын талдауға бағытталған байсалды терең зерттеу десек те болады. Мұнда төн мен жан қуатының қызметі, бес сезім мүшесінің қасиеттері (көру, есту, ұстау, иіс сезу, ішпек-жемен) яғни туа біткен қасиеттер мен еңбекпен, тәжірибемен, сана-сезіммен жинақталған рухани игіліктер, адам баласының түйсікпен қабылдау, түсіну мүмкіндіктері білімпаздықпен зерделенеді. Әрбір ұғымға сара сипаттама беріледі. Абайдың жіктемесі бойынша, 1) «жибили» – төн қуаты, 2) «кәсіби» – жан қуаты (ақыл, ғылым).

Бес сезім мүшесі арқылы тысқы дүниеден алынған ақпараттар, мәліметтер, көріністер, хабарлар «өз суретімен көңіл айнасына түседі» де, сонан соң жан иесі «оларды жайғастырып көңілде суреттемек» екен. Абай мұны «жанның жибили қуат дүр» деп түйеді.

«Кімде-кім естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын – бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл харекетке түсінген адамды ақылды дейміз» деп дұрыс байлам жасайды. Адамшылық жолында ақылды болу, білім жолында, ғылым әлемінде нәтижеге жету – тәжірибеден.

Абайдың данышпандық қыры әрбір құбылыстың, әрбір іс-әрекеттің, әрбір нәрсенің сыр-сипатын, мән-мағынасын, мұрат-мақсатын, түр-түсін, жайын парасатпен, білімдарлықпен тарқатып-таразылағанда соған дәл нұсқалы, жол көрсетерлік, бағыт сілтерлік сүйекті, іргелі кеңестерді, афоризмдерді тауып қолданады. Осы орайда жан қуатына байланысты мына афоризмдерінде телегей мағына бар.

1. «Ескеріп баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады».

2. «Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады».

Бір айта кетерлік жәйт, Пифагордың да осы алуандас, мазмұндас афоризмдері бар екен: «Білуге лайықты нәрсенің бәрін үйренуге тырыс. Не болмаса «Ұйықтар ал-

дында сол күні не ойлап, не істеп, не тындырғаныңды сын талқысынан саралап, сонан соң ғана көзіңнің шырымын алдыр».

Тағы да Абай жан қуаты құбылысына тіптен тереңдеп еніп, «соның тамырын берік ұстап тұруға жараушы» үш бірдей артықша қуатты түбегейлеп қарастырады.

Біріншісі, «подвижной элемент» деп аталады. Мұның мағынасы мынау: «Не көрдің, не есіттің, әрнәшік білдің, соны тереңдікпенен ұғынып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді». Әр нәрсенің басы мен аяғы, себебі мен салдары бар дегенді ұқтырған.

Екіншісі, «сила притягательная однородного» екен. Бұл дегеніңіз – тектес заттардың бір-біріне бейімдік, ыңғайластық қуаты.

Үшіншісі, «впечатлительность сердце» – яғни «жүректің әсерленгіштігі».

Абайдың көрсетуінше, ақыл-ғылым-«жан қуатыменен жиған» игілік, мүлік. «Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар. Оны білмесең, бақпасаң – айырыласың», дейді де, мынадай қағидаттарды ұсынады:

1. «Және бір жақсы нәрсенің өлшемі бар, өлшеуінен асса жарамайды.

2. «Өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс». Өлем философиясының тарихында «держатъ золотой сечений» дейтін қағидаттар бар.

«Өлшеуінен асырса, боғы шығады». Мұның мәнісі – ойына ие бола алмай қалудан, қиялилықтан сақтандыру, берекелі нәтижелі іс тындыруға кеңес беру. Жан қуатының баршасын тізгіндеп ұстайтын мыналар екенін қаққан шегедей қадап айтады. «Ғәм ақыл, һәм қайрат – екі мықты қуат қосылып тоқтатады» деген тоқтамға келеді.

Өсімдіктер дүниесі адам баласының сұрамаса да өмір сүруі үшін қажетін бұлданбай-ақ береді де, керек емесін өзіне қабылдайды. Табиғатқа адам баласына не қажеттігі түсінікті. Иә, күннің сәулесі, айдың нұры да, ғарыштың төрінде жарқыраған жұлдыздар да, қоңыр салқын самал

жел де, ұшқан құстардың әуелеген даусы да, жемістер, өсімдіктер өсіретін топырақ та, сылдырап, мөлдіреп аққан өзендер де, шалқып толқыған дариялар да яғни баршасы да адамзаттың игілігі үшін. **Мұның түп атасы – Тәңірінің махабаты, ісі, құдіреті.** Абай «Қырық бесінші сөзінде» былай деген: «Құдай табарака уаттағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қылып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат құдайға лайықты дегендігі». Адамзаттың жаратылыс, ғалам дүниесінің орасан мол жақсылықтарына кенелуі «құдайлық құдіреттің» арқасы.

Абай адамшылықтың ең басты қасиеттері турасындағы пікірінде: **«Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет, сезім.** Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – Жаратқан Тәңірінің ісі. Айғыр биеге ие болмақта да махаббат пен сезім бар» – деп, Тәңірінің Адамзатқа жақсылығын айтса, Адамзат та Жаратылыстың сұлулығын, көркемдігін, пәктігін мейлінше ұқыптылықпен қорғауы, сақтауы, гүлдендіруі керек дегенді нақтылайды.

Абайдың ойшылдық, ғұламалық ғаламы – кеңістіктей кең де кемел, қаламы семсерден де өткір.

## ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Түркі классикалық поэзиясы мен Абай поэзиясындағы ортақ әдеби дәстүрді, ой-өрнектерін, үндестікті, тарихи сабақтастықтың жанды көріністерін нақты мысалдармен былайша көрсетуге болады.

### **Жүсіп Баласағұни:**

*Егер қолың ұзын болса халыққа  
Сөзбен, іспен ізгілік қыл, жалықпа.  
Айтты патша: «Болса әділдік өзінде –  
Тіл мен ойы бір боп шығар сөзінде.»*

### **Абай:**

Бір тәуір дос  
Тым-ақ керек,  
Ойы мен тілі бөлінбес.  
(«Буулы сөз»)  
Бүгін – жалын, ертең – тоқ,  
Сөзі мен өзі бөлініп.  
(«Дүтбайға»)

«Әр нәрсенің мезгілі бар» деседі, Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсең керек...  
Тірі жанның белгілі сан, есебі. Мен де пенде, амалсыз көнсем керек.

Әділ ердің сөзі – осының айғағы,  
Ердің сөзі – ұлы сөздің қаймағы.  
Айтолқыны еске ап, ояға ереді,  
«О, дарига!» – деді, ердің ері еді.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Сивырдай надан тойса пысылдайды,  
Бос сөзге семірсе де қысылмайды.

Сивырша тойса мас болып,  
Өреге келіп сүйкенер.  
(«Заман ақыр жастары»)

Ұлы іске ердің ері болсын ұлық,  
Нәм керек айрықша бір мінез-құлық.

Күшік асырап, ит егтім,  
Ол балтырымды қанатты.  
Біреуге мылтық үйреттім,  
Ол мерген болды, мені атты.

Бір санасыз ұлық болса, семіріп,  
Иесінің басын жейді кеміріп.

Көрі өмір арбап алған жұрттың бөрін,  
Мен неге мұнша сүйдім өмір нөрін!

Жалыны қайтар дененің,  
Үнемі тұрмас осы шақ.  
Талайғы көрі дүниенің,  
Бір кетігін ұстап бақ.  
(«Жастықтың оты жалындап»)

Сен өлесің – өзің жақсы ат алғайсың,  
Сен өмірді тірі атыңмен жалғайсың.

Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып,  
аяғын көп шалдырған.

Қыл жақсылық, ойла, жақсы іс істе,  
Өзің мәңгі атпен тірі қалғайсың!

Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын арғына сөз  
қалдырған?  
(«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»).

Абай ежелгі халық тілі қорындағы бұйымдарды, сөз қолданудағы ерекшеліктерді, кейбір оралымдарын тірілткен, жаңаша сипаттармен толықтырған сөз шебері.

Сығанақ шаһарында Тыныбек хандық құрып, дәуірлеген тұста дала шайыры Қутб 1341-1342 жылдарда «Хұсрау уа Шірін» поэмасын жазған-ды. Бұл поэманың жалғыз бір нұсқасын көшіріп жазған XIV ғасырдың екінші жартысында Египетте тұрған қыпшақ ақыны Берке Фақіһ еді (1383 жыл, сәуір). Ол осы бір абыройлы ісі жайында:

Бітідім кітабны қатасын бақыб,

Бу захмет чакканім білгайсан оқыб, –  
деген. Шын мәнісінде, бұл шыншылдың аузынан шыққан. Ол өз ісіне мұқият болғандығын, келешектің сыны, тезі болатындығын өткір сезінген.

Бұл ой Абайда былайша:

*Сонда жауап бере алман мен бейшара,*

*Сіздерге еркін тиер байқап қара, –*

деп қайталанып, үндестік тапқан [27,8]. Әлбетте, бұл сөйлемдерді оқып, тоқып, сонан соң қайталағандық емес. Ұлы дала елінің қандай бір мағыналы іс істерде қолданатын ұстанымынан болса керек. Құтбтың «Шеберлігің дүниеде пайда келтіретін болсын!» дегені бар. Және Абай да әрбір сөзіне, ойына, пікіріне барынша сақ, тиянақты, ұста болған.

Құтбта «Сынуқ көңлүмні бас азар қылғыл» («сынық көңілімді жеткілікті азар қылғын») дейтін сөйлем бар.

Бұндағы «сынық көңіл» Абай шумағының поэзиялық-стилистикалық мазмұнын былайша тереңдеткен:

*...Іштегі ескі жалынды*

*Сөндір жаңа қылықпен.*

*Сөйлесші жақсы, жағымды*

*Мендей көңілі сынықпен.*

*Сынық көңілім көп кешер,*

*Майда қолмен ұстасаң.*

*Көңілге түрлі ой түсер,*

*Әр тереңге нұсқасың.*

*(«Домбыраға қол соқпа»).*

## **АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫҢ КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТІ**

Абай – адамзат тарихындағы ұлы ойшылдардың шығармаларынан, философиялық ой-толғамдарынан, көркемдік қазынасынан барынша терең сусындаған, тұрлаулы тұжырымдар туындатқан, шын мәнісіндегі хакім еді. Ойдың да, тілдің де көсемі еді. Оның шығармашылық еңбегінде Шығыстың классикалық көркем мәдениетінің әсері жарқын көрініс тапқан. Оның басты себебі – араб-парсы, шығыс тілдерін және Шығыс өркениетін жетік білген-ді. Үнді, араб-парсы, Орта және Орталық Азия халықтарының ертеқ-аңыздарының негізінде жырланған «Шахнама», «Тотының тоқсан тарауы», «Мың бір түн» хикаялары мен «Жүсіп-Зылиха», «Хұсрау-Шырын», «Атым-

тай Жомарт», «Бозжігіт», «Тахир-Зухра» және т.с.с. дастандардың тағылым-тәжірибесін, құдіретін бойына, болмысына дарытқан.

Шығыс мәдениеті сан қатпарлы, терең тамырлы, алуан түрлі әдеби-мәдени және тарихи дәстүрлерді бойына сіңірген адамзат тарихындағы көркем құбылыс. Бұған араб-парсы, үнді-қытай, көне иран өркениеті (бұған X ғасырда араб-мұсылман мәдениеті қосылады) енеді. Мысалы, иран тілдес халықтардың әдебиеті б.з.б. бірінші мыңжылдықтан бастау алады. Ал жазба әдеби үлгілері б.з. 3-ші ғасырына дейін Ахемен патшаларының сына жазулы ескерткіштері мен «Авестада» сақталған.

Абай Ахмет Риза медресесінде оқыған жылдарында (1857-1859) араб-парсы, түркі тілдерін ыждаһатпен үйреніп, Қожа Хафиз ғазалдарын (сыршылдық жырларын), Сағдидың «Гүлстан», «Миуалы бақша» дастандарын және ғаламның жаралғанынан бастап, имам Құсайынның Кербала шөлінде өлген кезіне шейінгі ұбақ-шұбақ тарихи дәуірлерді сипаттайтын түрік ақыны Сайхалидің «Диуани Сайхали» тарихи дастанын құмарта оқыған, тоқыған.

Медресе мұғалімі араб мәтінін бір мәрте оқып, «бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін» дереу «жатқа айтып шыға алатындай зерек болады».

«Жас кезінде парсы жұртының ертегілерін: Жәмшид, Қаһарман сықылды кітаптарын да көп оқыса керек. Өзім көрген «Мың бір түннің» кітабын оқыса, алғаш біздің елге «Мың бір түнмен» таныстырған кісі менің әкем еді» - деп жазады Тұрағұл [28,12]. Я болмаса 1909 жылы Санкт-Петербургте «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлы өлеңдері» кітабын бастырған Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев (1852-1918) көрсетуінше: «Абай ғарапша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымынан хабардар еді. Сол талаппенен қырда ғарапша, парсышаға Абайдан артық білетін ешкім болмады». Ал «Уақыт» газетінде (№322, 1908 жыл): «араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып, танымы тұқымды еді» - делінген.



Абай адамзаттың ақыл-ой алыптары Сократ («Жиырма жетінші сөзінде» Сократ хакім даналығына жүгінеді), Платон, Солон, Софокл, Аристотель, Әл-Фараби, Ғұламаһи Дауани, Шығыстың ұлы шайырлары Рудаки (858-941), Әбілқасым Фирдоуси (934-1027), Омар Хайям (1042-1131), Ибн-Рушд (1126-1198), Низами (1141-1209), Сағди (1181-1291), Руми (1207-1273), Қожа Хафиз Ширази (1326-1390), Жәми (1414-1492), Әлішер Науаи (1444-1486), Сайхали (XV ғ.), Физули (1494-1556) грек елінің ұлт ақыны Гомер сынды майталмандардың мұрасымен ынтызарлықпен танысқан.

Сонымен қатар Абайдың кейбір даналықты ой түйіндері шумерліктердің де жаратындыларымен қабысады. Мысалы,

1. Қайғы шығар ілімнен,

Ыза шығар білімнен.

2. Уайым – ер қорғаны, есі барлық.

3. Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі кеніш болса керек («Төртінші сөз»). Ал шумерлерде «Знание рождает печаль» делінген.

Абайдың ілімі тарихындағы алып тұлға М.О. Әуезовтің пікіріне жүгінсек, 1858 жылы «Иузи-рәушан» мен «Физули, Шәмси» және 1864 жылы «Әлифби өлеңі» жазылған.

Абайдың өзі қаршадайынан қастерлеген адамзат руханияты тарихындағы шамшырақ көсемдері:

*Физули, Шәмси, Сәйхали,*

*Науай, Сағди, Фирдоуси,*

*Қожа Хафиз – бұ хәммәси*

*Мәдәт бер шағири фарияд<sup>1</sup>.*

«... Абай Шығыс ақындарының бар үлгісін терең меңгерген. Теңеулері шектен асқан әсірелеуді көрсетеді» – деп М.О. Әуезов Абайдың өте жас уақытындағы өлеңдерінің жалпы сипатын танытады. «Өлеңнің уәзін ырғағы» да, жеке сөздердің айтылуы да, «ғаруз өлшеуінің үлгісі» екендігін ескертеді. Және де «Әлиф-би» өлеңінде

<sup>1</sup>Шағири – ақын, фарияд – дауыс, үн. Бұл жерде тілек сыйыну мәнінде.

Науаи ғазалдарының сыртқы сымбатын алғанын атайды. Тегінде, шығыстық өрнектер Абайдың өлең құру шеберлігін ұстартып, жаңалығын тудыруда ақындық қабілет белгілі бір дәрежеде ұштағандай [29, 88-94]. Дегенмен де Абай 1865 жылға дейін Шығыс шайырларына таза еліктеу дәуірі екенін көрсетеді.

Абайдың ақындық мұрасында, қара сөздерінде «исләмият өсиетінің сөздігі», «дұғалықтың, тағат-ғибадаттың сөздері», мұсылмашылық ұғым-нанымдар философиялық ой-танымын, ойшылдық көзқарасын, дүние тану өрісін айтуға болады. Және де «шығыс классик поэзиясының тіл көркемдігін, жалпы ұзын ырғақ, сөз-сарынды» енгізгенін де орынды ескертеді.

Абай «шығыстық дастан-аңыздардан немесе ертегілік тақырыптардан алынған сюжеттерге құрылған» «Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі» поэмаларын тұндырды. Бір атап өтерлік жәйт, «Өзім әңгімесі» тұтас күйінде жетпеген. Ал «Масғұт» пен «Ескендір» поэмалары аңыздық-ертегілік сюжетті арқау етсе де, ақынның «адамгершілік, ағартушылық идеялары», философиялық-этикалық, «ұстаздық, тәрбиелік» ойлары орасан ұшан-теңіз. Шығыстың ақыл-ой қазынасынан еркін сусындаған данышпан Абай «қасиетті жазбалар жинағы» Авестадағы сан замандар бойғы тіршілік пен шығармашылықтың басты ұстанымы болған ізгі ой, ізгі сөз, ізгі қимыл дейтін ұштаған адамгершілік тастүйін мұратты тұтынғанын көруге болады. Мұның да жөні бар. «Авестаны» ең алғаш келістіре шығарған елдер ерлік дәстүрін басынан кешірген қазақтың байтақ сахарасын қоныстанған сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар» [30, 54]. М.Әуезовше айтқанда, уақиғасы мен тақырыбы шығыс халықтарының аңызынікі. Масғұттың ғұмыр кешкен мекені – Бағдат шаһары, Һарон-Рашид Халифтің заманы. Және мұсылман қауымның құтпаны – Қызыр (Қыдыр). Абай тағдырдың тартыс-таласына кез болған Масғұтқа «сапалы адамгершіліктің қасиеттерін бітірмекші», ар-ожданы орасан биік, таза етпекші, өнегелі ғибрат бермекші.

Тегінде, «Масғұт» поэмасының идеялық-көркемдік мақсаты бөлекше, ерекше. Масғұт шаһар ішінде жүргенде бір ұрының оқыстан еш себепсіз бір бейшара шалды сабап жатқанның үстінен түседі.

*Шал байғұс айғайлады аттан салып,*

*Айырып алған жан жоқ оны барып, –*

деп баяндайды. Бұл жалғанда без бүйректердің көптігінен хабар береді. Осы бір мезетте Масғұт ұрыға ұша ұмтылады. Ұры Масғұтқа қылышын жарқылдатып ұмтылса да, шал екеуінің оққағар періштесі бар екен, ажалдың қанды тырнағынан аман-сау қалады. Жиһанкез жарықтық:

*– Ей, жігіт, не қылсаң да, ер екенсің,*

*Көргейсің ерлігіңнің берекесін.*

*Себеп боп мені ажалдан сен айырдың,*

*Маған қылған қарызыңды Алла өтесін, –*

дейді Масғұтқа ағынан жарылып. Тағы да «бір базарлығын» бар, «пәлен жерден алып кетерсің» деп екертеді. Масғұт та тар жерде арашаға түсу «Алла хақы» екендігін айтады.

Масғұт келсе, бейне бір солқылдаған гүлдің басында былқылдап ақ, қызыл, сары түсті жемістер өсіп тұр екен.

Толықсып жайнаған меруерттей мөлтілдеген жемістерді көрсеткен шал:

*Ағын жесең, ақылың жаннан асар,*

*Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар.*

*Егер де қызыл жеміс алып жесең,*

*Ұрашы да жан болмас секен қашар, –*

деп таңдатады. Жас науша қызыл жемісті таңдайды да, былайша тіл қатады:

*Мен болсам егер, ағын жемек дедім,*

*Ақылды болдым елден бөлек дедім.*

*Мен ақылды билемен не қылсам да,*

*Ақыл мені билесе керек дедім.*

*Ақылды жан табылмас маған сырлас*

*Көріне тентек көп надан мойын бұрмас.*

*Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды*

*Көре тұра көңілде тыныштық тұрмас.*

Абайша айтқанда, «түбі терең су», мағынасы, сырт тұңғыық. Әйел затына құрмет – Пайғамбардың хадистерімен

Иассаuidің хикметтерінде жарқын көріністер тапқан. Адам баласы тағдыр тәлкегіне ұшырасу, қызғыштай қорғайтын, басу айтатын әйел екендігін бек түсіндіреді.

«Ақылды жан табылмас маған сырлас» деуі қоғамдық ортаға қатысты. Сұңғыланы сұрпақпайлары, «ақылы көзіндегі ақымағы» көп көрсоқыр орта жақтырмайтыны сөзсіз. М.Өуезов «Абай жолы» атты даңқты эпопеясында Абайдың аузына «Қарамықтың дөні болғанша, бидайдың сабаны бол; Жаман қауымның жақсысы болғанша, жақсы қауымның жаманы бол» - деген сөз салады. Немесе Өуезов тәржімелеген И.С.Тургенев (1818-1883) «Дворян ұясы» романының кейіпкері Лаврецкий: «Амансың ба, құлазыған көрілік! Сөне бер, пайдасыз тірлік» – дейді.

Қыдыр қарияның ақ тілеуі, бата тілегі қабыл болып, Масғұт Шәмсі-жиһан («бұл дүниенің күні») атаныпты. «Аталы сөзі атан түйеге татитын» абзал жандар-ай!. Абай:

*Сол заманда-ақ надандар шырыш бұзған,  
Жалғанның дәмін бұзып, хауіп қылғызған,  
Ақыл мен мал екеуін асырай алмай,  
Арашашы іздепді қатын, қыздан.  
Ендігіге не сұрау бұл жалғанда?  
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.  
Өлген мола, туған жер жібермейді,  
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда, –*

деп күңіренеді. Ақынның дүние-жалған, тұрмыс-тірші-лік, жақсылық пен жамандық жайлы ой-тұжырымдары деуіміз керек. Тереңдете түсер болсақ, 1898 жылдың маусымында Мұқырда болыс сайлауында озбыр топ Абайды соққыға жыққаны мәлім. Ол оқиға былайша өрбіген еді. Кәкітай: «Тақсыр, жау қаптады. Абайды өлтірді» – дейді, Ояз есік алдында тұрған стражниктеріне: «Ат!»- деп бұйрық береді. Олар қамап алған топтың басынан асыра мылтық атады. Көкбай мен Уәйістің жонынан тиген қамшы арқаларын осып кетеді. Абайдың самайын қанатады. «Қазақтың жалғызы» (Әлихан Бөкейхан сипаттамасы) Абай атына мініп, алды-артына қарамай елсізге шаба жөнеледі. Кәкітай атының шылбырына жармасып, әйтеуір райынан қайтарады. Ақын тағдырындағы осы жағдай осы шумақта елес бергендей.

Поэмадағы оқиғаны әрі қарай жалғастырсақ, Масғұт халифаның уәзірі болып, толқынды топ пен көп шуылдақтың ақылшысы болады. Бірде түсінде қыдыр қария аян беріп, жауын жауады, «жауынның суында кесапат бар», «ертерек таза судан су жиып ал» деп тіл қатады.

*Болған соң уәделі күн, жауын жауды,*

*Судан ішкен жынды боп, ақылы азды.*

Жұрт құндыздай шұбап, ұлардай шулап, хан мен уәзір есінен таныпты, жер жастандырайық деп гуілдепті. Бұлардан сескенген хан мен уәзір «жынды судан» ішіп, өңкей әумесерлермен қосыла құтырыпты. Көп қыңыр-қисықтар санаулы естілерді есер еткенін мәлімдейді.

Абайдың тарихи танымы-пайымы, көркемдік дүниетанымы, ақындық шеберлігі «Ескендір» деген поэма-сынан айрықша байқалады. Абайдың шығармашылық тұлғасының терең білімпазы М.О.Әуезов: «Поэmanın шумағы, өлең жолдары, буын өлшеуі, қолданатын ақындық сөздігі – бәрі де шешендік, нақтылық жағынан қарағанда, Абайдың ақындық өнеріне сай келген» – деп жазады.

М.О. Әуезов шығыс әлемінде «нәзира», «нәзирагөйлік» яғни «қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен санасу есепті бір салт» кең қанат жайғанын айтады. Бұл ретте Жүсіп-Зылиха, Ләйлі-Мәжнүн, Фархад-Шырын, Жеті шұғыла, Ескендір тақырыптарын жаңғыртып жырлаушылар жеткілікті. М.О. Әуезовтің көрсетуінше, Абай пайдаланған сюжет («топырақтан біткен топырақтан ғана тойым табады») Низами жырлаған «Ескендірнамадан» «өзінше өзгертіп» алған [29, 184.].

Абайдың тарихи білімі теңіздей терең, ақындық қуаты ерек, сөз саптауы, ой толғауы тың. Македония шаһарын мекендеген Филипп патшаның сайыпқыран ұлы ашкөз Ескендір патша қомағайлықпен жат жұрттарға қырғидай тиіп, бодан етеді. Бұл ісі өртке тиген дауылдай өршелене түседі. Жердің жүзін билегісі, билігімен үрейлендіріп ұстағысы бар. Жолбарысша жорытып жүргенде «адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп, басына құдай салды қиын істі». Сандалған, қаталаған жұрт тұйыққа тірелді.

*Мысалы астындағы ат о-дағы ұшты,  
Ескендір де атының жолын құшты.  
Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге,  
Патшаның ат үстінде көзі түсті.*

Сөйтіп, «бейне бір таспадай сылдыр қаққан мөлдір бұлаққа» кезігіп, балдай тәтті суға шөлін қандырады. Осы бір сәтте кепкен балықты көріп, оны суға шайғызып көрсе, иісі, дәмі, жұпар иісіндей аңқып, таңдайдың суын ағызады.

*Ескендір қолына айтты: «Бұл неткен су?  
Бәрің де ішіп, бұл суға бетіңді жу!  
Бір бай елден осы су шыққан шығар,  
Өрлеп барып, үстіне тігелік ту...»* –

дейді де, Жарлық шашып, қолды бастап, тынымсыз жүріп отырып, алтын қорғанды сәулетті шаһарға жетеді. Қаншалықты әрекеттенсе де ханның ішке кіруге ешқандай мүмкіндігі болмады.

*– Қақпаны саған ашар рұқсат жоқ,  
Бұл – құдайға бастайтын қақпа, - деді.  
Есер патша екіленіп «қақпаңды аш», –*

деп одан бетер қасарысады. Содан:

*Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,  
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!  
Іші тар, көре алмастың біреуі сен,  
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең, –*

деген оған лебіз жетеді. Бұл әділеттің сөзі, ар-ожданның даусы. Жалғанды жалпағынан басқан Ескендір «белгі болар бір нәрсе бер» деп жалынады. Не керек, қақпаның аржағынан орамал лақтырылады. Ораулы орамалдың ішінен «адамның көз сүйегі» шығады. Долданған патша орамалды кері лақтырады.

*Жолдасы Аристотель ақылы мол,  
Лақтырған сүйекті алады сол.  
Ханға айтты: «Қасиет бар бұл сүйекте  
Көзіңе көрсетейін хабардар бол...»  
- Таразыны әкел де, сүйекті сал,  
Бір жағына алтын сап өлшеп қара!*

Қу сүйектің салмағы алтын мен күмістен басым-ды.

Ескендірдің дүние-байлықтың арзандығына көзі жетті.  
«Бар қаруын алтынға қоса салса да» қу сүйек әуелгісінен  
де зілдене түсті.

Патша Аристотель хакімнен:

*Бұл сүйекті басарлық нәрсе бар ма?  
Ақылыңмен ойланып тапшы! – деді.*

Ойшыл-дана бір уыс топырақты сүйекке шаша салып  
еді, сүйек басы жоғары көтерілді де кетті.

*Бұл – адам көз сүйегі, - деді ханға.  
Тоя ма адам көзі мың мен санға?  
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,  
Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда.*

*Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,  
Алған сайын дүниеге тоя ма екен.  
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні  
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.*

Аристотель хакімнің Ескендір патшаға ұғындырып,  
күәлендіріп айтқан дәйекті ғибраты. Өлбетте, адам  
баласының тірлік-әрекетінде тойымсыздық пен қанағат-  
тың жақсы мен жаманның, ізгілік пен пенделіктің ара-  
жігін майдан қыл суырғандай шеберлікпен жеткізген.  
Абайдың «жаңа сыншыл биік ойы» (Әуезов бағасы) осы.

«Ескендір» поэмасының қортындысын Абай «өсер  
ұрпақ, келер дәурен, туар тарих қауымына» ортақ кере-  
мет ой-пікірлерімен бөліседі:

*Мақтанасын біреуге мақтасын деп,  
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп.  
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,  
Антұрғаннан құдайым сақтасын деп.  
Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,  
Бойыңа өлшеп сөйлесең, нең құрайды?  
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,  
Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды?!*

Абайдың «Әзім әңгімесі» поэмасы «Мың бір түндегі»  
(774-827 түндер) «Хасан зергер туралы әңгіменің»  
сюжеттік желісіне құрылып, ертегілік дәстүр негізінде  
жырланған. Поэmanın құлақкүйіндегі :

*Бір сөзім «Мың бір түннен» оқып көрген,  
Өлең қып сол сөзімді айтқым келген, –*  
дегені айғақ.

Поэма мәтінін 1927 жылы М.Әуезов Ырысайдың Ысқағынан жазып алған-ды.

Бағдат шаһарында үйелмелі-сүйелмелі Мұстапа мен Сапа дейтін талабы таудай қос жетімек болыпты. Мұстапа суретшілік ғылымды білсе, Сапа тігінші, кестеші екен. Екеуі де тәуекелшіл. Тағдырдың бұйрығымен Шынмашынға Сапа, Балсураға Мұстапа жөнеген. Мұстапаның жолын, кәсібін төңірі оңғарып жар сүйіп, Өзім атты сәби сүйіп, «пұл құрап, киім түзеп, қағазға өрнек жасап, сурет ойған». Өзім есейіп, медреседе оқып, «жақсы ғылым нәсіп етіп» атаның өнерін, харекетін өркендеткен. Дүкен ұстайды. Содан күндердің күнінде лапкесінде «химия ғылымын білуші ем, мысты алтын жасаушы ем, харекетім суретшілік, бояушылық» деп жәдігөй шал келеді. Алпыс айлалы дінсіз көпір жәдігөйдің арбауына шырмалады. Өзімнің қасіретті, тауқыметті өмірі басталады. Өзімнің үйіне оңашада шалдың келуі, дәмтұзын татып отырып, ішкілікке білдірмей дәру қосып, естен тануы, табытқа салғызып, кемеңнің ішінде қол-аяғы байланып, жүз рет дүре алуы, қаскөй жәдігөйдің отқа шоқынасың дініме кіресің деуі, желмаяның қарнына енгізіп, самұрықтың құздан лақтыруы, «қара ұсақ топырақты қапқа толтырып, арқанға байлап жіберуі, жылмаң қаққан антұрғанның арқанды өзіне жұлқа тартып алуы, құздан жол іздеуі, айдаһардың қамауы және оны қылышпен шауып, жон терісінен таспа тіліп, бір-біріне жалғап арқан жасауы, құтылуы, алтынды үйдің ішіндегі екі сұлу қызға жолығуы, олардың Өзімнің жайына қанығуы, дос болуға серт байласуы, қыздардың алтынды үйдің тегіс аралауға рұқсат беруі, тек бір есікті ғана ашпа дегені баяндалады.

Абай поэзиясындағы ой-толғаныстар мен қара сөздеріндегі терең пайымдауларды шеберлік, көркемдік, тіл, ой-сезім тұрғысынан алатын болсақ, мәдениет тарихындағы күрделі, сиқырлы ұлы құбылыс Абайдың



ұстанымы, қағидаты, яғни М.Әуезовше айтқанда, Абайдың діні – ақылдың, адамгершіліктің, сыншыл ойдың діні. Абайдың философиялық көзқарастарында адамгершіліктің мәселелері, жаратылыс сыры, сыншы сана табиғаты, сопылық дүниетанымның мідени-тарихи кеңістігі жан-жақты сараланып сипатталған. Нақтылы айтқанда, философиялық-сопылық ұғым түсініктер, мұсылмандық-түркілік дүниетаным шарттары: Алла, жан мен тән, ақыл мен жан, («жан сыры», «жанның жарығы», «жан қуаты», «жан тамағы», «жан құмары»), хауаси хамса заһири (жаратушының сыйы), үш сүю (имани гүл, имани нұр, имани сыр), түзу сөз, түгел сөз, түбі терең сөз, жүрек («жүрек сөзі», «жүрек – теңіз»), рух («Өлсе өлер табиғат адам өлмес»), түп ие, ғылым, білім, төңір, хикмет, тағдыр, періште, нәпшымалады, қанағат, себеп, қайғы, рахым, әулие, хакім, махаббат, ғаделет, мақсат, ұят, ахирет, хақ, сипатзатия, құдірет, нақлия, ғақлия, хадис шариф және т.с.с.

Абай «Отыз сегізінші сөзі» түбір-тамыры терең мағыналы толғам-байламдарға мейлінше бай. Мысалдарға жүгінейік:

*«Махаббат – әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселермен».*

«Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адалдық дүр».

Абайдың даналық мұрасында «толық инсаният» (толық адамгершілік), «жәуанмөртлік» ұғымына 1) шындық, 2) ізгілік, 3) даналық тәрізді ұлы қасиеттерді сиғызады: «Бұл айтылмыш үш хисләттің иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хакимдер, ең ақыры – көміл мұсылмандар».

«Отыз сегізінші сөзде» «әддүния мөзрәгәтул - ахирет» (дүние- ахиреттің егіні) деп жазылған. Абайдың осы пікірі Ахмет Йүгінекидің «Хибатул - хақайық» шығармасында (XII ғ.) «Пайғамбар дүниені егінжай деп айтты» дейтін сөзімен үндеседі.

Ұлы жаратылыстың сырын, ұлылығын ынтызарлықпен былайша жеткізген: «Құдай тала дүниені көмәлатты

шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өсіп-өнсін деп жаратқан». Я болмаса: «...құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, көмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылықты бина<sup>1</sup> қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын».

Әл-Фараби таным мәселесінде ақылға айрықша ықылас аударған. Ғылымды ақылдың жемісі деп таныған. Ендеше, Абайдың «Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық бірлән өсер» дегенінде Фараби пайымдауларымен рухтастық бар.

Абай өз заманының жайына да, білім беру жағдайына да ой көзімен шолады. «Бұл күнде төхсил-ғұлум ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болады. Соған қарай Ғұсманияда<sup>2</sup> мектеп харбия<sup>3</sup> мектеп рүшидиалар<sup>4</sup> салынып, жаңа низамға айналған».

Жүсіп Хас Қажыб Баласағұнның «Құтты білік» (XI ғ.) дастанынан:

*Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,  
Білім – жарық, нұрын саған шашатын.*

Абай:

*Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,  
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.*

Жүсіп Баласағұн «тектіні алсаң қор боласың, сұлуды алсаң күлкі боласың, төркіні зорды алсаң күшік-күйеу боларсың» – деп ескертеді. Ал Абай:

*Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей көңіл берме!*

«Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ» («Оныншы сөз»); «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз» («Ғылым таппай мақтанба»); «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды» («Он төртінші сөз»); «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі» («Отыз екінші сөз»); Жан қуатыменен адам хасип қылған өнерлері де күнде

<sup>1</sup>Бина – негіз, тірек, <sup>2</sup>Ғұсмания – бұрынғы Түркия патшалығы,

<sup>3</sup>харбия – өскери мектеп, <sup>4</sup>рүшидиа – түрлі пәндер оқытылатұғын мектеп.

тексерсең, күнде асады» («Отыз сегізінші сөз»); «Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім... Бұл ғаделет, махаббат сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол ғақил» («Қырық бесінші сөз»);

Жинақтай айтқанда, Абай Шығыстың көркем мәдениетін, моральдық философиясын, этикасын, теологиялық бағыттағы діни ғылымдарын, объективтік заңдарға негізделген табиғат ғылымдарының тарихын өте жақсы білген, сұңғылалықпен саралап зерделеген. М.Әуезовтың: «Араб, иран мәдениетінің тарихын зерттеген Абай Рашид-ад-Дин, Мұхаммед Хайдар, Бабыр, Әбілғазы Баһадүр хан сияқты арғы-бергі тарихшылардың еңбегін жақсы білген» - деп жазады. Сондықтан да Абайдың даңқты даналық мұрасында шығыстық сарындар, үлгі-өрнектер өзгеше көрініс тапқан.

## АБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ

*«20 жасында Абай халық ортасында  
маңдай басы шешен болды».*

*«Абай 30 жасында барша халық  
ортасына атағы жайылып, білікте болды».*

*«Қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы  
қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді».*

*«Абай бір кезі келіп тұрған самород еді».*

*Абай сөзі: «Мынау құдайшылыққа жөн,  
бүйтсе адамдыққа жөн «Құдайға шын көңілмен  
Ғибадат қылған кісі құпия қылады».*

*«Ұрлық қылған кісіге зорлық  
қылғандарға жазаны аямай салып,  
қатты қысымшылық көрсетуші еді.*

*Ұры ауылының маңынан жүре алмаушы еді».*

*Көкітай Ысхақұлы*

*Құнанбаев. 1909 ж.*

Ұлттық өнеріміздің ішінде алмастай асыл, найзағайдың отындай жарқ-жүрқ еткен өткірлікке, тапқырлыққа суарылған, дүниетаным тереңдігіне негізделген өнер – шешендік. Бұған қоса шешендік дегеніміз – кесімді билік

айту, қажет нәрсені ортаға, көптің талқысына салу яки айтатын нәрсе мен айтпайтын нәрсенің ара-жігін жіті айыра білу, өлшемінен асырмау, ой-пікірлерді айқындау және көмейі суырылған шешенде табиғилық, ұғымдылық, шыншылдық, сыршылдық, ақжарқындылық, жаздың әсем таңындай сұлу көңілі болу қажет. Көкейіңнен күмбірлеп шыққан сөз тыңдаушыларды иландыруы, имандай сендіруі ләзім.

*Ақылмен ойлап білген сөз,*

*Бойыңа жұқпас, сырғанар.*

*Ынталы жүрек сезген сөз,*

*Бар тамырды қуалар,–*

деген Абай лебізі шынайылыққа ие.

Абайдың ел билеу өнеріндегі айтулы құбылыстың бірі – 1885 жылы мамыр айында Шар бойында Қарамола сиезінде бес дуан елге арналып жазылған 74 баптан құрылған Ережесі. Тарихи мәні терең бұл құжат жүйелеп тексерудің, қазақ өмірінің әлеуметтік-ұлттық болмысын нақтылы шаншыла зерттеудің ең жоғары түріне жатады. «Абай және архив» кітабын құрастырған әрі түсіндірме сөздерін жазған жазушы-ғалым Сапар Байжанов ақын өміртарихын жақсы білетін Әрхам Кәкітайұлының естелігінен мынандай пікірлерді келтіреді:

«Абайды көп қауым сол сиязда төбе билікке сайлайды. Жандарал қазақ ортасындағы даушарды, талас-тартысты қалай бітіру керек. Оған қандай билік айту керек. Сол туралы Абайдан көп сөз сұрайды. Сонда Абай қазақ халқының орысқа қарамай тұрғандағы тапқыр, ақылды, ел қамқоры адамдарының, билерінің, ақсақалдарының сөздерін, жол-жобаларын, айтқан биліктерін түсіндіреді. Бүгінгі патша ұлықтарының шығарған «Степное положение» заңымен қазақтың бұрынғы салт-санасының ортасындағы қайшылығын айтады. Сонда жандарал Абайға:

– Енді сен өзің біліп отырған екі түрлі заңның біріне-бірінің қайшылығын қарастырып, жаңа заң жобасын жазып, маған бер. Оны мен жоғары заң шығаратын орынға жіберіп бекіттіріп, бұдан былайғы ел басқарудағы жұмыстарға пайдаланатын етейік, – дейді.

Бұл Ережеде жер дауы, құн дауы, жесір дауы, қалың мал, құдалық жоралары, әйелдің бас бостандығы, ата-ана мен баланың арасындағы сыйластық, ерлі-зайыптылар қарым-қатысы, әмеңгерлік мәселесі терең талданып, әділ билік-кесімдер шығарылған. Сондай-ақ мұнда ұрлық пен барымтаны ауыздықтау және суға батқандарға, өрт, боран, аяз кезінде араша болмағандарға (35-бап), арық, көпір, құдық бұзғандарға шара қолдану жан-жақты қарастырылған.

Ережеде басы артық түсініксіз сөз жоқ. Бұлдыр мағыналы сөйлем де, пікір де ұшыраспайды.

Замана шамшырақтарының бірегейі, ақыл мен ойдың телегейі, ұлтымыздың данагөйі Абай ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты істерге араласқан, солардың бірі Салиқа қыздың дауында ерекше біліктілік көрсеткен. Алдымен, би деген ұғымның мән мағынасын анықтап алған жөн болар. Оқымысты Нығмет Мыңжанның «Қазақтың қысқаша тарихы» зерттеуіне көз салсақ, Үйсін мемлекетінің ең басты мәртебелі билеушісі – күнби деп аталған. Он екі ғасырлық Үйсін мемлекеті тарихында (б. з. д. III ғасыр мен б. з. X ғасырының аралығы) күнбилер өулетінің он ұрпағы жөнінде мәліметтер сақталған. Қазақ елі тайпа жетекшілеріне «би» деген құрметті атақ берген. Қазақ қоғамының басқару жүйесі мынадай екен: 1) Қазақ мемлекетінің дара билеушісі – ұлы хан, 2) жүздерді билейтін кіші хан, 3) ұлыстарды – сұлтан, 4) тайпаларды – билер, 5) руларды – ру басы, 6) аталарды – ақсақал, 7) ауылдарды – ауыл ағасы бағындырып басқарған.

Сайып келгенде, іргелі мемлекеттің төрт құбыласы сай болу үшін төрт діңгегі болу қажет. Мемлекет жүрегін соқтырушы, тұтқасын ұстаушы – ханы, жерсудың мызғымас сақшысы – қаһарманы, қара қылды қақ жарған, әділет туын желбіреткен алтын таразысы – билері, ұлтын ақылымен арқандап ұстайтын, алыстан болжайтын парасаттылыққа баулитын тәрбиешісі, аузының дауасы бар, көрішкел, білікті, сәуегей абызы болу керек (хан – батыр – би – абыз). Мұсылманшылықтың қаймағы бұзылмаған сол бір дәуірде «хан болсын, ханға лайық заң

болсын», «батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын», «абыз болсын, абыз сайлау парыз болсын», «би болсын, би түсетін үй болсын», дейтін өрнегі өшпес өміршең, тағылымды қағидалар туған. Даналық абызға да, биге де, ханға да, батырға да жарасады. Кемеңгер туған Абаймен қайсысы болмасын санасады. Қазағында қай мықты аспандағы айменен таласады.

*Өзім де басқа шауып, төске өрледім,*

*Қазақта қара сөзге дес бермедім.*

*Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,*

*Айлаға, ашуға да жақтым шырақ, –*

дегенінде асқан алғырлықпен, тосын тапқырлықпен, негізді дәлел айғақтармен, жетелілікпен небір дау-дамайдың күрмеуін туралықпен шешкенін, абызша сұңқылдап кемеңгерлік көрсеткенін, жүйеге жүйріктік танытқанын, көрушінің алпыс екі тамырын балқытқанын, буы бұрқырап шабыт пырағына мінгенін, әділетсізді жер қылып, тізе бүктіргенін, жел аударған қаңбақтың кебін кигізгенін тебірене баяндаған.

Шаршы топта айбаты мен айдыны асқан, ақылына ұшқырлығы, адамдығына хакімдігі, көшелілігіне көсемдігі, білімдарлығына майталман ділмарлығы әдемі ұштасқан айтулы айтқыш Абай «білемін» дегендермен «шекісім келіп тұрады» дейді екен жеткіншек шағында. Алшынбай би қалағанын бермей, батамды алсын дегенде, ондай батасын сатқан шал үйде де бар деп, алды-артына қарамай тайып тұрыпты. Кейбірулер заманымыз – пайғамбар заманына жақын дегенде, пайғамбарға жақын Өбутәліп (күйеуі) көпір ғой деген [31,74]. Тілі қылыштай өткір, түйсік қуаты, таным-білігі, ой-өрісі ерекше Абай небір қисыны келіскен, тапқырлыққа суарылған кесек-кесек түйдекті сөздерді жөппелдемеде туындатып отырған. Бірде дәулетті кісі мен сіңірі шыққан кедей балалары турасында былайша лебіз білдіріпті:

*– Бай баласы көп ішсе,*

*Ішін үйренген ғой дейді.*

*Ал аз ішсе,*

*Негізі тойған дейді.*

*Кедей баласы көп ішсе,  
Көні кеуіп қалған дейді.  
Аз ішсе шілдесінде шық тимеген дейді.*

*Осы кедей баласының күнөдан құтылар күні бар ма?*

Алты алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханов: «20 жасқа жеткенде Абай от тілді шешен, халық өмірі мен әдет-салтын, қазақ даласындағы атақты билердің әр істі шешкендегі төреліктерін жақсы білетін ділмар атанады... Абай өзінің қабілеті мен білімінің арқасында қазақтардың билік тартысында басты тізгін ұстаушы болды», – деп жазады.

Ал атақты Ахмет Байтұрсынов: «Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдерінің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды тілдер, мақал-мәтелдер сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман етіп, таспен би болатын заманға қарсы туған» – деп бағалаған.

Абайдың қара қылды қақ жарып айтатындығы, зу шешендігі жөнінде Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев пен Нұқ Рамазановтың да пікірлері бар.

Шешендік өнері – толқынды топтың еркін өзіне қаратып, жәмиғатты ұршықтай иіріп, сүттей ұйыта білу қабілетін тілейді. Кесек-кесек ой өрбітіп, алғыр-тапқыр сөздер өріп, саралап билік айтудың үстіне айқын, күшті, тегеурінді дауыс, әсіресе, тазалығы мен мөлдірлігі ерекше дауыс, сонан соң асқақ, мықты рух ауадай қажет. Даналықтан нәр алған, тәжірибеден туған өрнекті хәм көрнекті ойлар жан-дүниенің толғаным-тербелістерімен тұтастық тауып, өлшеусіз асқан шабытпен, құлшыныспен айтылған сөтте ғана иландырады, табындырады.

Ұлы ойшыл Абайдың жарқын бейнесі Балқыбек сиясындағы Салиқа қыздың дауында тұлғалана көрінеді. Осындай шым-шытырық қиян-кескі дауда билік айту, кесім шығару жұртшылықтың ұйғаруымен Абайға жүктеледі. Ол көмекші билер ретінде Оразбай мен Жиреншені алады. Абай оларға даулы мәселелерді тек-

серу барысында қандай шарттарды мұқият орындау қажеттігін шегелеп түсіндіреді. Атап айтқанда: «Ішке түйіндер. Әсіресе шырай беріп, уәде берме». Сондай-ақ «жең үшіннен жалғасып, дүниеге сатылып жүрмеңдер», «әділ-ақтық жолына бастап ұшатын қанатым болыңдар» деп, ізгі көңілін, аппақ ниетін, түпкі мақсатын жайнамаздай жайып салады, жақұттай жайнатып айтады.

Салиқа қыз дауы – Керей мен Сыбан арасындағы күрделі мәселе, сан қырлы тосын құбылыс еді. Осынау даулы оқиға Абай сияқты маңдай алды майталман жанның араласуыныңарқасында сабағына түсетін шаруа екендігіне жиналған дүйім ел нық сенген. Ортасынан озып туған Абай ойлаудың жоғары мәдениетін білгірлікпен меңгерген, қарсыластардың пікіріне, көзқарасына, наным-сеніміне ізетпен қарайтын, оқиғаның, құбылыстың мән-жайын, себеп-салдарларын баппен бажайлап толғайтын, сарабал сара ой-пікірлерін шынайы дәлелдермен көкейіңе қондыратын, дауласудың нәзік мәністеріне жетік нағыз ғұлама хакім, шешен-ділмар, азуын айға білеген парасатты би екендігін сұңғыла суреткер М. Әуезов романда шыншылдықпен кестелеген.

М. Әуезов оның билік айту үстіндегі психологиялық сәтін былайша келістіре сипаттайды. Мысалы: «Басындағы тымағын алып, малдас құрған күйде, тымағымен қоса, мықынын таянып отыр. Кең ақшыл маңдайында және қырлана түскен ұзынша мұрнының ұшында жіпсіген суық тер білінеді. Бірақ үні зор, лебі екпінді, батыл. Қатты сөйлегендіктен әр сөзін жай айтса да, ойы мен тілі тұтқырланбайды. Еркін ағылғандай».

Асылы, даудың психологиялық жақтарының үстіне этикалық жағы бар. Және де анталаған дос-дұшпанға аян болатын өнерпаздық өнегесі ше? Сонымен қатар ең басты мәселеден ауытқымау, жүйе-жүйесімен қарастыру Абай билігінен табылады.

Бұған қоса жік-жігімен, тақта-тақтасымен айтылған Абайдың тұжырым-байламдарының логикалық шымырлығы, оқтаудай жұмырлығы, әдептілік ережелерін ерекше білуі, ойға, сөзге тапқырлығы және оларды тотыдай



түрлендіріп айтуы, даудың небір амал-тәсілдері мен техникасын мүлтіксіз игеруі, ұстамдылық, ізгілік қасиеті мейлінше қызықтырады. Соншалықты әділетті шешімін ынтамен қабылдаған иін тірескен қауым «бұрынғы қара қазақ жолынан жолы басқа, үні басқа, лебінде елге ем болайын деп тұрған жақсы ырым бар, сөзі дауалы, бұл өңірдің абыройлы адамының бірі болғалы тұрған жан екен» – деп, тереңдігі мен тектілігін аңыз етіскен.

Абай сөзінің отты, қуатты екендігін М.О.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан Салиқа қыздың дауын тексеріп шешкендегі сөз саптау, ой толғау, кесімді, әділ билік айту процесінен анық елестетеміз. Керей мен найман арасын ушықтырған дауда Абай мүлде жаңа шешім жасайды. Бұл – қазақ дәстүріне тосын құбылыс. Сол себепті осынау ойлар, пікірлер қуатты үнмен шегеленіп айтылуға тиіс. Тылсым өнердің тұңғығын терең түсінген М.О.Әуезов сипаттауында, Абайдың «үні зор, лебі екпінді, батыл». Өрі қарай: «Қатты сөйлегендіктен әр сөзін жай айтса да, ойы мен тілі тұтқырланбайды. Еркін ағылғандай» – деп суреттейді де, Абай ойларын былайша төгілтеді:

– Уай, жағалай жұртым! Керей – Найман елім! Орғаңа мені қойыпсың. «Тетігімді тап, тынымымды бер» деп қойыпсың. «Сынға салдым, жарықшағымға жамау бол, сына бол» деп сеніпсің. Арылып өтер жөнім бар. Бір айтарым: Тобықтыдан туғаныммен екі бауыр, екеуіңнің ісіңе Тобықтының тұрғысынан қарар деме. Тағы бір айтарым бар: қазақта жесір дауы – жеті ықылымнан келе жатқан дау. Заман азып, заң тозатыны рас па? Содан ба? Болмаса дау біреу болғанмен, дауа көп болғандықтан ба. Әйтеуір біздің тұсымызда, дәл осы заманымызда бұл дау халыққа сын болғандай. Келеге сын, нәсілге сын болғандай деп түсінемін. Міне, ағайын, сенің алдыңда өзіме осында асу қып атаған екі тұрғым бар. Айтар билігімнің құбласын осыдан ұқ дер ем. Бұдан басқа, баспалап бағар, өзге есебім жоқ. Барлап бара, сендердің қамыңнан өзге бағытым да жоқ. Әуелгі түйін – Салиқа қыз басы. Жақсы жол – елге жора. Мен, баяғың нені желеу, нені жамау тапқанын білемін. Жаңа ұрпақ, жаңа тілекпен келеді. Жас боп туып,

жетпестен күңіреніп өтем деп келмейді. Жаңа күн, өзінің жаңа жорасын, жаңа тілегін жас көңілімен айтады. Жас ұрпақтың талабымен айтады. Оған құлақ ілмеген, елдіктің дауасын таппай, аласын табады. Бұл қыз болса: тағдыры бір жазалаған қыз. Теңінен айрылып, тілегінен кесілген қыз. Ата-анасы, қайын жұрты, бір атаған орнынан жас көңілін тапжылтпай табылған-ды. Бірақ бір өмірге екі өлім бұйырған тәңір тағдыр да жоқ. Сабатар тілегі сол қыз басына екінші өлімді қанды ноқта қып ұсынып отыр. Бұл ақ ноқта емес, қайта айтамын – қан ноқта. Қыз өлімге бар, бұл өмірге жоқ. Жиын отырған жұрт, бөрінде де – апа-қарындас, қыз қыршын бар. Төрт арыстың жиыны, жора болсын деймін кейінгіге. Бір жанға екі күймек – әділет емес. Бір қыздың екі сатылмағы жол емес. Алғашқыда саған берген еркін, халық, енді қыздың өзіне бересің. Қыз басы Сыбаннан азат. Бұл – менің бірінші байлауым – деп, Абай соңғы сөздер тұсында үнін қатайтып, зілмен құлшына түйді. Тоқталмастан екінші сөзіне ауысты.– Сыбанда да жазық жоқ. Өлім – ел жазасы емес, ер қазасы, дауа жоқ. Мал бергені, ақ тілекпен қызығын күткені анық еді. Бірақ өлім орнын өз олқысымен толтыру керек. Салиқа қыздың қалың малы жеткен, ақы адал мал болатын. Керей, оны алдың. Бір алмадың екі алдың. Басында алғаш алған қалың малың да аз емес еді. Елу түйенің пұлы. Кейін қызыңды ықтиярына қарамай, «қартаң кісіге барады, қатын үстіне барады» деп сылтауратып тағы алдың, тағы да көп алдың. Бұл тұста Сыбан жазықты емес, араныңды ашқан, Керей, сен жазықтысың. Ендеше адал бата, ақ малдың орайына, қыз иесі Керей Сабатарға екі қыздың қалың малын берсін. Алғаш алғаны елу түйе, кейін еселеп алғаны жиырма бес түйе екен. Мен әрі Сыбан алдындағы, әрі өзінің қызының алдындағы жазығы үшін Керейге тағы жиырма бес түйе айып кестім. Сүйтіп, Керей екі қыз қалың малын, жүз түйе қып қайырады. Қожагелді мен Шақантай, Сыбан алдында айыпты екі ата тең тартады. Бұл – екінші түйін. Мен бес күн бойында, осы қыз дауынан туған шығын шабуылдың екі жағын да шолып танып, қолыма жиып отырмын. Барымта, қуғын үстінде Керейден екі жүз жылқының ақысы

Сыбанға ауысқан. Жүз жетпіс жылқының тобы Керейге ауысқан. Сол барымта малы, көзі барының көзі боп, көзі жоғы әр жылқының тұяғы бір бесті боп, екі жаққа ерсілі-қарсылы қайта ауыссын. Міне, ағайын, ел бірлігінің тілегінен туған менің талабым, тоқтау сөзім де осы. Мен болдым», – деді [32, 556-557.].

Абайдың билік айту өнеріндегі шеберлік сырларын Өуезов осылайша шынайы, жетік жеткізген. Данышпан Аристотель өсірелеп сөйлеу мосқал адамға жараспайды дейді. Сол сияқты тіршілік, тұрмыс дүниесіндегі, адамзат қоғамындағы түрліше оқиғалар, құбылыстар өзіне лайық үн, дауыс тілейді. Нәзіктік төн жайларды қатқыл дауыспен не болмаса шым-шытырық оқиғаларды, яғни – жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мүлік дауы төрізді тартыстарға төрелік айтқанда жұмсақ дауыс кәдеге аспайды. Осы тұрғыдан келгенде, Абайдың үні, даусы, қимыл-қозғалыстары логикалық қисынға дөп түсіп отырады (мысалы, «үнін қатайтып, зілмен құлшына түйді»).

Әділет, теңдік, ізгілік жолында қажыр-қайратын жұмсаған, «мыңмен жалғыз алысқан» Абайдың етектен тартқан күншілдері де аз болмаған.

Бұған жаны күйзелген дананың мына шумағы айғақ:

*Жау жағадан алғанда,  
Жан көрінбес көзіме.  
Арғын, Найман жиылса,  
Таңырқаған сөзіме,  
Қайран сөзім қор болды  
Тобықтының өзіне.*

Ел аузындағы әңгіме бойынша Абай мен миссионер дүние, болмыс, ғылым, жаратылыс, дін, философия, мораль хақында ой толғаған, білім салыстырған. Соның бір-екеуін келтірейік. Әйгілі фарабитанушы Ақжан Машанидың «Фараби және Абай» дейтін жаңа еңбегінде солардың біреуі келтірілген:

Миссионер Абайға:

– Сіздің «дүние бір тарының қауызына сияды» дегендеріңіз ақылға симайтын нәрсе ғой – деген.

Сонда оған Абайдың жауабы:

– Сіз бен біз мынау жарық дүниені көріп отырмыз. Аспандағы ай мен күнді, жұлдыздарды да көреміз. Осы көруде көздің қарашық қылауы тарының қауызымен мөлшерлес деуге болады. Демек, көздің зәредей қарашығына осынша әлемді сиғызған тәңірім шебердің ісіне шек келтіруге бола ма? – деп жауап берген [32, 94].

Миссионер:

– Абай мырза, құдайды аузыңнан тастамайың. Сол құдайдың тұрағы қайда?– дейді.

Осы шақта күн батып, қас қарайған кез екен. Содан үйге еніп, шамды жағып жібереді де:

– Мінеки шамның жарығы дүниенің төрт бұрышына лезде тарап кетті. Құдай да жарықтың сәулесі сықылды, мен қайдан білейін. Дүниенің төрт бұрышынан өзің тауып ал,– депті. Миссионер не дерін білмей қалыпты.

Абай: «Меңайақ өзінің атының басын алып жүретін адам еді»–дейді.

Сонда бір үлкен кісі:

– Абай-ау, ол не дегенің, Меңайақ өз атының ғана басы емес, рулы елді билеген адам емес пе?– дейді. Оған Абай:

– Елді билеуден адамның өзін-өзі билеуі қиын. Жағдайы келгенде бақ көтеріп, таққа отыру бола береді. Бірақ соның буымен өзін-өзі ұстай алмай, абыройын ашатындар көп. Меңайақ сонан аулақ жан еді. Оның зор адамдығының өзі сонда еді, – депті.

Мағауия дүниеден өткен соң, 90 кісімен Оразбайлар келіп көңіл айтқан. Олар кеткеннен кейін, туыстары дереу Абайға бір сөзді дұшпандарың тұрсын, достарыңа екі рет айтпаушы едің, қартайған екенсің сабазым деген екен. Сонда Абай:

– Ез күнде өледі, өлсе де өлмейді, ер бір-ақ өледі, өлсе келмейді. Абайларың өлген,– деп жауап береді.

Атақты Жанқұтты шешен Абайды бозбала шағында көріп, ақыл ойын, білім-білігін, таным-өресін тексереді.

– Шырағым, дүние неге сүйенеді? – деп сұрайды Жанқұтты шешен.

Абай лезде:

– Дүние үмітке сүйенеді.

- Көздің көрмесі бола ма?
- Көз қабағын көрмейді.
- Шам жарығының түспесі бола ма?
- Шам жарығы табағына түспейді.
- Болат пышақтың кеспесі бола ма?
- Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.
- Тамағына тартпайтын мақлұқат бола ма?
- Өз тамағына тартпайтын мақлұқат болмайды, – дейді бала Абай.

Жанқұтты шешен осы ойларыңды өлең сөзбен кестелеші, – дейді.

Соңда Абай:

*Сіз сұңқар самғай ұшқан қиядағы,  
Талпынған мен балапан ұядағы,  
Өрнекті өлең сөзбен жауап берсем,  
Дүниенің жалғыз үміт тиянағы,  
Көз көруі жетпейді қабағына,  
Шам жарығы түспейді табағына,  
Өз сабын болат пышақ өзі кеспес  
Мақлұқат тартпай қоймас тамағына, –*

депті.

– Ата, арзан не, қымбат не, дауасыз не? – деп тосыннан сауал қойыпты Абай.

Оқыста Жанқұтты:

– Шырағым, арзан – өтірік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік емес пе, жанарыңның оты бар екен – ақындығың шығар, маңдайың жарық екен – ойлылығың шығар, сөзіңнің нәрі бар екен – елің сусағанда шөлін қандырар бұлағы боларсың, – деп фатихасын беріпті.

Шын мәнісінде, ойы дариядай толқыған, ақылы мұхиттай шалқыған, қиялы кеңістіктей шексіз Абай, Әлихан Бөкейханов айтқандай, «өз Отанының сом алтыны», Ахмет Байтұрсынов жазғанындай, «Қазақтың бас ақыны», Міржақып Дулатов құрметтегендей, «қараңғы заманда шырақ жаққан» шамшырақ. Ер Түрік атынан сөйлеген Мағжан Жұмабаев «Әлемнің құлағынан әні кетпес» кеменгер деп аса жоғары бағалайды. Ал М.О.Әуезов: «Ол халық тарихының биік шыңына жалғыз-дара

шыққан тау ағашы сияқты» – деп жазады. Жыр жұлдызы Сұлтанмахмұттың «Ақындықтың қуаты есінді алар, Абайды оқы, таңырқа, басыңды шайқа» дегенінде ұлы ойшылға деген махаббаты өлшеусіз.

Абайдың сөйлеу мәнері мен даусының ерекшеліктері жайында ақын Төлеу Көбдіков былай дейді: «Абай мен көргенде екі түрлі мақаммен сөйлейді екен. Бір түрі сыбырлап сөйлегеннің аз алдында: баяулатып қоңыр майда үнмен сөйлейді. Екінші түрі – көтеріңкі, не қатты емес, не ақырын емес, құлаққа бір түрлі жайлы тиетін күңгірлеген дауыс еді. Абай сөйлегенде... зат көз алдында елестеп көрініп тұрғандай ұғылатын еді».

Енді Кәмәлияның лебізіне ден қояйық: «Сөйлегенде сөзі сақ-сақ етіп отыратын, ашық, анық, қатты сөйлеуші еді. Артық сөз сөйлемеуші еді. Сөзі қысқа, ұғымды болушы еді...»

Қорыта айтқанда, ұлы Абай жазба әдебиеттің негізін қалаған, ұлттық поэзия тілін көркейткен көсем, ғайыпты болжаған айыр тілді аруақты шешен, қазақ поэзиясына ұшан-теңіз өзгерістер енгізген реформатор, ұлттық музыка өнерін асқар биікке көтерген біртуар композитор, аударма өнерінің үздік шебері, ана тілінің негізгі сөздік қорын сарқа пайдаланған, соның ну орманына еркін шүйгіген, меруерт толқындарын туындатқан ерен дарын. Ұлттық мәдениет тарихында әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, даналардың данасы өз-Тәукенің «Жеті жарғысы» қандай қасиетті болса, Абай мұрасы, Абай жолы сондай киелі.

**Семей облысының бес дуанының, барша халқының  
сайланмыш адамдарының 1885 жылы май айында  
Шар бойында Қарамола сиезінде жазылған  
ЕРЕЖЕ**

1-бап. Болыстық сиезде даулар үлкендігіне қарай, сомасына қарай бітіледі. Төтенше сиездерде ұлықтардың өмірі бойынша бір ояз бір оязбен кезектесіп бітіледі, әр ояздың барша билерімен емес.

2-бап. Дауласқан әр екі тарап қалаған билерін таңдай алады. Бірақ би есебін Ереже бойынша ұлықтар шығарады. Сұраймыз,

әр тараптан үш биден артық болмаса екен. Би шешімін шығармас бұрын үштік бимен жарасады. Егер даугерлер үштік би бітімімен бітпеймін десе һәм бітім болмаса, сонда жоғарыда айтылмыш бойынша билер таңдап шығарады. Екі жағының билері таласып, жұп болса төменде айтылмыш рет бойынша бітіреді. Әр ояздың халқы орталарынан бір төбе басы би шығарады. Бұған қызметтегі һәм қызметсіз де құрметті кісілер сайлануға тиіс. Егер билердің бітімі талас болса, сайланғандар екі төбе би шығартып алады, тиісті ояз халқынан. Егер бұлардың арасында талас болса, қалған ояздардың төбе басына жеребе салынып, шыққан кісі бітімдеріне араласып, сол кісінің ауған жағының бітімі орнығып, мақұл болады. Осы рет бойынша ояздық төтенше сиездерде екі жағы тең талас болса, төбе басы би бір жағына ауып, тоқтатады.

3-бап. Жауапкерлердің шақыру бойынша келмегендіктерін старшын мен болыстар куәландырып, келмегендігінің мақұл яки емесін билер тексереді. Егерде келмеген себебі тексеру бойынша сиымды болса, билік айтылмайды, кейінге қалса керек. Егер келмегендігі сиымсыз болса, сыртынан билік шығарылады. Бір бидің яки сиездегі билердің сыртынан қылған биліктері тағайынсыз болмақ. Билік көшірмесі старшындар яки болыс арқылы мағлұмданады. Егерде жауапкер разы болса, билік тағайынды болып, бұзылмайды. Егерде разы болмаса екі жұма арасында алғаш билік айтқан биге қайтадан арыз қылады. Сонда би жауапкердің хұзырына қайтадан билік айтады. Егерде жауапкер тексерілу бойынша ағарса яки болыстық сиезге тыңдатса сиез билерінің билігін ұнатпаса, сонда айыпты жағын шығынын қайтаруға міндетті қылып һәм жаза бұйырылады. Жалған айтқаны үшін жоғарыда айтылмыш рет бойынша болыстық сиез сырттан билік құрады. Разы болмаған төтенше сиезге билігін сынаатады. Әр төтенше сиездің билігі дер уақытында бұзылмайды.

4-бап. Егер даугер шақырылған күнде келмесе, сұралмыш дауын бос қалдырады. Сонда жауапкер арыз етсе, билердің ықтияры бойынша жауапкердің шығынын даугерден бұйырып береді. Бірақ даугердің ықтиярлы дауын қайтадан сұрамаққа сол дауы билердің тексеруі бойынша жалған шықса, даудың сомасына қарай һәм жауапкердің қадіріне қарай шығынын тартады.

5-бап. Бір старшын елдің ішінде даугер, жауапкерлердің барша, жанжал, сұрау, дауларын сол старшын елінің биі бітірмекке міндетті. Бірақ би өзін мынадай жағдайда билік ай-

тудан босатады: егер дауласқан жағынын бірі жақыны болса, қайсы бірі ата-анасы, әкесінің бір тума аға-інісі, жиені, немере баласы және туған құдасы һәм дұшпан, өштес адамдары, қайсы бірінің дұшпандықтары бұрын биге түсісіп мойнына жаза салынып, анықталған болса сыйымды болады.

6-бап. Әр старшын, әр болыс, ояз араларында болатын барша дауларды даугер болысқа айтуға тиісті. Сонда болыс даугер, жауапкерді алдына шақырып, жауапкерге ереже бойынша ықтияр береді. Бір болыс елден разы болмаған екі биін шығармаққа онан қалған билерден даугер бірін тыңдап, билікке түсіп, сол би билік айтады. Билік шығаруға мүмкін емес болған жағдайда төтенше сиездің би саны ұлық ықтиярында болады һәм билік шығарылмайды.

7-бап. Береке бітім һәм салауат бітім қылуға мүмкін, салауат даудың уақытына қарай болады. Береке бітім һәм салауат сиездерде жасалғандай болса, келесі уақытта қайтадан сөз қозғау мүмкін емес.

Өмме даугер мен жауапкер бөтен ояздікі болса, екеуінің арасында уағда қылуға мүмкін елге барып бітпекке, бірақ бұл уағданы қызмет иелері куәландыруы керек.

8-бап. Бидің биліктерін болыстар орнына келтіруге міндетті болған себептен, сиез біткен соң биліктің көшірмелерін тиісті болысқа мағлұм қылады. Егерде, даугер жауапкерлердің ықтияры бойынша, екі ел арасында кесім малдарын орайластыруға уағда қылса, сол уағда сиез басымен бірлесе шешіледі.

9-бап. Бір би һәм сиез биі биліктерін айғақ куәлігіне қарай бекітеді. Егер билер айғақ куәлігін мақұл көрмесе, онда оларды шақырмай-ақ істерді күмәнға салады. Яғни би куәні шақырып, тиісті жауабын алса, онда дауды күмәнға салу мүмкін емес. Куәларды шақырудан бұрын куәліктен шығарса, керек куәлікке жарамайды. Ақылынан адасқан, 18 жасқа толмағандар, бар жастағы әйелдер, жақын туғандар, құдалар һәм өштес, дұшпан кісілер. Куәлардың сыйымды-сыйымсызын билер шақыртпай, бұрын айыруы керек. Дұшпандық тұрғыдан бос айтылған сөз қабыл алынбайды. Жұртқа белгілі дұшпандық мақұл көруге мүмкін, онан артық айыруға болмайды. Дауласушылар куәлары бір болыстас болса, олардың куәлігі сыйымды, сыйымсызын би тексереді.

10-бап. Егерде көрсеткен куәға кісіні толымды көрмесе, сонда куәға айғақ орнына көруге мүмкін. Егер жауапкер адам айғақтың сөзін қабыл көрмесе, айғақ сөзінің растығына дау со-



масына қарай ел ара түсіп, бір кісі жан берсе керек. Қазақша айғақ жазасы деген дау аяғы күмәнмен тоқталады. Күмән етпесе жауапкер күйеді, күмән етсе ағарады. Жауапкер адам өтірік айғақ айтқаны үшін үстінен арыз беруіне болады.

11-бап. Қазақ рәсімінде шүйінші алуға болады, бірақ шүйінші алған кісі куәлікке жарамайды, айғақ болуға мүмкін.

12-бап. Күмәнші растығын тексермекке һәм күмәншінің етпек жерінің алыс, жуықтығына қарай күмәннің күнін билер кеседі.

13-бап. Күмәннің саны – ер құнына төрт кісі, әйел құнына екі кісі, өзге даулардың һөммесіне бір кісі. Күмәнге дау сомасына қарай ел түседі. Бір түйеге екі елу басыдан, бір қараның дауына бір елу басыдан күмән ұсталады. Қанша қара болса, сонша елу басыдан ұсталады. Дау сомасы қанша көп болса да, бір болыс елден күмәні аспас күмәншіні даугер таңдайды. Күмәнге салатын бір елу басы яки бір болыс елін жауапкер көрсетеді.

14-бап. Күмән жауапкер елінің болыстық молдасының алдында құранмен қысым етіледі.

15-бап. Күмәнге төрт кісі ұсталса, бір кісісі өтпесе, даудан төрт бөліктің бір бөлігі тиеді, екеуі өтпесе жартысы тиеді. Өтпегені өсім рәуішті болып есептеледі.

16-бап. Күмән өтілген уақытта даугердің көз болуы міндетті емес, бірақ молда даугердің келмегендігін кітапқа жазып қойса керек.

17-бап. Күмәннің уақыты сол уағдалы күннің күн батуына дейін.

18-бап. Күмәнға ұсталмайды: молда, ел билеушілер, билер, қажылар, 18 жасқа жетпегендер, алпыс үштен асқандар. Төре қазақ үшін және қазақ төре үшін күмәнға жарамайды.

19-бап. Жауапкердің ықтиярында: күмәнға өз елін (өзі қайсысында жазылған) ұстата ма яки рулас елін ұстата ма.

20-бап. Күмәншіні күмәннан шығаруға болады, егер дұшпандығы халыққа мағлұм болып, бимен бекітілген болса.

21-бап. Өр күмән болыстық молданың хұзырында өтсе керек. Молданың қаталдығы, зұлымдығы болса жұрт тексереді.

22-бап. Жалған күмән еткен кісіге айып салынады. Түйе бастатқан бір тоғыз.

23-бап. Күмән өтпесе, қанша нәрсе, қанша мал бұйырады. Күмәнға кім ұсталған барлығын толық етіп, билігінде анық етіп жазуға би міндетті.

24-бап. Күмәннің күнін ұзартуға сыйымды себебі болса болыс яки өз елінің бір биінің куәландыруы бойынша мүмкін болады.

25-бап. Күмөнші, жаншы төреші болып даугердің ықтияры бойынша билік айтады. Мұның билігін жауапкер бұза алмайды. Бұл билік көшірменің сыртына жазылады.

26-бап. Құн, жесір даулары жиырма жылдан арғылары салауат. Өзге даулар он жылдан арғылары салауат.

Билік айтқан күнге дейін төрт жылға созылған даулардың анықталған малдардың толық басы қайтады. Шығынымен одан арғы үш жылдағы даулардың анықталған малының үш бөлігінің бір бөлігі тиеді. Қалған үш жылдағы даулардың анықталған малының үш бөлігінің бір бөлігі тиеді. 1875 жылдағы һәм одан арғы болған даулардың барлығы салауат. Осы сияқты болып құнның малы да алынады. Жиырма жылдық құн малы үшке бөлінеді, бір бөлігі билік айтқан күнге жуық жеті жылдағы дауға, екінші бөлігі одан арғы жеті жылдағы, үшінші бөлігі қалған алты жылға.

27-бап. Ойланып жүріп өлтірілген ердің құны жүз түйе болады. Мұның 25-і тайлақ, 25-і құнан атан, 25-і бесті атан, 25-і дөнен атан және ойланбай басқа себептермен өлтірілсе, оған 50 түйе құн. Мұның 25-і құнан атан, 25-і бесті атан. Әйелдің құны ер құнының жартысы. Қателікпен, оқыспен өлтірілген кісіге құн жоқ. Және ері әйелін өлтірсе яки әйелі ерін өлтірсе, оған құн жоқ.

28-бап. Барымташыға һәм ұрыға өлсе, құн жоқ.

29-бап. Адам мүшесі мертліксе, үкімі шарифат бойынша айтылады. Шарифат айыруының қателігі болмасын деп сұраймыз. Бұл сөзді айырмаққа тапсырылса екен Семейдегі Ахмед Уәли Мұнасиф ұлына һәм Өскемен молдасы Мырзағали Ғаббасов ұлына. Олардың айырып берген шарифаты осы ережеге тіркеліп жазылса екен.

30-бап. Балиғатқа толмаған қызды зорласа, айыпқа – лайықты қалың малының үш бөлігінің бір бөлігін береді. Балиғатқа толған қызды зорласа, ат-шапаннан, түйе бастатқан тоғызға дейін айып береді. Күйеудегі әйелді зорлағанға айып – бір тоғыздан үш тоғызға дейін. Ойнас қылған еркек, әйелге екеуіне де дүре соғылсын, айып жоқ. Мұндай істер тексеріледі; егер әйелдің күйеуі яки әйелдің өзі, яки туысқаны, яки әкешесі арызданса, осы баптың басында жазылған екі дауды сиез билері бітіреді.

31-бап. Күйеуі бар әйелді біреу алып қашса, яки өзі қашса ойнасымен бірге, ондай әйел өз елінің сиез билеріне тура қайтарылады. Билер әйелі мен күйеуін жарастырады, егер күйеуі әйелдің өзін алса. Ал алып қашушы жігіттен бір тоғыздан

үш тоғызға дейін айып алынады. Егерде күйеуі әйелін алмаймын десе, әйел ойнасында қалады, бірақ алып қашушы әйелдің күйеуі төлеген толық қалың малын қайтарып береді. Әйел мөрден құр қалады. Егерде біреу біреудің айттырған жесірін алып қашса, алып қашушы қыз әкесіне толық қалың малын береді – елу жыртыс сот ақысымен. Егерде әкесі жасау беруге ықтияр болмаса, қыз жасаусыз қалады және қыз әкесі бұрынғы күйеуіне алған қалың малын қайтарып, үстіне бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді.

32-бап. Егерде біреу әке-шешесін ренжітсе, әке-шешесінің ықтияры бойынша қазақ ғұрпына қарай жаза берілсін, егер молданы яки құрметті кісілерді ренжітсе, ат-шапаннан бір ат бастатқан тоғызға шейін айып береді. Тағы біреу біреуді қол жұмсап, ренжітсе, бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді, егер айып алушы кесілген айыпты алмаймын десе, бір айға абақтығы отырғызады.

33-бап. Ұрыс, төбелес шығарғандар билердің билігі бойынша ат-шапаннан үш тоғызға дейін сұраушының пайдасына айып төлейді. Бірақ ұрыс-төбелестің басшысы өзге жолдастарынан гөрі айыпты артығырақ төлейді. Бұзықтық шығарған адамдар болыстың приговорымен яки ереже бойынша билердің билігінше ақшамен яки каталашка абақтымен жазаланады.

34-бап. Қызмет уақытында старшындардың тілін алмаса, билердің үкімі бойынша бес теңге айып яки жеті күн абақтыға отырғызып жазаланады. Болыс старшындарының ықтияры бойынша жалдаған шабарманның тілін алмаса жоғарыда айтылмыш жазаға кіріптар болады. Егер болыс старшындарының ықтиярынсыз жалдаған шабарманның тілін алмаса, тіл алмағанның жазасы болыстың өз үкімінде болады. Егерде біреу болыстың тілін алмаған болса, ояздың ықтияры бойынша, бір болыс елдің сиезіне яки ояздың төтенше сиезінің тексеруіне береді. Үкім айтқан уақытта бір биге яки сиез билеріне дерекілік еткенге әлгі айтылмыш бойынша сиез биі арқылы жаза беріледі.

35-бап. Суға кетіп бара жатқандарға, өрт уақытында боран нем суықта сол сияқты түрлі себептерде болысып, көмек етпегендер бас тоғызбен айыпталады.

36-бап. Мал өлімін тоқтатпақ үшін жасалған үкімдер бойынша жапат қылмағандарға болыстың үкімі бойынша 3 теңге айып жаза болды. Көрші елінде мал өлімі болған уақытта жапат етпегендерге жаза көбейеді, жеті күннен бір айға дейін абақты бұйырылады. Арық бұзғандар, көпір, құдық бұзғандарға, өзге

біреудің өз еңбегімен жасаған мүлік-ибарларын бұзғандарға шығыннан басқа айып бұйырылады. Ат-шапан, яки ақша бойынша 15 теңге.

37-бап. Қазақ арасындағы ұрлық үшін ұрлаған малын қайтарып айып береді – мойнына қосақ, артына тіркеу. Қанды ат билік атымен мойнына қосақ, артына тіркеу мал бағасымен бірдей болады. Жүйрік, жорғаныкі орта атпен бірдей болады. Мал иесіне тиісті: һәм ұрының астындағы қанды аты әр ұрыдан алынып, болыстарына беріледі. Билік ат ұры басы сайын алынып, билік айтқан билерге беріледі.

38-бап. Мал төлегеннен басқа ұрыларға жаза бұйырылады, бір айға дейін абақты, алпыс шыбыққа дейін дүре. Билер бұл жазаны үкім айтқанда бұйырмаққа міндетті. Немере яки жиен болса, нағашысынан, ата, ағасынан мал алып қашса, оған жаза жоқ және алып қашқан малы қайтарылмайды, екінші мәрте алып қашса би арқылы нағашысы, ата, ағасының сұрауы бойынша жаза беріледі. Бұл үкім әйел жағынан жиенге және немереге тиісті.

39-бап. Жылқы құйрығын кескендер бір ат-шапаннан бір түйеге дейін айыпталады.

40-бап. Ұрлыққа жапат еткен адамдар ұрымен бірдей жаза тартады. Бірақ, дүре, абақты серік болған ауқатты кісілерге бұйыруға көбінесе тиісті.

41-бап. Жиырма жылқыдан артық барымта қылған кісілерден ұры басы бір қанды ат (өз меншігі), бір билік аттан (айып ат) уә һәм үш тоғыз айып баршасынан алынады. Жиырма жылқыдан кем болса, жоғарыда айтылмыш 37-ші бапта мағлұмдүр. Жылқы басына бөлек.

42-бап. Қазақ рәсімі бойынша күйеуден әйелді айыруға болады. Күйеу белсіз болса яки астының жазылмас ауруы болса. Мұндай науқастары болмаса, күйеуінің ықтияры бойынша шығады. Қалыңдық пен күйеуін айыруға мүмкін болады. Күйеу қыздан жиырма бес жас үлкен болса яки бір мүшесі кем болса, яғни қыз күйеуден тоғыз жасы үлкен болса, тағы да күйеу кедей болып, қалыңға мал бере алмаса яки түзелместей ұры болса, тағы да сенімсіз жамандығы халыққа өшкере болып, өз басының ықтияры кеткен болса. Қазақ рәсімінше ерлі әйелді һәм қалыңдық пен күйеуді айыруға басқа себеп жоқ.

43-бап. Барша жесір турасындағы даулар некелілердің арасында күйеуінің елінде бітиседі. Некесі қиылмағандардың арасындағы дау қыздың елінде бітеді. Осы жоғарғы екі себепте сиез билері бітім айтады. Қазақ рәсімі бойынша анық неке мол-

да алдында қиылған дұрыс болады. Болыс қолындағы кітаптан кесіліп берілген квитанция әйелі күйеуіне тиісті екендігіне куәлікке жарамайды.

44-бап. Егер күйеу қалың малын төлеп бітірмей тұрып, қалыңдығын алып қашса, қалған малын беріп һәм қайын атасына келіп, кеңшілік сұрауға тиісті. Егер күйеуі қалың малын төлеп бітіргеннен кейін қалыңдығын алып қашса һәм әкешесі қызын себепсіз бермей, көп ұстап тұрған болса, алып қашқан күйеу айыпсыз һәм жасау сұрауға рұхсат. Егер қыздың әкешесі той жабдығы мен ұзатуын лайықты жақсы қылып жөнелтемін деп кешіктірген себебі болса, күйеу айыпты болады, қайын атасын ұятты қылған себепті. Өрдайым мұндай жесір даулар зиян көрген жағының арызы бойынша қаралады.

45-бап. Ұзатқан қыз барған жерінде бала таппай өлсе, төркінінен мінген ат, ер-тұрманы, артқан бір түйе сәукелесімен қайтарады.

46-бап. Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе, алған қалың малын қыз әкесі күйеуіне қайтарып береді.

47-бап. Күйеуі өлген жесір әйел сүйсе күйеуінің бір туысқан бауырына яки ағайынына тиеді, егерде сүймесе ықтияры өзінде.

48-бап. Егерде біреу құдалықты бұзса: қыз әкесі бұзса, күйеуден алған қалың малын қайтарып береді һәм дауласқан қалың малдың гұрпына қарай айып береді. Батасы қырық жеті байтал яки артық болса, бас тоғыздан үш тоғыз айып береді. Отыз жеті болса, екі тоғыз, жиырма жеті болса бір тоғыз береді. Он жеті болса, бір ат, шапан береді. Егерде күйеудің әкесі яки өзі құдалықты бұзса, берген қалың малынан үш тоғызды қалдырып, қалған малын алады. Егерде қалың малы қырық жеті болса, отыз жеті болса – екі тоғыз, жиырма жеті болса – бір тоғыз, он жеті болса – бір ат, шапан.

49-бап. Қарсы құда турасындағы барша дауларды билер бітірсе керек және келесі уақытта қарсы құда болынбасын. Яғни бұл ереже мағлұм етілгеннен кейін, егер құда болса молда некесін қимасын.

50-бап. Құдалық уағдасы бекіледі – құда түсіп, құйрық-бауыр жегеннен кейін.

51-бап. Егер күйеуі өлген әйел баласы жоқ болса да, бар болса да күйеуге тимей отырса, күйеуінен қалған барша малға ие болып билеп тұрады. Егерде күйеуі өлген әйел күйеуге тиемін, шығамын десе, барлық күйеуінен қалған малынан баласы болса сегізден бірін, баласыз болса алтыдан бірін алады. Қиген киім, төсек орнынан басқа қалған еркек балалары, қалған бар-

ша малымен әкесінің бауырларына беріледі. Олар өз арасынан бірін ие қылып баланы малымен сақтатады. Сол ие болған кісі қағазбен есеп беруге міндетті емес. Егерде малын орынсыз пашты деген дау сөз болса, сонда би арқылы барша туғандарының көрсетуі бойынша тексеріледі. Қыз бала қалса, өруақытта анасына тиісті, анасы күйеуге беріп, қалың малын өзі алады. Қыз күйеуге тиген соң, өлген атасының бауырларына яғни қалған малды сақтап тұрушыларға төркіндеп барып, әкесінің қалған малынан лайықты есе алады. Егерде, әйел күйеуге тимей, өлген күйеуінің дүниесіне ие болып тұрса яки малын шашса, сонда өлген күйеуінің туысқанының біреуі де ие болып, сыртынан қарап тұрады. Ол ие болған кісі әйелді не қалған малды ауылына яки үйіне кіргізіп алмайды. Әр тұл әйел күйеуге тисе, екінші қалың мал алынбайды. Егерде біреудің жесір қалған үш қатыны болса, сонда сегізден бірін бөріне бірдей бөліп береді. Егер үш әйелдің біреуі күйеуге тиемін десе, төсек орын, киген киімінен басқа жиырма төрттен бірін алады. Егерде екі жесір әйелдің бірі болса, он алтыдан бірін алады.

52-бап. Сойыс, қонағасы қазақ рәсімінде бар. Бермеген кісі бір ат-шапаннан бір түйеге дейін айыпты болады. Ләкінде бұлардың ішінен шығарылады керуен һәм тракті жол үстінде, жәрмеңке қасында, қайық аузында һәм сиез мекенінде, қала қасында тұрушылар.

53-бап. Екі тамыр айрылысса билердің тексеруі бойынша артығын алысар бір-бірінен айып жоқ.

54-бап. Қызметтегі адамдардың үстінен жала қылғандар билердің билігі бойынша жиырма сегіз күнге дейін абақтыда кіріптар болады. Жауапкердің шығыны шықса анығын қайтарып береді. Мұндай жалаларды тоқтатарға бір себеп көрсетеміз. Сондай жалған арыздар әсіресе сайлау уақытында көп болады. Оның қақыңда сұраймыз ұлықтардан мұндай арыз тұрғысында істейтін анықтаманы жасатқанша, болыстың яки төтенше сиездің билеріне тексермекке берілсе екен.

55-бап. Біреудің жерін жеген дауларды билер жері пәленшенікі деген елу басылардың куәлігіне қарай тексереді. Тексерген уақытта жерді билер өздері көреді яки сенімді кісінің куәлігі бойынша жеген жерінің сомасына қарай билік айтады. Шығынын қайтарып, үстіне һәм айып салады.

56-бап. Қонған ауылда қонақтың аты жоғалса, ауыл күймейді, сенбесе ат иесі ауылдан шарифат алады.

57-бап. Тоғыз деген айыптың малға шаққан саны мынау: 1-інші – Бас тоғыз түйе бастатқан: 1 түйе, 2 құлын, 2 бие, 2

құнан, 2 тай; 2-ші – Орта тоғыз яғни ат бастатқан тоғыз, 1 жуан ат, 2 тай, 2 тайынша, 4 бойдақ қой;

3-ші – Аяқ тоғыз – 1 дөнен өгіз, 2 тайынша, 3 бойдақ қой, 3 тоқты. Тоқал тоғыз болмайды.

58-бап. Мал басын былайша бағалаймыз. Маңдай түйе – 3 ат, яки 30 қой; Орта түйе – 3 бесті; Дөнен атан – 2 бесті, 1 тай; Құнан атан – 2 бесті; Тайлақ – құлынды бие 12 қойлық; Бота – бір бесті. Бөйге ат – орта бір түйеден бес түйеге дейін. Жорға ат – құлынды биеден төрт түйеге дейін, Жақсы ат – құлынды биеден бір түйеге шейін. Айғыр – құлынды биеден екі бестіге шейін. Бие – құлындысы – он қой, құлынсызы – он тоқты. Ат – тоғыз қой. Бесті – жетіден сегіз қойға шейін. Дөнен – бес қойдан алты қойға шейін. Құнан – төрт қойдан бес қойға дейін. Тай – үш қойдан төрт қойға дейін. Құлын – екі қойға шейін. Атан өгіз – 12 қой. Бесті һәм дөнен өгіз – 4 қойдан 8 қойға шейін. Тайынша – екі қой.

59-бап. Үй, кілет бұзып, қастық ниетімен істесе, ұрлаған нәрсесінен басқа бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып береді. Қара кілет бұзбаған ұрлыққа ат-шапан айып береді. Ол азы, одан үлкен айып ұрлаған сомасына қарай.

60-бап. Билердің билігі бойынша кесілген қалып-қалыбынша алып береді. Егерде жауапкер ықтиярымен бұйырылған малды бермесе яки шақыруына келмесе, онда мал алып беруші ауылдастарынан куәлар алдырып, сол куәлардан мал алушы бір қалыс кісіні таңдап алып, осы жоғарыда айтылмыш баға бойынша алып беретін малды бағалайды. Егерде мал беруші кісі бермеймін деп қарсылық қылса, байлап қойып алып беруге де болады. Билік бойынша мал алып беруге ешбір қазақ рәсімінше үлгі жоқ.

61-бап. Ұрлық үшін кесілген мал алынып беріледі, ұрының өзінен һәм оған серіктес болған жолдасынан. Ұрының серік жолдасы болады, ат беріп аттандырған, бірге ұрлыққа барып ептескен, ұрлаған жылқыны жасырысқан, істелген ұрлықты біле тұрып жасырғандар. Бұл кісілердің малы жоқ болса, мал төлеуіне міндетті. Ұрланған атты біле тұрып сатып алғандар, егерде сатып алушылар ұрымен бір болыста болса, одан соң мал алынып беріледі. Сол ұрлықты қылған уақытта тұрған ауыл иесінен соның да малы жоқ болса, мал алушы даугер бөтен ояздікі болса, сонда қызметте тұрушы адамдар һәм жұрты төлейді, старшын елі күйеді. Мал алушы бөтен болыстікі болып, бір дуандас болса, елу басы халқы күйеді. Даугер бір болыстікі болып өзге старшындікі болса да, мал алушы мен

мал беруші бір старшын екі он басы және халқы күйеді. Бұл қылған ынтымағымыз ұрлықты тыймақ үшін һәм мал иесінің малы түгел тиіп, ризалыққа жетпек үшін жасадық. Яғни шығын орнына кесілмеш айыптарды алмақ қақында тағы да осы ынтымағымызды жасадық. Үш жылға шақ уақыт қойып, яғни ұрлық тыйылғанша қызметтегі адамдарды мал төлеуден шығармаған себебіміз, сол халықтың ішіндегі жамағат адамы болған хұқында халықтың мал төлейтін райы болады. Жоғарғы айтылмыш адамдардың малы жоқ болған уақытта, егер билер малы жоқтығына көздері жетіп айырған болса, жұртқа түсетін мұның қақындағы малды билер тексеріп біледі. Мұнан басқа ынтымақ қыламыз елдегі барша ұрыларды һәм сенімсіз адамдарды түгендеп, сенімді адамдарға кепілге беруге тиісті. Басшы кісілерге, ауыл ақсақалдарына һәм оның ішінен қызмет иелеріне ұйғарым шығармаймыз. Сол кепіл кісілер ауыл иелері мен жұртқа тартқызбай тұрып, әуелі өздері күйсе керек. Ұры үшін кепілдікке тұрған адамдарға билет берілмесін. Мал алушыға ұрының қыстауындағы артық жері төлеуге алып беріледі. Уа һәм билерге, міндетті билік айтқан уақытта ұрыға жаһат қылған бай адамдарға дүре мен абақты бұйырмаққа: үш мәрте ұрлығы мойнына қойылып, тыйылмағандарды жұрт үкім жасап, өз арасынан мүлде айдатса керек. Егер үкімге қосылмаймын деген адам болса, сол ұры үшін міндетті, ұрыға түскен барлық малды тартса керек.

62-бап. Сотта жесір турасынан һәм басқа даулар бойынша жоғарғы айтылмыш рауіште мал алып беруге болмайды. Әркім өзі үшін күйеді. Малы жоқ деген сөз алынбасын. Бірақ құн турасындағы дауларда өлтірісіп серікболғандар мал тартады.

63-бап. Қазынаға һәм даугер адамға кесілген айып өзге кісіден күйдіріп алынбайды. Кескен адамның малы жоқ болса, айып орнына абақты бұйырылады.

64-бап. Жалғыз бидің, болыстың һәм төтенше сиездерінің көрсетілмеш көшірмесі кесілетін кітаптың үлгісін бек ұнатамыз.

65-бап. Күмөннің өтуі болыстық молданың тексеруінде. Молданың зұлымдығы халықтың тексеруіне тиісті. Күмөншінің уақытты күнінде күмөн еткендігін жазарға бізге көрсетілген кітаптың үлгісін ұнатамыз. Сол кітапты молда алып жүрмей, үйінде сақтаса екен. Қалай даугер көшірмені алған соң молдаға барып, кітабына тіркетсе керек. Егерде даугер осылайша етпесе, ілгері уақытта күмөн етпеді деп арыз айтуға тиісті емес. Күмөнші уақытты күнінде молда үйінде бар болса да, жоқ болса да келгенін мәлім етіп, кітапқа жаздырса керек.



Яғни молда күмөннің айтылмыш уақытты күнінде мүмкін қадерінше үйінде отырса керек. Молда күмөннің өткендігін яки етпегендігін көшірменің сыртына жазумен куәландырып тұрсын. Осы бапта айтылғандарды толық істелмегі үшін билер билігінде күмөншінің аты, жөнін һәм уақытты күнін анықтап жазуға міндетті.

66-бап. Мүмкін болса метрика кітаптар болыстық молданың қолында жүрсе екен. Бірақ кітаптың жазылуы көрсетілміш үлгімен мұсылманша жазылса екен. Егерде ұлықтар бұрынғыдай метрикалық кітапты тілмашқа жаздыруға тиісті көрсе, сонда болыстық молданы біз міндетті қыламыз, қиылған некені кесілміш кітаптан квитанцияның сыртына жазып куәландырмаққа яки жалғыз тілмаштың кітапқа тіркегені неке болмайды. Әйел мен еркек арасына молдамен қиылса неке тақиқ болады.

67-бап. Егерде бір үлгі кітаптар берілсе, сонда жалған көшірме беруге орны келмес, осыдан бұрын берілміш көшірмелер бидің мөрі яки қолы қойылса сыйымды болады. Екі бидің мөрі басылған көшірмелерде болыс яки сиез бастығының жазылмыш куәлігі болмаса, сиез биінің көшірмесі деп сенуге мүмкін емес.

68-бап. Егер даугер биге тура арыз айтса, би жауапкерді шақыртып, керек қылса сонда ауылнай старшын айтылмыш жауапкерді жеткізіп берсін. Егер билігінде һәм көшірмесінде кесілген малдарды анықтап жазуға міндетті. Күмөн етпесе де.

69-бап. Ұрлық хақында кесілміш билік аттан басқа өзге даулардан қиылған билік үшін оннан бірін алады. Билер кесілген өздеріне тиіс билік хақысын өз қолдарымен алса, зорлық хукімінде болады. Билік қылған жерінде хақысы алынып берілсін. Әр сиезде билер бір қалыс кісіні билік хақысын жимаққа сайлайды. Сол сайланмыш кісі болыс, старшын арқылы билік хақысын жиып алып, би басына бірдей бөліп береді.

70-бап. Сиезге шақырылған барша қызмет иелерінің ұстаған шығындары жұрт үстінен салынады. Сол шығындарды ел арасында старшын жиюшы болады. Кімде кім тиісті түскен шығынан бермесе, билердің тексеруіне беріледі.

71-бап. Қазақтар өз арасында болынмыш дауларға орыстан, яки ноғайдан уәкілдік алып кіріспесін. Сенімді боларға мүмкін өзімен ояздас қазақ адамға.

72-бап. Билердің билік бітімін орнына келтірмек уағда күні көшірмені болысқа яки старшынға мағлұм еткен күннен

есептеледі. Жалғыз бидің билігін орнынан келтірмекке старшын міндетті, сиез билерінікіне болыс міндетті. Бір бидің билігін орнына келтірмек уағдасы үш күннен кейін жеті күнге шейін. Сиез билерінікі жеті күннен жиырма күнге шейін. Төтенше сиездің билігін бір айға шейін.

73-бап. Егерде жетім қыз әке-шешесінің тірі уақытында құда болып атастырылған болса біреуге, әке-шешесі өлгеннен кейін құдалығын бұзған болса, алған күйеуі қалың малын айыбымен қайтарады. Егерде қыз бұрынғы атастырған күйеуіне тисе, сонда ешкім тиісті әкесінен қалған жасауын һәм мирасын алмаққа тежеу қылмасын.

74-бап. Осы ережедегі айтылмыш барша сөздер қазіргі сиезде міндетті. Бөлек қаулыдағы жазылмыш сөздерден басқасы, ешбір. тоқтатпайынша бітірмекке міндетті.

Бұл ереже мағлұм етілген соң барша билерге, сиездерге, болыстарға, старшындарға жаңадан ереже жасалғанға шейін, осы ереже жасалмай тұрып жазылған көшірмелер 67-бапта айтылған реуіш бойынша сыйымды болады. Яки оның үшін осы 74 бапты ережені біздер жасадық. Қазақ рәсімінше таза көңіліміз һәм әділетімізбен – уа һәм растығына сендіреміз. Павлодар оязының биі Жүсіп Бәтешұлы, би Иса Бердәліұлы, би Молдабай Сәрсенұлы, би Мұқатай Келдібекұлы, би Санияз Байбайұлы, би Смағұл Шоқпарұлы қолдарын қойды. Би Серғазы Тайсарыұлы, би Жаллалиддин Рамазан мөрлерін басты. Қарқаралы оязының биі Хакім Құдаймендіұлы, би Абай Майқыұлы, би Екеш Сыбанұлы, би Илеубай Қашқынбайұлы, би Белібай Тұманбайұлы, Абыралы болысының кандидаты Шәкірұлы мөрлерін басты, би Оспан Атақозыұлы, би Баймұқамед Алдабергенұлы қолдарын қойды. Би Иса Шонтыұлы таңбасын басты. Семипалат оязының құрметті қазақтары Ибраһим Құнанбайұлы, Құдайберген Тастамбекұлы, Ибраһим Нұркенұлы, билер Бектоғай Ботанбайұлы, Иса Сүтжанұлы, Айтқазы Жексенбайұлы, би Жұмақан Жарқынбайұлы қолдарын қойды. Би Сүйіндік Шақабайұлы, би Әлжан Назарұлы мөрлерін басты. Өскемен оязының болыс харунжиі Сіләм Әлжанұлы, құрметті қазақ Құрманғали Жақыпұлы, би Жанкедей Қойтыұлы, би Ережеп Ноқайұлы қолдарын қойды.

Болыс Иса Кенбасұлы, болыс Қабанбай Қошқарұлы, би Үсен Қалабайұлы мөрлерін басты. Құрметті қазақ Қалматай Есенқожаұлы таңбасын басты. Би Қаумен Аманұлы қолын қойды. Зайсан дуанының болысы Бекеш Шаянбайұлы, болыс Билеуші Босқымбайұлы, би Жұмақан Қисықұлы, би Қохаш Есенгелдіұлы қолдарын қойды. Болыс Ақшал Қожабергенұлы, болыс Төркімбай Жақсыбайұлы, би Жайсаңбай Елемесұлы, би Батбақбай Тілеуұлы, би Қайрамбай Қуандықұлы мөрлерін басты. Сиез бастығы Өскемен оязы Маевский қолын қойды. Семей оязының лауазымын ада қылушы Казанцев, Зайсан приставының помощнигі Нарбот, Қарқаралы оязының старший помощнигінің лауазымын ада қылушы Айтбақин қолдарын қойды һәм әскери губернатор Цеклинский қолын қойды.

Араб әрпімен осындай мазмұнда жазылған кітапшаның ең аяғында «Верно: переводчик Асанов» деген орыс тілінде жазылған жазу бар.

## АБАЙ АФОРИЗМДЕРІ

*Алланың сөзі: «Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр»  
(Нахл, 125)*

*«Следовать за мыслями великого человека  
есть наука самая занимательная»  
А.С. Пушкин*

Абай өз заманының айтулы білгірі, жүйрігі еді, аты ел аузына ерте іліккен. Бұл пікірімізге дәлел – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» дейтін мақаласында (1913) былайша жазған еді: «Қазақты меңгеріп, халыққа араны жүріп тұрған төрелермен өкесі Құнанбай таласқанда, Абай өкесіне серіктікке жарай бастаған. Жиырма жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған.

Ел ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің билігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдерінің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мысалдар сияқты нәрселерді көп білген екен». Осынау асыл пікір – Абайдың тұлғалық қасиетін айқындайтын толық сипаттама. Оның тыңдау, сөйлеу, кесім-билік айту өнерінің үстіне Ахаң Абай шығармашылығына тән – «ой шеберлігі», «сыншылық», білімділік, көсемдік, «үлгі шығарып, өнеге жайғыш» яки тәлімгерлік, ұстаздық орасан қабілетін көрсеткен. Мінеки, Абайдың қайраткерлік, білімдарлық тұлғасы, көзқарасы ерте қалыптасқан.

Екіншіден, Ахаң айтады: «1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті». Және де «Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ». Демек, Абай сөздері өз дәуірінде ауыздан-ауызға көшіп, қазақтың рухани тіршілігімен жарыса, біте қайнасып кеткен. Сонан соң қолжазба күйінде тараған. Бұл ретте ол орыстың ойшыл ақыны араб-парсы өркениетін жетік білетін жетелі білімдар А.С.Грибоедов «Ақылдың азабы» («Горе от ума») комедиясы қолжазба күйінде қырық мың данамен тараған екен. Осы комедиядағы қанатты жолдарды Пушкин, Лермонтов, Белинский, Гоголь, Герцен, Добролюбов, Гончаров, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Писемский, Островский, Лесков, Достоевский, Толстой, Мамин-Сибиряк, Чехов, Куприн, Блок, Горький және т.с.с. сөз зергерлері әдеби-көркемдік тұрғыдан шебер пайдаланған.

1894 жылы жарияланған «Ақылдың азабы» толық сөздігінде (В.Н.Куницкий) 61 афоризм жинақталған, Н.С. және М.Г.Ашукиндердің «Қанатты сөздер» дейтін сөздігінде [33,121]) 59 афоризм. А.С.Грибоедов афористикасы бойынша зерттеу жасалған В.А.Скогорев 160 афоризмді көрсеткен. А.С.Грибоедов комедиясының афористік табиғатын одан әрі зерделеп-жүйелеген С.Коваленко халықтық тілді байытқан А.С.Грибоедовтың 160 афоризмін қолданысқа енгізген [34, 480.].

Мұны айтып отырған себебіміз – халық асыл, қанатты сөздерді қадірлейді, рухани нәр – қорек, қоғам, заман игілігі есебінде қабылдайды. Кітап түрінде тарау шарт емес.

Абайдың ғақлия, қанатты, нақыл сөздері 1) я қолжазба түрінде, 2) я болмаса ауыз-екі түрінде кең тарады дегенге ой көзімен барласақ, оның афоризмдерінде даналық, шыншылдық, өткірлік, көркемдік, сұлулық, қоғамдық, тұрмыстық ахуал болғандықтан.

Абайтану ілімі тарихында хакімнің ойын оймақтайғып жұтынтып жеткізген афоризмдерінің сөздігін жасау және мағынасын түсіндіру (Ахаңның «Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды» дегені бар) керектің керегі.

Мың бояулы, мың әуезді Абай афоризмдерінің 1) танымдық, 2) тағылымдық, 3) ғылымдық, 4) мінез-құлықтық, 5) тарихилық, 6) еңбекшілдік, 7) тағдыранықтағыштық, 8) әлеуметтік, 9) заманауи, 10) стратегиялық, 11) интеллектуалдық, 12) ұлттық дүние тану, 13) пәлсапалық-психологиялық, 14) лингвистикалық, 15) магиялық, 16) жалпыадамзаттық құндылықтар, 17) мақсаткерлік қырларын айқындау ләзім.

Әділеттің туын асқақтата ұстап, адамшылықтың ақ жолында жүріп, ақ сөйлеп, адал еңбектенсе де тоғыз түрлі амалы, тоқсан тоғыз бұқтырмасы бар екіжүзді оңбастар турасында айтқаны:

*Күшік асырап, ит еттім*

*Ол балтырымды қанатты.*

*Біреуге мылтық үйреттім,*

*Ол мерген болды, мені атты.*

Ел басқару, ел тілегін орындау, әділетті іс жасау, дұрыс жолға салу күрделі шаруа – Абайдың өзі құрметтеген Байкөкше ақынның (1813-1892): «Меңгерсең елді жөндеп меңгер, Абай, Аз бен көпті салмақтап теңгер, Абай! Туысының зорлығын тияды деп, Тілеуіңді тілеп жүр, кемдер Абай» дегенінен елдің сыны, талқысы, тілегі қандай екенін көруге болады. Ердің сөзін сөйлеген, елдің көзін ашуға қуат-күшін жұмсап, үкідей ұшып жанқиярлықпен қызмет етсе де дегеніне жетпеген, меселі қайтқан, мысы құрыған Абайдың зар сөзі:

*Күйлі, күйсіз бөйгеге*

*Қажыды көңілім көп шауып.*

*Көп қинамай өрнеге,  
Енді семірт жем тауып!*

*(«Домбыраға қол соқпа»)*

Құйындай ұйытқыған, сағымдай толқыған жұрттың ырқында кетпе, «Аяз би әліңді, құмырсқа жолыңды біл», – деген қағиданы мақтан тұт. «Сөз бейнет болар, бөз көйлек болар». Біреудің аузын бақпа, жағыңды ашпа. Жақсы өдет, жақсы машық, жақсы ниет, таза ой, адал еңбек – рухани серігің, қолдаушың болар деген ой айтады.

*Төңкеріліп құбылған, жұрт – бір сағым,  
Шынға шыңдап, қоса алмас ынтымағын.  
Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің,  
Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым!*

*(«Жапырағы қуарған ескі үмітпен»).*

Абайдың индивидуалдық-тұлғалық қызметінде ұлттың игілігі, тілі, санасы, рухы үшін ұлы істерді де атқарды. Сонымен бірге тағдырдың тауқыметі мен қасіретін де көрді, көнді. Заманның алдында жүрді. Ақиқатты, әділдікті қасиетті тұмардай ұстады. Сондықтан да оның өлеңдерінде өмір тәжірибесі, тағдыр төмсілі, адамшылық өнегесі барынша терең, толық пайымдалды.

\* \* \*

*1. Асаған, ұрттағанға ез жұбанар,  
Сенімді дәулет емес сен қуанар.  
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,  
Қардың суы сықылды тез суалар.  
(«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей»)*

*2. Сүйер ұлың болса, сен сүй,  
Сүйінерге жарар ол.  
(«Ата-анаға көз қуаныш»).*

*3. Қайтып келер есікті,  
Қатты серіппе, жарқын-ау!  
Жетілсең де, жетсең де,  
Керек күні бір бар-ау.  
(«Ішім өлген, сыртым сау»).*

Дүние құбылыстарын саралап тану үшін – білімдінің дархан лебізін ілтипатпен көңіл зердесіне қондыратын мына бір ойлы пікіріне ден қояйық:

*Білімдіден шыққан сөз  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз*

(«Білімдіден шыққан сөз»).

Бұл – Ұлы даланы мекендеген бабаларымыздың баға жетпес тағылымы.

*Жасаулы деп, малды деп байдан алма,  
Кедей қызы арзан деп құмарланба!  
Ақылы бар, ары бар, ұяты бар,  
Ата-ананың қызына гапыл қалма!  
Ары бар, ұяты бар үлкенген сен,  
Өзі зордың болады ығы да зор.*

(«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»).

Абайдың индивидуалдық-тұлғалық бітім-болмысы, ғұламалық көзқарасы, кемеңгерлік ұстанымы қандай дегенге мына бір ой-тұжырымдары дәлел.

*Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Дүние де өзі, мал да өзі,  
Ғылымға көңіл берсеңіз.*

(«Ғылым таппай мақтанба»).

Кесапатты, құтсыз, өнерсіз, өнегесіз сұмпайының кейшін былайша берген:

*Расы жоқ сөзінің,  
Ырысы жоқ өзінің.*

(«Сабырсыз, арсыз, еріншек»).

Қандай қоғамда болмасын билеушілер мен бағыныштылардың қарым-қатынасындағы қайшылықтарды шынайы бейнелегеніне жарқын мысал.

*Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Өлсідің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап.*

(«Болыс болдым, мінеки»).

Адам баласы өмір сапарында күншілдіктің отына да күйеді, жақсылықтың құшағына да бөленеді, сыбыр сөздің де құрбаны болады. Сонда өзіңнің белгілі бір бұлжымайтын мақсатың – ол ғылым. Сені ешуақытта қорлыққа, зорлыққа бермейді.

*Жайы мәлім шошқаның,  
Түрткенінен жасқанба.  
Бір ғылымнан басқаның,  
Кеселі көп асқанға.*

(«Мөз болады болысың»).

«Адамды бас жетелейді» дейтін қанатты сөз бар. Ендеше елді өрге бастап, өркендететін, өрелі, жетелі, ойлы бастамашыл бір толық адам (адамзаттың ілімі мен табиғатына жетік, адамгершілігі мол) елдің басына сәулетті заман орнатады деген ойды жеткізген.

*Көп шуылдақ не табар,  
Билемесе бір кемел.*

Адамның азғынын ұзынша құйрығында улы безі, өткір тырнағы бар шаянға теңеген:

*Құйрығы шаян, беті адам,  
Байқамай сенбе құрбыға!  
Жылмаңы сыртта, іші арам,  
Кез болар қайда сорлыға.*

Пайғамбар хадисінде: «Жақсылықтың ең жақсысы – дос болған адамыңмен өкесі қайтыс болғаннан кейін де достықты сақтау» деген ғибрат бар. Досыңа қамқор, дұшпанға әділ бол. Кез келген шаруаны ақылмен орап, сабырмен саралаған дұрыс дейді.

*Досыңа достық – қарыз іс,  
Дұшпаныңа әділ бол!  
Асығыс түбі – өкініш,  
Ойланып алмақ – сабыр сол.*

(«Жастықтың оты жалындап»).

Өмір-тіршіліктен түйгені, көргені, естігені мол тәжірибелі табаны жалпақ тарлан боздың тиянақты көзқарасы осындай:

*Өмір, дүние дегенің,  
Ағып жатқан су екен.*



*Жақсы-жаман көргенің,  
Ойлай берсең, у екен!  
(«Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?»).*

*Жетім қозы – тас бауыр,  
Түңілер де отығар.  
(«Жүрегім, ойбай, соқпа енді!»).*

Артына алтын із, алтын сөз, өшпес өнеге қалдырған  
дананың рухы өлмейтіні рас.

*Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.  
(«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес»).*

Әбдірахман ізгіліктің шырағы, рухани сұлулықтың,  
білімпаздықтың пырағы болса, ал Абайдың өзі ескі заман  
мен жаңа заманды жалғастырған алтын көпір еді.

*Жаңа жылдың басшысы – ол,  
Мен ескінің арты едім.  
(«Әбдірахман өліміне»).*

Алғыр ойлы Әбдірахманның ересен ой еңбегімен  
шұғылданғанына сай нақты болмысы осы.

*Талаптың мініп тұлпарын,  
Тас қияға өрледің.  
Бір ғылым еді іңкәрің,  
Әр қиынға сермедің.  
(«Әбдірахман өліміне»).*

Сөздің жаны – рух, мейірім, тазалық. Ой-пікіріңнің  
тереңдігіне, мәніне үңілмей, үздігіп тексермесең, жел-  
ге ұшқан қаңбақтай айдалаға безіп кетеді. Егер де айтар  
ойыңды, сөзіңді жан-төніңмен, құмарлықпен толғасаң,  
шапағаты мол болмақ.

*Ақылмен ойлап білген сөз  
Бойыңа жұқпас, сырғанар.  
Ынталы жүрек сезген сөз  
Бар тамырды қуалар.  
(«Қуаты оттай бұрқырап»).*

Абайдың заманы, қоғамы қандай дегенге осы бір  
афоризмі нақты айғақ. Ойшылдың сыншылық көзқарасы

да тайға таңба басқандай.

*Атымды адам қойған соң,  
Қайтіп надан болайын?  
Халқым надан болған соң,  
Қайда барып оңайын?!*

(«Жүректе қайрат болмаса»).

Осындайда Софы Аллаярдың «жолбастаушы пір болмаса, шайтан мойныға тұзақ пен қақпан салар» дегені еске түседі.

Қазақтың ескі сөзінде «айда аяқ жоқ, жылда жілік жоқ» деген сөз бар. Ендеше, Абай судырлап ғасырлар, бұлдырап ғасырлар құрдымға жоғалып жатқанын «Желге мінсең, жеткізбес» деп түйген.

*Күн артынан күн туар,  
Бір күн дамыл еткізбес.  
Ой артынан ой қуар,  
Желге мінсең, жеткізбес!*

(«Күн артынан күн туар»).

Бұл шумақтың мән-мағынасы – қырмызыдай құлпырған алтын шақтың баянсыздығы, тұрлаусыздығы.

*Құдай-ау, қайда сол жылдар,  
Махаббат, қызық мол жылдар?!  
Ақырын, ақырын шегініп,  
Алыстап кетті-ау, құрғырлар!*

(«Есіңде бар ма жас күнің»).

Құбақандай құбылған, түлкідей айлакер, опасыз екіжүзділердің бет-бейнесін, іс-әрекетін келісті көрсеткен:

*Бір көрмеге тәп-тәтті,  
Қазаны мен қалбаңы.  
Дөң айналмай ант айтты,  
Бүксіп, бықсып ар жағы.*

(«Дүтбайға»).

*Күн жауғанда қойнында,  
Күн ашықта мойнында.*

(«Бөтен елде бар болса»).

Елді ұйытатын саналы, санаткер ер болмаса, жұртта сиырдың бүйрегіндей бытырап, шілдің боғындай тозып

кететіні, ел нені тиянақ ететінін білмей дағдарғанда есті кісі өзінің дұрыс жолын таңдап, өткінші жайларға, көбік сөздерге мән бермей, өз аузына, өз тағдырына сақтықпен қарап, қорғаса, күндердің күнінде күні туады.

*Төңкеріліп құбылған жұрт – бір сағым,  
Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағым.  
Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің,  
Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым!*

(«Жапырағы қуарған ескі үмітпен»).

Менмендік, ойсыздық жарға жығады. Адамның тағдыры өз қолында. Өзіңді түзу жолға, берекелі іске бастауың керек-ақ. Ғылым ғана тіршіліктегі пәле-жалаладан сақтандырады деген ой сарындары бар.

*Мен боламын демендер,  
Аяқты алшау басқанға.  
Екі көзің аларып,  
Құр қарайсың аспанға.  
Бір ғылымнан басқаның,  
Бәрі де кесел асқанға.  
Өйткені адам жолығар,  
Кешікпей-ақ тосқанға.*

(«Мен боламын демендер»).

Абайдың суреткерлік қолтаңбасына тән сипаттарды айтар болсақ, бастан-аяқ шымыр, жинақы, ішкі мазмұны мен сыртқы пішіні тонның ішкі бауындай жақын, соншалықты пікірге бай үздік көркемдік мүлік.

Абай поэзиясындағы афоризмдер табиғатын түсіндіру барысында оның «Әсемпаз болма өрнеге» дейтін өлеңінің көркемдік жүйесі кесек-кесек, лек-лек, лепті, лебізді афористік жолдардан тоқылған. Ақыл-ойға кемелдігі, сыр-сезімге тереңдігі, көрегендігі, шеберлігі бір-бірімен үйлескен. Алты шумақ – даналық дәрісіндей, өмір оқулығындай қабылданады.

*Әсемпаз болма өрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан!  
Сен де бір кірпіш дүниеге  
Кетігін тап та бар қалан!*

«Мен және маған дейін дүниеден озған пайғамбарлар

үй салған құрылысшылар сияқтымыз. Сол бір үйдің қабырғасында бір кірпіш жетпейді. Мен сол кірпішпін...» деген Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар хадисімен рухтас.

Тегінде, осы өлең тұтастай поэзиялық қасиеттерге бай, жүрек пен сананың тіліне негізделген афоризмдер десек те болады.

Жинақтай айтқанда, Абай афоризмдері – ұлттың көркемдік ойлау табиғатына сиқыр бір ағын қосқан, ұлт тілінің интеллектуалдық сферасын (өрісін), өлеуетін байытқан деуіміз әділдік болады.

## ПОЭЗИЯ ЖӘНЕ МУЗЫКА

*«Біздің қыстақта балдырған уыз жас бар,  
мен де сондай мәңгі бақи балғынмын, біздің  
қыстақта көне заманның өзіндей қария бар,  
мен де сондай мәңгі бақи қариямын».*

*Рабиндрнат Тагор*

«Келешекте өнердің мазмұны – адамдардың бірігіп бірлесуі мен байланыстыратын тек қана сезім болады, ал өнердің түрі барлық адам баласына түсінікті болғаны дұрыс. Олар: 1) тұжырымды, 2) анықтық, 3) айтылымның қарапайымдылығы» деп жазады данышпан Лев Толстой [35, 201.].

Ия, сезім дегеніміздің өзі – сұлулық. Шэфтсберидің (1670-1713) айтуынша, сұлулық рух арқылы көрініс табады. Құдай – сұлулықтың өзі, сұлулық пен жақсылық (добра) бір қайнардан шығады.

Баумгартеннің (1714-1762) көрсетуінше, логикалық танымның объектісі – ақиқат та, эстетикалық танымның объектісі – сұлулық. Сұлулық – кемелденген сезім арқылы, ақиқат – ақыл-сана арқылы, жақсылық – мінез-құлық, жақсы қылық арқылы көрінеді. Сондықтан сұлулық: 1) құдайлық құдіретке, 2) өнер дүниесіне, 3) табиғат өлеміне тәуелді. Өнер дүниесіне байланысты айтқанда,

шығарманың 1) сыртқы сымбаты, 2) идеясы, 3) стилі. Осы бір түйінді тұжырымдарды йіріп-үйіріп айтқанда, заманының дәрі, дүлдүлі Абайдың махаббат жайындағы өлеңдеріндегі жүзіктің көзінен өткендей мінсіз суретті сөйлемдер – сезім шындығы мен сұлулығынан жаралған, *«имани сыр»* салтанатына еркіндік туғызған. Демек, сөз – көңіл гүлі, жүрек сыры. Абайдың күйлі сөздері мен қуатты ойлары рухани энергияға айналып, оқырман санасын, рухын, жан-тәнін билейді. Бұлардың үстіне Абайдың сыршылдығының негізі де құпия ойшылдықтың нақ өзі.

Абай үш ішекті домбыра шерткен. Сонымен қатар Ақылбай мен немересі Исрайыл да өнерлі болған (Жарқын Шәкәрім. Күй шалқытқан домбырада үш ішекті. «Президент және халық» газеті, 2019 жыл, 9 мамыр. №19-20).

Ұлы Дала перзенті, илхам шабыттың, интуитивтік қабылдаудың, ерекше психикалық феноменнің иесі Абай жұмбақ жаратылыстың көркем сырларын, сұлу әуезді үндерін, күйлерін, нәзік құбылыстарын, ішкі рухын музыка тіліне ұштасқан поэзия тілінде жүздеген ой-толқындары мен дауыс тербелістеріне, сөздің магиялық қуатына, гармониялық заңдылықтарына жүгінді.

Абайдың поэзиясын музыкамен біртұтас құбылыс деуге болады. Оның композиторлық өнері, шеберлігі өзі «ынталы жүрек, шын көңілден» тебіреніп-толқып шығарған өндерінің өзі байтақ та бай көркемдік әлемі, сұлулық күмбезі. Атап айтқанда, «Айттым сөлем, қалам қас», «Желсіз түнде жарық ай», «Бойы бұлғаң», «Біреуден біреу артылса...», «Есіңде бар ма жас күнің...?», «Жарым жақсы киім киіп...», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың шығарып берген жоқтауы», «Амал жоқ – қайттым білдірмей», «Қарашада өмір тұр», «Қарға мен бүркіт», «Қор болды жаным», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Өзгеге, көңілім, тоярсың», «Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма?», «Сен мені не етесің?», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сүйсіне алмадым, сүймедім», «Таңғажайып бұл қалай хат», «Төңірі қосқан жар едің сен», «Теректің сыйы», «Хұп білемін, сізге жақпас», «Ішім

өлген, сыртым сау», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Сегіз аяқ». Ұзын саны – 26. Және де «Май түні», «Тор жорға» дейтін күйлері бар. Бұларды Ғайса Сармурзин (1904-1987) жеткізген. Елдің рухани өмірінде тамаша із қалдырған Абай ақындықтың да, хәкімдіктің де, қайраткерліктің де, тәлімгерліктің де, ізгіліктің де, әділдіктің де, билік айтудың да тізгінін тең ұстаудың үстіне, композиторлығын домбырашылық өнерге де жалғастырған. Өз әндерін орындаушыларды домбырашылдығымен сүйемелдеп те отырған. Ұлы ақынның әндерін Әміре Қашаубаев, Нәзипа Құлжанова (1887-1934), скрипкашы, күйші Әлмағамбет Қапсәлемұлы (1870-1932), Мұстапа Нұрбаев, Осман Қашағанов, Жүсіпбек Аймауытов (1889-1930), Ескендір Дайырбаев, Мұсылманқұл Әбсалықов, Серғазы Тамтаев, Кәрім Қашқымбаев, Мұхтар Әуезов (1897-1961), Жүсіпбек Елебеков (1904-1977), Сәбит Мұқанов (1900-1973), Әрхам Ысқақов (1885-1962), Ғайса Сармурзин (1904-1987), Мәкен Тұрағұлқызы (1892-2001), Қуан Леке-ров, Темірболат Арғынбаев, Көсембек Байғұтдинов сынды халық әншілері мен ұлт зиялылары орындаған.

Абай поэзиясының полифониясы, пластикалық толқындауы, семантикасы, стилистикасы музыка тіліне де сай жаратылған. Әр сөзі музыкалық, магиялық, гармониялық, көркемдік қасиеттерге бөленген. Сондықтан да ұлт ақынының поэзиясы мен музыкасы рухтас, тамырлас дүние.

Абай поэзияның ұшқыр тілімен поэтиканың ең негізгі, ең басты шарттарын айқындап, барынша тамылжытып-сипаттап айтып берген. Оның үстіне поэзияның халықтың әлеуметтік, рухани-мәдени тіршілігінде қандай әсерлі, құдіретті қару екендігін өлеңдерінің акустикасынан да (дыбыс әуезі, дыбыс естілуінің күйі), дикциясынан да (мақамдап айтылуы, сөз, буынның айқындығы), декламациясынан да (көркем оқуға, мәнерлеп айтуға арналғандығы), фонетикалық гармониясынан да танытты. Бұлар өлеңнің құрылымына байланысты бірегей көзқарастар жүйесі деуге толық айғақ-дәйектемелер. Енді соларға кезек берейік:

1. *Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.*

*Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі – надан,  
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.*

*Әуелі аят, хадис – сөздің басы,  
Қосарлы бәйітсымал келді арасы,  
Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын Пайғамбар мен оны Алласы.*

*...Өлеңге өркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,  
Қазақтың келістірер қай баласы?*

*(«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»).*

Айтушы мен тыңдаушыны бір сілкеді де, сонан соң:  
*Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяңдап, – дейді.*

2. *Сылдырлап өңкей келісім  
Тас бұлақтың суындай,  
Кірлеген жүрек өзі ішін  
Тұра алмас өсте жуынбай.*

*Тәңірінің күні жарқырап,  
Ұйқыдан көңіл ашар көз.  
Қуатты ойдан бас құрап,  
Еркеленіп шығар сөз.*

*(«Адамның кейбір кездері»).*

Абайша айтсақ, ақындық «Тәңірінің берген өнері». Толқып құйылған әуез, күмбір қаққан мақам-сарын, қилы-қилы құбылмалы мөлдір әуенмен ой толғау бар.

Баяғыда Ғайса пайғамбар тумастан үш мың жыл

бұрын Қытай патшалары «Ли» нәсілінен болып тұрған уақытта Пекин шаһарында көшеде бір өлеңші ақын пайда болыпты-мыс. Сол ақын тамаша бір жыр сазымен Қытайдың оңтүстік жағын мақтап өлеңге қосыпты. Сол ақынның ныспысы Ин-Цза екен. Соның өлеңіне қандай тасжүрек кісі болса да бойы қорғасындай еріп кетеді екен. Бірде патша шақырып, өлең айттырады. Патшаға өлеңі өте-мөте ұнапты. Сонда патша шайырға айтыпты: «Саған не сый қылсам керек?» деп. Сонда өлеңші: «Маған дәулеттің керегі жоқ. Атым, тамағым бар. Ұлық патша Сізден сұрайтыным бар. Менің атымды шығаратын маған бір жұмыс тапсыр» дейді. Сонда патша: «Жарайды, бір нәрсе тауып алып кел, өзі сенің даусыңдай сыңғырлап, сылдырлап үні шығып тұрсын» деді.

Өлеңші «мұны қайдан табам» деп, ұбақ-шұбақ шаһарларды кезіп, көп қарап жүріпті. Әрбір темір дауыстылы нәрселерді сарсыла-сарғая іздеп, ширек ғасыр бойы Қытайды қыдырып, таба алмай сенделіп жүріп, биік таудың басында ұйықтап жатып, Қытайда сақалмен жүруге рұқсат жоқ заман екен, пышағын алып, ақ сақалын қырқып, төмен ойға тастапты. Сонда байқаса сақалының қылдары барып түскенде тасқа тиіп, сылдырап бұрынғы өзінің дауысындай әуез шығарады. Сонан ақын төменге түсіп, сақалының қылдарын жинап алып жүрсе, қыл дегені қатты сылдырап тұрған шыбықтар. Таңданып, шаһарға әкеліпті. Сонда патша сол тапқан жерді жақсылап қаздырып, сол нәрсені ақынның ныспысымен Ин-Цза деп айтады деді. Қытайда күмісті осы күнге шейін Ин-Цза дейді екен. Күмістің шыққан туралы Қытайда бұрынғыдан қалған сөз. Поэзияның құдірет-қасиеті, сөздің сиқыры мен сыңғыры – бағзы заманда-ақ киелі саналған.

- 3. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,  
Көңлінің көзі ашық, сергек үшін.*



Немесе:

*Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.*

*(«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»)*

4. *Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең.*

*Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсың,  
Айтсаң да, үддасынан шыға алмайсың.  
Сен білмейді екен деп айтпасын ба,  
Неге мұнша сіресіп, құп алмайсың?*

\*\*\*

*Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,  
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.  
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,  
Оған кімнің ұнасар таласуы?*

*Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді,  
Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді.  
Қадірін жақсы сөздің білер жанға  
Таппай айтпа оған да айтар кезді.*

*Сый дәметпе, берсе алма, еш адамнан,  
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?*

*(«Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол»).*

Абайдың ғажайып ақындық мұрасы – құрыштан құйылған қуатты да күрделі, серпінді де өміршең философиялық толғамдарымен, дариядай толқыған ағынды да таза мөлдір ойларымен, асқан поэзиялық мәдениетімен, кеңістіктей өлшеусіз ұшқыр қиялымен, дүниетаным тереңдігімен, ұлттық рухымен, танымдық, жалпыадамзаттық құндылықтарымен, музыкалық архитектуралық байлығымен қымбат.

Абайдың «Жастықтың оты, қайдасың» өлеңінің образдық-бейнелілік жүйесін тұтастай қарастырғанда

өзгеше бір күйлі, сырлы өлем. Кейіпкердің ішкі терең сезімін экспрессивтік-эмоционалдық бояу нақыштармен, көркемдік құндылықтармен жеткізеді. Абай жан мен тән қуатын сарқа жұмсайды.

*Жастықтың оты, қайдасың,  
Жүректі түртіп қозғамай?  
Ғылымның біліп пайдасын,  
Дүниенің көркін болжамай?*

*Адамның тауып айласын,  
Кісілікті ойламай.  
Қаруын көңіл сайласын,  
Қолға от түспес бойламай.*

*Махаббат, қызық кім көрер,  
Оның да дәмін татпаса?  
Біржола басты кім берер,  
Жаныңа қайғы батпаса.*

*Аямай жанын дос ерер,  
Жолдастықты ақтаса.  
Алдыңа айдап кім келер,  
Ерінбей жүріп бақпаса.*

*Мал бақпақтық шаруа боп,  
Адал тауып асықпай,  
Құр айғаймен әуре боп,  
Өнердің жайын баса ұқпай.*

*Енді нені істейміз,  
Бәрінен де бос қалдық?  
«Ауызға келіп түс» дейміз,  
Қылып жүріп құр салдық!*

Метафоралық-образдық ойлаудың күші! Көркемдік мақсаты, таным тереңдігі, поэзиялық сипаттау жоғары дәрежеде ұйымдасқан.

Абай көркемдік әсерлілік тудыруға, жанды-жансыз нәрселерді ойландырып сөйлетуге ұста.

*Күлімсіреп аспан тұр,  
Жерге ойлантып әрнені.  
Бір себепсіз қайғы құр,  
Баса ма екен бендені?*

Гете туындатқан «Жолаушының түнгі жыры» орыстың жез таңдай жыршысы М.Ю.Лермонтов сезімін қытықтап, санасына сәуле шашып, көкірегін күмбірлетіп, орыс тілінде саңқылдап сөйлесе, мұны сап таза күйінде

Ұлы Абай:

*Қараңғы түнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,  
Түн басады салбырап.*

*Шаң шығармас жол-дағы.  
Сілкіне алмас жапырақ  
Тыншығарсың сен-дағы  
Сабыр қылсаң азырақ, –*

деп, соншалықты іңкәр нәзік сезіммен, тамыршыдай дөп басып, мөлдірете аударған.

«Гете өлеңіндегі қозғалыссыз, қалтқысыз түн суреті Лермонтовтың қайта баяндауында кеңірек қанат жайып, жандана түседі де, Абай аудармасында әлдеқайда ширақ серпін алады» [36,7].

Абай табиғатты, даланы тірі, жанды күйге бөлеп, адамның сезіміне әсер етіп, жасырын сырын тауып суреттейді. Бұл орайда В.Г.Белинскийдің Гете мен Пушкинді салыстырғаны еске түседі. «Пушкин табиғатты дәл және тірі қалпында көреді, бірақ жасырын тіліне сүңгімейді. «Суреттейді» алайда «ойламайды». Адамның сезімін оятып өркендетуде, ол Гетеден озыңқырап та кетеді».

...Гете – мыңғырап тұрған ақыл. «Оған бойына сақтаған барлық жасырын сырын да айтқызады». «Абай қазақ тілінде сезім, ой толқындарын сөзбен қалай сыртқа шығарудың тәсілдеріне үйретті, ойын сөз арқылы білдіруге шебер екенін танытты, сонымен бірге қазақ поэзиясының құнын асырды, қазақ тілінде терең сезімді айтып бере алғандығын көрсетті, көркемдігі мол қазақ поэзиясының

өрісін кеңейте түскендей өмір көрсетті. Өресіне жетпей жатқан бұрын айтылған ақындық ойды өресіне жеткізе айта білді, қалпына толық келіп үлгірмеген шумақ, ырғақ түріне дәлділік, айқындық бере білді, сөйтіп, қазақ поэзиясына зор үлес қосты» [37, 71-72.].

Абайдың әрбір поэзиялық мұрасы бояуларымен, әсемдік, әуездік, сұлулық сырларымен, құйқылжыған әуенді күйлерімен қымбат. Түптеп келгенде, Абай өлеңі таным, көркемдік, тіл тұрғысынан алғанда, ғайыптың көркем лебізіндей метафораларға мейлінше бай. Бұларда ақыл-ойдың да, қиялдың да, сезімнің де, шеберліктің де шарықтауы бар.

Мәселен:

*Өзіңе сенбе, жас ойшыл,  
Тіл өнері дертпен тең,  
Көңілдің жүгін қиял қыл,  
БІзаға тұтқын бой мең-зең.*

*Қасиет тұтып, ойға ұмтыл,  
Қан қайнап, қуат егілсін!  
Онан көрі еңбек қыл,  
Улы сусын төгілсін!*

*Ойлай берсең, ой деген  
Не қызыққа келер кез.  
Кісі айтпаған, білмеген,  
Күй әдемі, тәтті сөз.*

*Тыңдама оны, ұмыт сен,  
Бүркен-дағы, бар да жат.  
Тамылжытып айтқанмен,  
Қыла алмассын сен қымбат.*

*Кез болсаң қайғы я зарға  
Құрсатса тілді ұмтылтып,  
Алып шықпа базарға.  
Асаудайын бұлқынтып.*

*Қайғы-дертің мейлі мың,  
Саудаға салмақ өзіңе ар.  
Жаныңа түскен жараның  
Іріңін нетсін надандар.*

*Біліп оған не керек,  
Ішіңнен қайғы жемесең,  
Жалтаңдаған жас жүрек  
Байғұс-ай десін демесең.*

*Өз бойыңа болып сақ,  
Жан-жағыңа қараңдар!*

Ақылдың, көңілдің, метафоралық құбылыстың кенересі һәм толқындауы соншалықты тегеуірінді.

Абайдың көркемдік ойлау жүйесінде өлең сөйлемдерінің стилистикасына тән сипаттардың бірі – әрбір сөз, сөз тіркесінің ішкі бұрқыраған серпінді қуаты, ішкі динамизмі, ішкі драматизмі дер едік. Ол білімдар, зиялы, талғампаз оқырманын қыл ұшында, ұстараның жүзінде қылпылдатып ұстайды. Және де ішкі көркемдік логикасы да тастүйін, бейнелегіш-суреттегіш құралдардың барынша мүмкіндіктерін пайдаланады.

*Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп,  
Ойлама отсыз, ойсыз, суық жан деп.  
Жүректегі жалынды көзден жас қып  
Ағызғаным болады ол неге сеп?*

*Антұрған ел көзіне тік қараймын,  
Сонымды сен сөгеді-ау деп ойлаймын.  
Жүрегімді кескілеп салып жүрген  
Арсыздарды досым деп неге аяймын?*

*Ішімде қайғым қалың, көз жасым кем,  
Адам жоқ, кімді дос деп мен шағушы ем?  
Әйел – адам гүлмен тең, дымды сүймек,  
Көзінен жасы шықса, бойына ем.*

*Көңіліңе дайын тұр ғой жайым менің,  
Дұшпандығың қатайған шығар сенің.  
Егер менің ішімді жарып көрсең,  
Жылауыңды ұмытып, шошыр едің!*

Стилистикалық, семантикалық, метафоралық-символикалық мәні зор «отсыз, ойсыз, суық жан», «жүректегі жалынды көзден жас қып», «жүрегімді кескілеп», «Әйел – адам гүлмен тең, дымды сүймек», «Егер менің ішімді жарып көрсең, Жылауыңды ұмытып, шошыр едің» дейтін отты, көркем сөйлемдер поэзиялық сана тұрғысынан да, өмір шындығы тұрғысынан да бағалы.

Абай өлеңі – тағылымдық қырларымен де келісті. Себебі, оның тәмсілінің өзі өмірлік бай тәжірибесімен, поэзиялық, афористік, тапқырлық қасиеттерімен бағалы. Бұған дәлел:

*Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,  
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.  
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.*

*Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,  
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.  
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,  
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?*

*Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,  
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.  
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,  
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.*

Бұл шумақтарда ақылгөйлiк жоқ, ой, сезiм сәулесiне бөленген көркемдiк сыр, адамшылықтың, iзгiлiктiң суретi бар.

\* \* \*

**Ұйқас** – тiл байлығының, тiлдiң әуездiлiк мүмкiндiктерiнiң көрсеткiшi. Абай ұйқас мәдениетiн өркендетуде, түрлендiруде, өлең сөздiң әвфониясын көркейтуде зор үлес қосқан сөз зергерi. Александр Блок айтқандай, ақын – үндестiк ұлы, сөз бен дыбысты үйлестiредi. **Гармония** –

ғалам келісімінің көрінісі, көркемдігі мен сұлулығы. Енді ақынның ұйқастыру шеберлігіне көшейік. Яғни бір ұйқасқа қаншама сөз үйлестірген.

1. «Келдік талай жерге енді» өлеңіндегі ұйқасымдар: Жерге енді – көрге енді, бергенді, ергенді, белге енді, желгенді, сергі енді, кергі енді, өрбі енді, тербенді, елге енді, жеңгенді, өңге елді, көнгенді, шімренді, үйде енді, біз де енді. Сонда 1 сөзге 17 сөз ұйқастырған.

2. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінің ұйқас кестесі мынадай: Жұртым – мұртың, ұртың, сыртың, қыртың, ұйқың, бұртың, сиқын, ырқын, құлқын, жылқың, шырқың, тырқың, қырқың, қылпың, жыртың, астыртын. Демек, 1 сөзге 17 сөз үйлестірген.

3. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінің бірінші тізбегінің ұйқасы: Сарасы – данасы, айналасы, сөз арасы, бишарасы, бір парасы, басы, арасы, Алласы, ғұламасы, наласы, шамасы, таласы-таңдамасы, баласы. 15 сөзді ұйқастырған.

Екінші тізбегі бойынша: Барлап – қосарлап, қармап, сарнап, арнап, шарлап, жалдап, арбап, қарғап, таңдап, малды ап, даңдақ, мақалдап, зарлап, аяңдап, талап, қыздырмалап, мыңға балап, шабандап, табандап, жамандап, жалғап, қамдап, талғап-талғап, ұрлап-қарлап, алшаңдап, мұңдалап, талап, қалап, сабап. Бір сөзге 30 ұйқас келген.

4. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің ұйқас суреті: Шығады аңға – аңдығанға, аңшы адамға, із шалғанда, аңдағанда, самғағанда, шықса аспанға, құр қашқанға, шыбын жанға, жығылғанға, қыран паңға, ертең таңға, құйылғанда, қан майданға, қызыл қанға, шомылғанға, сыйлағанда, жасырғанда, жолғасқанға, дәл басқанда, түлкі алғанда, байланғанда, жайланғанда, өр қанғанда, құс салғанда, сұм жалғанда, ойланғанда. 1 сөзге 27 сөз үндестірген.

5. «Антпенен тарқайды» өлеңінің ұйқасы: Тарқайды – байқайды, алқайды, шалқайды, шаршайды, қайқайды, аңқайды, мал-жайды, қол жайды, ол тайды, жантайды, ол байды, болмайды, оңбайды, шалқайды, шонтайды, тарқайды, шайқайды. 1 сөзге 18 ұйқас.

Екінші кезегі: Кеңеске – емеске, демеске, жемеске, көнбеске, өлмеске, егеске, бермеске, сер кешке, көрмеске, өркешке, би кешке, білмеске, түсті еске, теңдеске, жемдеске, төрт-беске, өнбеске. 18 сөз ұйқасқан. Өлеңнің 9 шумағы да тұтастай шалыс ұйқасқа құрылған. Ұйқастардың семантикалық мағынасы көркемдік мазмұнға қызмет еткен.

6. «Болыс болдым, мінеки...» өлеңіндегі үйлесім: Далпылдап – жалпылдап, барқылдап, шаңқылдап, алқылдап, тарқылдап, сартылдап, аңқылдап, жарқылдап, шартылдап, тарпылдап. 11 сөз ұйқасқан.

7. «Әбдірахман өлгендегі» ұйқас өрнегі: Шәрбөтті – тербетті, бермепті, сермепті, кернепті, көрмепті, өрнекті, жерлепті, көрмек-ті, ермекті, келмепті, бөлмепті, көнбекті, өлмекті, керек-ті. 15 сөз ұйқасқан.

8. «Жаз» өлеңіндегі бірыңғай ұйқас суреті: Қылтылдап – ыңқылдап, шылпылдап, бұлтылдап, сымпылдап, былқылдап, сыңқылдап, жылпылдап, сылқылдап, қыңқылдап, бұрқылдап, аңқылдап, мақұлдап, қаңқылдап, жалпылдап, салпылдап, қутындап, жарқылдап, қарқылдап. Бір ұйқасқа 19 сөз бағындырылған.

9. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінің ұйқас өрімі: Ескермедім – тексермедім, кеш сермедім, өстер ме едім, жек көрмедім, деп бермедім, төске өрледім, дес бермедім, теріс көрмедім. 9 сөз ұйқасқан.

10. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңі бойынша: Бірінші ұйқас түзілісі: Маңдайлы – жайнайды, айды, байлайды, қайнайды, сайрайды, шалмайды, қисаймайды, бұраңдайды, ыңғайлы, таңдайды. 11 сөз ұйқасқан.

Екінші ұйқас түзілісі: Татпаған – жатпаған, батпаған, бұртақтаған, жыртақтаған, қыз жақтаған, сыр сақтаған, тыртақтаған, ой таппаған, бақпаған, бұлғақтаған. 11 сөз ұйқасқан. Ақынның ішкі интуициясы, көркемдік логикасы ұйқастырудың да жүйесін, тәртібін сақтауға мүмкіндік берген.

11. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңіндегі ұйқас өрнегі: Сергек – кермек, ермек, өлмек, келмек, өзгермек, жеңбек, көрмек, көнбек, еңбек, көлбек, шөлмек, білмек, жүрмек, өткізбек, ілмек, үйренбек, сенбек, бергек,



көтерілмек, жиренбек, бөлмек, бермек, дүрмек, күлмек, өкірмек, демек, өрмек, жемек, көмек, өршілденбек, бөлек-бөлек, әлек, меңгермек, теңгермек, келтірмек. Бір сөзге 36 сөз ұйқасқан. Тегеурінді, шиыршық атқан, намыстың отына шарпылған бұрқыраған ақындық, ойшылдық қуаттың нақты көрінісі.

12. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» өлеңіндегі ұйқас реті: Көп берем деп – тек берем деп, өп перем деп, өткерем деп, леп берем деп, жек көрем деп, бұлт берем деп, деп берем деп, серт берем деп, бет көрем деп, дерт көрем деп, бөксерем деп, ерік берем деп, бек көрем деп, кек көрем деп, еп көрем деп, шет көрем деп, жеп көрем деп. 24 сөзді қиыстырған.

13. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңіндегі нөпір ұйқастар: Біле алмай жүр – міне алмай жүр, күле алмай жүр, қыла алмай жүр, ала алмай жүр, тына алмай жүр, қуанбай жүр, мұңаймай жүр, ұялмай жүр, тұра алмай жүр, тыя алмай жүр, сұралмай жүр, тыға алмай жүр, құпалмай жүр, бола алмай жүр, жыға алмай жүр, шыға алмай жүр, біле алмай жүр, қана алмай жүр, оңалмай жүр, ұялмай жүр, тыя алмай жүр, сыналмай жүр. 24 сөзді үйлестірген.

14. «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» өлеңінің ұйқасы: Соқпақ – ұқпақ, қорықпақ, шап-шақ, алшақ, салтақ-салтақ, - ақ, апшақ, жалтақ-жалтақ, айғақ, қалталанса-ақ, т...-ақ, жасында-ақ, ыржаңдамақ, қоразданбақ, мол-ақ, олақ, шолақ, бақпақ, жақпақ, қақпақ. 21 сөз бір ұйқасқа көшкен.

15. «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» өлеңінің ұйқасы: Бозбалалық – ойланалық, қалалық, салалық, алалық, бадалық, жұбаналық, қуаналық, диуаналық, қаралық, бишаралық, табалық, баралық, аударалық, шуламалық, барлық, тарлық, сынарлық, құмарлық, шошынарлық, шалдуарлық, қыларлық, тоқтатарлық, табарлық, жарлық, саларлық, зарлық, ұғарлық, қуарлық, шығарлық. 30 сөзді ұйқастырған. Бір демнен, бір леппен, бір түйдекпен шығарылғандықтың нәтижесі.

16. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің ұйқасы: Десеңіз – жесеңіз, білсеңіз, көнсеңіз, тыйсаңыз, жисаңыз,

қисаңыз, көрсеңіз, сүйсеңіз, сөнсеңіз, берсеңіз, ерсеңіз, келсеңіз, жеңсеңіз, өлсеңіз. 15 сөз ұйқастырылған.

17. «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» өлеңінің ұйқасы: Сақалды – жанды, қалды, салды, ажарланды, мазаңды алды, шайқалды, шалды, айналды, малды, қамалды – көрі шалды. 12 сөз ұйқасқан.

18. «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңінің ұйқасы: Сау – ау, жау, япырмау, дау, шау, батыр-ау, бас асау, жайдары-ау, жабырқау, бау, алтау, тарау, ханталау, жарқын-ау, бар-ау. 16 сөз ұйқасқан.

19. «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңінің ұйқасы: Өуресі – әр несі, тәңір ісі, пендесі, сәулесі, кеудесі, пердесі, шаруасы, сәлдесі, жем жесі, өңгесі, кем кісі. 12 сөз ұйқасқан.

20. «Білімдіден шыққан сөз» өлеңінің ұйқасы: Сөз – кез, көз, тез, бойкүйез, мінез, без, жаз, бөз. 9 сөз ұйқасқан. Әр шумақты осылайша байланыстырған. Бір буынды ұйқас өлеңге ерекше реңк дарытып, дауыс толқындарын әсерлендіреді.

21. «Әбдірахманға» өлеңінің ұйқасы: Айтпаған – қайтпаған, тартпаған, татпаған, жатпаған, шатпаған, сатпаған, жақтаған, тоқтаған, таппаған, сақтаған, қақпаған, жақпаған, мақтаған. 14 сөзді ұйқастырған.

Асылы, Абай ұйқастарының 1) полифониялық, 2) полисемантикалық, 3) көркемдік әсерлілік, 4) гармониялық, 5) сөздік-лұғаттық, 6) стилистикалық ерекшеліктері айрықша. Бұлар суреткер интуициясының жемісі, тіл, мәдениет, мәтін деңгейінің жоғары ұйымдасқандығының көрсеткіші.

Ол «қазақтың тіл байлығын ұқсата білді», «сөз патшасы – өлең түрлерін өдемілеп сырлап, құндызша құлпыртқан Абай болатын» деп жазған еді әдебиет сыншысы Ғаббас Тоғжанұлы (Ғ.Тоғжанұлы. Абай. Алматы – Қазан, 1935. 128-бет).

\* \* \*

Абай поэзиясында қатарлас, қанаттас, мөлшерлес, теңдес лексикалық-грамматикалық өрілімі, суреттілік-семантикалық байланыстары үйлесімді, ұқсастыққа,

шамаластыққа негізделген һәм қайталауға құрылған поэзиялық сыр мен суреттерге бай сөйлемдер, яғни егіздеу (параллелизм) тәсілі кең қолданыс тапқан. Егіздеу тәсілі екі құбылысты өдемі салыстыру арқылы жасалады.

Поэзиядағы параллелизм – стилистикалық жағынан тепе-тең, мағыналас, мәндел сөйлемдер легі бір-бірімен тектес, төркіндес құбылыстар арқылы жасалады. Мұның екі түрі бар. Біріншісі, сөйлем құрылысы жағынан біркелкі де, екіншісінде, психологиялық тұтастық көрініс табады. Психологиялық параллелизм антика заманының синкретті өнерінде біртіндеп дами бастаған. Сыртқы және ішкі дүние құбылыстарының диалектикалық қарама-қарсылығынан яки болмыс пен таным иесінің арасында қайшылық байқалғанда психологиялық параллелизм туындайды.

Абай психологиялық параллелизмнің көмегімен ырғақтық және ұйқастық жағынан бірыңғай сөйлемдер құрады. Лирикалық кейіпкердің көңіл-күй, ой-сезім толқындарының өзгерісін, жан жүйесінің ішкі әлемін табиғат, жаратылыс құбылыстарымен астастырып, сабақтастырып, тұтас күйінде толғаудан туған көркемдік дәрежесі жоғары психологиялық параллелизмге Абайдың мына өлеңі айғақ:

*Көк ала бұлт сөгіліп,  
Күн жауады кей шақта.  
Өне бойың егіліп,  
Жас ағады аулақта.  
Жауған күнмен жаңғырып  
Жер көгеріп күш алар.  
Аққан жасқа қаңғырып,  
Бас ауырып, іш жанар.*

Ақын айтатын деген ойын, пікірін ғаламзаттың табиғи құбылыстары арқылы суреттеп, салыстырып сөйлегенде өлең сөздің әсерлілігі, мәнерлілігі еселене түседі. Ең бастысы, ақынның интуициясы мен көркемдік логикасы!

\* \* \*

Абай поэзиялық шығармасында бір-бірімен өзара, іштей байланыста рухтас, тамырлас екі құбылыстың,

бұйымның, заттың атын бірінің орнына бірін ауыстырып қойып жұмсауды тапқырлықпен қолданған. Сөздің, ойдың да зергері алмастырудың (метонимияның) сан қилы, алуан сырлы үлгілерін тауып, ұсталықпен пайдаланған. Мысалы: «Күшік асырап, ит еттім, Ол балтырымды қанатты. Біреуге мылтық үйреттім, Ол мерген болды, мені атты». Ақын іс-әрекеті жауыздыққа ұласқан жалмауыз, қанішер, өрттен де қауіпті ақымақ жанды суреттеген.

«Үйі мәз боп, қой сойды, Сүйіншіге шапқанға». Мұнда сүйінші сұрауға жүгірген адамдар мекендейтін тұрақ-үйдің өзі емес, ақын сол үй ішіндегі адамдарды айтқан. «Имансыздық намазда – Қызылбастың салған жол. Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел?!» Немесе: «Единица – жақсысы, Ерген елі бейне нөл. Единица нөлсіз-ақ, Не болады өңкей нөл?». Абайдың «қызылбас» дегені – дұшпанды, «шуылдақ» дегені – қара жұртты, «қой жүнді қоңыршаларды», «единица» дегені – «ел басы», «топ басы», көшбастаушы көсемді айтқаны.

\* \* \*

Абай ой-пікірін тегеурінді яғни алдыңғы сөзден соңғы сөздің алдыңғы ой сарын-толқындарынан кейінгі лебіздің, әдепкі құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының біртіндеп күшейіп, өрістетіп отыру мақсатында дамыту тәсілін шеберлікпен қолданады. Бұл көркемдік тәсіл архитектуралық, музыкалық құрылыс жүйесі ұқсас бірыңғай мінсіз сөйлемдердің іріктеліп шығуына, ой-пікірдің өткір, әсерлі айтылуына әрі мағыналық өрістің кеңейіп көркеюіне кең өріс туғызады: «Келдік талай жерге енді» деген өлеңіндегі «Сергі, көңілім, сергі енді!», «Үш, көңілім, көкке, кергі енді!», «Өрбі, сөзім, өрбі енді!» деген шумақаралық тармақтар түйдектетіп-жосылтып айтуға құрылған.

Немесе «Әм жабықтым, әм жалықтым» өлеңі де баяулату тәсіліне (дамыту әдісіне) негізделген. Бұған «Әм сүйіндім, әм түңілдім» жолы қосылады.

Хәкім Абайдың «Отыз жетінші сөзіндегі»: «Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады...» немесе «Бесінші сөзіндегі»: «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» деген жолдары дамыту тәсіліне жатады. Абай бір ұғымның өзін, әсерін яғни жақсылыққа ма, я жаманшылыққа ма, ұнамдылық жағы ма, ұнамсыздық жағы ма тереңдетіп өкетеді. «Үшінші сөзінде «жалқау кісінің» қорқақтығы, қайратсыздығы, мақтаншақтығы, ақылсыздығы, надандығы, арсыздығы, сұрамсақтығы, тойымсыздығы, өнерсіздігі, достығы, жоқтығы нақты көрсетіледі.

Мұндай стилистикалық тәсілге синтаксистік қайталаулар ойды да, сөзді де үсті-үстіне еселеп айшықтап айту тән.

*Өлді Оспан,  
Кетті шопан,  
Енді кім бар бақ қонар?  
Ұрла – қарла,  
Жұртты шарла  
Ойла, барла – не болар?*

*(«Кешегі Оспан»).*

Және де Абай буынның мағыналылығын (лапидарность) да ойластырған.

*Сөзі орамды, әр түрі жат,  
Және әдепті, және рас.*

*(«Таңғажайып бұл қалай хат»).*

Қазақ өлеңіне Абай енгізген шумақтың бір түрі – алтыаяқ. Осы бір шумақ кестесімен «Бойы бұлғаң...», «Буынсыз тілің...», «Байсейілді...», «Қор болды жаным...», «Қуаты оттай бұрқырап...», «Ем таба алмай...», «Кешегі Оспан...» деген өлеңдерін жазған. Әрбір шумағы алты жолдан түзіледі. Алтыаяқтың бірінші мен екінші, төртінші мен бесінші, үшінші мен алтыншы тармақтары өзара ұйқасады. Үшінші мен алтыншы тармақтары жеті буыннан құрылса, басқа жолдары төрт буыннан тұрады (мысалы, «Бойы бұлғаң...»). Ал басқаларының буындық

және ұйқастық құрылысында, дауыс ырғағының кестесінде бірсыпыра өзгешеліктер байқалады. Тоқетері, Абай алтыаяқтың және оның шумақтық үлгісінің, ырғақтық жүйесінің, ұлттық поэзия тілінің өрнектілік, икемділік, әуезділік сырларын жарқыратып көрсете білген.

Бұл – түрі мен мазмұны бір-бірімен шебер қиюласқан классикалық өлең. Қазақ қоғамының ерекше бір суреті дерсің. Бұның буыны, бунағы, тармағы, шумағы отты, қанатты, кесек фразеологиялық оралымдардан тұрады. Тіпті буынның мағыналылығы (лапидарность) айрықша.

Ақын шыныдай шатынап сынардай халге душар болған деуге болардай:

*Адам аулап,  
Сыпыра саулап,  
Байды жаулап жетісер.*

Я болмаса сыбыр мың шақырымнан да естіледі, қауесеттің оты болатты да ерітеді дегенді:

*Сөз қыдыртқан,  
Жұрт құтыртқан,  
Антып, арын саудалап, –*

деп, қырық қазанның құлағын тістеген қыдырымпаз екіжүзділерге, «сыпыра жылмаң желбуаздарға» осылайша мінездеме береді.

\* \* \*

Абай поэзиясының фонетикалық, эвфониялық ерекшеліктеріне ой жүгірткенде үндестік, дыбыстық бастамаларға назар аударған дұрыс. Шумақтың немесе өлең тармақтарының басында үндесе, үйлесе қиысатын өлеңнің әуезділігі дыбысталуын күшейтетін стильдік тәсіл.

Ақын шығармашылығында бірыңғай, музыкалық бастамалардың үш түрі бар.

3. Дыбыстас, үйлес сөздердің қайталауына құрылған бастама:

*Самородный сары алтын,  
Саудасыз берсең алмайды,*

*Саудыраған жезіне,  
Саудырсыз сары қамқаны,  
Садаға кеткір сұрайды,  
Самарқанның бөзіне.*

*(«Патша құдай, сыйындым»).*

2. Сөз не сөз тіркестерінің қайталауынан туған үндестік бастама:

*Бір-ақ секіріп шығам деп,  
Бір-ақ ырғып түсем деп,  
Мертігеді, жатады.*

*Бір сөз үшін жау болып,  
Бір сөз үшін дос болып,  
Жүз құбылған салт шықты.*

*(«Сабырсыз, арсыз, еріншек»).*

*Адам деген даңқым бар,  
Адам қылмас халқым бар.*

3. Шумақаралық үндес бастама:

Бұған «Сап, сап, көңілім, сап көңілім!» өлеңі айғақ. Жыр бес түйдектен құрылған. Өр түйдек осы сөйлемнен басталған.

Абайда өлең сөздің кестесін келістіретін басқы ұйқас, аллитерация, ассонанс сияқты дыбыс үйлесімділіктері мол.

*Буынсыз тілің,  
Буулы сөзің  
Әсерлі адам ұғылына.*

*(«Буынсыз тілің»)*

*Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек,  
Бой жеңбек ер жігітке, ғақыл таппақ.*

Немесе:

*Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жақпақ.*

*(«Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек»)*

Сөзді сыңғырлатып, сәулелендіретін дыбыс өшекейлеріне құрылған сөйлемдер: «Жалмауыздай жалаңдап» («Ойға түстім, толғандым»); «Қытықсыз

қызықпенен бас қосқанша» («Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы»).

«Қартайғанша қақақтап» («Жарлы бай»); «Сүйсіне алмадым, сүймедім, Сүйегім жасып сор қалың. Сүйісіп саған тимедім, Бола алмадым сенің жарың. («Сүйсіне алмадым, сүймедім»);

*«Желмен жерге жығылып, жар сүзбекті»;*

*«Иең сені бітірген иен дөңге»*

*(«Емен мен шілік»)*

*«Табысына табынып қалтаң қағып»*

*(«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа»)*

*«Сағадан сымпың қағып»,*

*«Қандыкөз қайқаң қағып»,*

*«Қанат, құйрық суылдап»,*

*«Көктен қыран сорғалап»*

*(«Қансонарда бүркітші шығады аңға»);*

*«Ақыл тапсақ, мал тапсақ, қуаналық»*

*(«Бір дәурен кемді күнге бозбалалық»);*

*Арсыз болмай атақ жоқ,*

*Алдамшы болмай бақ қайда?*

*(«Қарашада өмір тұр»)*

*...Шатырлап тұрған жауыннан,*

*Жарқылдап тұрса түскен жай*

*Жалғыз жанша жат жерде*

*(«Қорқытпа мені дауылдан»)*

*Құс қатарлап байлаған қанжығаға*

*Қыз бұраңдап жабысып, қылады наз.*

*(«Жазғытұры»)*

*Жігері жоқ ақылы кенде*

*Жамбасыңнан жат сұлап*

*(«Ата-анаға көз қуаныш»)*



«Оспанға» өлеңі «Жайнаған туың жығылмай» деп басталады. Жырдың он алты жолы да «Ж» дыбысына бағынып шоғырланған. Осындай аллитерация тізбегі ойды, сезімді сәулеттендіруге, көріктендіре түсуге септеседі. Лермонтов айтқандай, «дыбыс мәні сөз мәнін әрі толықтырады әрі сипаттап ауыстырады».

Абайдың суреткерлік қолтаңбасына тән бір сипат – өлең сөзде дауысты дыбыстардың интонациялық-музыкалық мәнін, экспрессивтік-эмоционалдық бояуын, ерекше елеулі тұстарды дыбыстармен әшекейлеп, ой-сезімнің әсерлілігін қатаң ескереді. Үндескен дыбыстар әдеби тілдің өрнек-кестесіне сұлу әуез, ажарлылық қосады.

Абайдың поэтикасында, стилистикасында, синтаксистік-грамматикалық құрылысында, музыкалық архитектурикасында орасан мол жаңалықтар бар. Ол көркемдік шеберліктің нешеме алуан үлгілерін туғызған, өлеңнің сазына да, мелодикалық-интонациялық құбылыстарын да түбірінен жаңартқан. Абайдың ұйқастарының әуездік ерекшеліктері де өзгеше бітімге ие. Оның ұйқастары 4 буынды, 3 буынды, 2 буынды және бір буынды болып келгені де бар. Тегінде, бір буынды ұйқаспен өлең шығару – шын шеберлік, шынайы тапқырлық.

*Берген бе Тәңірім саған өзге **туыс**.*

*Қыласың жер-жиһанды бір-ақ **уыс**.*

*Шарықтап шар тараптан көңіл сорлы*

*Таппаған бір тиянақ не еткен **қуыс**?*

*(«Лай суға май бітпес қой өткенге»)*

*Өмір жолы – тар соқпақ бір иген **жақ**,*

*Иілтіп екі басын ұстаған **хақ**.*

*Имек жолда тыянақ, тегістік жоқ,*

*Құлап кетпе, тура шық, көзіңе **бақ**.*

*(«Лай суға май бітпес қой өткенге»)*

Соңғы шумақ – Құран аятымен үндес. «Әркім өлімді татады. Сендерді сынап, жақсы, жаман күйге саламыз. Сондай-ақ бізге қайтарыласыңдар» (21-Әнбия сүресі, 35-аят).

**Ұйқас** – ақындық лебізді, көркемдік мақсатты тізгіндеп ұстайтын мықты құрал.

Кейде Абайдың шумақтары ұйқастық құрылысына, мінезіне, дыбысталуына орай тақпаққа да ұқсайды. Бұл Абайдың билік, кесім шығару, төрелік айту мәдениетіне, түйіндеп кесек сөйлеуіне ұқсатқан болу керек. Мысалы:

*Оқыған білер әр сөзді,  
Надандай болмас ақ көзді.  
Надан жөндіге жөн келмей,  
Білер қайдағы шәргезді.*

Немесе:

*Кісімсіп белгілі білгіш,  
Біреуге сондай-ақ күлгіш.  
Бұлықсып, бұлданып босқа,  
Өзімшіл оңбаған шерміш.  
Кісінде бар болса талап,  
Отырмас ол бойын балап.  
Жүрер, әрқайдан ізденер,  
Алар өз сүйгенін қалап.*

(«Біреуден біреу артылса»).

Әлеумет үшін, қауым үшін айтылғандықтан, ұйқастар да өткір де зілді болады.

Абай ой-пікірін, лебізін әсерлілік пен мәнерлілікке көшіру мақсатында синоним сөздерді ақындық шеберлігі мен көзқарасына бағындырады.

«Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек» («Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек»); «Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез» («Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»), «Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық» («Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек»). Мінеки бір сөзін екінші сөзі көркейтеді, өткірлендіреді.

Абай халық тілінің фразеологиялық оралымдарын кесек-кесегімен қолданады. Мәселен: «бұтып-шатып», «ісіп-кеуіп» («Байлар жүр жиған малын қорғалатып»); «жайқаң-қайқаң» («Көзінен басқа ойы жоқ»); «айпар-жайпар» («Қыздарға»); «қалтаң-құлтаң», «бықсып шіріп» («Бөтен елде бар болса»); «бұтты-шатты» («Бойы бұлғаң»); «әуре-сарсаң» («Қайғы шығар ілімнен»); «жаны еріп», «шын беріп» («Білімдіден шыққан сөз»).

Өлеңнің музыкалық архитектурасын, поэзиялық келісімін көркейтетін тәсілдің бірі – синтаксистік параллелизм. Мысалы:

*Қарғағанын жер қылмақ,  
Алқағанын зор қылмақ.*

*Адал бол – бай тап,  
Адам бол – мол тап...  
(«Сегіз аяқ»).*

*Ақыл бітпес дәулетке,  
Дәулет бітпес келбетке.  
(«Қайғы шығар ілімнен»).*

*Ата тегің мұндағы –  
Орта жүздің ұлығы;  
Ана тегің ондағы –  
Өзен судың тұнығы.*

*(«Немере інісі өлгенде айтқаны»).*

Қазақ өлеңі құрылысына түбегейлі жаңалықтар енгізген Абай шумақ құрылысын қопарды, жаңаша қиыстырды. Шумақ – мағыналық өзек-желісі, өрнек-кестесі ортақ жүйелі үйлесімге негізделген тармақтар тобы, белгілі бір әуезділіктің сақталуы, өлең сөйлемдерінің жарасымдылыққа, ұнасымдылыққа, мәнерлілікке құрылуы, дауыс толасының, сөз, сөз тіркестері жігінің тақта-тақтасымен қабысып отыруы, толқынды тербелістер тудыруы. Бұндай гармония – буындық, бунақтық, тармақтық, ұйқастық, ырғақтық, әуендік тұтастықтан, тепе-тең құрылыстан, тастүйінділіктен, етек-жеңі жинақылықтан туған, байланыстар үйлесуінен пайда болған күрделі құбылыс.

Абайға дейінгі қазақ өлеңінің шумағы үш түрлі: үш тармақты, төрт тармақты және көп тармақты (астрофикалық). Абай ежелгі қазақ өлеңінің шумақ түрлерін ұтымды пайдаланумен қатар, ұлт тілінің ішкі мүмкіндіктерін еркін аша отырып, он екі өлеңнің шумағын шеберлікпен қиыстырып, алуан сырлы күйге түсіріп, жаңаша құрған. Ой да, сурет те, дүниетаным да, көзқарас та өзгеше рухани кемелдікпен, поэзиялық, философиялық

сұлулықпен өрнектелді. Буын жүйесін, ретін, тәртібін, үндестік заңдылықтарын, өлеңнің акустикасын, декламациясын терең түсінді. Ажарлап, әсерлеп айтуға да, оқуға да, толқындаған әнге де бағындырды. Сөйтіп, өлең тілінің әуезділігін, ұлттық сипатын кемелдендірді.

Олар: «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің?», «Бай сейілді», «Ем таба алмай», «Ата-анаға көз қуаныш», «Бойы бұлғаң», «Буынсыз тілің», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Қатыны мен Масақбай», «Кешегі Оспан», «Тайға міндік». Абайдың осынау өлеңдерінің шумақтары сыртқы құрылысы бойынша: алты тармақты, жеті тармақты, сегіз тармақты, тоғыз тармақты етіп толғаған. Алты өлеңін алты тармақты еткен. Бұлар: «Қор болды жаным», «Бай сейілді», «Ем таба алмай», «Кешегі Оспан», «Бойы бұлғаң», «Қуаты оттай бүрқырап». Олар екі түрлі ұйқас тізбегіне негізделген: - а, - ө, -ә, -б, -б және -а, -а, -ө, -а, -а, -ә. Және төрт өлеңін жеті тармақты етіп келтірген. Мысалы: «Сен мені не етесің?», «Ата-анаға көз қуаныш», «Қатыны мен Масақбай», «Тайға міндік». Ұйқастық түзілісі үш түрлі: -а, -ө, -ә, -б, -в, -в, -а, -а, -ө, -а, -ө, -б, -б, -в, -а, -ө, -а, -ө, -б, -б, -б.

«Сегіз аяқ», «Көкбайға», «Қарашада өмір тұр» сияқты жырлары сегіз жолды шумақтан тұрады. Ұйқасы – -а, -а, -ө, -б, -в, -в, -г, -д, -д, -а, -ө, -а, -ө, -б, -в, -б, -в.

«Сен мені не етесің?» өлеңінің тақтасы мынадай:

*Сен мені не етесің?  
Мені тастап,  
Өнер бастап  
Жайыңа  
Және алдап,  
Арбап,  
Өз бетіңмен сен кетесің.*

Ұйқасы -а, -ө, -ә, -б, -в, -в, -а. Өлең жолдарының әрқайсысы 6, 4, 4, 3, 4, 2, 8 буынды болып келеді. Тармақ ұзындықтары әртүрлі. Бірде бір сөйлем, біресе бір сөз тіркесі немесе дербес сөз жеке тармақ есебінде жұмсалады. Бірнеше буынды жолдан күрт аз буынды тармаққа, аз буындыдан көп буынды тармаққа ойысады. Секіртпелілік

өрі жүйелілік қасиет басым. Осындай алуан сырлы сипат-өзгешеліктер шумақ ішінде қилы-қилы суреттер тудырып, әуендік байлығын арттырады. Шумақ саны – он екі. Әрбір екі шумақтың 1, 7 тармақтары өзара үйлесіп отырады. Сөйтіп, шумақ көлемінде дәлдікті, сәйкестікті берік сақтайды. Абай өлеңдеріне шумақ жүйесіндегі тармақ санының әртүрлілігі, тармақ түзілісіндегі орасан зор айырмашылықтар, яғни ұзынды-қысқалы болып келуі, ұйқасушы буындардың әрқилылығы, ұйқастың орналасуы, үндесу тәртібіндегі өзгеше өзгерістер, еркін құбылулар тұтастай тән. Шумақ түзілісіндегі айнымалы суреттер ұйқас өріміне сәйкес соны қиысу тәсілдері, әуен-саз алуандығы, сөздің семантикалық өрісі, кестелі әсерлілік өткірлігі – өлеңнің көркемдік мазмұнымен, ақынның жанартаудай отты рухымен, ішкі ой-сезім толқындарымен, интеллектуалдық мәдениетімен, ақындық даналық болмысымен сабақтас.

М. Әуезов «Сен мені не етесің?» өлеңінің буын, ырғақ құрылымына, «драмалық – уақиғалық мазмұнына», сөйлеу интонациясына назар аударады да: «Тұтас бітімінен төгіліп шыққан әсем бір келісім аңғарылады» деп, әділ бағасын береді.

Сондай-ақ Абайдың «өлең кестесі, сөз ырғағы, сөз қисыны мазмұнына бағынады», «дыбыс ұйқастығы, өлеңінің өлшеуі, буын мөлшері, сөзден құрылған сөйлем ырғағы, қисыны ән, күйге тартады», «толғап, талдап, жаюлатып оқуды керек қылады» [38,132.].

## АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

*«Нация без совести – это нация без души.  
Нация без души – это нация обреченная на гибель».*  
*Уинстон Черчилль*

Абай – өз қоғамының шамшырағы, замана сыншысы һәм тамыршысы, әділеттің ту ұстаушысы, жалынды,

от жүректі жыршысы, түзу жол, дұрыс өнеге көрсетуші, үйретуші тәлімгер. Қалам қайраткерінің «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (1886), «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» (1886), «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» (1886). «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» (1886), «Келдік талай жерге енді» (1890), «Бөтен елде бар болса» (1887), «Сабырсыз, арсыз, еріншек» (1887), «Болыс болдым, мінеки» (1888), «Мәз болады болысың» (1888), «Бай сейілді» (1890), «Сәулең болса кеудеңде» (1888) және т.с.с. өлең-жырларында әлеуметтік көзқарас, психологиялық қайшылық, ұлттық-мәдени, заманауи, тұрмыстық-шаруашылық мәселелер суреткерлік тапқырлықпен, сыншылдықпен өрнектеледі, ойшылдықпен сәулеленеді, тереңдікпен нысанаға дәп түседі, шыншылдығымен қабылданады. Мұның төркіні – ойшыл ақынның әлеуметтік тәртіп, әкімшілік пен заң негіздерінен терең, жан-жақты білімі болуы (өзімен рухтас ғұлама, ұлы шайыр Жүсіп Баласағұнның «Адам ісін бар біліммен бастаса, Ол іс кетер тілегімен астаса. ...Тілі өткір қылыштан да қиып өтер, Жіңішке ой орамы қылдан бетер» дегеніндей), саяси, этикалық, эстетикалық ұстанымының артықшылығы, өмір жолындағы, тағдыр талқысындағы, даналық болмысындағы бай да байтақ тәжірибесі орасан қисапсыз көркемдік, пәлсапалық құндылықтар әлемін тудыруға шексіз мүмкіндік берген.

Құбақандай «жүз құбылған, жүзі күйгір» тұрлаусыз, жүгенсіз, қотыр сөздерге үйір көрсоқыр, көбік ауыз, есектеуді, ғайбаттауды, судай сапырғыш, қотарғыш, жампақтаған жарамсақ, жылпылдақ антұрғандардың, найсаптардың, лағнет атқандардың кескін-келбетін келісті ыспаттайды. Мұндай оспадарлықты сол бір қоғамның айнасындай «Бөтен елде бар болса» өлеңінде былайша баяндалады:

*...Татулықты бұрынғы*

*Не қылып ол ойласын?*

*Ашып берер жауыңа,*

*Өзі көрген қоймасын.*

*Ескі досын көргенде,*

*Есебі жоқ ант ішіп,*

*Аруақ, құдай айтысып,  
Сыр алғалы айттым деп,  
Жауыңды алдап қайттым деп,  
Құдайдан қорықпай, антұрған,  
Иман жүзін тоздырар.*

Амалдап, алдап, азғындықпен, арамдықпен тіршілік ететін, «ауыр мен жеңілдің арасымен өтетін» жағымпаздың зорын, бишараның қорын:

*Пәленшені ұрам деп,  
Түгеншені қырам деп,  
Таршылықта қайраңдап,  
Кеңшілікте ойрандап, –*

деп, берекесіздігіне мінездеме береді. Мұнысын одан әрі үстемелеп «Бықсып шірір ішінен», «кісімсініп жалпылдап», «томырық келер тарқылдап», «сасық паңдау», «қырт мақтаншақ», «Қалжыңы – теріс, сөзі – ұрыс», «Қазан бұзар бір қырыс» дейтін сипаттамалары ел ішіндегі ала-құлалықты, мешеулікті мәлімдейді. «Келелі кеңес» зым-зия болды. «Ел сыбырға, іс жыбырға» көшті. «Ел жамаған» есті, жігерлі, қайратты, қайраткер билер де, бітімші де айбар да жоқ. «Астыртын барып жолғасқан, Ақша беріп жалғасқан» құлқын құмарлар шықты.

*Орыс сыяз қылдырса,  
Болыс елін қармайды.  
Қу старшын, аш билер  
Аз жүрегін жалғайды...  
...Қызығы кеткен ел бағып,  
Қисыны кеткен сөз бағып,  
Ендігі атқа мінгендер  
Күнде ертеңге талмайды, –*

деп, «елмін деген салты бар» болса да, «ел нұсқасының» омыртқасы үзілгенін қанын сорғалатып солқылдата жазады.

Ойы ұшқыр, әр нәрсені, әр құбылысты сарабалдықпен саралайтын Абай қамысты бос ұстасаң, қолыңды кесетінін, қасыңды бос ұстасаң, төбеңді тесетінін анық түсініп, поэзия тілінде олардың жымысқы, зымиян іс-әрекеттерін «қисынымен қызықты» ғып өріп, гөй-гөйлете сөйлетті. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» дейтін зарлы

толғауында «елдің сиқын» оңдырмай кетірген құртша құжынаған, «пыш-пыштаған» «өңкей қыртың», «өңкей қиқым», «байғұс қылпыңдарды» өткір тілмен шенеп, замана запыранын жүрек айнырлықтай ғып суреттейді.

Абайдың түпкі мақсаты – М.Әуезовше айтқанда, «елдің мінезін түзеу». Мына бір шумағында Абайдың өмірден түңілген, бір басын қайғы бұлты бүркеп тастағандай. Задында, «ол бұрынғы зардың сарқыты емес, өз жүрегіндегі сырын айтқан сыршылдықтың сарыны. Бұл да – Абай өлеңіндегі жаңа түрдің бірі. ...Абай өлеңіндегі беттеген бағыт, құлаққа естілген сарын ненің сарыны екені байқалады. Ол – ашық тілек, айқын ұғымның, здоровый реализмнің сарыны» деп жазады ұлы абайтанушы [1].

Расында да, Абай ойларының көркемдік-эмоционалдық, психологиялық, интеллектуалдық мазмұны өте-мөте күшті, жойқын, алапат.

*Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,*

*Саналы жан көрмедім, сөзді ұғарлық.*

*Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ,*

*Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.*

*(«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да»).*

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» дейтін өлеңінде «терін сатпай, телміріп көзін сатқан» жас балалардың түрінен шошығанын және би, болыс, елу басы, ұлық сияқты әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерін жіпке тізіп, меңзеу тәсіліне көшеді:

*Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,*

*Арын сатып тілеген малы құрсын.*

*Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,*

*Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.*

*Бір атқа жүз құбылған, жүзі күйгір.*

*Өз үйінде шертиген паңы құрсын.*

Абай «Ем таба алмай» дейтін өлеңінде «Елің – ала, отты шала, Тайса аяғың, кім көмбек» деп, бір жағынан күйініп, бір жағынан налыса, ал «Сәулең болса кеудеңде» өлеңінде ел басқарудың жөнін, жобасын, тәртібін, қағидатын, мұрат-мүддесін қозғайды. Берекелі, құтты, бірлігі мықты ел қандай, береке-құты қашқан жұрт қандай екенін пайым-



дайды. Сонан соң елдің жақсысы, бастаушысы қандай болу керектігін яғни «Единица – жақсысы, Ерген ел бейне нөл» деп сипаттайды. Көркемдік те, көрегендік те, өмірлік те тәжірибесі ағыл-тегіл Абай тілдік, стильдік тапқырлықтарға, қарама-қарсы мәнді ұғым-пайымдауларды салыстырып, тұжырымды түйін жасауға, пікір түйюге, қысқасы, ұлттық поэтикада жаңаша, тосын шендестіру тәсілін өнерпаздықпен қолданады да, деректі жаңа ұғымдар туындатады («Сәулең болса кеудеңде» – «Егер сәулең болса»; «Берекелі болса ел» – «Берекесі кеткен ел»).

*Сәулең болса кеудеңде,  
Мына сөзге көңілің бөл.  
Егер сәулең болмаса,  
Мейлің тіріл, мейлің өл.  
Танымассың, көрмесің,  
Қаптаған соң көзді шел.  
Имамсыздық намазда –  
Қызылбастың салған жол.  
Көп шуылдық не табар,  
Билемесе бір кемел?*

*Берекелі болса ел –  
Жағасы жайлау ол бір көл.  
Жапырағы жайқалып,  
Бұлғақтайды соқса жел.  
Жан-жағынан күркіреп,  
Құйып жатса аққан сел,  
Оның малы өзгеден  
Өзгеше боп өсер тел.  
Берекесі кеткен ел –  
Суы ашыған батпақ көл.  
Құс қаңқылдап, жағалап,  
Сулай алмас жазғы төл.  
Оның суын ішкен мал  
Тышқақ тиіп, аспас бел.  
Көл деп оны кім жайлар,  
Суы құрсын, ол – бір шөл.  
Единица – жақсысы,*

*Ерген елі бейне нөл.  
Единица нөлсіз-ақ  
Өз басындық болар сол.  
Единица кеткенде,  
Не болады өңкей нөл?  
Берекеңді қашырма,  
Ел тыныш болса, жақсы сол.  
Рас сөзге таласып,  
Ақжем болма, жаным, кел!*

Бұл жерде он үш ғасырлық түркілік дәстүр де жаңартылған. Мысалы, Күлтегін ескерткішінде: «Бір кісі жаңылса (хан, ел басы), ұрпағыңа (ұрпағыңның ұрпағына) дейін зардап шегеміз» дейтін афоризм тасқа қашалып жазылған. Жүсіп Баласағұн:

*Ессіз басшы билесе – ел-жұрт шөгеді,  
Ел азады, халық азап шегеді.  
Ел билеуші есті болса, білімді, –  
Береке орнап, елге нұрын себеді.  
Білімді адам көтереді иықты,  
Білімсіз жан бықсыған от сияқты.  
Ел бақыты – осындай бек бастаса,  
Бек бақыты – елі теріс баспаса [39].*

От ауызды, орақ тілді, қыран жүректі Абайдың ақындық тұлғасы «Бай сейілді» дейтін өлеңінде өзгеше қуат-сипаттармен көрініс тапқан. Турашылдықтың, әділдіктің, сыни көзқарастың жемісіндей. Түңілдіріп, жер күңіретіп, шошындырып айтады. «Елде жақсы қалмады», «Қағып, елін қармады» дей келіп:

*Танымадық,  
Жарымадық,  
Жақсыға бір іргелі.  
Қолына алып,  
Пәле салып,  
Аңдығаны өз елі.*

Я болмаса бұл ойын әрі қарап өрістетіп:

*Ел де жаман,  
Ер де жаман,  
Аңдығаны өз елі.*

*Елде сыяз,*

*Ойда ояз*

*Оңбай-ақ тұр әр түрі. –*

деп, бірлік пен ерліктің азып-тозғанын, «пейілі шикі, ақылы күйкі», жұрттың кейпін бедерлейді.

Әсіресе, ұлықтардың өз елін шырмауықша шырмап аңдуы, аяғын қия бастырмауы, іс-әрекеттеріне оралғы болуы (қазіргі заманғы қағазбастылық, рейтинг, платонус, видеокамера, үйме-жүйме битше өрген іске кедергі, бірін-бірі қайталайтын орындаушы-қызметкерлер ғой, дәлелсіз сөз жүгірту сияқты әдепсіз қылықтары) өткір әжуаланып өшкереленген.

Абайдың осы бір тотияйындай уытты сөзінің әсері болу керек, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан: «Жұрт ғаділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды, өзіне-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу, шеберлік болмайды» депті [40].

Алаш көшбасшысының Абай сөзін әрі қарай жандандырып жаңғыртуының жөні былай: Петербургте 1903 жылы жарияланған «Россия. Толық географиялық сипаттама» дейтін көптомдықтың 18-томы Ұлы дала тарихына арналған. Осындағы «Қырғыз аймағының территория бойынша орналасу тәртібі және оның этнографиялық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» тарауында Абайды қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негіздеушісі екенін айтып: «Енді поэзиядағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты – формасы жағынан айрықша және мазмұны тұрғысынан арынды көптеген өлеңдердің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегин» және Лермонтовтың өлеңдерін жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады. Бұл – тарихи әдебиеттегі Абай туралы бірінші сөз еді.

Абай азу тісі балғадай сегіз қырлы семсер сөздің шебері. Көздеген нысанасына құралайды көзге ататын хас мергендей дәл тигізеді, тотияйындай ойып түсіреді. Қоғам денесіндегі сыздауықтарды, адам бойындағы пәлекеттерді өткірлікпен түйреп, от түкіріп, от шайнап жайратып тастайды, тулақша сілкеді. Бұл оның

турашылдық, әділеттілік, қайраткерлік, әлеуметшілдік туа бітгі табиғатынан, от мінезді рухынан Абайтану ілімінің білгірі Мұхтар Әуезов Абайдың ақындық өнерінің осы бір таңғажайып ерекшелігін көрегендікпен көрсеткен-ді. «...Абайдың өзіндік, даралық ерекшелігі – адамдық, әлеуметтік турашыл және шыншыл бітімі» – ... ол Лермонтов үлгісінде немесе Некрасов, Салтыков-Щедриндер дәстүрінде қоғамдық жаманшылық масқаралықтарды туралап шаншады. Басқа соғып, көзге шұқып отырып айтуды ақынның айқын жолы деп біледі. ...Добролюбов үгіттеген жол бойынша ызалы шабытпен, тура шабуылмен «түңлігін ұшыра соғып» айту керек деп ұғынады» [32,119].

1. *...Абұйыр, атақ сол жанда,  
Кімді көп жұрт мақтаса.  
Ол мақтаудан не пайда,  
Көп мақтауын таппаса?*

*Көп тәңрі атқан мақтай ма,  
Ол тәңрі атқан болмаса?  
Жоқты-барды шатпай ма,  
Көптің өзі оңбаса?*

*Мақтау – жел сөз жанға қас,  
Қошеметшіл шығарған.  
Бір мақтаса боқтамас  
Ел табылса, құмарлан.*

*Жұрттың бәрі сөз сатқан,  
Сатып алып не керек?  
Екі сөзді тәңрі атқан –  
Шыр айналған дөңгелек.*

*(«Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?»).*

2. *Ғылым да жоқ, ми да жоқ,  
Даладағы аңдарсың.  
(«Өзгеге, көңілім, тоярсың»).*

3. *Өзің жалғыз, надан көп,  
Ұқтырасың сен не деп,  
Әулекі, арсыз елге енді?*

*(«Келдік талай жерге енді»).*

Абайдың индивидуалдық-авторлық көзқарасы, заманды, қауымды түсінуі, ой күшімен, жүрек тереңімен, зейін-зердесімен бағалауы да бөлек. Ол қара дауылға қарсы ұшқан қырандай, оттан, судан қайтпайтын көзсіз батырдай, қара балтадай қайраулы қара нардың өзі. Мұхтар Әуезовтің «Абай өз заманының ішінде өз қайратына сенген өршілдікпен құлаштайды» дегені қаны сорғалаған шын сөз, шын баға. Бұнысына мына өлеңді айғақ етуге болады:

*Талай сөз бұдан бұрын көп айтқамын  
Түбін ойлап, уайым жеп айтқамын.  
Ақылдылар арланып ұялған соң,  
Ойланып түзеле ме деп айтқамын.*

Әрбір істің, әрбір сөздің түпкі себебі мен салдарын артықша түсінеді де, қара терге, қып-қызыл бейнетке тап боларын білсе де, ел келешегі үшін ел сөзін, ердің сөзін шегелеп айтады. Арланбайды, жалындайды.

Мұнан әрі әділ сот жасайды. Замана мешеулігін, жұртының нәулетектігін әшкерелеп, «түзу жолға» түсуін қалайды.

*Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,  
Бірінен бірі шапшаң ұқпас сөзін.  
Көздің жасы, жүректің қаныменен  
Ерітуге болмайды іште мұзын.  
Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,  
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.  
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,  
Шығарған сөз емес қой өңгіме үшін.*

*Адасып алаңдама жол таба алмай,  
Берірек түзу жолға шық қамалмай.  
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,  
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.*

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» дейтін өлеңінде:

*Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,  
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.  
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,  
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ, –*

деп, сөз қаһарын жаңбырша жаудырып, қыранша шүйлігеді. Өрбір сөзінің динамизмі, драматизмі, ішкі шамырқанған серпін-қуаты, мағынасы, ішкі логикасы мейлінше ала-бөтен. «Жаманға айтқаның тамға сөйлегенмен бірдей» деп меселі қайтпайды, мысы құрымайды, қайта «Оян, қазақ» деп дабылдатады.

Абай отаршылдықтың қамытын мықтап киген қазақ жұртын қайғы-шерін қара жерді қайыстыра айтпаса да, терең ишаратпен, астарлап-тұспалдап, мысқалдап жеткізген. «Сегіз аяқта» мынадай жолдар бар:

*Өтірік, ұрлық,  
Өкімет зорлық  
Құрысын, көзің ашылмас.*

«Өкімет зорлық құрысын, көзің ашылмас» дейтін бір ғана зілді, сесті сөйлемнің өзі отарлық езгінің қан-қасап қорлығын паш етеді. XIX ғасырдың толық шындығын білу үшін Ахмет Байтұрсынұлының «Қоңсылық жайында» дейтін көсем сөзіне де құлақ қойған дұрыс болады деп санаймын.

*«Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы қазақта, екінші ұшы орыста. Әдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айырылып қалып жатыр. Жерді қолында қатты ұстау, бос ұстау қазақтың өздерінен. Оған біз не істейміз?»*

*Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаңдар. Жерін алдыруға болмаса, алдырмасқа іс қылған қазақ жоқ: Өркім өз жерін ғана ойлайды, өз басының ғана қамын ойлап, өз пайдасын ғана көздеп іс қылып, жұрт пайдасы мен залалына тіпті қарамайды. Жұрт жері кетпесе, менің де жерім кетпес, жұрт жерден айырылса мен де жерден айырыламын ғой деп ешкім де ойламайды. Сондықтан жұрт үстіндегі, көп ортасындағы жер ғой деп сатып, пайдаланып қалайын деп ойлайды. Мұжықты қазақ жеріне үйір қылып, қоңсы*

қондырған әуелде де осылай ойлағандық еді, осы күнде де сол ой қалған жоқ.

Қазақ жеріне мұжықтарды шақырып кіргізген үкіметтен бұрын қазақтардың өздері емес пе? Қазақты бағып тұрған хакімдердің көбі келген мұжықтарды орнықтырмай, көшіргендері де болған. Дала уалаятының генерал-губернаторы Колпаковский қазақ жері өздеріне де тар, мал жаюға жер жетпеген соң, қазақ орыстардан хәм Тобыл губерниясындағы орыс жерлерін жалдап, мал жайып отыр деп көрсеткен. Бірақ қазақтардың өздері келген мұжықтарға жерін беріп, құшағын да жайып, қойнын ашып, қабыл алып, отырған соң, Колпаковскийдің қазақ жерін қорғап, қызғанғаны босқа қалған. 1882 жылы Жалғызкөл деген жерге түскен қаланы қисынсыз отырсың деп Колпаковский көшірген, 1888 жылы 17 наурызда шыққан генерал-губернатордың бұйрығында Семей облысында еш жерде мұжықтар қала салушы болмасын деген.

Бұл бұйрықтардың бәрі де орнына келмей, құр қағаз бетінде қалды. Өйткені, мұжықтарға жер керек болды. Жұрт қамын ойлайтын қазақтың бас адамдарына жұрт пайдасынан гөрі өз пайдалары жақынырақ болды. Жұртқа келер залалға қарамай өздерінің жер сатып, байып алғанын артық көрді. Бір жағынан хәкімдер қазақ жерін қорып, бұйрық шығарып жатқанында, бір жағынан мұжықтар мен қазақтар хәкімдерден жасырын, жерді бірі сатып, бірі алып жатты...» [41]. («Қазақ» газеті)

Қазақтың тура өзіне, жерінің тағдырына қатысты. Қай заманда болмасын қазақтың алдынан шығатын мәселе бұл.

Абайдың әлеуметтік қызметі – елді дұрыс жолға, түзу жолға түсіру, ұғындырып түсіндіру әрі қоғам дертін, сырқатын ашық айыптау еді. Ата-бабаларының «дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады» дегенін ақындық ұстаным еткен ердің өзі еді. «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» дегенінде найзағайдың отындай жайпайтын наркескендей өткір «Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ» десе, «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңінде «Ала жылан, аш бақа күпілдектерді» «Не пайда, не залалды біле алмай жүргендерді» әшкерелесе, «Байлар

жүр жиған малын қорғалатып» өлеңінде: «Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, Өркім бір ит сақтап жүр ырылда-тып» деп шындықты шырқыратып, міндерін бадырайтып айтса, «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық» өлеңінде: «Жарлылық, жалынышты жалтаң көздік, Сүйкімі, икемі жоқ шалдуарлықты» шенесе, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде:

*Наданға арам ақылды құлаққа ілмек,*

*Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.*

*Рас сөздің кім білер қасиетін?*

*Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.*

Я болмаса:

*Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,*

*Періште төменшіктеп, қайғы жемек.*

*Өзімнің иттігімнен болды демей,*

*Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек, –*

деп, миы аузына түскендерді «қабаған итше өшіккендерді, қара қарғаша шулағандарды» сөз қамшысымен сілейтеді.

Осы ретте орыс ақыны Александр Блоктың:

*Россия, нищая Россия,*

*Мне избы серые твои*

*Твои мне песни ветровые –*

*Как слезы первые любви, –*

дейтін лебізі ойға оралады.

## АБАЙ – СТРАТЕГ

Құдіретті ақын тұлғасын зерделегенімізде, жазушы М. Горькийдің «Бір ақын туралы» атты ой-толғамындағы мына сипаттама еске түседі: «Менің сөздерім кесек мәрмөр тәрізді сап-салқын және әдемі: таңдамалы ақыл мен талғамалы жүрекке нәр беріп рахаттандыратын мәңгіліктің мұралары мына менің сөздеріммен жасалады, асқан әдемілікті кіршіксіз таза жүректер ғана түсіне алады...». Өрі қарай ойын: «Қазір әрбір адам білемін дейді де, оқытып үйретем, ақыл айтам, жол көрсетем, кінә тағып, сынап мінеп сөге алам деп ойлайды, осылай ойлайды да өмірді



былықтырады. Ал оның көмегінсіз де өмір өзі былық қой. Ендеше, егер ол өмірді қорда-қоқыстан тазартам десе, ең әуелі атаққұмарлықтан өз жанын тазартсын, ...ол өз жүрегін осы нәжістен аршысын, ол өзін түсінсін және өзінің жолын білсін, міне сонда ғана сыбағалы сөзін батыл айтуға кіріссін. Ол сөзі келте де қарапайым, әділ де оттай ыстық болсын!» деп жалғап, ақындықтың негізгі шарттарын көрсетеді.

Тегінде, Абайдың ақындығын сөз еткенде, оның жаңашылдығының түпкі себебі де, тәні мен жаны меруерттен жаралғандығында, рухы мен көзқарасының бірегей тума қасиетінде, білімі мен тәжірибесінің молдығында, тереңдігінде, негізінде, адами жаратылысының үздік кемелдігінде, кең өрісті стратегиялық ойлау жүйесінде, шынында да, ол – өз заманының лағыл-ғауһары.

Абайтану ілімінің негізін қалаушы М. Әуезов ақын мұрасының «биік нысанасын» білгірлікпен айқындай отырып: «Ақындықтың Әбілхаят суын ішкен, өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ ...замандардың талайынан аспандап өте бермек», – деп жазады. Иә, Абайдың даналық ойлары – адамзаттың ортақ рухани игілігі қай заман, қай қоғам болсын олардың аса қымбат көркемдік мүлігі боп есептелмек.

Бұл ретте Абай – кемел келешектің кеңесшісі, рухани көсемі, халық қызметкері, замана сыншысы һәм тамыршысы, қара дауылға қасқайып қарсы ұшатын «нартәуекелге» бекінген ержүрек, замананың шытырман-шырғалаң қайшылықтары мен күрделі құбылыстарының астарын тарыдай ақтарып, буырқанған жігермен, оттай намыспен жырлауға құлаш сермеген қайраткер, тарихи санасын, ізгілік, даналық қағидаттарын интеллектуалдық әлеуетін, әдет-ғұрып, тілін, дәстүрін, шаруа-кәсібін, өмір сүру, тіршілік жасау дағды-машығын, тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу өнерін көркейтуге қайрат жұмсаған санаткер, көне де көрешек-дәуірлерді ақыл тезіне салған күңіренген абыз, қауымын жақсы, дұрыс, тұзу жолға бастаған ұйымдастырушы, заманынан да, ортасынан да, қоғамынан да озып туған табаны жалпақ тарланбоз, «ұлы-ұлы билер бар, ұлы суға қонады»

дегендей, заман мұхитын, ой мұхитын түпсіз тұңғық ақылына, даналығына, тапқырлығына, көсемдік бітім-тұлғасына сенген Абай, анығында, «қазақтың жалғыз» (Әлихан Бөкейхан), бейне бір «келешек заман үшін де тарих аспанындағы бір тұрақты нұры» (М. Әуезов) еді. Тумысы да, тұлғасы да бөлекше жалқы еді.

Абайдың:

*Жүрегіңнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын – оны да ойла!  
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!*

Я болмаса:

*Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
Сөзімді ұғар елім жоқ.  
Моласындай бақсының  
Жалғыз қалдым-тап шыным!*

Немесе:

*Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,  
Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.  
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,  
Талап, ойсызмақтанды қалдым күтіп, –*

дегенін де жалғыздық, өрен ойшылдық сарындары бар.

Абай тума табиғи қасиеттерге, индивидуалдық-психологиялық үздік өзгешеліктер мен артықшылықтарға бай. Бұлар ақыл, білім, ғылым, ар, мінез, тәжірибе, сезімталдық, эмоция, интуиция, логика, шешімпаздық, тосын қимыл-әрекет, еске сақтау, шешендік, өткірлік, әңгімешілдік жағынан. Сондықтан да Абай – көреген стратег. Мұндай керемет қасиеттерін қоғамдық-әлеуметтік тегеуірінді істерінен де, поэзиясы мен қара сөздерінен де молынан табылады. Ол байтақ та байсалды әлеуметтік ой-пікірлерін, ұстанымдарын, қағидаттарын берекелі, көркем істерінде шеберлікпен, жалынды қайратпен қолдана білген, ақылы мен тәжірибелерін қорғай білген қоғам қайраткері. Ол ел ішінде алпыс шақты дау-шарларға билік айтқан, әділетті бұйрығын жеріне жеткізе орындатқан. Болыстық қызметте де солай еткен.

Арғы-бергіні салмақтап-саралап, кең құлашты кемелдікпен терең, толық түбегейлі ойлау, ел бірлігін, халық тағдырын және әлеуметтік тұрмысын, өзі жіктеп, түйіп айтқандай, «ел бағу», «мал бағу», «ғылым бағу», «дін бағу», «балаларды бағу» турасындаасылойлар өрбітті.

Абайшығармашылығындаоныңстратегтік, мақсаткерлік тұлғасына тән тәлімгерлік, өнегелілік қырлары аса мол.

*Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Думан – сауық ойда жоқ әуел баста – ақ.  
(«Біреудің кісісі өлсе, қаралы-ол»).*

*Менсінбеуші ем наданды,  
Ақылсыз деп қор тұтып.  
Түзетпек едім заманды,  
Өзімді тым-ақ зор тұтып.  
Таппадым көмек өзіме,  
Көп наданмен алысып.  
Көнбеді ешкім сөзіме,  
Әдетіне қарысып.  
(«Менсінбеуші ем наданды»).*

Стратег, лидер, әрі еңбекпен, тәжірибемен жинақталған, жүйеленген тума қасиеттерге бай Абай табиғатынан тәуекелшіл де. Тәуекелшіл болмаса жаңаша көзқарас, жаңаша пайым, жаңалық атаулы болмас еді. 1886 жылы жазылған «Интернатта оқып жүр» атты өлеңі тұтастай абзалдық әліппесіндей, ақыл-кеңестің ересен бір арнасындай деу лайық.

«Иждиһатсыз, михнатсыз, Табылмас ғылым сарасы», «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге», «Өнерсіздің қылығы, Тура сөзін айта алмай, Қит етуге бата алмай, Қорлықпенен шіруге» деп ойын әрі қарай сабақтастырып:

*Қисық болса, закон бар  
Судьяға беруге.  
Ол да оязной емес қой,  
Алуға теңдік сенуге*

*өз бетіңмен тәуекел  
Занимайся прямою –*

деп, теңдік пен тәуекелге жүгінеді.

Ақылдың қара сабасындай кемел білім иесі Әбдірахманның (1869-1895) өлшеусіз бірегей кісілік қасиеттерін бірін (яғни тәуекелшілдігін) атағанда былайша өрнектейді:

1. *Тәуекелге нар едің,  
Талаппентереңбойлаған.  
(«Әбдірахман өлгенде»)*
2. *Тәуекел зор, ақыл мол,  
Қорықпай тосқан тағдырын.  
(«Әбдірахман өліміне»)*

«Татымды толық билікті» армандаған, «орынды харекетті» ардақтаған, егін, сауда, өнер, ғылымды жаны сүйген, ойшылдың өз сөзін өзіне қарата айтсақ, «толымды-білімді» Абайдың: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар , мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деп пайымдауында ақылдың дәрежесі, деңгейі жоғары екенін ұғынасыз.

Сонда ақыл – Абайдай дана стратегтің басты көрсеткіші, құбыланамасы, қаруы, асыл қасиеттердің қай-қайсысы болмасын солардың қайнар көзі, гуманизмнің шыңы. Абай заманды сәулеттендіру, қоғамдық рухани құндылық-тармен ізгілендіру, іс-әрекет қызметінде – өнердің ең жоғары түрі – дипломатияны да ұтымды пайдаланған. Мысалы:

*Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?  
Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек.  
Ішің берік боп, нәпсіге тыюлысып,  
Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек.  
Сасқаныңды көрсетпе ешкімге бір,  
Сүйтсе де ірісімен кеңесіп жүр.  
Кейбірін хауіптендір, мінін тауып,  
Кейбірін жылы сөзбен көңілдендір.  
Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ,  
Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ,  
Анда-санда құтырған жаман емес,  
Оныңды жиі қылмай және бол сақ.*

*Кісімсі қайда жүрсең олжаға тоқ,  
Шоқыма халық көзінше қарғаша боқ.  
Жұрт — жас бала, ешнәрсесін тартып алма,  
Білдіртпей ептеп алсаң залалы жоқ.  
Жат елге жадағайда сөйле шәрgez,  
Тар жерде тайпалудан танба әр кез.  
Жатты жау деп еліңді үрпитіп ап,  
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез.  
(«Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек»).*

Ел басқару, дұрыс, жақсы жолға түсіру, жинақталған, жүйеге түскен дүниетанымдық ерекшеліктерін айрықша ескеру қажет. Бұл өлең Абайдың ел билеудегі өнері мен өнегесін, адамдардың алуан-алуан күрделі мінездермен дағды-машықтарын қалай түзеудің, қалайша жарастырудың, қалайша өзіңе бойұсындырудың, табындырудың және өзіңді қара жұрттың ортасында қалай ұстаудың тәсілдерін соншалықты суреткерлік қабілетімен нақ-нағымен, тақта-тақтасымен жетік түсіндіреді, суреттеп қызықтырады.

Абай поэзиясының тұңғығына бойлау үшін – зиялы оқырман ұлттың бай өмірлік тәжірибесін, білім-парасатын, ой өресін, көркемдікті сезіну қабілетін, халқының тұрмыс-тіршілігін, әдет-салтын, моральдық-этикалық көзқарасын, көркем шежіресін, тарихын, әлемдік мәдениеттің жауһар үлгілерін (мысалы, «Мың бір түн», «Тотынама» және т. с.с.) жетік меңгеруге тиіс.

Абай – ақыл-ойы мейлінше терең, түйсігі өткір, адам жанының диалектикасын білгірлікпен қапысыз таныған, құбылыстар мәнісін қырағы танып, мүлт жібермей бағамдайтын, интуициясы, қиялы, санасы, шеберлігі артықша жаралған феноменологиялық және метафоралық ойлаудың майталманы.

Шындығында, қопара-ақтара тексеру, зерделеп зерттеу, байыпты бақылау, ақыл қуатымен, жан құмарымен ғайыпты болжау, нәзік салыстыру – Абайдың ақындық кемеңгерлігінің көрсеткіштері. Абай құдіреті дегеніміз – ұлт болмысының құдіреті.

Сол себепті Абай поэзиясының таңғажайып көркемдік нақыштары, сұлулық сырлары, әдеби-эстетикалық дүние-

тану даралығы, образдық-символикалық астар-қабаттары телегей. Абай шығармашылығы – замандар мен дәуірлер бойы жасаған халық тілінің айнасы, халықтың айдын шалқар өмірлік тәжірибесі, ақыл-ой қазынасы.

Сөз жаратылысынан пәк, таза, сәулелі. Ұлы жүрегі мен ұлы денесі ұлы үйлесім тапқан, адамзат дүниесіне дүрлер сыйлаған Абай оны соншалықты ар, мінез, білім, көңіл байлығымен, көркемдік тәжірибесімен өзінің көзқарасына, санасына, ой мәдениетіне орайластыра бағындырып, барынша адалдықпен қолданады.

Абайдың индивидуалдық-тұлғалық, лидерлік қызметінде «Теректің сыйы» атты өлеңінің көркемдік, интеллектуалдық-психологиялық мазмұны мен пафосы, түйдек-түйдегімен жосылған ой сарындары, шынайы стратегиялық көзқарасы, мақсат-мұраты айқын таңбаланған. Яки ой сапасы, қасиеті, мәні, бейнелілік-суретгілік сипаты Шалкиіз жыраудың «Мен Иемнің бөрлі ала тасы едім», «жүрегінің басы едім», «көз үстінде қасы едім» дегенін еске түсіргендей және де толқын атқан, сыңғыр қаққан сырлы толғаудың архитектуроникасы, стилистикасы, философиясы бір-бірлерімен жігі білінбей жымдасып кеткен.

Өлең шуу дегенде ойынды оятып, құштарлығыңды маздататын от екпінді төтенше тегеуірінді серпінді етістік-термен (*долданып, буырқанып, тауды бұзып, тасты жарып*) және ажарлы теңеулермен (*«Арыстанның жалындай», «Айдаһардай бүктеліп»*) басталады.

### Теректің сыйы

*Асау Терек долданып, буырқанып,  
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.  
Арыстанның жалындай бұйра толқын  
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.  
Кавказдан шықты жайнап, қылып у-шу,  
Түзу жерден жол кернеп ұлғайды су.  
Қалың қайрат бойында, беті күліп,  
Момынсынған пішінмен ағады қу.  
Кавказдай құзда туған перзенттенмін,  
Бұлттың сүтін еміп ержеткенмін.*

*Қазыбектен, ағам, сені көксем шығып,  
Кім қақтықса жолымда күйреткенмін.  
Зор кеуде адамзаттың айналасына  
Көнбей, бүгін күшімді көрсеткенмін.  
Екі езуім көпіріп, айғайласам,  
Шын құтырсам шың тасты тербеткенмін.  
Аптығып асау інің келді, ақсақал!  
Тау, тасқа, адамзатқа салып жанжал.  
Дем алайын деп келдім, аш қойныңды,  
Сәлем-сауқат әкелдім, қош көріп ал.  
Әкелген бұғы менен маралым бар,  
Адамнан тартып алған көп малым бар.  
Ер-тоқымы, атымен, қаруымен  
Ер шеркесті әкелген амалым бар.  
Мұның бәрі – тартуым сізге, – дейді,  
Ақылыңды айт, ақсақал, бізге, – дейді.  
Бақша, зауат, жайларды қылдым талқан,  
Әрбір бай жалдап жатыр жүз кедейді...*

Көкірегі гауһар Абайдың осынау поэзиялық ойлау стиліне – метафоралық мәнерлілік пен суреттілік тән екенін әрі диалогқа (өзен мен теңіздің тілдесуі) шеберлігін көруге болады. Бұл өлең бір қарағанда табиғат лирикасы іспетті. Жоқ, бұлай емес. Ыждаһаттылықтан толқындап, жарқылдап, күндей күркіретіп тудырған өлеңде Абайдың стратегиялық тұлғасы, жаңашылдық болмысы жарқын түрде көрініс тапқан. «Тау, тасқа, адамзатқа салып жанжал!» дегенінде Абайдың ұлт әдебиетіне енгізген жаңалықтары мен қазақ қоғамының рухани тіршілігіндегі кесек істерінен хабар бергендей. Абайдың ассоциациялық ойы мен сөзінің құпия мағынасы осы. Сондай-ақ төрт құбыласы саймөтіннің әрбір сөзі, фразеологиялық оралымдары, сөйлемдері қаһармандық рухқа, қимыл-әрекетке ие. Жоғарыда келтірген теңеулерге қоса, «Кавказдай құзда туған перзенттенмін, Бұлттың сүтін еміп ержеткенмін» деген ұшқыр, тапқыр теңеуге сезім кернеген метафора қосылып келісті сурет тудырған.

Асау Теректің жойқын алапат ағысын «момынсынған пішінмен ағады қу» (кейіптеу), «Зор кеуде адамзаттың айналасына, Көнбей, бүгін күшімді көрсеткенмін». Екі

езуім көпіріп, айғайласам, шын құтырсам, шың тасты тербеткенмін» (әсірелеу), «Кәрі Каспий қара көк көзін ашты» (метафора), «Тауды бұзып жол салған, тасты жарып», «жүз толғанып», «беті күліп», «көкसेп шығып», «жыбыр қағып», «сылқ-сылқ күліп» таңғажайып жырдың алтын арқаулары.

«Теректің сыйы» өлеңінің образдылық-символикалық, мәдени-тілдік жағынан қымбат құндылықтарын айқындайтын шынайы да шыншыл, толық, дәйекті, сырлы, мәйекті, жанды мысалдар ересен мол. Бұлар Абайдың көркемдік ойлау тереңдігін, рухын, характерін, стратегтік, лидерлік қалпын көрсетеді.

Бас білмейтін, жүген-құрық көрмеген сайыпқыран мінезді тентек Терек құштар, адуын мінезбен Қартаң Каспийге оттай лаулап «Тау, тасқа, адамзатқа жанжал жасап» келе жатып, кілт момақансыған күйге түседі. «Сәлем-сауқатым», «бұғы менен маралым», бес қаруын асынған «ер шеркесім» бар дейді. Оқыған бай мен кедей жайындағы әлеуметтік ойын да айтып салады. Оған қоса байлардың да «бақша, зауыт, жайларын да» талқан еткенін де жеткізеді. Сөйдесе де Қартаң Каспий селт етпейді, міз бақпайды. Терек тұйыққа қамалады да, дипломатияға көшеді де сөйлеп кетеді.

Мінеки, әңгімешілдік өнер, дипломатиялық шеберлік, поэзиялық суреттеу («Кәрі Каспий қара көк көзін ашты»), ұлттық дүниетаным (ақсақалдықтың мәртебесі), пейіштің шынарындай қас сұлуға деген сүйіспеншілік.

«Теректің сыйы» өлеңінің ішкі мазмұн тұтастығы, көркемдік логикасы, лұғаттық-тілдік құрылымы – Абайдың ақындық даусын, суреткерлік көзқарасын, шеберлік мәдениетін анықтайды.

Ересен көркемдік әуезділік, тапқырлық қасиеттерге ие сиқырлы бір ағын іспетті бұл өлеңге Абай өн шығарған. 1984 жылы Мәкен Тұрағұлқызы музыка зерттеушісі, өнертану ғылымының кандидаты Қайролла Жүзбасов (1941-1995) нотаға түсірген.

Тұтас бір тарихи дәуірдің қайраткері, ерен ойшылы, стратег Абайдың философиялық, этикалық көзқарасы – өзінің ұлы мұратына жетуде кесек, көркем іс-әрекеттер



ұйымдастыру, жоғары әділеттілік пен ұлттық рухты негізгі ұстаным ету, шешімпаздыққа жүгіну, ситуацияны тез саралау әрі шынайы бағалау, парасат пен өрелілік таныту.

## «ОСЫ ӨЛЕҢ – ОҚИТУҒЫН ДҰҒАМ МЕНІҢ»

Сөз дегеніміз – гармония, философия, магия, энергия, таным, пайым. «Жақсы сөз жақсы терек тәрізді, оның тамыры тереңде болады да бұтақтары аспан бойлап кетеді. Демек, ол Құдай әмірімен мезгіл-мезгіл жеміс беріп тұратын қасиетті терекке ұқсайды», – дейді Құран. Мұхаммед (с.ғ.с.) хадис шарифінде «Сөзде сиқыр бар, ал өлеңде даналық» дейді. Сопылық поэзияның көрнекті өкілі, дінтанушы, әмбебап дарын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Халық тілі – Құдай қаламы» дейтін түйінді пікір айтады. Ана тілінің уыз мәйегі, рухы, сиқырлы лебізі бесік жырларында сақталған, хатталған. Жаратушы мен жаратылыстың, болмыс пен ғайыптың, пәнилік пен мәңгіліктің және ой, сана, рух, түйсік, жүрек, көңіл, сезім, иман тәрізді бірегей әрі телегей тұңғиық ұғымдардың ерекшеліктері мен қасиеттері – назым сөздің басты сипаты.

Хадистанушы Усейд б. Худайр түн ішінде «Әл-Бақара» сүресін оқығанда (Пайғамбардың түсіндіруінше, «Әл-Бақара» мен «Әл-Имран» сүрелері қиямет-қайымда екі бұлт не екі құстардың тобындай қорғайды екен) анадайда тұрған аты тыпыршиды, қозғалақтайды.

Ертеңінде осы жайды Пайғамбарға: «Сүрені оқыған мезетте ат тыпыршыды және басымды көтеріп көк жүзіне қарасам, бұлтты шырақты көрдім» дейді.

Сонда Пайғамбар: «Бұл сенің даусыңды естіп келген періште, егер сүрені оқуды таңертеңге дейін жалғастырсаң, ол кетпес еді, кісілер оны көретін еді» дейді (Бұл хадисті жеткізген имам әл-Бухари).

Сүре дегеніміз дұға, ол терең сезіммен шыншыл, таза көңілмен, көкірек көзімен әсерлі үнмен, мақаммен, дауыс

толасын табиғилықпен сақтаумен («хранить молчание») оқыса, аяттың мазмұны, қасиеті, танымдық, тағылымдық мәні, сенім күші артады. Рухыңды көркейтеді, жан дүниенді байытады.

Абай «Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық» («38-сөзінен») ғылымымен толық қаруланғандықтан «Әуелі аят-хадис – сөздің басы», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Өлең деген – әр сөздің ұнасымы», «Сылдырап өңкей келісім...» деп, адамзат тілінің шығу төркінінен, тарихынан, ғаламат қасиетті бітім-болмысынан сыр толғайды. Хакім Абай «сұлулардың сұлуы» Алланың көркемдікке деген даналық көзқарасын – рухани тірек етеді де, мақсат-мұратын айқындайды, ғаламдық, исламдық, көркемдік құндылықтарды біртұтастықта барынша тереңдікпен, рухани кемелдікпен суреттейді. Жиханды «құдайлық құдырет», ерекше сана басқаратынын Абай да білген. Жоғары Сананың көрсеткіштері – аят, хадис, ал дұға – Аллаға жалбарыну, асыл тілек тілеу, тағдыр жолын дұрыстау. Абай «38-қара сөзінде»: «Онымен сезімді тазалыққа иіргенінді, көміл ыхласыңды көрсетіп ішімнің сафлығының (таза, шынайы) соңында халық көрер, сыртымды да пәк етемін һәм көзге көрінбейтін ағзаларымды да пәк етемін, бұл пәктіктің үстінде Аллаға дұға айтамын деп өзірленесіз» деп жазады. Задында, «Аллаға дұға айту» – көміл мұсылманның құлшылығы, ғибадаты, Ұлы Жаратушыға жеткізудің тәсілі, байланыс жасау құралы, жүрегінде иманы, зердесінде жиғаны бар қазақ баласы ішкі ой-арманын, мұрат-мақсатын, жан тілегі мен құмарын, інжу сөздері мен имани-сырларын ең бір тамаша, бейнелі, таза, көркем түрде, жүректің, сезімнің, пәк көңілдің тілінде қызықтырып жеткізуге ұмтылады. Осы орайда Абайдың «Дұға», «Қасиетті дұға» дейтін сырлы толғауларында өлең сөз құдіреті мен әсерлі құлшынысынтызарлыққа бөленген ой, сезім суреттері, ұлы тілек қасиеттері айқын көрініс тапқан. Айталық:

*Өмірде ойға түсіп кем-кетігің,*

*Тулағыш мінезің бар, жүрек, сенің!*

*Сонда сенің отыңды басатұғын,  
Осы өлең – оқитұғын дұғам менің.*

Соңғы сөйлемнің сыры, сипаты, мағынасы алуан-алуан ойларға жетелейді. Алдымен, қазақтың тұрмыс-тіршілігінде, ырым-нанымында өрттің алдына қағазға дұға жазып қойса, дереу ол жалп етіп сөнеді (ақ төксе де тоқтайды). Сонда ақын «тулағыш мінез» от сипатты болса, оның қызуын қайтаратын және «Осы өлең – оқитұғын дұғам менің» өзі адамның жанының нәзік сырлары мен асыл тілегін Жаратушыға тура жеткізетін қасиетті, киелі, дауасы, даруы өзгеше кілт пе екен. Мұндағы әрбір сөзде мағына бар, мағынасында сыр мен сурет, сезім мен рух, жүйелілік пен дүниетаным бар. Демек, Абайдың өзіндік көзқарасы, өзіндік сөз саптасы, ой толғауы бар. Сондықтан да ол – ұлт ақыны. Абайдың дүниетанымында, дария көркемдік тәжірибесінде «Рас сөз», «Түгел сөз», «Түзу сөз», «Түбі терең сөз», «Нұрлы сөз» дейтін сөзұғымдарды ойына темірқазық етіп, ой-пікірін туындатады, көркейтіп гүлдендіреді.

Абай өзінің көркем ойын онан әрі айшықтап әсерлендіріп, үстемелеп:

*Ішінде бір қуаты барға ұқсайды,  
Тірі сөздің жаны – сол, айрылмайды.  
Қасиетті нәфәсі (үні, сөзі, үшкіру) желдей есіп,  
Қайнап тұрған ыстық қан салқындайды, –*

дейді. Яғни Абайша «тірі сөздің жаны» дегеніміз сөздің ішкі мағынасы, ішкі қабаты – өзегі. Мұндай сөзде, лебізде желдей зулаған үн, әуез толқыны бар. Жүйелі, қасиетті сөз құстай ұшып, шалқыған шарапаты мен «ыстық қаныңды» сабасына түсіреді, жаның да, көңілің де сәулетті күй кешеді, себебі «жылауға да, сенуге де» болатындай, «жүректің басынан у төгілгендей» өлең-дұғаның дауасының әсерінен жеңілдейсің.

Абай келесі бір «Қасиетті дұға» өлеңін жазықсыздан жазықсыз тағдыр төлкек етіп, ойыншыққа айналдырса да, көңілге медеу-демеу болмаса да деп бастайды да:

*Қайта-қайта оқысам бір дұғаны,  
Сөніп қалған жүректе жанады шоқ.*

*Қуаты бар дұғаның қуантарлық,  
Қапаланған жүректі жұбантарлық.  
Адам ұқпас бір тәтті лебізінен,  
«Уан» деген естілер ұлы жарлық, –*

деп, дұғаның құдіретін және белгісіз ғайыптан «ұлы жарлық» естілгенін, сонан соң көңіл жүктен де, кектен де тазарып-жаңарып, тұтастай адамзатты сүйеге жаралған көрегендік, көсемдік, кісілік болмысы:

*Адамның баласына жаным ашып,  
Ізгілікке жүрегім бір ұмтылар, –*

деп, ақықтай ойын, дұғадай сөзін жақұттай жарқыратып жеткізеді.

Абайдың «Дұға», «Қасиетті дұға» туындылары - негізінен, телегей сыр, дұға-дуадай қастерлі күйлі сөз, сыңғырлаған сазды әуен. Гете, Шопенгауэр, Бетховен, Мартин Лютер ән, өлең, күй жайында терең де дәйекті ойлар айтқан-ды.

«Ән, өлең, күй құдірет ғылымымен әбден сырлас» деп Бетховен жазса; Мәртін Лутер «бұлар аспандағы феріште тілі, бұрынғы жерде болған пайғамбарлар тілі; ән, өлең, күй Алланы танытуға үлкен себепкер» деп жазады» дейді Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейхан «Ән, өлең һәм оның құралы» атты еңбегінде.

«Сөз – құс», өлең-дұғаны Абайша іңкөрлікпен оқып, жаттап, толғап «терең ойдың телміріп соңына ерсең», сөйтіп, жетелілігіңе жігерлілік қосылып, құштарлықтың қанатында ұлылықтың шыңына, рухани жетілудің асқарына ұмтылып, Алланың мейірімі түсіп, құт дарып, арсыға дұға асырар едің. Ғарыштық санаға ие Абай дұғасының мағынасы, тағлиматы – осы.

## **«СЫПАЙЫ ЖҮР ДЕ, ШАРУА ОЙЛА»**

Қазақтың таным-түсінігінде Қыдыр ата ақ түйесіне мініп, қыр қыдырып, су сыдырып, құдық қазған, жол салған, бидай сепкен, мал баққан шаруақор жандарды бақылап, оларға сақы мырзалықпен ақ бата береді

екен. Ақжолтай Қыдыр ата түйесінің аяғы тиген жерде жайқалып-толқындап егін өседі екен.

Екінші бір тағылымды төмсілге ой жүгіртейік. «Бағзы заманда бір өмірші жалғыз қызын бай баласына бермей, өнерлі де өнегелі жарлыға беріпті. Сонда әлгі патша былай деген екен:

– Мынаның қолында қызымды өмір бойы мұқтаж қылмайтын алтын білезігі бар. Ал байдың баласында қолдың кірінен басқа ештеңе жоқ. Боқтан сасыққа, тастан қаттыға біткен байлық қолдың кірі секілді, жусаң кетеді. Өнер – алтын білезік, өмір-бақи қолыңнан түсіп қалмайды...».

Өнерлі, берекелі іспен шұғылдану, ден қою, өз тағдырыңа жаның ашу, өмірдегі түзу, дұрыс жолыңды таңдау, қақсоқпен айналыспау, табиғи сыпайылықты болмысыңа сіңіру, ізгілікке, ұстамдылыққа, қайырымдылыққа, өрнәрсенің шек-мөлшерін жіті білуге, әділдікке, ерлікке, кез келген істің себебі мен салдарын қыран көрегендікпен салмақтауға, уақытты сарабалдықпен пайдалануға ұмтылу – әрбір кісінің абзал ісі болса игі. Абайдың:

*Қуанбаңдар жастыққа,  
Елерме күлкі, мастыққа.  
Көзің қайдан жетеді  
Достық пенен қастыққа?  
Құрбыңның қызық дегенін,  
Сөз екен деп ап шықпа.  
Адалдан тапқан тиынды  
Сал да сақта қапшыққа.  
Қолдағыңды қорғап бақ,  
Мал арзан деп аптықпа.  
Сыпайы жүр де, шаруа ойла,  
Даңғойланып қақтықпа, –*

деп, тұжырымды ой туындатады.

Немесе: «Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың?!» деп жазады 10- сөзінде. Сөз жоқ, адамшылықтың көрсеткіші – адал кәсіп, тілдің ұшымен апырып-жапырып айту емес, аяқ-қолыңмен мейірленіп қызмет ету, «оқтай зырлап, қардай борап» бейнеттеніп

еңбектену. Бір ой бір ойды қозғайды Абылай ханның елімді отырықшы ел етіп, жер емшегін емізіп, егіншілік өнерді үйрете алмадым дегені бар. Абайдың ұлы дәстүрін дамытқан ойшыл Шәкәрімнің «Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ» дейтін қағидалы ғибраты да толғандырады.

Хәкім Абай адам баласына еңбек етудің түп негізін былайша түбегейлеп мәлімдейді: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың». Өзіңді де, өзгені де, жанды-жансыз жаратылысты да ардақтау һәм гүлдендіру – бір ғана еңбек ету, кәсіппен айналысу. Табиғаттың өзі ғажайып бір оқулық. Мысалы, «Мың бір түннің» бірегей мысалына жүгінейік: «Ара айтады: Менің үйім ғимарат өнерінің ең жоғарғы өрнегі бойынша жасалған. Менің ұямның геометриясынан Евклидтің өзі тамаша тәлім алған болар еді»[42,114].

Қазақ баласы үшін ара мен құмырсқаның ересен еңбекшілдігі аян. Абай: «Егер мал керек болса қолөнер үйренбек керек. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол» – дейді 33-сөзінде. Демек, Қыдыр атаның әулиелігі дегеніміз егінші-малшы қауымға ілтипат-ізеті. Абайдың айтып отырғаны он саусағынан өнер тамған қолы өнерлі, ұста – бақ-берекенің иесі. Қоғамды ізгілендірудің басты қаруы – өнімді, өнімді кәсіппен айналысу. Мемлекет те, халық та, қоғам да жатыпшыер, кержалқау, арамтамақтарды жүгендеп, стратег Абайша айтқанда, «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген ұстанымын, көзқарасын берік ұстасақ, шебер қолдансақ, Ұлы даланың игіліктері ел кәдесіне асып, дәулетіміз тасып, рухтанып, қанаттанып, сәулеттенер едік-ау!

Абай өркениеттің қақ төрінде, парасаттың ұшар биігінде шарт жүгініп бар даусымен саңқылдап сөйлеп тұрғандай: «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ-өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, қара жер де береді, құр тастамайды» (4-сөз). Тағы да «Егер ісім өңсін десең,

ретін тап», «Харекет қылмақ, жүгірмек» дейтін алтын ойлары бар. Міне, бұлар «толымды-білімді» адам болуға баулитын өнегелі даналық, ғибратты сабақ, берекелі ақыл.

### «ӘЙТЕУІР АҚСАҚАЛДАР АЙТПАДЫ ДЕП...»

Дана халқымызда «Келген жеріңнің биігіне шық, елінің үлкеніне жолық» деген нақыл бар. Аузының дуасы бар, ақылдың қаймағына ие ізгілікті, мейірбан, әділетті өмір-тіршілік, келешек жайын, дүние құбылыстарын салиқалы көзқараспен дұрыс безбендеп шешімпаздық танытатын ақсақал – ауыл-аймақтың айбары, құты. Жапон мақалына жүгінсек, «қарт кісінің тәжірибесі тасбақаның сауытынан берік». Ол өкпешіл, міншіл, көңіліне кір сақтағыш, біреудің іс-әрекетін жоққа шығарғыш емес, «арыстан артына қарап ақырмас» дегендей, келешектің тұлғасын тәрбиелейтін кемел ақылман, көрегендігімен көшбастаушы. Демек, Абайдың хикмет кеудесі, ғұламалық зердесі елді дұрыс жолға бастаушы өрі-қыры бірдей даналықпен, ізгілікпен, тәжірибемен мұздай қаруланған ақсақалдың шынайы тұлғасын сипаттайды. Сондықтан да:

*Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп,*

*Жүрмесін деп, аз ғана сөз шығардық, –*

деуі халық тағдырына, ел болашағына, оның бірліктұтастығына, ауызбіршілігіне зор жауапкершілікпен қарағандығынан туындаған. Задында, Абайдың әрбір өлеңінің шығу тарихы бар. Хакімнің әрбір сөзі – сол бір дәуірдің суреті, тұтас бір кесек кемеңгерлік кеңес. Ол асыл жұртының алға басуын, биіктен көрінуін, көсегесі көгеріп, толысып-жетілгенін көксейді. 1886 жылы жазылған «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» дейтін намыс әрі сөгіс толғауында:

*Ақсақалдың, өкенің, білімдінің,*

*Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек, –*

дейді де бұл ойын одан сайын «Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек», «Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек» деп,

өнерсіздерді, құлықсыздарды өшкерелейді, ақсақалдың тілін алмағандарды айыптайды.

14 жасынан бастап әкесіне қолғанат болған, ел басқару ісіне мидай араласқан, дау-шарларда мінсіз төрелік айтқан, заманды, қоғамды хас тамыршыдай таныған, адам баласының тұңғиық сырларын қапысыз меңгерген Абай:

*Мұндай елден бойың тарт,*

*Мен қажыдым, сен қажы!*

*Айтып-айтып өтті қарт,*

*Көнбеді жұрт, не ылажы? –*

деп, қыран текті қарттың еңбегі еш болғанына көзге қамшы тигендей өкінеді.

Абай рухани қабілет, түсіну, ой жүгірту, тәжірибе, ой-парасат, білім-білік, сана деңгейі жоғары есті ақсақалды, яғни орыстың ойшылы Некрасов айтқандай, «бір әулеттің тірегі, ар-ұяты, рухани ұстазы, даналық көзі», «халықтың, жалпы адамзаттың дамуына бағыт-бағдар беретін» тұлғаны бізше айтқанда, көпті көрген мінезге бай қайратты, намысты, жол-жобаға жүйрік зиялы ақсақалды үлгі етіп отыр. Асылы, «ақсақалдық», «үлкендік» ұғымына ұшан-теңіз тәжірибе, кемел көзқарас, мақсаткерлік, кеңпейілділік, елшілдік-мемлекетшілдік, еңбекшілдік, имандылық, жақсылықты қорғау, жамандықты өшкерелеу тәрізді қасиеттер енеді.

Стратег, сыншыл, болжағыш Абай «тірі болып төрде жоқ, өлі болып көрде жоқ» «қартаң бай», «қартаң шал», «кезбе шал» дейтін көзбояушы сұрпақбайлардың шаңын қағады, шаяндай шағады. Мәселен:

1) *Қартаң тартқан адамнан от азаймақ,*

*От азайса, әр істің бәрі тайғақ.*

*Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып,*

*Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ.*

*(«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас»).*

2) *Байбайшыл тартып, баға жоқ,*

*Жастарға жаппас жала жоқ.*

*Жат қораны күзеткен*

*Қартаң шалда сана жоқ.*

*(«Туғызған ата, ана жоқ»).*



3) *Басалқа сөз сенде жоқ,  
Айтқан сөзің «малың шаш».  
Итше індет тілемей  
Жат үйіңде, өлсең де аш!  
Ойлап-ойлап қарасам,  
Осындай шал қайда жоқ.  
Қозғау салып қоздырғыш,  
Кезбе шалдан пайда жоқ.  
(«Қайғы шығар ілімнен»).*

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты стратегиялық мән-мағынасы айрықша мақаласында: «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді», – деп жазды. Ендеше, жаңаша көзқарас, жаңаша пайым, асыл қасиеттерге ие кісілігі, тәжірибесі, тағылымы мол данагөй ақсақалдықтың заманы туды.

### «СӨЗІН ОҚЫ ЖӘНЕ ОЙЛА...»

Бағзы заманда қытай ойшылы Конфуций: «Кітап оқығаныңды ғана біліп, ой жүгірткенді білмеген адам оқудан оңай жалығады» деген. Хан заманының атақты жырауы Шалкиіз: «Сөйлесін қалам сырымды, Тыңдасын өлем жырымды» деп ұрандаған. Сонда айтқыш импровизатор, жорықшы жырау қалам, қара сия, ақ қағазды пайдаланған, «алыс жерден мөрлі шұбар хат» алған. Румның атақты шешені Цицерон: «Қалам – ең жақсы ұстаз, жазылған сөз тап, қазір ойлаған сөзден артық» деп нақты көрсетіпті. Алланың кітабы Құран Кәрімде: «Оқы: Жаратқан Иеңнің атымен оқы! Оқы! Сенің Тәңірің – ең ардақты! Ол қаламмен жазу үйретті. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен» деп жазылған (өл-Әлақ сүресі, 1, 3-5 аят). Сонда адамзаттың рухани жетілуіне, өркендеуіне оқу, жазу, қалам ұстау, сияны пайдалану керектің керегі екен.

Руханият кеңістігіндегі ұлы, кемел, толық, сәулелі ой-тұжырымдарды терең мағыналы пікірлерді гүлдендірген

Хәкім Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде: «Сөзін оқы және ойла, Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта көңіл-гүл» десе, «Интернатта оқып жүр» жырында:

*Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге, –*

деп, білімнің мән-маңызын айрықша толғайды. Ой жүгіртіп, ақыл безбеніне салу, тебіреніп тағылым алу, қызығу, «ойыңмен араласу», балауса балғын дәуреннің желігіне ермеу, ыждаһаттылық таныту әрі қабылдап түсіну мәселесін қадап айтады. Абайдың «Жас уақытта көңіл – гүл» дейтін лебізінде келісті бір сыр бар. Бұл бір әсерлі, қызықты, ерке шақ. Осы бір шақта өзгеше бір қайраттанып, қырандай сілкініп, қияға қанаттан дегендей де жасырын, құпия бір ой бар.

Осы бір тұста парсының Дарий патшасына жас жары Атосса: «Сенің уылжыған жас денеңмен жарыса, таласа рухани күштерің де өседі, жетіледі, ал денең қартайып қаусай бастаған да рухың да әлсірейді. Сондықтан да ерлік жасау – жастық шаққа төн» дейді-міс [43, 117.].

Көрегендік қабілетінді, көзқарасыңды «білмекке құмарлығыңды», ой-сананы жетілдірудің төсілдерін яғни еске сақтаудың, мұқият тыңдау өнерінің шарттарын Абай 31-сөзінде былайша жіктеп баяндайды: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмау керек; екінші – сол нәрсені естігенде, я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ын-тамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер бір кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы – күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақылмен ғылымды тоздыратын нәрселер».

Тыңдау өнері жайындағы Абай пайымдары – өзіндік асыл тәжірибесі, өзіндік даналық болмысының байламы, ойшылдық, хәкімдік, кемеңгерлік тұлғасынан қуат алған

затты сөз, мәнді пікір. Ендеше, Абайдың «ой кеселдерін» жітілікпен айқын көрсетіп, шеберлік танытуын айтқанда хәкімнің адами жаратылысы жөніндегі Мәшһүр Жүсіптің мінсіз мінездемесі қандай десеңізші!

«Құнанбайұлы Ыбырай марқұм айтты ғой: «Өмір, дүние дегенің, Ағып жатқан су екен. Жақсы-жаман көргенің, Ойлай берсең у екен» деп. Соңғы ел білімдарлары – бұл. Адамды адам санатына кіргізбей жүрген қарындағы қап «жұмбақ» екенін білді де, ішіп-жемекті аз қылды. Ол екеуі аз болған соң, ұйқы бөлінді, сергек болды. Содан соң күлкі кеміді. Денедегі арам қан азайды. Арам қан азайған соң, жүректі барып ұйытқытып бұзатын дәнеме табылмады. Содан соң бұл адамнан нәпсі-дәме бәрі атым ең жоқ болып, көңілі күш-қуат алып, періште сипатты болды». Расында, Абайдың рухы таза, ойы дария, ақылы сара. Сол себепті «білгенге маржан» сырлы кеңестері, сұхбаттары ойыңдағы, сөзіңдегі, ісіңдегі, мінезіңдегі қателіктерді түзеп, оңға, таза жолға бастайды, мұрат-мақсатқа бастайды.

## **«ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ»**

Абайдың шығармашылық өнернамасында өзінің ұстанымын, көзқарасын, танытатын «сөз патшасы, сөз сарасы», «сөз майы», «сөз мәнісі», «шын сөз», «қасиет тұтып, ойға ұмтыл, қан қайнап, қуат егілсін!», «қуаты күшті нұрлы сөз», «таза ойла», «сөздің шыны», «ақыл сөз», «жақсы сөз» дейтін кесек-кесек, лек-лек мағыналы ұғымдар ақын поэзиясының асыл сипаттарын айқын танытады.

1886 жылы жазылған «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» дейтін жыр-толғауы жанды сыр-сұхбат, әңгіме айту, ақыл қосу, жас берендердің ой-санасын, көңіл сарайын күмбірлетіп оятып-серпілту үлгісінде өзінің мол тәжірибесімен ортақтасу, бөлісу тұрғысынан жазылғандай. Шығыс өркениеті мен Ұлы дала мәдениеті тарихында жақсылардың мәслихаты – сұхбат, әңгімелесу түрінде ұйымдастырылған. «Жақсы адаммен бірге болып сұхбаттасу жұпардай әсер қалдырады (өзің де сондай боласың)» де-

ген Мұхаммед (с.ғ.с.) өз хадистерінде. Я болмаса Алла мен оның Елшісі 90 мың тақырып бойынша (шариғат – 30 мың, тариқат – 30 мың, хақиқат – 30 мың) сұхбаттасқан. Сұхбат құру, мәжіліс жасау – ұлттың интеллектуалдық өлеуетін жақсартады. Ертеде шахтар қабылдау (меджлис) жасап, өлең оқып, музыка тыңдайды екен.

Халық қызметкері Абайда сұхбаттасу, әңгімелесу дәстүрін гүлдендірген, кең қолданысқа енгізген, жанды құбылысқа айналдырған, ел игілігіне жаратқан. Ол да тыңдау өнеріне баулып, шәкірттерді оқытқан. Себебі, 1888 жылы Жидебайда медресе ашқан. Абайдың ұлттық дүниетанымы, пәлсапалық көзқарасы, мәдени дәрежесі, ойшыл зеректігі ел қайғысын ойлаған, ілгеріні болжаған. Сұңқарлық санаты, тылсым табиғаты елден ерек екені жырында да, сырында да тұнып тұр.

*Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,*

*Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.*

Немесе:

*Керек іс бозбалаға – талаптылық,*

*Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.*

*Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,*

*Оның қадірін жетесіз адам білмес.*

Өйтпесе:

*Кемді-күн қызық дәурен тату өткіз,*

*Жетпесе, біріңкігін бірің жеткіз!*

*Күншілдіксіз тату бол шын көзімен,*

*Қиянатшылдық болмақты естен кеткіз! –*

дегенінде жібектей есілген жақсы қылыққа, қараса ханнан көзі өткір, сөйлесе жаннан сөзі өткір қасиеттерге ие «шын көңілмен» «шын күлерлік», жүзі шұғыла, шынар тұлға «сүйікті ер», «ер жігіт» болса екен деген ұлы тілек, ұлы уайымы бар.

Абай ер жігіт тағдырында жар таңдау мәні хақында:

*Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,*

*Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме.*

*Әйел жақсы болмайды көркіменен,*

*Мінезіне көз жетпей, көңіл берме. –*

деп, «жеңсікқойлық», «жеңсікқұмар» дегендерден ада болып, сана сабырлығына бас иію, тұрлаулылықты темірқазықтай тірек ету ләзім.

Адам өмірі мен тағдырының жай-күйін жүйрік зерделейтін, ұшан-теңіз білімнің, өлшеусіз тәжірибенің, интуицияның иесі Абай:

*Жасаулы деп, малды деп байдан алма,*

*Кедей қызы арзан деп құмарланба.*

*Ары бар, ақылы бар, ұяты бар,*

*Ата-ананың қызынан гапыл қалма, –*

деп, қандай құсты қолға қондыру керектігін нақтылап, шегелеп жеткізеді.

Осы бір даналық тағылым, мағыналы өсиет Жүсіп Баласағұнның:

*Тек таза, құтты болсын тамыры,*

*Ұяты мол, инабаты һәм ірі.*

*Қол тимеген, болсын аттап шықпаған,*

*Сенен басқа еркек бар деп ұқпаған*

*Сені сүйіп, сенен басқа іздемес,*

*Жаман қылық, жарамсыз іс істемес, –*

деген бөйіттерімен үндеседі.

«Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр» пейіштің шынарындай, уылжыған уыздай әйел затын:

*Майысқан, бейне гүлдей толықсыған,*

*Кем емес алтын тақтан жар төсегі.*

Әйтпесе:

*Ақыл керек, ес керек, мінез керек,*

*Ер ұялар іс қылмас, қатын зерек, –*

деп, кемел сипаттап, сұлу сезіммен суреттейді.

Нені айтсада сөздің алмастай өткірін, уыттысын қолданындығына «Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез, жыртаң-тыртаң», «сасық ми» деген сөздерін мысалға келтіруге болады.

Қазақ қауымы ішінде қай заманда да көрісі, өрескел жөйітер де, сыздауықтар да жетерлік болған. Бұл Абай сынынан да тыс қалмады. Ақын:

*Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,*

*Тілеуі, жақындығы – бәрі сату, –*

деп, түңілсе, үміті кесілсе:

*Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,*

*Қажымас, қайта айнымас қайрантату! –*

деп, көңілі сүйсінеді.

Тағы да:

*Пайда деп, мал деп туар ендігі жас, –*  
деп шошынады.

Түптеп келгенде, бұл өлеңде заман келбеті, өлеуметтік қайшылықтар, ел ортасындағы ахуал, адамдардың тәртібі (жалақорлық, жанжалқұмарлық, арызқұмарлық, опасыздық), пейіл, қарым-қатынас шынайы көрсетілген.

Стратег Абай зөре-құтыңды қашыратын жан түршігерлік жаманшылықтардан қорғайтын қамал-қорғаның:

*Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,*

*Өзі зордың болады ығы да зор, –*

деп, ғибратты пікір ұсынады.

Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» дейтін жаратындысы – оның өскен-өнген өлкесінде сұхбат құрудың, әңгімешілдік, шешендік өнердің өрге өрлегендігіне, өркендегеніне бірегей өнегелі мысал. Сұхбат – тәрбие мен білім құралы.

Психологиялық әсері мол ақын дауысында мейір, тазалық, сыршылдық, құштарлық, рухани кеңістік пен кемелдік бар.

Жақсыдан қалған көз – Көкбай Жанатайұлының мына бір әдеби шығармашылық дерегінен елеулі мәлімет аламыз:

*Семейге Абай келсе бізде думан,*

*Ән салып босамаймыз айғай-шудан.*

*Бас қосу, бақастасу, мәжіліс құру,*

*Секілді бір ғылымның жолын қуған.*

*Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,*

*Өзгелер отырады ауызын бұған.*

*Бір барсаң мәжілісінен кеткің келмес,*

*Хәкімдей Аплатон аңырап тұрған.*

*Келбетіне, біліміне лайықты,*

*Япыр-ау, мұндай адам қалай туған, –*

Мұнда Абайдың туа бітті әңгімешілдік, сұхбат құру өнері толық түсіндіріп түйінделген.

Келешектің тұлғасын тәрбиелеуді мақсат тұтқан Абай – ұлт рухының символы.

## АБАЙ ДӘУІРІ ЖӘНЕ ЖАС ҚАУЫМ

Абай – өз заманының реформаторы, сондықтан қандай істе де болсын әділет пен шыншылдыққа жүгінді. Ол – өз қоғамының тәлімгері. Ұшқыр ойлы жас қауымның рухани жетілуіне, ел-жұртының өнер-білімге, кәсіпшілікке, мәдениетке ұмтылуына, гүлденуіне ересен еңбек сіңірген «сөзі мен ісі бөлінбес» қажырлы ұйымдастырушы.

Ел басқару, билік-кесім айту, «мал бағу», «ғылым бағу», «дін бағу», «балаларды бағу» ісінде даналық, хәкімдік, ақындық, азаматтық, санаткерлік қабілет-қарымын танытып, нешеме алуан жаңашылдық қырларын жарқыратып көрсетті.

Абайдың өңгімешілдік өнері, ойшылдық өнегесі, даналық дерістері, елінің елгезек, есті, парасатты, балғын, балауса жастарына дұрыс бағыт сілтеп, өн-күйге, жыршылыққа, дастаншылыққа, Еуропа мәдениетіне тәрбиелеуі – ұлт тарихындағы, әлеумет жұмысындағы, ұстаздық жолындағы көркем ұлы істер еді.

Абайдың әрбір асыл шығармасы – қалың елдің назарында еді. Өн болып шырқалды, жатқа толғанып айтылды. Мұхтар Әуезов Абайдың дария білімі мен меруерттей өсиет сөздеріне ынталылық танытқан көзді туған талант-ты жандары үшін «Абайдың ауылы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады» деп жазды. Анығын айтқанда, Абай өз қаражатымен Жидебайда медресе ұйымдастырған. Бұл – 1880 жылдың шамасы. Медреседе жаратылыстану, гуманитарлық пәндер өткізілетіні мәлім.

«Ескі үлгіде қалма! Өзгерген заманның жаңа тұрпатты қайраткері болуға өзірлен!» деп, мағыналы сөз айтады екен.

Абайдың философиялық өлеңдері, афоризмдері, өндері қалың қазақтың қасиетті мүлкіндей ардақталған. Атақты жәрмеңкелерде, астарда, ойын-сауықтарда, түрліше мәслихаттарда айтылған. Сонымен бірге ХІХ ғасырдың салсерілері, халық композиторлары Біржан сал, Жаяу Мұса, Естай, Ғазиз, Шашубай, Құлтума, Өсет, сондай-ақ әйел затынан шыққан Ажар, Зейнеп, Сара, Қуандық секілді өнші-ақындар және Абайдың өз шәкірттері Мұқа, Әлмағамбеттер нақышына келтіріп әуелеткен.

Және де Мүрсейіт, Самарбай, Дайырбай, Ыбырай, Хасен, Ғабитхан, Кішкене молда (Мұхамметкөрім), Махмудтар көшірген Абай шығармаларының қолжазбалары Ұлы даланың орта және ұлы аймақтарына кең тараған.

Ұлы дала тарихындағы Абайдың даналық мектебіндегі әңгімелердің тарихи, танымдық, әлеуметтік, адамшылық мәні жөнінде Кәкітай Ысқақұлы 1909 жылы былай деп жазған: «Абай ...әншейін отырғанда, көбінесе, өзінің қызықты көріп, көңілі рахат болатұғын сөзін ұғар деген бала-шағасы, уа ғайри жөнге талап байыпты жас жігіттер ортасында өзге ел сөзі, шаруа сөзі сөйленбей, өзінің білгенін, сезгенін айтып, адамның адамшылығы қандай мінезбен түзеледі, қандай құлықпен бұзылады, ғалымды қалай іздеуге керек, өмірді қалай кешірсе жөн болады, бұрын қандай ғалымдар өткен, олардың артықша айтқан сөздері қандай – әйтеуір, не түрлі насихатпен болсын жастарға ғибрат болып, адамшылығы түзелер деген сөзді айтып отырудан қанша уақыт болса да жалықпай, ынталы көңілмен бек рахаттанып айтып, ұқтырып отырушы еді».

XIX ғасырда қыз жасауына берілетін мүліктермен (ақ отау, төсек-орын, киім-кешек, сәукеле, ыдыс-аяқ, қару-жарақ, құрал-жабдық) бірге Абайдың қолжазбалары да бар. М. Әуезовтің дерегі бойынша, Пәкизат, Уәсила, Әсия, Рахила, Ғалия, Ғабида, Қаныш дейтін қыздар ұзатылғанда Абайдың қолжазбаларын жасаудың бір бөлшегі ретінде өздерімен бірге ала кеткен, көздің қарашығындай сақтап, қызғыштай қорыған, дұғадай оқыған. Мұндай өнегелі дәстүр грузиндерде болған. Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастаны ұзатылатын аруға жасау ретінде берілген. Ақындықты да, ұстаздықты да, әңгімешілдікті де, шеберлікті де әлеуметтік қызметтің құралы есебінде қолданған.

Абайдың тыңдармандарына қояр шарты мынау:

*Көкірегінде оты бар,*

*Құлағын ойлы ер салсын!*

*Қабыл көрсе сөзімді,*

*Кім таныса, сол алсын!*

*(«Өзгеге, көңілім, тоярың»).*



Өсиеттей қасиетті дәріс-әңгімелерін тыңдаушылардың қабылдауы, ұғуы, ой түйі, қорытынды шығаруы, мән-мазмұнына тереңдеуі, шығармашылық, зиялылық деңгейі де сараланған.

Бұған:

*Буынсыз тілің,*

*Буулы сөзің,*

*Әсерлі адам ұғымына.* –

дегені дәлел.

Адамзат руханияты тарихында шешендікпен, білгірлікпен әңгіме-лекция өткізу үрдісін бастаған Пифагор (б.з.д. 576-496 жылдар) екен. Оның екі мың шәкірті болған. Сонан соң Аристотель (б.з.д. 384-322 жылдар) академиялық сәулетті бақ ішінде таңертең (бұл кезде ғылымның күрделі тараулары бойынша) және кешке оқыған. Аристотельдің өзі Платонның (б.з.д. 428-347 жылдар) лекциясын б.з.д. 367-347 жылдар арасында тыңдаған.

Сахара жұртында Абайдың даңқты жырлары мен ән-күйлерінен халық қанаттанған, ойын, сезімін, қиялын байытқан.

Абайдың кесек, көркем істеріне, ересек ойшылдық еңбегіне, шешендік, әңгімешілдік, ақындық өнеріне, бастамашылдық-көсемдік бітіміне құмартып қызыққан сырт елдің бір жақсысы: «Жастар, сендерге бақ берген. Ол бақ-күнде ортаңда, қолыңда бәріңе неше алуан ұстаздық, үлгі, өнеге үйретіп отырған – Абай! Жылында Абайды бір-ақ рет көретін бізді айтсаңшы!» (М. Әуезов дерегі).

## АБАЙ ЖӘНЕ ШҰМЕР МӘДЕНИЕТІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» атты заманауи шығармасындағы: «Ұлы тарих кемел келешекке жетелейді» деген сындарлы ойы ата тарихымызға, рухани мәдениетімізге үңілуді меңзейді. Ендеше, қазақ тілі мен мәдениетінің ғаламдық мәдениетпен байланыстарын ой көзімен барлау, тарихи-мәдени деректерді айқындау, түп-төркінін тексеру – қазіргі ғылымның талабы.

Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабының «Шумер-наме» дейтін бөлімінде б.з.д. шамамен төртінші мыңжылдықта пайда болған шумер тілі мен түркі тілдерінің мәдени байланысы зерделенеді. Бұл орайда ол Алдыңғы Азиядағы өлі тілдердің мән-жайын зерттеген И.М. Дьяконовтың «Көне Алдыңғы Азия тілдері» (Москва, 1969) еңбегінде келтірілген жүзден аса шумер сөзін мысалға алып, пікір өрбітеді. О.Сүлейменов шумер лексикасын түрік тілімен салыстыру мақсатында Тәңір, Адам, Табиғат тақырыбындағы пішіндес, мағыналас, туыстас 60 сөз-ұғымды іріктеп, әрқайсысының жазылу ерекшелігін көрсетеді. Сонда шумер заманында *ата, ана, ана, туу, ер, шабан, үй, Білге* (аккад тілінде – Гильгамеш), *біз, сіз, ағаш, Тәңір* (дингир), теңіз және т.с.с.сөз-ұғымдар болған екен. Сонымен қатар «Шумер» терминдік атауының этимологиясына үңіліп, мұның арғытүрікше, ал Сибирдің (Сібірдің) көнетүрікше айтылған түрі дейді. Бұл неліктен? Ұқсастық сыры неде дегенге жауап іздегендер болсақ, Топан судың кесапатынан Оңтүстік Сібірге ауады. Б.з.д. 5-ші мыңжылдықта Топанның беті қайтып, шумерлер, 4,5 мыңжылдықта Месопотамиядағы Тигр, Евфрат өзендеріне оралады. Сондықтан да жер-жаһанның екі жақ шетінде Шумер өркениетінің із-таңбасы халықтың санасында да, Сібірдің жартасында да қалған.

Негізінен, шумер және түркі тілдері арасында лексикалық жағынан мағыналас, мөндес сөздер болуымен қатар, таңбаларында да сәйкестік бар. «Шумер сызу таңбалары б.д.д. 2900 жылдары көрініс тауып, 2400 жылдары жүйелі жазуға айналды... Ассирия патшасы Ашшурбанипал өзінің кітапханасына шумер тақтайшаларын жинатып, оқып отырған» [44, 120-121.].

Шумердің «Гильгамеш» дастанында б.з.д. он мыңыншы жылдықта болған Топан тасқыны толық сипатталған. Және де «Гильгамеш» баяны Сібірдегі Хакасияның жартас суреттерінен (петроглифінен) көрініс табуы да қызық.

Шумерлерде философия, стилистика, грамматика, юриспруденция ғылымдары жоғары деңгейде дамыған. Бұлар 3,5 мың жыл бұрын қыш тақтайшаларға қашалып жазылған және жалпыадамзаттық құндылықтарды

қамтиды. Көпшілігі ауыздан ауызға ерте тараған. Көне дәуірдің даналық мәйектерін 1934 жылы Эдуард Чиер Филадельфиядағы Пенсильвания университеті музейінің коллекциясынан тауып, біраз фрагменттерін жариялаған. Сонан соң «Тарих Шумерден басталады» дейтін зерттеу еңбегін жазған Сэмюэл Н.Крамер Ыстанбұлдың Көне Шығыс музейінен сексен шақты кестелері мен үзінділерін ғылыми айналымға қосқан. Әсіресе адамзат өркениеті тарихында ең ежелгі жазу сызуларды қопара тексерген профессор Эдмунд Гордон (1921 жылы туған) Шумер мақал-мәтелдерінің (1968, 634-бет) толық нұсқасын жариялаған. Осы ретте Шумер мақал-мәтелдерімен мағыналас, үйлес қазақ гибраттарын атап өтейік: «Кісі киімі кіршең», «Бір құмалақ бір қарын майды бүлдіреді», «Кедей бұзауын байлап қойып мақтайды», «Ұста пышаққа жарымас», «Аш құлақтан тиыш құлақ», «Танымаған жерге тон сыйлы», «Әйел – ердің бағы, ұл – ердің қорғаны», «Етікші бізге жарымас» және т.с.с.

Шумертанушы Сэмюэл Н. Крамер «Білім қайғы тудырады» дейтін «білім» мен «қайғы» ұғымдарын байланыстыратын мақалын келтіреді. Сонда Абайдың:

*Қайғы шығар ілімнен,*

*Ыза шығар білімнен. –*

дегеніндегі «қайғы» сөзі тура мағынасында айтылмаған. Әрі қарай ойшыл хакім осы бір сөзге қатысты пікірін былайша тереңдетіп сабақтайды: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман»; «Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ақырет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі кеніш болса керек; «Бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз, Тілеуің өмірің алдыңда, Оған қайғы жесеңіз»; «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын». Хакім ақын қолданған метафораның ішкі мағынасы мейлінше қабат-қабат. Расында «Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес» деп, «сөзі алтын хакім» тұлғасын Мағжан Жұмабаев қалай айтқан!

Халықтың ойы, тілі – тарихтың, мәдениеттің, заманның тілі. Өркениет тарихында Абай құбылысы – филосо-

фиясымен, ғылыми-шығармашылық дүниетанымымен, гуманистік көзқарасымен, стилистикалық мәнерлілігімен, көркемдік шеберлігімен, ішкі эстетикалық мазмұнымен өзгешеленетін әрі мыңжылдықтардың сырын, құдіретін, сипатын мәлімдейтін алтын дәптер іспетті. Шумер мәдениетімен де нәрленген алтын тамырлы Абай даналығы осындай ойларға жетелейді.

**II бөлім**

**ӘЙГІЛІ АБАЙТАНУШЫЛАР**



## МҰХТАР ӨУЕЗОВ

Ұлт суреткері, оқымысты-филолог, ұлы абайтанушы Мұхтар Өуезов «Абай Құнанбаев» атты монографиясында ойшыл ақынның өмір сүрген заманы, өмірбаяны, ата-тегі, тарихи ортасы, тағдыры, қоғамдық-әлеуметтік, тәлімгерлік қызметі, шешендік, тапқырлық, әңгімешілдік, композиторлық өнері, билік-кесім шешімдері, мұрасының жиналу, жариялану, зерттелу жайы, дара тұлғаның жас, балауса шағындағы шығармалары, лирикасы, поэмалары, қара сөздері тарихи, ғылыми-өдеби тұрғыдан талданады. Мол өдеби-мәдени, тарихи деректер негізінде Абайдың шығармашылық өмірбаяны, ақындық шеберлігі, философиялық-эстетикалық ойлау жүйесі, суреткердің жаратушылық энергиясы, ұлттық поэзия тарихындағы жаңашылдығы жан-жақты зерттелінеді.

Айтулы монографияда қазақ сахарасындағы патша үкіметі аппаратының жандайшап шенділерінен бастап, Құнанбай өміріне қатысты бағалы мәліметтер, әсіресе, Абайдың медреседе және үш ай ғана Семей шаһарындағы «Приходская школада» оқып, аға сұлтан әкесінің ақылымен ел билеу ісіне араласа бастайды. «Құнанбай Абайдың өзгерден артық екенін сезген» деп жазады М.Өуезов.

«Өзінің де қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң, Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық өнерін еріксіз осы жолға салған. Сонымен балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мөтел, тақпақ, ескі биліктеріне елдің маңдай кісілерімен қатар түскендей білім жияды» деп, Абай тұлғасының, ой-парасатының, қабілет-қарымының қандай екенін мәлімдейді.

Ел, халық даналығын ой-санасына қайдан, қалай ұялатты, болмысына дарытты, миына сіңірді дегенге М.Әуезов сол «сан қазынаны әжеден, анадан, қонақ, жолаушылардан есітеді», «халықтан шыққан шешен, ділмөр ақыннан, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады» деп, Абай тілінің негізгі бастау көзін атайды.

Әрине, осылардың барлығы құйма құлақ Абайдың ақындық ұшқырлығын, билік айту, ел басқаруда түйғындығын, ұғымталдығын, шешімпаздығын, ақылмен қиядағыны болжап, «жаңа өріс, тың жол табатындығын», «білгіштігін-сезгіштігін» танытады. Бұларға мысал ретінде, Мұхтар Әуезов сұңқар табиғатты Абайдың жас өрім жеткіншек шағында Алшынбай биге, Шорманның Мұсасына, Құнанбайдың үзеңгілесі, жүйрік тілді шешен Қаратайға, азулы өз әкесіне соншалықты тапқырлықпен айтқандарын сөйлетеді. Бұлар Абайдың жүректің сөзін сөйлейтін турашылдығын, әділеттілігін, қырғи тілділігін танытады.

Абайтанудың білгірі ұлы ақынның тыңдау өнерімен қатар оқу өнеріне мән берген. Ол 35-36 жасқа шыққанда яғни желтоқсан-наурыз айларында Семей кітапханасында тынымсыз кітап оқумен шұғылданады. Н.Г. Чернышевскийдің досы Михаэлиспен достасады.

Әуезовтің жазуынша, Михаэлис Абайға кітап оқудың тәртібін, жоспар жасауын үйретеді, келелі кеңес береді. «Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның артынан соның ағымына ақыл-оймен терең бойлайтын әдеттер табады» екен. Нағыз тағылым, шын тәжірибе, өшпес өнеге деуге лайық.

М. Әуезов Қарамола съезінде Абай жасаған Ереженің баптары жүзден асқан деген Мүсірәлінің деректерін келтіреді. Мүсірәлінің айтуынша, Абайдың екі жаңалығы мынау:

1. «Бұрынғы жол бойынша ақы иелері алатын малды төлеуге ұрының өз мүлкі жетпегенде ағайыны төлейді екен. Абай енді «ағайыны емес, ұрыға ат майын беруші, сүйеуші бай-жуан төлейтін болсын», – дейді.

2. «Бұдан бұрын ері өлген жесір әйелді алатын өменгері жоқ болса, байының ағайыны өзге біреуге сатып беру-

ге болады екен. Абай: «Бұл әділет емес, ол әйел баста бір сатылған, жасау-мүлкімен кеп алғашқы қалың мал орайын төлеткен. Енді екі сатылмақ – зорлық. Алатын өменгері болмаса, еркі өзінде, ол әйел «азат», – деген».

Ұлт қайраткері Абайдың Найманның қос бұтағы – Мұрын мен Сыбан рулары арасындағы жесір дауы мен Қадиша қыз дауына әділ билік танытуын тәптіштеп жазады.

Абайдың сыншылдық, ойшылдық, хәкімдік тұлғасы, ақындық, қайраткерлік, санаткерлік қырлары – Әуезов монографиясының басты арқаулары.

Әуезов Абайдың «ақындық еңбегін әлеуметтік тартыстың құралы», «көп қырлы, терең сырлы әлеуметтік идеяны жыр қылғандығын» тегеуірінді қуатпен айтуы – бұл өзі жаңалықты құбылыс. Себебі, Абай сөзі – сапта, санатта жүрген, ойды оятқан, халықтың сана-сезімін тәрбиелеген, Ұлы Даланың құшағында өн болып әуелеп қалықтаған, күй болып төгілген, елдің аузында жүрген көсем сөз, «қоғамды, халықты түзейтін үлкен күш» есебінде жұмсалған.

«Өлең – сөздің патшасы» – Абай ақындығының «жаңа платформасы, үлкен декларациясы», «әлеумет тірлігіндегі өзгеше қасиеттердің» әлемі деп жазады.

М.Әуезов Абайдың аудармашылық үздік шеберлігін әңгімелеу барысында «Пушкин, Лермонтов поэзиясының көркемдігін, терең сыр, үлкен ойларын жеткізді. Крыловтың халықтық өткір мысқыл, ұста сатирасының түгел түсінікті болуына жол ашты» деп нақтылайды да, «Ішкі сезім толқындарын барынша нәзік, өткір, орамды шеберлікпен келтіруде, Абайдың ақындығы осы еңбек арқылы өзі де биік белге шыққандай болады» деп түйіндейді.

Абай «ғажайып көркем келіскен үйлесімдер», «өсте қолданылмаған тың жаңалықтар», «құрыш қуат, әсем сезім, күйлі толқынға» ие жұлдыздай жайнаған жолдар («еркелі нәзік қол», «құпия қайғы», «болатша дірілдеген жалын көрген») тудырған.

М.Әуезов Абайдың философиялық көзқарасына, «әлеуметтік турашыл және шыншыл бітіміне» тән – «Лермонтов үлгісінде немесе Некрасов, Салтыков-Щедрин



дәстүрінде қоғамдық жаманшылық масқаралықтарды туралап шаншады. Басқа соғып, көзге шұқып отырып айтуды ақынның айқын жолы деп біледі... Добролюбов үгіттеген жол бойынша ызалы шабытпен, тура шабуылмен «түңлігін ұшыра соғып» айту керек деп ұғынады». Көрдіңіз бе, осы бір өткір сипат-белгілер Абайдың стилінде анық білінеді.

Сонан соң М.Әуезов Абай қара сөздерінде ауқымды тақырыптарды қозғап, тереңдеп түсіндіргенін, «тұжырымды көркем сөз» афоризм, нақыл-өсиеттер туындатқанын, бірде ойшыл-ұстаз, бірде әңгімеші ретінде жанды мәслихат, сырлы кеңес құрып, суырылып сөйлеп отырғандай әсерге бөлейді дейді. Және «толық сапалы адам болудың шарты» әрі адамгершілік, әлеуметшілдік, сыншылдық, шыншылдық, тарихтық, діни сипаттарын жіктеп баяндайды.

М.Әуезовтің Абай шығармашылығы хақындағы концептуалды пікірлері, ой-топшылаулары, парасатты пайымдаулары, нәзік талдаулары, тарихи-әдеби деректері – Абайтану ғылымы тарихындағы ірі жетістіктер деу «күндей жарық» ғылыми ақиқат.

\* \* \*

Жаһанға мәшһүр саңлақ суреткер Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің таланты сан қырлы, алуан сырлы. Дарқан дарын әдебиеттану, фольклортану, театр өнері салаларындағы тарихи-теориялық, ғылыми-эстетикалық мәнді толғамдарымен, түйінді тұжырымдарымен ерекшеленген, ұлттық ғылымымыз бен мәдениетімізге орасан еңбек сіңірген білімпаз оқымысты. Айтулы сөз зергері көркем әдебиеттің, әңгіме, повесть, очерк, көсемсөз, роман-эпопея, драматургия сияқты жанрларында қалам тербеп, туғызған інжу-маржан мұралары, рухани игіліктер әлем әдебиетінің асыл қазынасын байыта түсті.

Ғұлама ғалым ретінде ол тек қазақ әдебиетінің мәселелерін зерттеумен ғана шектелген жоқ. Әлемге әйгілі поэзия алыптары Шота Руставели, Өлішер Науаи, Рабиндранат Тагор, Александр Пушкин, сондай-ақ қырғыз

халқының батырлық эпосы – «Манас» хақында, тұтастай алғанда, ғаламдық әдебиет жайында қадау-қадау пікірлер айтқан кең құлашты, кемел ойлы кесек бітімді, тау тұлғалы жазушы.

Өсіресе, ол Абайтану ілімінің қалыптасуы мен дамуына қуатты ағын, жойқын үлес қосты. Абайдың өнері мен мұрасын жан-жақты зерттеді. Яғни, Абайдың ақындық дәстүрі, рухани бастаулары, дүниетанымы, Шығыстың классикалық поэзиясымен, орыс, Европа әдебиетімен байланысты поэтикасы, текстологиясы, жиналу, жариялану, зерттелу тарихы және басқа жайларды терең зерттеп жариялады. Қашанда шалқар, шабыттты қас жүйріктің нұрлы ақылы мен мөлдір ойынан, сымбат пен сыр лебізіндей құйқылжып құйылатын ғажайып шығармасы болады. М. Әуезовтің осындай теңдесі жоқ текті туындысы – «Абай жолы» эпопеясы. Төрт томдық роман-эпопеяда қазақ халқының рухани өміріндегі аяулы, асыл қасиеттерін, өнерпаздық, шығармашылық күш-қуатын, аспандай биік асқақ арманын, ар-иманын, сәулелі, нұрлы болашағын, жарқын өмірін, қастерлі өнерін, халықтық тәлім-тәрбиені түп тамырынан қозғап жарқырата көрсетіп, ғажайып құлшыныспен жырлаған. «Абай жолы» әлем әдебиеті тарихында ұлы шығарма ретінде қабылданған. Ол ізгілік пен сұлулықтың шарайнасындай, ақындық даналық пен нәзік сыршылдықтың телегей теңізі іспетті.

Суреткердің негізгі мақсаты – Абайдың өміртарихын ежіктеп көрсету емес, оның рухани кесек, бірегей тұлғасын барша адамзатқа, ғаламзатқа ортақ өнердің жарық жұлдызы екендігін таныту. Жазушы Абайдың кемеңгерлік, ақындық, қайраткерлік, адамгершілік болмысын жан-жақты терең аша білген. Аққудың көгілдіріндей әйгілі Әйгерім, он төртінде туған айдай Тоғжан, жүзіктің көзінен өткендей Салтанат сынды өрімтал перизаттарға арналған «Жүрек қанымен жазылған ғашықтық арман кітабының» сырларын да сұңқылдата шерткен.

Иә, өмір сыны мен өткелдерінде Абай өзінің арлылығын, ақылдылығын, турашылдығын танытып отырған ғой. Оның жарқын бейнесі Балқыбек сиязындағы Салиқа қыздың да-

уында тұлғалана көрінеді. Осындай шым-шытырық қиян-кескі дауда билік айту, кесім шығару жұртшылықтың ұйғаруымен Абайға жүктеледі. Ол көмекші билер ретінде қасына Оразбай мен Жиреншені алады. Абай оларға даулы мәселелерді тексеру барысында қандай шарттарды мұқият орындау қажеттігін шегелеп түсіндіріп отырады. Атап айтқанда, ішкі түйіндер. Әсіресе, «шырай беріп, уәде берме», сондай-ақ, «жең ұшынан жалғасып, дүниеге сатылып жүрмеңдер», «әділ – ақтық жолына бастап ұшатын қанатым болыңдар» деп, ізгі көңілін, аппақ ниетін, түпкі мақсатын жайнамаздай жайып салады.

Салиқа қыз дауы – Керей мен Сыбан арасындағы күрделі мәселе, сан қырлы тосын құбылыс еді. Осынау даулы оқиға Абай сияқты маңдай алды майталман жанның араласуымен ғана сабасына түсетін шаруа екендігіне жиналған дүйім ел нық сенген. Ортасынан озып туған Абай ойлаудың жоғары мәдениетін білгірлікпен меңгерген, қарсыластардың пікіріне, көзқарасына, наным-сеніміне ізетпен қарайтын, оқиғаның, құбылыстың мән-жайын, себеп-салдарын баппен бажайлап толғайтын, сарабал сара ой-пікірлерін шынайы дәлелдермен көкейіңе қондыратын, дауласудың нәзік мәністеріне жетік нағыз ғұлама хәкім, шешен-ділмар, аузын айға білеген парасатты би екендігін сұңғыла суреткер М. Әуезов өз шығармасында Салиқа қыздың дауына қатысты тұста шыншылдықпен кестелеген.

М. Әуезов оның билік айту үстіндегі психологиялық сәтін былайша келістіре сипаттайды. Мысалы: «Басындағы тымағын алып, малдас құрған күйде, тымағымен қоса мықынын таянып отыр. Кең ақшыл маңдайында және қырлана түскен ұзынша мұрнының ұшында жіпсіген суық тер білінеді. Бірақ үні зор, лебі екпінді, батыл. Қатты сөйлегендіктен әр сөзін жай айтса да, ойы мен тілі ағылғандай».

Асылы, даудың психологиялық жақтарына қоса этикалық жағы бар. Және де анталаған дос-дұшпанға аян болатын өнерпаздық өнегесі ше? Сонымен қатар ең басты мәселеден ауытқымау, жүйе-жүйесімен қарастыру Абай билігінен табылады.

Бұған қоса жік-жігімен, тақта-тақтасымен айтылған Абайдың тұжырым-байламдарының логикалық шымырлығы, оқтаудай жұмырлығы, әдептілік ережелерін ерекше білуі, ойға, сөзге тапқырлығы және оларды тотыдай түрлендіріп айтуы, даудың небір амал-тәсілдері мен техникасын мүлтіксіз игеруі, ұстамдылық қасиеті мейлінше қызықтырады. Соншалық әділетті шешімін ынтамен қабылдаған иін тірескен қауым «бұрынғы қара қазақ жолынан жолы басқа, үні басқа, лебінде елге ем болайын деп тұрған жақсы ырым бар, сөзі дуалы, беті алмасты, бұл өмірде абыройлы адамының бірі болғалы тұрған жан екен» – деп, тереңдігі мен тектілігін аңыз етіскен.

М. Әуезов Абайдың толысып өскен, жан-жақты жетілген, өмірдің күрделі, қайшылықты, шырғалаңы мол жолдарынан, тосқауылдарынан құдай берген ақыл-парасатың, біліктіліктің, мойымас рухтың арқасында алқынбай өтетін кемеңгер ақынның кемел шағын, шалқар шабыт құшағындағы балқыған, толқыған болмысын бейнелегенде небір сөз-образдарға сұлулық үстеп, жайнатып, ойнатып, қанаттандырып жіберген: «Шабытты ақын көңілі, қазір көз алдында дала емес – теңіз, кең, тыныш теңіз жүзін көргендей. Сол теңізге, өмір тарихына мол мұхитына бір кеме, жалғыз жалауын көтеріп жол тартты. Алға басты, белгісіз болса да ғажайып шұғылалы жағаға, ұзақ сапарға басты ол кеме. Жалауында «Тартыс», «Үміт» деген ұран бар. Халық үмітін үстіне арқалаған сол кеме «келешек» деген жағаға қарай тартты. Бұл «Абай кемесі», кең жойқын әлемде сенімді, түзу жол сызып, маңып барады». Осы бір тұтас, кесек, сом суретті сөз ұғымдарға айналдырсақ: дала, теңіз, өмір, тарих, мұхит, кеме, жалау, ғажайып шұғылалы бір жаға, татыс, үміт, Абай кемесі, келешек, кең жойқын әлем, түзу жол деген сөз символдар мен зерлі тіркесімдер болып шығады.

Мәселен, үнді философиясында: «Мұхит – әлемнің баламасы», «Мұхит – әлемнің орталығы», бейне бір ақылдың, жанның қуат-күштің алып ыдысы және оның мәңгілік тербелген толқындары аспанға, кеңестікке әрі жерге серпінді күшпен жан-жаққа шашырап тарай-

ды» деп айтылады екен. Мінеки, осы образды сөздерге қаншама философиялық-символикалық мағына беріп, шығарма мазмұнын қоюландыра түсуге болады.

«Абай жолы» эпопеясында сын мен сымбаты жарасқан жүрек толқытарлық небір сұлу кескінді бейнелер жасалған ғой. Олар – Абайдың көкірегі даңғыл, тұла бойы өн-жыр әжесі Зере, ардақты анасы Ұлжан, құдай мінсіз жаратқан Тоғжан, тағдыр жұлдызындай Әйгерім... Осынау бекзат бейнелер арқылы ұлы жазушы ұлтымыздың ұлылық, имандылық, инабаттылық, адамгершілік асыл сипаттары сұлулыққа, көркемдікке қатысты көзқарастары, тұрмыс, жаратылыс туралы философиялық ой-түсініктері, дүниетанымы, даналығы, біліктілігі мен зиялылығы айқын көрінетіндігін келісті баяндайды.

Кесек те күрделі туындыда бал көмей, жез таңдай жыршы ақындар, «сахараның ғажайып бір алыбы» Біржан салдың, Шөженің, Байкөкшенің, Барластың, Көкбайдың, ертегіші Баймағамбеттің бейнелері көркемдіктің биік дәрежесінде сомдалған.

Шынайы күрделі, қиын қақтығыстар тұсында ғана адам сезімінің, талайының, талабының, мінез-нәрінің, тағдырдың баршасы түгел ашылып, тартыс қатал айқасқа айналады.

«...Адам мен адам арасындағы терең жардай, өткелсіз шыңырау қарсылықтары әр жаратылыстың барынша терең шыңын түгел ашады», - деп жазады Мұхтар Әуезов «Өмір мен шығарма» деген мақаласында.

Егер Құнанбай Қодар мен Қамқаны тасбауырлықпен жазаламаса, Бөжеймен екеуінің арасындағы алапат арпалыстар болмаса, Абаймен ой жарыстырып, пікір таластырмаса, немересі Өмірді кеңірдегінен қылғындырмаса, эпопеяда Құнанбайдың заңғар тұлғасы типтік образ деңгейіне жетіп, соншалықты іріленіп көрінбес еді. Осындай жағдайда ғана оның бас болмысы, табиғаты, өрі-қыры бірдей ірі жаратылысы, ерекше өрендігі байқалады. Туындыда Құнанбайдың қатыгездік істерімен қатар тамаша қасиеттері де көрініс табады. Бірде Байдалы мынадай өңгіме айтады: «Қауменнің үйінде Бөжей, Байсал,

Қаратай бәріміз түстеніп отырып, ұзақ сұхбаттастық, арғы-бергі замандағы оқиғаларды қозғадық. Сөйтіп, шалқып-шарықтап отырғанда: «Жә, өзіміз көргенде мырза кім?» дегенге келді. Жұрт ойланып қалды... «Мырза кім?» дегенге Қаратай жауап беріп: «Мырза – Құнанбай» – деді. Тағы біраздан соң ол жиын: «Шешен кім?» деді. Тағы Қаратай жауап беріп: «Шешен – Құнанбай» деді. Екі бел басты. Аздан соң және бір оралып келіп: «Жақсы кім?» десті. Өлгі Қаратай және жауап беріп: «Жақсы – Құнанбай» – деді. Сол кезде басын жерден жұлып алған Байсал саңқ етіп: «Уай, Көкше, не оттап отырсың өзің? – деді Қаратайға қадала түсіп, мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен. Ендеше, не көкіп алысып жүрміз онымен?». Соған Қаратай іле жауап беріп: «Уай, төңір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па?» деді. «Сөз ұғатын бала сияқтысың ғой, – деп Байдалы осы тұста Абайға сығырая қарады, – Дәл осы сөзді сенің өкең естімеген болар». Асылы, Құнанбай «қоңыраулы бұйра нардай», «жер төңірісіндей», «қабат-қабат шың сияқты».

Ал тарихи әдебиетте, яғни поляк халқының перзенті Адольф Янушкевичтің «Қазақ даласындағы саяхаттардың күнделіктері мен хаттары» дейтін естеліктер кітабында былай делінген: «Құнанбай бидің жасы Барақ сұлтаннан біраз үлкен. Бұл да – дала өңіріне аты кең жайылған адам. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Іскер өз аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай-шалғай ауылдардан келіп жатады. Ал барлық байлар Құнанбайдың кебісін кигізуге жарамайды».

...Құнанбайдың өзінің ат шабарларына біреудің бір тал қылын рұқсатсыз алма! – деп қатты тапсыратын болған.

...Құнанбай жөніндегі тарихи деректерді, мәліметтерді тізбелей келтіріп отырған себебіміз, «Абай жолы» эпопея-

сында Құнанбайдың нақты өмір жолындағы істер, оқиғалар нақ-нағымен, рет-ретімен келтірілуі мақсат етілмеген. Бұл тарихи-ғұмырнамалық роман емес, керісінше, көркем туынды. Әлбетте, тарихи дерек, айғақтарды көркемдік-эстетикалық шарттылыққа орай түрлендіріп, өзгертіп пайдаланып отырады. Бүгінгі таңда «Абай жолына» қатаң ескертулер айтылатынын, көркем шығарма мен тарихи шығарманың түбірлі, түйінді айырмашылықтарын түсінбегендіктен болып отыр. Сонан соң социалистік реализм әдебиеті принциптерінің ыңғайсыз жіктемесі, атап айтар болсақ, жағымды және жағымсыз образ дегені. Сонда Құнанбайды бұл жіктеме бойынша осы уақытқа дейін жағымсыз кейіпкер деп келгеніміз, шын мәнісінде, «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай жиынтық (типтік) образ деңгей-дәрежесінде сомдалған.

Құнанбай Меккеге аттанарда ұзақ өмір жолын ақыл безбеніне салып, әріден ойлап, ертеңнен толғап, асқан өрелікпен өнегелі өсиеттей керемет сөз сөйлейді: «Сендер ұзақ жасар жастықты мен де армансыз жалын құшып, жасап өткем. Өлі сендер алда татар балды да, зәрді де татып өткем». Не болмаса: «Қуыс шатты ең соңғы мекен өткен көрі арқардың келте соқпағындай аз тірлігім қалды» дегенін алсақ, осынау күрделі философиялық толғаныстар – айрықша туған айтулы Құнанбайдың бұралаң-шырғалаң, бел-белесі, жеңіс-жеңілісі мол қайшылықты өмір жолдары мен мағыналы рухани тәжірибелерінің сәулесі, жемісі тәрізді. Тіршіліктің тартыс-майданында, бәсеке-жарысында есесі кетпеген, жалғанды жалпағынан басқан желдей Секен жүйріктің аузынан шыққан «көрі арқардың келте соқпағындай аз тірлігім қалды» деуінде шырайлы шындық, өз ісіне, бағыт-бағдарына бекемдік аңғарылмай ма? «Би баласы биге ұқсар» дегендей, Өскенбай бидің алтын сақасы емес пе?

Қаламгер Қодардың немересі інісі үшін Дөркембайды арыз айтып келген сәттегі Құнанбайдың кейпін кемел көркемдікпен сипаттайды: «Бұл кезде ол, жыртқыш тағылардың тісті, тырнақтылары болса, солардың гүрілдеп шапқалы тұрған, іреп сойғалы тұрған қатал тағылық

кескініне келді». Не деген жанды бейне! Бір суретті сөйлемнің өзінде таудай мағына бар, ширақ, шымыр серпін бар, лаулаған жалынның қуат-күші бар, әсерлі қимыл-қозғалыс бар.

Эпопеяларды жүздеген кейіпкерлер бар. Олардың бәрі де сюжеттік оқиғаға қатысты. Композициялық тұтастыққа қызмет етеді. Әрине, мұның барлығы Әуезовтің көркемдік қабілет-қарымынан, суреткерлік болмысынан туындайды.

«Абай жолы» эпопеясының орталық кейіпкерлерінің бірі – Михайловты кесек бітімді, ірі туысты, көкірек көзі ояу үлгілі жан етінде сөйлетеді. Қазақ халқының ақынжандылығы, мінез шешендігі оның таңдайын қақтырған. Ол қазақ қоғамы тарихи дамуының жай-күйін өзінше бағамдайды. Басқару жүйесіндегі Патшалық Ресейдің отарлау саясатын дұрыс ажыратып, анық түсіндіреді. Сахара өңірінде бір жақсылық, бір жаманшылық барлығын айтады. Бұл турасындағы ой-толғамы былайша өріледі: «Жаманшылық – бұл өлкелердегі ұлық, чиновниктер жемнен, шеннен басқаны аңғармайтын керең, меңіреулер. Жақсылық – орыстың өнері». «Орыста бұл күнде, дүние есептесетін ғылым бар. Орыста дүние жұрты оқитын кітап бар. Халықтың шын қасиетін, шын елдігін танытқан, дүниеге танытқан асқар ойлы даналар ар».

Сондай-ақ М. Әуезов патшалық Ресейдің жыртқыштық іс-әрекеттерін ұлтымыздың өркендеуіне тигізіп отырған кесір-кесапатын Михайловтың ықшам да қысқа бір-екі ауыз сөзімен әшкерелей білген. Мәселен, «Патшаның заңы киргиз сахарасын қатты аздырып барады екен. Бір ағы – пара. Екінші жағынан Россия заңына үйлеспейтіні бар. Үшінші жағынан – халық пен ұлық арасындағы бітімсіз, үнсіз қастық бар.

Халықтың шешендік өнері, дәстүрі мен мектебі – қазақ мәдениеті мен тарихында ерекше бір текті құбылыс. Үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Сырым, Жәнібек, Саққұлақ сынды шешендердің өнер қууы елдік пен ерлікті, азаматтық пен адамгершілікті толғауы



– қазақ қоғамында демократияның кең өрістегенін көрсетеді. Даналыққа, тапқырлыққа, қазақ халқының сан ғасырлық көркемдік табыстарына негізделетінін шешендік өнер кемеліне жетіп, марқайып өскен көркем прозаның эстетикалық жүйесіне нұрлы, асыл сипаттар қосқаны даусыз.

Мұхтар Әуезов – туған халқының шешендік дәстүріне тәрбиеленіп өскен, сөз сырларын зердесіне балғын шағынан зергерлікпен тоқыған. Естігіштік қабілеті, табиғи сезімталдығы, үн-сыр аулауға айрықша жаратылған өнерпаз «Абай жолының» архитектоникасын, ішкі үйлестілігін, көркемдік заңдылықтарын терең түйсікпен түсінеді. Данышпан ақынның атынан тоқылған нақыл-ғибрат сөздерге ықылас қоялықшы:

а) «Арыстан айға шауып мерт болғанмен,  
артынан жортқан баласы арыстандық етпей қоймас.  
Ақ сұңқар ауға шырмалғанмен,  
ұясынан ұшқан балапаны сұңқарлық етпей қоймас».

ә) «Қарамықтың дәні болғанша,  
бидайдың сабаны бол.  
Жаман қауымның жақсысы болғанша,  
Жақсы қауымның жаманы бол».

б) «Көштің байсал тапқаны, көкорайға қонғаны,  
Даудың байсал тапқаны, төрешіге барғаны».

«Абай жолы» эпопеясында құбылыстардың, оқиғалардың философиялық-этикалық астар-қабаттарын тереңнен қозғайтын ғибратты, тағлымды нақыл, ділмар сөздер тізбегі жиі қолданылады. Енді соларды келтірелік: «Жалған намыс қасиет емес, ар сақтаған қасиет», «Ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр серігі», «Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза», «Жалғыз ақыл жақсы, бірақ екеу болса бекем болар», «Күштілер нені айтады? Күштіден көрген қорлығын айтады». Мынау өмір, дүние, болмыс – философиялық ой-пікірлердің, кемеңгерлік қағидалардың көзі, негізі.

Шынайы суреткерлік қабілет, дүниені эстетикалық-көркемдік тұрғыда өткір қабылдаудың өзі – жан, сезім дүниесінің толғаныс-тебіреністерімен сабақтас.

Жазушының балдай лебізі, ана тілінің ұлылығы мен сұлулығын, образдылығы мен суреттілігін жан толқытарлық сезіммен мөлдірете жеткізуге жетік. Нұр – сәулесін ойнатуға ұста. Айталық: «Көкпенбек түпсіз биік аспанда қалықтаған аққудың аппақ таза қанаты күн шұғыласына малына алтындай жарқырамас па еді. Қасиетті құс ақ қанатын қақпастан қалқып, баяу ғана сұңқылдап толқып, тамаша бір үн салмаушы ма еді...». Мұндай суретті сөз бен образды ой ырғақ өрнегімен берілгенде қандай әсерлі, қалайша самғайды.

Туған елінің жан-жүрегіндегі, ән-жырындағы әдемі, нәзік құпия сырларды, «өмір, қиял суреттерін, оқиға тасқындарын, жаратылыс, құбылыс толқындарын» сыншылдықпен сипаттаған саңлақ суреткер. Халқымыздың сал-серілік өнерін, қазақ әніндегі музыкалық құбылыстар құпиясына ой жарығын түсіріп түсіндіреді: «Көп күміс қоңырау сән түзеп, бір ән сала ма? Өлде нендей шағылыса ма? Күміс сыбдыр нұр шашып, сырлы аспанға, мәлімсіз сапарға, серікке шақыра ма?»

«Абай жолы» эпопеясында «сусындаған ділмар, су төгілмес жорға», «қызық тілден май тамызу», «аузының дуасы, алдының абыройы», «көзіне көк шыбын үймелету», «жуансып күштісі, артықсып асқақ, күңіреніп көбі», «елдің сағы, ердің сыны», «ер егесте, нар көшуде» тәрізді фразеологиялық орамдар ұланғайыр.

Сондай-ақ «саналы қайрат бар, ұстамды, сырлы салмақ бар», «бұлбұл нақыс үніндей, ал гүл жүзіндей», «нұрлы, шұғылалы», «кіршіксіз, мінсіз» секілді мәндес, мағыналас, синоним сөздер аса жиі қолданылған.

Фразеология мен синонимия шығарманың ішкі ырғағын тудырады. Ішкі қуат-серпінін, гармониясын, мелодиясын арттырады.

Әуезділігі жағынан дүниежүзі тілдерінің ішінен үшінші орынға ие болған қазақ тілінің үн байлығын, дыбыс ырғағын, мелодиясын Әуезов барынша тиянақты, жетік меңгерген. Прозаға поэзиялық ырғақ, музыкалық үн берді. Мысалы, «Толысып туғалы терең сырлы сымбат қой. Толқыған теңіз түбімен атылып шығатын мер-

урттей кесек қымбат дүние ғой». (Жамбылдың Абай туралы айтқаны). Немесе: «Тіл көмейден бал беріскен, бал-бұл жанған жастық оттары, «Мәру, Мешһедтің миуалы бұлбұлды бақтарына, салқын самал қауыздарына үңілтеді». Мұндай сұлу тізілген тізбектерді эпопеяның әр бетінен көптеп кездестіруге болады. Дыбысталуы ұнамды, айтылуда нақышты, қуаты пәрменді Өуезовтің «Абай жолы» эпопеясы халықтың рухы мен ұлылығын, елінің тарихы мен тағдырын, интеллектуалдық мәдениеті мен ақыл-ой парасатын, ана тілінің сұлулығын терең жырлап, әлемге танытқан, гуманистік пафосқа, прогрессивті идеяға толы тарихи көркемдік көрсеткіш.

Өуезов ана тілінің мөлдір айдынын, тоқсан түрлі толғауы мен иірімін жіті таныған, сөз құбылтудың сан алуан сырларын меңгерген, сұлу, нақышты тоқыған, мүмкіншіліктерін барынша пайдаланып, толқыта төккен, музыкалық, әуендік байлығын, ырғақтың қыры мен сырын, икем-бейімін шебер игерген.

М. Өуезов көркем шығарманың жаны мен жүрегі есебінде пейзаждық көріністерді үздік шеберлікпен пайдаланады. Кейіпкер образын ашуға, оқиғаны дамытуға, ойды топшылауға, әсерлендіруге қатыстырады. Оның символикалық, психологиялық, философиялық мәнін терең сипаттап көрсетеді. Мысалы: «Бұлтты аспан арасынан қуаныш, сәулелі, күлкілі жүзі бар Абайдың жалғыз ғашығы –Тоғжан жүзі туды. «Осы Ботақанның анау бір төбесінің басына, Ербол айтып келген, Абайға әкелген, сүйінші хабар бар еді. Сол түннің барып, қайтыс сапары... Тоғжанды Жәнібектің тоғайының арасында, ай астында, сағынышпен құштырған сәт, бар тыныс, сыбыр, сыбырымен Абай жүрегінде түгел оянды». Жазушы айдың жүзін ару Тоғжанның жүзіне ұқсату–қандай нәзік сыпайы сипаттау. Жүрекке нұр құйып, сезімді шабақтайды.

Эпопеяда қылдай міні жоқ болаттан құйылғандай, логикалық желісі тастүйін, айқын мөлдір мағыналы көркем теңеулер шаш етектен.

Айталық, «Ноқталы жолбарыстар ызадан жолбарысша мінез атқандай. Томағалы тұтқын қырандар ыза-

дан қыранша мінез танытқандай». Немесе Шүкіманды «айдың әлсіз ақ сәулесінен туғандай, бу мен нұрдың тыптыныш шағынан пайда болғандай» деп суреттейді.

Абай әкесі Құнанбай қажылыққа аттанар алдында қай жерлерде, қай елдерде көктеп өтетіндігін білу үшін қисапсыз кітаптарды зерделеп, ой көзімен шаншыла үңіледі. Соны жазушы былайша суреттейді: «Парсы, түркі кітаптары бұны біресе Шираздың гүлзарына әкетеді. Самарқанның мазар ғимараттарына қадалтады. Мәру, Мешһедтің миуалы, бұлбұлды бақтарына, салқын самал хауыздарына үңілтеді. Ұлы ақындар мекен еткен Ғырат, Ғазна, Бағдаттың сарайларына, медреселеріне, кітапханаларына тартады». Иә, қиял сұңқары шартарапқа қалай саңқылдап самғап ұшса, «Абай жолы» эпопеясы да адамның дүниетанымын, ой-өрісін жан-жақты кеңейтіп көркейтеді. Ұлт тарихынан, мәдениетінен, өнерінен, тілі мен дінінен, жер-су табиғатынан, ел басқару жүйесінен, халықтың салт-дәстүрінен, ырым-нанымдарынан, тұрмыс-кәсібінен толық, терең хабардар боласың. Аңшылық, саятшылық, музыкалық, ұлттық ойын-сауық өнеріне, ру-тайпалар таңбалар сырларына, ай аттарының, мезгіл ерекшеліктерінің жай-жапсарына, тал бесік пен жер бесік аралығындағы небір әдет-ғұрыптарға қанығасың.

«Абай жолы» эпопеясынан ой шолымы жетпейтін тұңғық терең толғамдарды, қиял дүниесін тербейтін ыстық лепті өзгеше оралымдардың, ұлтымыздың замандар мен дәуірлер бойы жасаған рухани һәм заттық мәдениетінің ғажайып үлгілерін табуға болады. Сөзімізге оның ұшан-теңіз қадір-қасиетін, танымдық мәнін жіті танып, түйіп айтқан, қазақ халқының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мынандай ұлағатты пікірімен тұжырымдайық: «Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бірде бірі кітапты жанап өте алмайды: ғалым-философ одан фольклордың бай материалдарына қанығумен қоса, қазақ әдеби тілінің тууы мен қалыптасуын көреді; ғалым-этнограф қазір көне заманнан қоса көнерген небір тұрмыстық бейнелер мен өмір құбылыстарын біледі. Құс алып, саяттық құрған, қыз ұзатып, ас беруді, өлік

жөнелтуді суреттейтін тараулар, билер айтысы мен билік шешкен қазылық көріністерінің әрқайсысы жеке-жеке-ақ ғылыми-этнографиялық толайым еңбектерге парпар, ғалым-экономистер Қазақстанның ХІХ ғасырдағы халықтың мал шаруашылығы құрылысынан нақты мәлімет алады, ондағы тап қайшылығының түрлерімен, өзіндік ерекшеліктерімен танысады, ғалым-юристер шарифаттан бастап, билер кесіміне дейінгі даланың заң жобаларынан бағалы мағлұматтар жинайды».

## СӘБИТ МҰҚАНОВ

Сөз зергері Сәбит Мұқанов «Абай Құнанбаев» монографиясында (1944-1945) ақын өскен орта, ата-тегі, өмір кезеңдері, дүниеге, сөз өнеріне көзқарасы туралы зерттеу жүргізіп, тиянақты тұжырымдар айтты. Жазушы сөзімен айтсақ: «Абайды – ата-тегінде, өз өмірінде, ақындық таланты мен шеберлігін де, оқу-білім де, жалпы адамдық, өз ұлтының пікірлерін де, өміріндегі, шығармаларындағы күшті я әлсіз жақтарын да түгел қамту» көзделген. Зерттеуші даналық қорытындыларға, қанатты, ғибратты ойларға мейлінше бай қарасөздеріне зейін аударады. Қара сөздеріндегі көркемдік шеберліктің бір сыры ақынның дарынды шешендердің мұрасын жетік һәм терең үйреніп білгендігінен деп түйіндейді. Зерттеуші Абай поэзиясының бейнелілік-суреттілік жүйесіне, ақындық тілі мен құрылысына талдау жасайды. Абайдың Шығыстың классикалық әдебиетімен байланысы және А.С.Пушкиннен, М.Ю.Лермонтовтан, И.А.Крыловтан аударылған шығармалары жөнінде ой өрбітеді. Ұлы ақынның табиғат лирикасындағы философиялық ой да, сурет те, сыр да біртұтастықта екендігін көрсетеді. Яғни Абайдың жаратылысты сөйлетіп, құпиясын төгілте суреттеп жеткізіп, ой-сезім мұхитының ағыс-толқындарын тудырып, ғаламат қуаттың көзіне айналатындығын дәлелдейді. Осы еңбегінде: «Ұлттық тіл – сол ұлттың тілі – сол ұлттың барлық мүшесіне түсінікті бола білсе ғана

тіршілігінің айнасы мен құралы болады» – деп жазады. Шынында да, Абай поэзиясы – қазақ өмірінің айнасы. Демек, ол ана тілінің негізгі сөздік қорын сарқа пайдаланған, соның ну орманына еркін шүйгіген ерен дарын. Автор ақын туындатқан шендестірулерге, ауыстыруларға, теңеулерге, өсірелеулерге ой сәулесін түсіреді. Олардың қазақ халқының шаруа-кәсібімен, тұрмыс-салтымен, аңшылық, малшылық дәстүрлерімен тәркіндес, тамырлас екендігін баяндаған, Абайдың қазақ өлеңіне енгізген өзгеріс-жаңалықтарына тоқталған. Фольклорлық поэзияға жыр үлгісі мен қара өлең шумағы тән болса, ал қазақтың жазба поэзиясына Абай жиырмаға жуық түр қосты деп пайымдайды. Абай жыр үлгісімен «Өзгеге, көңілім, тоярсың...», «Болыс болдым мінеки...», «Жаздыгүн шілде болғанда...» сияқты өлеңдерін шығарған. Мұнда «бірқалыпты үйлес жиі қолданылғандығын» ескертеді зерттеуші. Ақын енгізген жаңалықтарды анықтау үстінде, оның өлеңдерінің буындық, тармақтық, ұйқастық, шумақтық, ырғақтық құрылысының ерекшеліктерін есепке алады. Абайдың қазақ өлеңіне кіргізген ұшан-теңіз өзгерістерін осылайша жіктейді: «Асылы «осы жаңалықтарында Абай қазақ поэзиясына тән заңды (өлеңге төрт буыннан артық буыны бар сөз қоспау, қазақ сөзінің буын құрылысын сақтау) бұзбайды, қатты сақтайды». С.Мұқанов ақынның композиторлық шеберлігіне де назар аударған. Ол музыка зерттеуші А.В.Затаевичке Абайдың «Татьянаның Онегинге жазған хатын» өзі орындап, нотаға түсірткен.

Сәбит Мұқановтың көрсетуінше, Абай ақындық қуаттың, таланттың, поэзияның басты мақсаты – «қоғамды өркендету үшін қажетті құралдардың бірі деп түсінген кісі» дейді. Және де ол ойшыл, қайраткер, ұлт ақынының тұлғасын түсіндіргенде ұлы сыншы В.Б.Белинскийдің «бүкіл ұлттың рухына бейне бола аларлық ұлы адам бола білу керек» деген ұстанымын негіз етіп Абай шығармашылығын талдайды.

Абайдың өміріне қанық Қатпа Қорамжанов пен Архам Ысқақов: «Семейден Абай орысша және мұсылманша көп кітаптар алып қайтып, соларды оқумен шұғылданды.

Ол кітаптарды оқып бітірген соң, Семейге кетіп, тағы да кітаптар әкелді. Осылай Семейден кітаптар әкеп оқу 1873 жылдан бастап Абайдың дағдысына айналды», – дейді [45, 209-211.].

Абайтанушы Сәбең осы бір «Абай Құнанбаев» монографиясында: «Америка саяхатшысы Джорж Кеннен жазады: «Менің сұрауларыма Леонтъев (Семейдегі кітапхананың бастығы. – С.М.) жауап беріп, Семей кітапханасының құрылуы тарихын баяндайды да:

«Кәттә қазақтар да мұнымен пайдаланады, – деді. – Мен білетін Ибрагим Кононбай деген қарт қазақ бар, оның кітапханаға келіп жүруі былай тұрсын. Милль, Бокль, Дрәперді де оқиды» [46,140]

Г.Г.Льюис пен Д.С.Милльдің талқылауы арқылы орыс тілінде 1867 жылы шыққан Огюст Конттың «Позитивтік философиясын» Абайдың оқығандығын оның дін туралы пікірлерінен байқалады. Дж.В.Дрәпердің «Еуропа пікірінің өркендеу тарихы» (бірінші рет орыс тілінде ХІХ ғасырдың 60 жылдарында шыққан болу керек. Біздің қолға түскені 1896 жылы басылғаны. Абай алғашқы шыққанын оқыған сияқты) атты кітабының кейбір пікірлерін Абай өлеңге де аударады. Мәселен, Абайдың:

*Өмірдің алды ыстық, арты суық,*

*Алды ойын, арт жағы мұңға жуық,* –

деп, келетін өлеңдері мен Дрәпердің мына сөздері дәл келеді: «Жас шағында өзінің күшіне еркін сенген адам қартайғанда күшінен көңілі суып, басқаша ойлайды. Уақыт өткен сайын, жастықтың елікпе қиялдары да бөсеңсиді, одан кейін әр ойын тізгіндеп, тілегінің өрісін тарылтады. Ақырында шын тұрмыс оның көзінен пердесін сыпырады, қартайған оның ойына адам үмітінің болмашы екендігі ұялайды. Оның тапқаны табам деп ұмтылғанына аз ұқсайды» [45, 2.].

Өмірдің алдындағы үміт пен артындағы өкініш туралы айтқан Дрәпердің пікірі Абайдың бірнеше өлеңінде әр қилы жүйеде кездесіп отырады» – деп жазады. Бұл жерде келтірілген деректер мен ой сарындары (Дж.В.Дрәпердің Абайдың толғанысымен үйлесімділігі) жаңалық [45, 213-

214.]. Академик-жазушы С.Мұқановтың осы бір дерегі өзге авторларда кездеспейді.

1944 жылдың күзінде Архам Ысқақовтың аузынан Сәбит Мұқанов Абай қолжазбалары мен мұрасының жиналу тарихына байланысты мына бір деректерді жазып алған.

– Әкем жинағанда, Абайдың көп қолжазбалары жыртылған, сөздері өшкен күйінде табылды. Мынадай бір оқиға болды: 1905 жылдың көктемінде әкем мені ертіп Махмуд молданың үйіне барды. Ас даярланып жатқан кезде, Махмудта қалған Абайдың қолжазбаларын әкем қарап отырса, Абай өлеңмен түгел аударған Лермонтовтың «Вадим» деген әңгімесінің бастапқы екі-үш қана қағазы сақталыпты. «Өзгесі қайда?» деген әкемнің сұрауына, Махмуд күйбеңдеп жауап бермей отырды да, қазбалап қоймаған соң: «Жыртып тастап еді», – деп Құтыш атты тентек баласын көрсетті. Бұл қылыққа әкем қатты ренжіді де: «Абайдан көрген жақсылығың көп еді. Оның еңбегіне бұлай қарауың – жаныңның ашымағаны ғой. Сені жұрт имам дейді. Мына ісіңе қарағанда, сен имам түгіл мұсылман да емессің», – деп, табылған қағаздарды қалтасына сап, даяр асқа қарамай аттанып кетті».

Мүрсейіт Бікеұлының руы – Тобықты. Оның ішінде – Әнет. Мүрсейіттің әкесі – Біке жасында Құнанбайдың қолына көшіп келіп, малшысы болған, Мүрсейіт Ысқақтың балаларымен бірге Жақып молдадан мұсылманша оқиды. Зерек, ынталы Мүрсейіт Семейдегі интернатта екі-ақ жыл оқып, орысша аз да болса хат таниды да, аулына қайтып кеп, балаларға мұсылманша және орысша сабақ береді.

Абай тірі кезде Мүрсейіт оның өлеңдерін жинаумен шұғылданбаған. Оған себеп мынау: Абай өзінің қолжазбаларын Махмуд деген молдаға, өз баласы Мекайылға, әйелі Еркежанның інісі Сүлейменге сақтатады екен. Абай өлгеннен кейін Мүрсейіт жинай бастаған және Абай өлеңдерін бастыру мақсатымен Кәкітай Ысқақов жинайды.

Кәкітай Ысқақов – Абайдың немере інісі. 1870 жылы туып, 1915 жылы өлген.



Абай Кәкітайды жақсы көреді екен. Абай 1882 жылы қыстай Семейде жатып кітапханадан кітап алып оқумен шұғылданғанда, ол ақынның қасында болған. Осы кезде Абайдың үйретуімен Кәкітай орысша хат танып, жеңіл-желпі орысша кітаптарды өз бетімен оқып, түсініп кеткен.

Жиналған өлеңдерді Кәкітай Мүрсейітке жаздыртады. Себебі, біріншіден, Мүрсейіттің қолжазбасы анық және көркем болады, екіншіден, жыртылған я бас-аяғы жоқ қолжазбалардың жоғалған сөздерінің көбін Мүрсейіт жатқа біледі.

Кәкітай 1906 жылы Абайдың өлеңдерін Мүрсейітке түгел жаздырып алады да, Омбыда бастыру мақсатымен (ол кезде Омбыдан жақын қалада мұсылманша шриффт болмаса керек) Семейге сатуға екі семіз түйе, екі құр атты жетекке алып жүріп кетеді.

Абайдың өлеңіне құмартқан халық ішінен, оның жинағы басылып шығуын күтпей, Тобықтының өз руларынан да, көршілес рулардан да, Мүрсейіт көшірген Абай өлеңдерін қолқалаушылар көбейеді. Осыларға Мүрсейіт қолында қалған Абай өлеңдерінің бір данасынан көшіріп беріп, ақысына бір қой, бес сом ақша алады. Осы әдіспен 1909 жылы баспадан шыққанша, Абайдың өлеңдер жинағы Мүрсейіттің қолжазбасымен көп елге тарап кетеді. Мүрсейіттің тарих алдында істегені осы, оның қолжазбасы қазір Абай өлеңдерін текстология жағынан тексергенде негізгі деректердің бірі болып келеді.

Абайдың тұңғыш шығармалар жинағы 1909 жылы Петербургта басылып шықты. Оның жарық көруіне себепші болған Кәкітай Ысқақовтың еңбегін айрықша атап өтпеске болмайды. Омбы мен Қазан қалаларында Абайдың кітабын бастыра алмаған ол, көп қиындықтарды көре жүріп, 1908 жылдың қысында Абайдың өлеңдер жинағын Петербордың бір баспасына тапсырып, көктемде еліне қайтты.

Абай 1886 жылдың 4 мамырында Семей облыстық статистикалық комитетіне толық мүше ретінде және 1887 жылдың 26 сәуірінде Семей қалалық бастауыш білім қамқоршылары қоғамына қабылданған. Мұны

айтып отырған себебіміз – Абайдың қоғам қайраткері екендігі Сәбит Мұқановтың пікіріне толық айғақ. Бұған қоса ел қызметшісі Абай 1886 жылы «Интернатта оқып жүр» атты өлеңі де ұлт мұратын терең қозғаған. Стратегиялық ойдың иесі ежелгі дәстүрді ақыл-ойға бағындырып, жаңаша бастамаларға тәуекел еткен, онысы интернатта оқып жүрген талапкерлерге қаражат жағынан көмектескенін Сәбең былайша баяндайды: «1885 жылы Құнанбай өлгеннен кейін оның өзге балалары, қазақ әдетімен, «өкемізге ас берейік» дегенде, Абай: «Асқа мал бөлейік, бірақ ол малды сойып жұртқа жегізбейік, орыс школасындағы оқитын қазақ балаларына жәрдемге берейік», – дейді және осы айтқанын істейді де. Құнанбайдың асына шығарған малдарды (саны мәлім емес, бір хабарда 100 жылқы, 200 қой) Абайдың сатып, Семейдің интернатында оқитын қазақ жастарына беруі, Құнанбайдың өзге балаларына да, ағайындарына да, көршілес елдерге де ұнамаған, «Құнекеңді атаусыз қалдырды» деп талайлар ренжіген» [45].

Сәбең Абай поэзиясының ішкі рухын, тұңғық сырын түсіндіргенде өзіндік ой сарындарын ұсынады. Мына бір шумақты былайша тексереді:

*Шырақтар, ынталарды «менікі де»,*

*Тән құмарын іздейсің күні-түнде.*

*Әділет пен арлылық, махаббат пен*

*Үй жолдасың қабірден өрі өткенде.*

Абайдың ойынша, «қабірден өрі өткенде» адамның Тәңірге апаратын сыйы: бұл дүниеде адамның адамға сіңірген жақсылығы, адамның арлы, мейірімді болуы. Абай бұл пікірін Тәңіріні танудың, діншілдіктің ең биік мұнарасы деп ойлап:

*Дін де осы, шын ойласаң тағат та осы,*

*Екі дүние бұл тасдық – Хақтың досы, –*

дейді» [45, 235-236.].

Қазақ тілінің заңдылықтарын сұңғылалықпен танып-білген, қабылдап түсінген Абай поэзиясында халық тілінде қолданылмайтын жаңаша етістіктерді туындатқан. Соларды Сәбең былайша дәйектейді: мысалы: «Ақыл іздеп,

ізерлеп, Бөрін сынап сандалған». Сонда түбірі «із», сонан «іздеу», «ізерлеу» өрбіген... Осы тұрғыдан келгенде Абай «соңырқап» (соны, сонарлау, соныдан, соныға дегендерден шыққан болу керек), Немесе: «Түзу бол» деген кісіге, Түзу келмес ырықтап». С.Мұқанов «ырық» деген зат есім халық тілінде етістікке айналмайтын, тек жалғаумен «ырқы, ырқының, ырқына, ырқын» деген сияқты түрін өзгертетін сөз» еді деп жазады [45, 362.]. Сонымен қатар: «Құбылға бөрі керек қой, Бөрі жайсыз тоқтауға» «Құбыл» дейтін зат есім «құбылу» дейтін етістіктен шыққандығын айтады.

Ііні келгенде, айтудың жөні бар. Сөбең Абай музейіне Абайдың 1909 жылғы басылымын сыйлаған.

Академик-жазушы Сөбит Мұқановтың Абайдың шығармашылық өмірбаяны жөніндегі пайымдаулары ХХІ ғасырда да пайдалы.

## ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ

Ұлттық әдебиеттану ғылымында Абайтану ілімінің қалыптасуы мен дамуының ғасырдан астам тарихы бар. Мұның бастауында Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы жолбасшылық көрсетіп тұрса, одан өрі Кәкітай Ысқақұлы, Нұқ Рамазанов, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Ғабдрахман Сағди, Смағұл Садуақасұлы, Алексей Белослюдов, Халел Досмұхамедов, Құдайберген Жұбанов сынды санаткерлер Абайдың шығармашылық өмірбаяны, ақындық шеберлігі, сөз өнері тарихындағы орны, ортасы хақында ой-толғаныстарымен бөлісті. Задында, Абайдың шығармашылық өнернамасына қатысты ой-пікірлер өрбіткенде, ең басты, ең негізгі нысана – ақын поэзиясының көркемдік әлемі, тілінің мөлдір тазалығы, айқындығы, ойшылдық, сыршылдық, философиялық қырлары, сөз саптау, ой толғау ерекшеліктері яғни дүниені тану даналығы, терең дүниетанымы, поэтикасы, стилистикасы.

Бұл орайда академик Қажым Жұмалиевтің «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1948) дейтін еңбегі Абайтанудағы жаңа қадам, жақсылығы мол әдеби құбылыс. Себебі, Абай поэзиясының тілін ғылыми-теориялық тұрғыдан мейлінше қисапсыз әдеби-поэзиялық материалдар негізінде байыптылықпен сарабдал сыншылық қабілетпен жан-жақты талдап тексерген.

Академик Қ. Жұмалиевтің көрсетуінше, «Абайды білу, Абайды тану, бүкіл қазақ әдебиетінің даму жолдарын білу - ХІХ ғасырдағы әлеуметтік ой-сананың барысын аңғару».

Абай – қазақтың жазба әдебиетінің көшбасшысы, ұлттық ой-сананың асқар биігі екендігін терең танығандық деуге болады.

Автордың поэзия тілін зерттеудегі мүмкіндіктерінің мейлінше мол екендігін көрсете кетуге де болады. Оның «Шабуыл» (1933), «Қанды асу» (1934), «Өмір жыры» (1939) тәрізді поэзиялық жинақтары мен «Әдебиет теориясы» (1938) кітабын айтсақ та жеткілікті.

Біріншіден, шығармашылық үдерісті, жыр шығарғыштық құпиясын, зертханасын білу – Абайдың поэтикасын түсіндіріп талдауда жеңілдік тудыраы анық.

Екіншіден, Аристотельдің «Поэтика» (1927), «Античные теории языка и стиль» (1936), В.В. Виноградовтың «Язык Пушкина» (1931), «Очерки по истории русского литературного языка ХVIII-XIX вв.» (1938), В. Гофманның «Язык литературы» (1938), В.М. Жирмунскийдің «Задачи поэтики» (1921), А.А. Потебняның «Из записки по теории словесности» (1914), И.И. Мещаниновтың «Новое учение о языке» (1936), Г.Н. Пospelовтың «Теория литературы» (1940), Ф. Саадидің «Язык, литература и письменность в человеческом мире и их историческое развитие» (1928), Б.Томашевскийдің «Теория литературы. Поэтика» (1925) секілді сүйекті зерттеулерді зерделегендігін, тұжырымды ой-түйіндеріне жүгінгенін байқауға болады.

Үшіншіден, қазақтың ауыз әдебиетін, ақын-жыраулар поэзиясын, би-шешендер мұрасын, қолжазба жәдігерлерін құштарлықпен, білімпаздықпен сараптап саралаған.

Төртіншіден, Абайдың тілі жөніндегі ұшан-теңіз картотекалар жасағандығы қызықтырады. Мұның өзі Абайдың поэзиялық тілін жүйелі, кешенді тексеруге, ой-пікірлерінді жинақы, тиянақты тұжырымдап айтуға көмегі жойқын.

Бесіншіден, жалпы қазақ поэзиясы жөнінде де сөздіктер, картотекалар жасақтаған. Себебі, Абайдың жаңалықты құбылыстарын көрсетуге бірден-бір ұтымды тәсіл.

Академик Қажым Жұмалиев «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» [47] деген кесек еңбегінің бірінші тарауы «Абайдың өмірі және Абай туралы жазылған еңбектер» деп аталады. Мұнда «Қарадан туып хан болған, айырдан туып нар болған» Құнанбайдың өмір тарихы, Абайдың өскен ортасы, тақырыптың тарихнамасы айтылады.

«Поэтик тілдің қазақ өміріндегі орны мен мәні» дейтін екінші тарауында ұлттық фольклордың жанрлық түрлеріне, атап айтқанда, беташар, бесік жырлары, арбау өлеңдері, шешендік сөздері, мақал-мәтелдер, тақпақ үлгілерін көркемдік-бейнелілік тұрғыдан қарастырады.

«Қазақтың ауыз әдебиеті – халықтың дін, философия, этнография, саясат, тәлім-тәрбие, ғылым, тарих сәулесі – бәрінің басы түйіскен қазына. Мәдениеттің сәбилік дәуірінде дін, философия, тәлім-тәрбие, ғылым – бәрінің функциясын әдебиет, поэзия атқаратыны әр елдің тарихына тән нәрсе» [47, 21.] – деп жазады абайтанушы ғұлама Қ. Жұмалиев.

Абайдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең» деген сөзінің мән-мағынасын халық дүниетанымының арғы замандардағы тек-тамырларымен тұтастықта алып, жарқын мысалдармен қисынды дәйектейді.

Абай алдындағы поэзия тілінің ерекшеліктерін, «ауыз әдебиеті, оның алдындағы және тұтас әдебиетінде поэтик тілден не бар, не жоғын» таразылай отырып, Абайдың жаңашылдығын айқындайды. Бұл ретте ол халық шығармашылығының кейбір көркемдік көрсеткіштеріне: ұйқастық, дыбыстық, ырғақтық, кестесіне зейін аударады. Сонымен бірге бұрынғы ақындарда яки «халықтың

ауыз әдебиетінде, өлеңдерде кейбір жолдар шумақтың жол санын толтыру үшін ғана жүретіндігін» айта келіп, Абай өлең сөйлемдерінде ойға, пікірге қатыссыз сөздерді мүлде қолданбайтынын қадап айтады.

*Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,*

*Қиыннан қиыстырар ер данасы, -*

деген тамаша лебізінде өлең сөзге қойылатын шарттар сақталғанын, «жаңаша көркемдік мән бергенін» әрі ойдағыдай орындағанын академик Қ. Жұмалиев орынды келтіреді.

Сөз – образдың, сөз – символдардың, поэзиялық сипаттамалардың «халық тіршілігі, күн көрісімен байланысты» екендігін, мәселен, «жігіттің нары», «адамның жампозы», «көзі ботаның көзіндей», «Қыз Жамал талтаңдайды бесті атандай» т.с.с. меруерттей мөлтілдеген сөз тізбектерін тізбелейді.

Сөйтіп, халық ауыз әдебиетінің, ақындар поэзиясының өзіндік ерекшеліктерін кеңінен баяндап, Абайдың суреткерлік қолтаңбасын анықтайды. Олар:

- 1) Абай поэзиясының ұлттық сипаты,
- 2) Мазмұн мен сезімнің біртұтастығы,
- 3) Әр сөздің ойға, мағынаға мінсіз қызмет жасауы,
- 4) Қыстырма сөздердің жоқтығы.

Қ. Жұмалиев Абайдың тарихи ұлы еңбегін осылайша жіктейді. Задында, ол - Абай халықтың даналық дәрістерін жадына жарқыратып тоқыған әрі іштей «оқып туған», жалпыхалықтық тілдің мұхитынан жүзіп ішкен, негізгі сөздік қорды асқан шеберлікпен пайдаланып, сөз алтынын туындатқан ерен дарын.

Иә, академик Қ.Жұмалиев Абай сөздіктерінің қатпарқырттыстарына барлау жасап, негізгі арналарын ( қазақ, араб, парсы, орыс тілдері бойынша), халық әдебиетіне көзқарасын саралайды. Оқымысты-филологтың айтуынша, Абай өлең сөз бен қара сөз бойынша қазақтың 53 мақал-мәтелін қолданған. Сонымен бірге араб-парсы тілдерінен 374 сөз, «мұның 162-сі өлеңдерінде, қалған 212 сөз әңгімелерінде кездеседі» екен [47, 40.]. Орыс тілінен елу шамалы сөз.

Абай тіліндегі архаизмдер, диалектілер, жаңа сөз, жаңаша сөйлемдер рет-ретімен әңгімеленеді.

Зерттеуші Абай поэзиясындағы айқындаулардың табиғатына яғни «тілге жаңа эпитет енгізудегі Абайдың біралуан жолдары, әдебиетте эпитет қатарында бұрын қолданылмаған сөздерді жаңаша сөз байланыстары, сөйлем құрылыстары арқылы көркем тіл мүшесі ету, архаизмдік сөздерге жұрнақтар жалғап эпитетке айналдыру, жаңа нәрсе етіп көркем тілге енгізуі, не кейбір эпитеттердің дыбыстарын әдейі тастап кетіп, құлаққа естілуін жаңа етіп (сондықтан оның көңілге қонуы жаңа болуы сөзсіз) шығару» деп жаңашылдық сипаттарын анықтайды.

Сөз асылы, ой асылы, «үздік көркемдік, жайнақы жандылық» Абай туындатқан теңеулерден табуға болады. Осы тұрғыдан келгенде:

*Құлын-тайдай айқасып, ойын салып,*

*Кептерше сүйініскен демалыс бар, –*

деген сөйлемдегі теңеуге былайша ғылыми түсініктеме берген. «Мұндағы кептерше – орыс өлеңдеріндегі теңеудің үлгісінен алынған. Қазақтың өлеңдерінде кептерге теңеу жалпы кездеспейді. Ал орыстарда кептерге теңеу жиі ұшырайды...

Абайдың «кептерше» деген теңеуіне «құлын-тайдай» деген қазақтың байырғы, дағдылы теңеуін қатар қойып қолдануы «кептерше» теңеуінің бұрын жоғын, басқа әдебиет тілінің үлгісінен келіп кіргенін байқатпайды» – деп дұрыс айтады [47,82].

Академик Қ. Жұмалиев Абайдың мейлінше тапқырлыққа, сұлулыққа, көркемдікке суарылған тамаша теңеулерінің бірсыпырасын тізіп көрсеткен.

Абайдың көркемдік ойлау жүйесі нешеме алуан ассоциациялық байланыстарға бай. Негізінде, ақын бір деммен, бір леппен шығарғандықтан, болаттан құйылғандай сом, кесек. Сондықтан да Абай поэзиясының метафоралық-символикалық сипаты бөлекше, ерекше. Ғалымның Абай метафоралары жөніндегі пайымдаулары тереңдігімен, жан-жақты талдауларымен көзге түседі.

Абай поэзиясындағы метафораларды бес түрге жіктеп саралайды. Абай метафораларына терең ой, нәзік сезім, мөлдір сыр, жаңаша ұғым, жаңаша таным тән екендігін дәлелдейді. Асылы, метафора – әдебиеттің толысып, кемеліне жеткендіктің белгісі. Абайдың көркемдік әлемі – осы бір құбылыстардың құпиясын бойына терең сіңірген.

Абай тіліндегі метонимия, синекдоха, символ, тұспалдау, кейіптеу, ирония, сарказм, шендестіру, психологиялық параллелизм, дамыту, инверсия, эллипсис және т.с.с. ғылыми-теориялық тұрғыдан зерделенеді. Сонымен бірге Абай шығармашылығындағы ақыл, нақыл сөздер, аудармашылық шеберлігі, өлең құрылысына енгізген күрделі жаңалықтары пайымдалады. Жалпы, айтқанда, академик Қ. Жұмалиев Абай мұрасына қатысты ой-пікірлері өзектілігімен, теориялық мән-маңызымен, ауқымдылығымен ерекшеленеді. Зар заман әдебиеті, фольклор үлгілері, жыраулар мен сал-серілер поэзиясы, би-шешендер сөздері ғылыми айналымға түскендігін атап өткен жөн.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» мысалдар да алынған. Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанынан да және билер сөзінен де үзінділер бар.

Қажым Жұмалиевтің «Абайға шейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1948) еңбегіне академик жазушы Сәбит Мұқанов «Терең ғылымдық еңбек» деп алғы сөз жазып, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Педагогика ғылымдары академиясының академигі Н.К. Дмитриевтің мынадай пікірін келтірген: «Қ. Ж. Жұмалиев алған тақырыптың ғылымдық мәні өте зор. Абай қазақ әдебиетіндегі ең ірі тұлға... бұл сықылды әр жағынан алып, тап осы көлемде әлі ешкім зерттеген емес... Қазақ әдебиеттану ғылымында монографияның мұндай түрінің өзі жаңалық. Бұл еңбек филологияның екі түрлі саласын: тілтану және әдебиеттану ғылымдарын жеткілікті дәрежеде жақсы түсінушілікті керек қылатын әдебиет зерттеу жұмысының анағұрлым жоғары белесі саналатын салада диссертация авторының жаңалық ашуы болып отыр».



Сәбит Мұқановша айтқанда, «бүкіл ХІХ ғасыр қазақ поэзиясының тілін тұтасынан» талдап-таразылаған әрі соншалықты ересен мол картотекалар жасаған оқымысты-филолог Қажым Жұмалиев еңбегінің тағылымды да танымдық мәні орасан зор.

## ЗӘКИ АХМЕТОВ

«Абайдың ақындық әлемі». Бұл –ірі ғылыми жоба һәм іргелі еңбек атауы. Абай мұрасы – бір халықтың рухани-мәдени өмірінің шарайнасы, жазба әдебиеттің көшбасшысы. Ұлтымыздың ақындық даналығын, өнерпаздық болмыс-жаратылысын мәшһүр еткен озық ойлы кемеңгер тұлға. Ойы мұхиттай толқыған, көкірек көзі көреген, арғы-бергі ғасырлар сырын мінсіз толғаған, халқының ұлттық ой-санасын оятқан Абайдың асыл туындыларының ағыс-толқындарын, астар қабаттарын, түпсіз тереңдігін жарқырата ашу, шебер сөйлету, дәлелдеп көрсету – қиынның қиыны екені анық. Солай болса да қазақ өлеңінің құрылыс-жүйесін, құдірет-қуатын, Абай поэзиясының орыс классиктерімен ұқсастығын қажырлықпен тексерген, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихын зерделеген және «Қазақ өлеңінің құрылысы» (1965), «Өлең сөздің теориясы» (1973) тәрізді күрделі еңбектер жазған академик Зәки Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» [48] атты зерттеу жариялауы орынды да. Себебі, ұлы Абайдың сұңғыла суреткерлігін, асқан ойшылдығын, нәзік сыршылдығын білгірлікпен әңгімелеу – ондаған жылдар бойы ізденістерді қажет етеді.

Зерттеуші Зәки Ахметов өз еңбегінде Абай шығармаларының адамзаттық рухани-көркемдік тәжірибелерімен, әрі болашақ замана белестерімен дәнекерлікте байланыстырады. Және де әрбір туындының сұлулық табиғатын басқа шығармалармен сабақтастыра, жалғастыра, тұтастықта қарастырып отырады. Яғни тарихи принципті мықтап ұстанады.

Ең алдымен, Абайтану ғылымының тарихнамасына назар аударады. Оның бастауында тұрған Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлының, Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезовтің, Кәкітай Ысқақұлы мен Ілияс Жансүгіровтің және т.б. ой-пікірлерін тілге тиек етеді. Әсіресе, Зәки Ахметовтің Абай реализмі хақындағы ой-толғаныстарының орны бөлек. Сондықтан да ғалымның осынау пікіріне құлақ түрейік: «Абай реализмінің көркемдік әдіс ретіндегі ең басты өзгешіліктері, алдымен, айналадағы өмірді, болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеу, ел тағдырының өміріне қатысты ең маңызды әлеуметтік мәселелерді халықтық мүдде, озат арман-мақсаттар тұрғысынан толғай білу дейміз. Яғни көркемдік, шыншылдық, шынайылық әдебиеттегі халықтық принциппен, озат идеялылықпен ұштасып келетінін атап айтамыз».

Иә, реализм ұғымы – кең ұғым. Ғалымның түйіндеуінше, оған алғырлық, шығармашылық қиял, арманшыл ой, тұспалдық, ишаралап сипаттау, көркемдік шарттылық, көрегендік, ұлттық сана секілді қасиет-белгілер тән.

Академик Зәки Ахметов Абайдағы лирикалық поэзиясының ерекшеліктеріне көркемдік-эстетикалық ойдың айрықша өткірлігін, қуатты, күйлі сымбатты құйылатынын, сезімнің барынша нәзіктігін, оттылығын жатқызады. Сондай-ақ Абай поэзиясының лирикалық кейіпкерінің болмысына, тұлға – тұрпатына, ішкі жан дүниесіне, толғаныс-тербелістеріне, күйініш-сүйініштеріне зер салып, «сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап беретіні» жөнінде ой өрбітеді?

Зерделі зерттеуші «Келдік талай жерге енді», «Жүрегім, нені сезесің», «Жүрегім, ойбай соқпа енді», «Жүрегім соқпа, кел тоқта», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?», «Ем таба алмай», «Тайға міндік», «Жастықтың оты жалындап», «Жастықтың оты қайдасың», «Жүрегім менің қырық жамау» сияқты сыршыл лирикасының нәзік реңк толқындарын, нақыш-кестелерін, сезім сәулелерін есілте, төгілте жеткізеді. Өз сөзімен айтқанда, «соққан желдей заманның» еркіне көнбейтін қайсар мінезді, өткір тілді

текті тұлғаның поэзиясына тұнып тұрған қасиетті ой, мөлдір сезім, мінсіз таза ақыл тән. Ол ғайыпты болжаған, тұңғыықтан сыр тартқан, сұлулықтың сиқырын сезінген көреген абыз іспетті.

Осынау ірі, кесек зерттеуде Абайдың аударма саласындағы үздік өнеріне, сөз таңдау, сөз сақтау шеберлігіне, көркемдік ойлау жүйесінің тергеуін-қуатына барынша терең талдау жасайды. Абайдың орыстың классик ақындары Пушкин мен Лермонтовпен иық теңестіріп тұратындығы әрі олардың шығармаларымен бәсекелес, рухтас, тамырлас екендігін, олардың жырларын қазақы әуенмен келістіріп сипаттағанда ерекше еркіндікпен, ұлттық рухани болмысына, эстетикалық қабылдау, дүниетаным ерекшеліктеріне, психикалық табиғатына үйлестіре аударатындығын келісті әңгімелейді. Қыруар салыстыруларды жүйе-жүйесімен келтірді. Абай Лермонтовты ықыласпен аударғанының себебін ол «ерекше ызаның ақыны, махаббаты ашумен уланған ақын» деп өте-мөте бүйрегі бұрылып, ынтасы ауып, жүрегі қалап жақын тұтқанын зерделілікпен таразылап түсіндіріледі.

Абай аударған Лермонтовтың «Ой» деген өлеңі жайында «Дүние, өмір жайлы тынымсыз ойға батып, бәрін сынап, ақылменен саралап, асқақ қиялға, үміт пен арманға, әбден берілген күйі де. Жазықсыз жапа шеккен, ауыр бейнет тартқан, көптің атынан айтқан азулы күштілерге айтқан қатты наразылығы да – бөрі де осы өлеңнен молынан сезіледі» [48] – деп жазғанында терең тамырластықты, төркіндікті, сарындастықты аңғарған.

Академик Зәки Ахметов Абайдың әдеби мысал жанрын өрелілікпен өркендеткеніне, көркемдік шарттылықты шебер ұйымдастыруына, тұспалдап айту тәсіліне, белгілі бір сюжетті, алуан-алуан тұспал бейнелерді, алыстан орағытып, қиюластырып жеткізу, сөйтіп, ғибратты ойлар ұсынғанына, қоғам өмірін, адам баласының ішкі дүниесін қалтқысыз ашып көрсеткеніне білім-білігін жұмсайды. Нағыз поэзияның жаны-нәзіктік, құштарлық, сезімталдық, ынтықтық, ұшқыр қиял және адамзат тарихында екшелеген, қорытындыланған,

жинақталған көркемдік тәжірибелерді асқан ұсталықпен меңгеру, «шабыттың қуатымен тебіреніп еркін сөйлеу, жан тәнімен сезінген жүрекжарды ой толғамын ортаға салу». Ол жалпыхалықтық сөйлеу тілін, байырғы ақын-жыраулар тілін, ұлтының ақындық өнерінің асылдарын бойына жинап, көкірегіне тоқып, қазақ өлеңінің жадағай қыстырма сөздерден, қайталаулардан арылтып, ұршықтан шыққан жіптей, сымға тартқан күмістей етіп, жауһардай мөлдіретіп, гауһардай құлпыртып, қазақ әдеби тілінің атасы болды. Өр сөздің өмірбаянын жаңалықты мағыналармен толықтырып жетілдірді. Сондай-ақ қазақ өлеңінің ұйқастық, ырғақтық, буындық, бунақтық, тармақтық, шумақтық, интонациялық кестесін бұрын-соңды болмаған өзгерістермен кемелдендірді. Міне, осы жәйттар аталмыш монографияның «Тіл бейнелілігі», «Өлең өрнектері» бөлімдерінде жүйелі түрде сөз болады. Автор қара сөздердің жанрлық табиғатына ой жіберіп, кейде шешен сөзге, кейде әңгіме-сұхбатқа, бірде діни трактатқа, Мұхтар Әуезов пікіріне жүгініп, сыншылдық, ойшылдық сыр-сипаты басым өсиет-толғауға жатқызады.

Асылы, Абайдың қара сөздері ұлттық прозаның, публицистикалық әдеби тілдің кемел дамуына жойқын ықпал жасағанын біліктілікпен баяндайды.

Ол Абайды «ұлы ізашар ақын», мүлде жаңа реалистік жазба әдебиеттің ту ұстаушысы ретінде бағалай отырып, оның ұлылық пен сұлулықтан, ойлылық пен сыршылдықтан, сыншылдықпен суреткерліктен құйылған ғажайып шығармаларының қоғамдық-әлеуметтік, танымдық-тағылымдық, көркемдік-эстетикалық мәндерін егжей-тегжейлі ашып береді. Және де Абай дәстүрінің жанған шырақтай кең тарағанын, әсіресе, Шәкәрім ойшылдығын, Мағжанның өсем сыршылдығын, Сұлтанмахмұт сыншылдығын, Ахмет мысалшылдығын, төмсілмен сөйлейтіндігін, Міржақыптың ағартушылық өнегесін сәтті сабақтастырғанын байыптайды.

Зерттеуші назарынан ақын шығармаларының текстологиясы да қағыс қалмаған. Ол 1905, 1907, 1910 жылдардағы Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбаларының

ақын туындыларының ең негізгісі, етек-жеңі жинақысы деп санайды. 1909 жылы Санкт-Петербургте жарияланған мәтіні түпнұсқа ретінде қараған жөн деп есептейді.

Академик З. Ахметов 1916 жылы Самат Әбішұлы шығарған «Абай термесі» жинағынан бастап, 1957 жылы М. Әуезов бастырған екі томдық академиялық жинақтарға дейін қамтыған. Бұрынғы басылымдар, тарихи мәдени мәні ерекше қолжазбалар мейлінше ұқыптылықпен салыстырылып тексерілген.

Автор «Абайдың ақындық әлемі» монографиясында Абай аудармаларының түп тамырын іздеуі қуантарлық жәйт. Абайдың Қрыловтан аударған «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңінің негізгі иесі неміс ақыны Р. Левенштейн екен. Мұны академик ағамыз Санкт-Петербург кітапханасынан он күн сарсыла іздеп, ақыр соңында А. Рубенштейн романстарының жинағынан тауыпты.

Немесе «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» өлеңі М.Ю. Лермонтовтың 1891, 1893 жылғы жинақтарында және «Русский архив» журналында (1888, №16 159-бет) жарық көрген. Сөйтсек, бұл өлең Я. Полынскийдің 1842 жылы «Подземные ключи» жинағында [48, 13.] басылғандығын ескертеді.

Қорыта айтқанда, академик З.Ахметов дана Абайдың ақындық кемеңгерлігін сонау 1949 жылдан бері қажырлылықпен шұғылданып, зерттеп келеді. Ұлттық поэзия табиғатын, оның ереже-қисындарын, қағидаларын және тарихын жетік, зерек түсінген әрі білім-ғылыммен мұздай қаруланған Зәкеңнің «Абайдың ақындық әлемі» дейтін күрделі монографиясын ойлы, мағыналы қорытындылармен, сөз сұлулығы жайлы әсем талдаулармен ерекшеленетін елеулі еңбек дейміз.

**«Сөзде сиқыр бар, ал өлеңде даналық».** Академик Зәки Ахметовтің «Поэзия шыңы – даналық» атты зерттеуінде сөз өнерінің өзгеше өрнек-кестесі, тарихи-әдеби процестің ерекшеліктері, халықтың көркемдік ойлау жүйесі, поэзияның бейнелілік суреттілік табиғаты, архитектуроникасы, сөз музыкалығы, ой тапқырлығы, өлең құрылысы, Ұлы Абайдың суреткерлік қолтаңбасы, ақындық даналығы

турасында жан-жақты, терең ой-түйіндеулер, тұрлаулы тұжырымдар мәнімен, сәнімен келісті баяндалады.

Тегінде, шынайы көркемдік сөз туындату үшін әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды, өмірдің қыр-сырларын, әлемнің, табиғаттың, қоршаған ортаның мән-жайларын терең пайымдағанда ғана діттеген мақсатыңа жетесің. Ғалымның пікіріне ден қойсақ, өлең сөздің сәулеттілігі – ақынның көркемдік дүниетанымына, үріп ауызға салғандай мөп-мөлдір буырқанған тапқыр ойына байланысты екен. Демек, өлең сөзге өрнектілік, суреттілік, сыршылдық, сұлулық дарытатын, ақын мәдениетін асқақтататын «ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсерлігі». Ал «тіл, сөз, ақындық көркем ой-сезімді жеткізудің құралы ғана». Задында, шығармашылық өнерде ұшқыр қиялдың, дархан көңілдің, тілегей сезімнің, қуатты түйсіктің орны бөлек. Өнерпаздың ішкі жан дүниесі – дүниетанымының негізі, даналық бастауы, сезімнің бұлағы, көркемдік ассоциацияның дүкені. Көркемдік сұлулықтың өзі құштарлыққа байланысты. Бұл орайда Қожа Ахмет Ясауидің құштарлықты дария түбіндегі гауһарға теңеуі тегін емес.

Академик Зәки Ахметовтің «ақынның жан дүниесінің жарқын сәулесімен нұрланып шыққан, оның ақыл-парасатынан, шабытты асқақ арманынан қуат алып, құлпырған, әдемілік-сұлулыққа ынтық эстетикалық сезімінен нәр алған өмір шындығы» дегенінде айрықша мән-мағына бар. Поэзия мейлінше терең, нәзік сезімнен де, құштарлықтың отынан да жаралып-жаңғырып туады дегенді жарқырата жазады.

Ұлттық поэзиядағы, халықтың ой-санасындағы сұлулықпен ізгіліктен құйылып, нұрлана құбылған бейнелі сөздер табиғатын, көркем ұғым-түсініктерін әдеби-ғылыми тұрғыдан талғампаздықпен талдап түсіндіреді. Поэзиялық сөздердің болмысы, жаратылысы аса күрделі. Оған ишараттау, меңзеу, салыстыру, жұмбақтау, астарлау, бейнелеу, әсемдеу, теңеу, ұқсату тән. Осындай көркем құбылыстардың, эстетикалық шарттылықтардың құпия сырын академик Зәки Ахметов халық жырларынан,

ақын-жыраулар поэзиясынан, Біржан-Сара айтысынан ең жарқын, ең үздік, ең көркем үлгілерінен мысалдар келтіре отырып, тамылжыта дәлелдейді. Мәселен, Ақжүністің толғау сөзінен:

*Қойда бағылан қозы едім,  
Жылқыда шаңқан боз едім.  
Атам менен анамның  
Асыранды қызы едім, –*

деген шекер-балдай лебізін келтіріп, «мұндағы әр сөзден, ұқсату-салыстырудан мал баққан елдің көшпелі өмір тұрмысының лебі есіп тұр» деп түйіндейді. Ұлт тілінің сөз байлығын, бояу-нақыштарын, поэзия тілінің соны эстетикалық ұғым-түсініктермен кемелдене толысуын әңгімелеу барысында Сәкен, Илияс, Сәбит, Әбу, Қасым, Сырбай, Жұбан сынды ақындардың поэзиясына жүгініп отырады.

Зәки Ахметов ұлттық әдебиетіміздің ғылымында қазақ өлеңі құрылысынан бірден-бір кесек зерттеу жазған ғалым. Әрине, қазақ өлеңінің құрылысы хақында ой тербеген Шоқан Уәлихановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхтар Әуезовтің, Қажым Жұмалиевтің, Есмағамбет Ысмайыловтың, Сәбит Мұқановтың ой-толғаныстарын айрықша атаймыз. Осынау еңбектегі «Өлең құрылысы, өлшем өрнектер» деген тарауда буын, бунақ, тармақ, ырғақ, ұйқас, шумақ, дыбыс үндестіктері, интонация, пауза, тұрақты сөз жігі тәрізді өлең құрылысының негізгі басты-басты ұғымдары қарастырылады. Әрі бір-бірімен біртұтастықта сипатталады.

Задында, өлең құрылысының ұлттық сипат-белгілері өзгеше. Бұл ұлт тілімен тамырлас, тектес. Сондықтан да қазақ өлеңі, алдымен, буынға негізделеді. Ырғақ пен тармақ та, ұйқас пен шумақ та буынға бағынады. Яғни, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен, фонетикалық құрылысынан туындайды. Академик Зәки Ахметовтің көрсетуінше, «жүйелі ой салалаланып, сабақтасып жатқан жеке тізбектерден тұрады». Демек, әуезді ырғақтың ең негізгі бөлшегі буын екені әлімсақтан белгілі. Содан буын бунаққа, тармаққа көшіп, ырғақтың әуез-келісімін күшейтеді.

Зәки Ахметовтің өлең тіліндегі дыбыстардың айтылу ерекшеліктері, түрлері, сапасы жөніндегі ой-пікірін келтірелік:

1. Егер сөз басында ы, і дыбыстары р, л дыбыстарының алдында келсе, олар көбінесе қосылып айтылады.

2. Ы, і дыбыстары сөздің ортасында келген кезде бірде түсіп қалып, бірде қосылып айтылады. Ал кей ретте сөздің соңғы буынында да ескерілмейді.

3. Қысқа дауысты ұ, ү дыбыстары да ы, і дыбыстары секілді бірсыпыра сөздерде бірде айтылмай, біресе сақталып отырады.

Ғұлама ғалым Зәки Ахметов шумақ құрылысына тән сипат-белгілерді былайша көрсетеді:

1) поэзиялық ойдың белгілі бір дәрежеде аяқталып тиянақталуы;

2) өлең сөйлемдері синтаксистік-ырғақтық тұрғыдан толық мүсінделіп, интонациялық толқындануының аяқталуы;

3) шумақтағы тармақ санының тұрақтылығы;

4) шумақ жасайтын тармақтарда ұйқас тәртібі қатаң сақталады.

Сондай-ақ академик қазақ өлеңінің құрылысына бұрын-соңды болмаған өзгерістерді, түрлі жаңалықтарды енгізген ұлы Абайдың, сонан соң XX ғасырдың классик ақындары Сұлтанмахмұт, Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің, сонымен қатар Әбу, Дихан, Қалижан, Сырбай, Қасым, Тоқаш, Мұқағали, Төлеген, Жұмекен, Сабырхан, Тұрсынзада, Фариза, Тұманбай, Темірхан сияқты ақындардың көркемдік шеберлігін пайымдайды. Еңбекте Абай шығармашылығы, оның лирикалық поэзиясы, лирикалық қаһарман, ақындық тұлға табиғаты, классикалық ұлттық көркемдік стилі, тақырыптық ауқымы, сөз саптау ерекшелігі, дүниетану даралығы ақын поэзиясындағы ойшылдық, сыршылдық, сыншылдық сарындар, аудармашылық шеберлігі, Абайдың бейнелеу әдіс-тәсілдерінің, жаңашылдық қырларының Шөкәрім, Сұлтанмахмұт, Ахмет, Міржақып, Мағжан өнернамасында сәтті сабақтастық табуы нақты дәйек-дәлелдермен түсіндіріледі.



Ұлттық поэтиканың көрнекті зерттеушісі марқұм Зәки Ахметов осы кітабының кіріспесінде: «Поэзиялық шығарманы ақынша сезініп, ақынша сөйлеу бар. Ол үшін өнерпаздық қабілет, үлкен шабыт керек. Алған өсерінді айтып жеткізетін әдемі тіл керек» - деп жазыпты.

Бір өкініш, баспаға өз қолымен тапсырған бұл еңбегінің кітап болып жарық көргенін ғалымның өзі көрмеді.

Поэзия мұхитынан, сұлулық дүниесінен жеміс терген, жемісін елге берген алтын ағаның білімдарлығына ділмарлығы, санаткерлігіне ар-ождан, рух тазалығы, көркем мінезі ұштасқан еді-ау! «Сөзде сиқыр бар, ал өлеңде даналық» деп, Мұхаммед пайғамбардың хадисінде айтылыпты. Сара әрі дара пікір! Иә, ғұламаның мұрасында ұлт тілінің керемет сыры, рухы, көркемдігі, тереңдігі, даналық дәрістері біліктілікпен сараланған.

**Академик Зәки Ахметов – қазақ өлеңінің теоретигі.** Академик Зәки Ахметов ұлттық өлеңтану ғылымында айрықша кесек ғылыми ой-тұжырымдар қалдырған айтулы оқымысты. Оның «Казахское стихосложение» (1964), «Өлең сөздің теориясы» (1973), «Қазақ өлеңі теориясының негіздері» (2002), «Поэзия шыңы – даналық» (2002) атты зерттеулерінде буын, бунақ, тармақ, ырғақ, ұйқас, шумақ, дыбыс үндестіктері, интонация, пауза, тұрақты сөз жігі тәрізді өлең құрылысының негізгі басты-басты ұғымдары қарастырылады. Өрі бір-бірімен біртұтастыққа сипатталады. Өлеңтанушы З.Ахметовтің көрсетуінше, поэзия тілі мен көркем формалар табиғатын ұғып-түсіну үшін өлең құрылысының ішкі құпиясын тексеріп талдау, тану аса мәнді деп жазады. Расында, өлең құрылысы аса күрделі, сан қырлы құбылыс. Өлең құрылысының ұшан-теңіз заңдылықтарын парасаттау үшін ырғақтық өлең түрлерінің, өлшемдерінің әр алуан жақтарымен байланысын яғни өлең сөйлемдерінің синтаксистік құрылысымен, интонациялық толқындауымен, әуезділік сырларымен, образдылық, метафоралық жүйесімен сабақтастықта ұтымды тәсіл деуге болады.

Қазақтың поэзиялық тіліндегі мәнерлеулегіш-суреттегіш құралдар жүйесінде, нақтылы айтқанда,

өлең құрылысында тармақтың ырғақтық түзілісі, ұйқас кестесі, шумақтың жасалуы, өлең тілінің бейнелеушілік жағы ерекше елеулі. Шынтуайттап келгенде, өлең сөздің экспрессивтілігі мен мәнерлілігі, ішкі мазмұн байлығы – түп-тура ырғақ құрылысына байланысты.

Өлең сөздің ырғақтылық жіктелісі – интонациялық ұйымдастырушылық паузаға ие эмоциональды сөйлеудің шағын бөлшектерге бөлінуіне тікелей байланысты. Сөздің интонациялық толқын-тербелісі тіл табиғатынан туындайды. Ырғақтық өрнек-кестенің дүркін-дүркін қайталануы әуезділік пен мәнерліліктің мол мүмкіндігін жасайды.

Сөз бен сөйлемнің көркемдік сұлулығын, сымбаттылығын дыбыстар үйлесімі толықтыра түседі. «Кенің бай, келімің мол, туған тілім, // Дыбыстың теріп сөз ғып, буған гүлін» деп, не болмаса «Сөз – дыбыстың мағыналы болып тізілгені» деп, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, мағыналы, әуезді дыбыстық орайластықтар ырғақтылықты әсерлеп күшейтеді. Бұған сәйкестік, қайталаушылық тән. Және де адамның психофизиологиялық табиғатына, рухына, көркемдікті қабылдау қабілетіне де лайық.

Тармақ ішіндегі бөлшектердің қайталануы, белгілі бір мезетте оралып отыруы үйлесімділік, ұқсастық, сәйкестік мәнісін мұқият ыждаһаттайды. Ырғақ ағынына ілесіп, үзеңгі жарыстырып, өлеңнің мазмұн-мағыналық ағыс-толқындарымен ұласып-ұштасып, контрастар, параллельдер, нешеме алуан бояу-суреттер, дыбыс қайталаулар, тізбекті тіркестер жасалуына қолайлы жағдай жасайды. Өлеңнің ырғақтық құрылысы – сан түрлі сөз, сөйлем, тармақ, шумақ, үндестіктерін бір негізгі гармонияға ұйыстыратын көркемдік тетік. Сөз бен фразаның өзара байланысу тәртібі өлеңнің мелодиясын үстемелейді. Ұлттық өлең тілінің басты ерекшелігін – поэзиялық шығарманың ырғағы анықтайды.

Ырғақтық принциптерді сақтау және жетілдіру, бейнелеудің барша шарттылықтарын бір мақсатқа, бір нысанаға жұмылдыру – ақынның шығарымпаздық шеберлігіне саяды.

**Ырғақтық принциптер** – поэзия тілінің және оның формаларының икемділігі мен оралымдылығын, интонациялық байлығы мен сөздің эмоциялық бояуын еселейді.

Түштеп келгенде, ырғақ өлең сөздің интонациялық табиғатында айқын бедерленеді. Сонымен қатар ырғақ өлеңнің интонациялық суретіне өзіндік айшық қосады. Ырғақ, интонация пішінінің өзге де элементтері өмір, дүние, тұрмыс-тіршілік құбылыстарын көркемдік бейнелеудің құралдары.

**Ұйқас.** Поэзиялық шығармалардағы көркемдік сұлулық ұйқас мінезімен төркіндес. Ұйқас – әбден жетілген, толысқан поэзияның басты сипаты. Адамның музыкалық есту қабілеті бірден ажыратады. Бұл құбылыстың фонетикалық құрылысы яки үнділігі аса мәнді де маңызды. Дыбыс қайталауларына негізделеді. Өлеңнің құрылысын айқындайды. Ұйқас дегеніміз – тармақтық аяқталым. Ырғақтың суретін тудыруға септігі зор. Ұйқас табиғаты ішкі ұйқастардан жөні мүлде бөлек. Ұйқас өлең сөзді сөйлемдерге немесе тармақтарға жіктейді. Осы қасиет ұйқастың шек-жігін айқындай түседі. Өлең сөзде ұйқас бастан-аяқ тұрақты түрде қайталаанады. Өнерпаздың ой-санасы, түйсік қуаты терең ұғынып, өткір қабылдайды. Ұйқаста буын үндестігі бар. Осы жәйт келесі сөйлемдерге қайталанып отырады. Жүйелі тәртіп берік сақталады. Тармақтың дербестігі үшін, ырғақтың тұтастығы үшін қызмет етеді. Және де өлеңнің ырғақтық-интонациялық әрі синтаксистік жіктелісіне мол мүмкіндік тудырады. Сонымен ұйқас өлеңнің көркемдік-мәнерлік, ырғақтық, шумақтық табиғатына жарасым үстейді, өрнектілігін, келісімін көркейтеді. Ұйқас өзара үйлескен тармақтардың кезектесу ретіне қарай сан алуан болып келеді. (Мысалы, егіз шалыс, кезекті, орама, шұбыртпалы).

Бұл ретте Зәки Ахметов шығыстанушы Т.Ковальскийдің түркі поэзиясы тарихында ұқсастық пайда болуын ерте дәуірге жатқызғанын қуаттайды.

Е.Бертельс Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасындағы кейбір поэзиялық мұралардың ұйқасқа құрылатындығын орынды келтіреді.

Академик В. Жирмунский мен Х. Зарифов түркі поэзиясындағы ұйқастың пайда болуын синтаксистік параллелизммен байланыстырады.

Академик Зәки Ахметов ұйқастың соншалықты жоғары дәрежеде дамуына, кең қолданыс табуына ұлттық поэзия тілінің бейнелілігі, сөздің табиғи өуезділігі, сөйлеудің ырғақтық-синтаксистік түзілісі ықпал еткен деген тұжырым жасайды.

Ұлттық өлеңтану ілімі тарихында академик Зәки Ахметов ұйқастың фонетикалық жүйесіне, буын құрылысына, дыбыстар (дауысты, дауыссыз) үндестігіне, ырғақ табиғатына төркіндестігін терең зерделейді. Академик Зәки Ахметовтің көрсетуінше, ұйқас – поэзияның басты сипаты, тармақ соңындағы сөздердің үйлесімі, дыбыстық жарасымдылықтар, өлеңнің ырғақтық-интонациялық құрылымының айрықша тұрақты тетігі. *Ұйқас – өлең сөзді тармақтарға жіктеудің көрсеткіші.* Ол көркемдік сана айнасында поэзиялық шығарманың ырғақтық жүйесіндегі негізгі элемент, тұтас буындарды өуезділікке көшіретін тәсіл. Ұйқас 1) тармақтың шек-мөлшерін айқындайды, 2) өзінен кейін жолдармен жалғастырады, 3) өлең тармағындағы соңғы кідірісті шегелеп танытады.

Асылында, ұйқастың ырғақпен интонацияға ықпалы орасан, семантикалық, көркемдік мәні де ерекше.

Зәки Ахметов еңбегінде ұйқас құрамындағы дыбыстың сапасы, өуезділігі, толық мәндегі акустикалық сәйкестігі, сингармониялық үйлесімділігі, түрлері (толымды, толымсыз, құрамды, редифті) ғылыми-теориялық тұрғыдан байыпталады.

Ол ұйқасты халықтың әдеби-тарихи дамуымен, ұлттық көркемдік дәстүрлердің баюымен, өлең құрылысының күрделеніп кемелденуімен бртұтастыққа қарастырып, қазақ өлеңіндегі ұйқас жүйесінің жоғары деңгейде салаланып-сараланып дамуына ұлттық поэзия тілінің образдылығы, сөздің табиғи өуезділігі, сөйлеудің

ырғақтық-синтаксистік түзілісі ықпал еткен деген тұжырым жасайды.

Академик Зәки Ахметов түркі поэзиясындағы ұйқас туралы ой өрбіткен шығыстанушылар Ф.Корш, В.Гордлевский, Т.Ковальский, Е.Э.Бертельс, эпостанушылар В.М.Жирмунский, Х.Т.Зарифов сынды оқымыстыларды ілттипатпен атайды.

Ғұлама ғалым Зәки Ахметов шумақ құрылысына төн сипат-белгілерді былайша көрсетеді: 1) поэзиялық ойдың белгілі бір дәрежеде аяқталып тиянақталуы; 2) өлең сөйлемдері синтаксистік-ырғақтық тұрғыдан толық мүсінделіп, интонациялық толқындануының аяқталуы; 3) шумақтағы тармақ санының тұрақтылығы; 4) шумақ жасайтын тармақтарда ұйқас тәртібі қатаң сақталады.

\*\*\*

Академик Зәки Ахметовтің түсіндіруінше, өлең құрылысының мәнерлегіш-суреттегіш мүмкіндіктері мен байлығы, ең алдымен, тарихи-әдеби факторларға, ұлттық-шығармашылық дәстүрлерге, әдеби тілге байланысты өрістеп дамиды. Задында, өлең құрылысының ұлттық сипат-белгілері өзгеше. Бұл ұлт тілімен тамырлас, тектес. Сондықтан да қазақ өлеңі, алдымен, буынға негізделеді. Ырғақ пен тармақ та, ұйқас пен шумақ та буынға бағынады. Яғни, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен, фонетикалық құрылысынан туындайды. Академик Зәки Ахметовтің көрсетуінше, «жүйелі ой салаланып, сабақтасып жатқан жеке тізбектерден тұрады». Демек, өуезді ырғақтың ең негізгі бөлшегі буын екені әлімсақтан белгілі. Содан буын бунаққа, тармаққа көшіп, ырғақтың өуез-келісімін күшейтеді.

Өлең тармақтарындағы ішкі ырғақтық жіктелудің сырларын сипаттау барысында буын мен бунақтың гармониялық заңдылықтарын дiттейдi.

Тармақтыңбунақтық құрылымына, бунақтыңбуындық бөлініске, шумақтың тармақтық топтасуына үңіледі. Буындық топтасу – ырғақтық икемділік гармониялық сұлулық, өуезділік, айқындық туғызады.

Қазақтың өлең құрылымы мен тілінің асыл мұраты: жарасымдылыққа, үйлесімділікке, қайталауға ұмтылу. Қазақ өлең құрылысының басты шарты – тармақтық ырғақтық өрнегін жасау және бунақ жіктерінің бір-бірлерімен сәйкес келіп отыруы.

Өлеңтанушы Зәки Ахметов тармақтардың бунақтарға бөлінісін былайша көрсетеді:

- I. 3 буын+2 буын; 3 буын+3 буын; 4 буын+3 буын.
- II. 4 буын+4 буын; 3 буын+2 буын+3 буын.
- III. 3 буын+3 буын + 3 буын; 3 буын + 4 буын + 4 буын;  
4 буын+3 буын + 4 буын; 4 буын + 3 буын + 3 буын;
- IV. 4 буын+4 буын + 4 буын + 3 буын;  
4 буын+4 буын + 4 буын + 4 буын;

Өлеңнің тармақтарға негізделуі ырғақтың айқындығы танытып қоймайды, әсерлілігі мен мәнерлілігін де көріктендіреді.

Буындық топтар керемет ырғақтық сурет тудырмаса да, белгілі бір алғышарттарды алға тартады.

7 буынды өлеңнің (бунақталуы 4+3) ырғағы ширақ, суреткерлік мүмкіндігі мол, кең тараған үлгі. Бунақ жүйесі 3+4 қазақ өлеңінде қолданыс таппаған, алайда бұл симметриялық құрылым 11 буынды қара өлеңде бар деп жазады ұлттық поэтиканың білгірі Зәки Ахметов.

Түркі халықтары поэзиясында 7 буынды өлеңдер кең тараған, сондықтан да түркі жырларының ең негізгі және архаикалық түрі (В.Гордлевский).

Болар-болмас буын құрылысындағы өзгеріс тармақтың ырғағына әсер ететіндігі бар.

11 буынды өлеңдер ырғақтылық пен дыбыстық әуезділіктің ұшан-теңіз мүмкіндіктерін туғызатын күрделі құрылым, бірегей құбылыс. Негізінде, қазақ өлеңіндегі тармақтардың ішкі ырғақтық толқынын буын реттейді. Бұл ақындық өнерде сөйлеудің ырғақтылығына, орайлы жарасымына, түр сұлулығына жеткізеді.

Сонымен тармақ – ырғақ бірлігі. Ол – ішкі гармониясымен, ырғақтық тұрақтылығымен, жинақылығымен өзгешеленеді.

\*\*\*

Өлеңнің ішкі құрылымынан нәзік құбылыстар жеткілікті. Олардың көркемдік мақсатқа жұмсалатындығы, ішкі жарасымдылықты сұлуландыра түсетіндігі бар. Олар це-зура-пауза (қосымша ырғақтық құрал), сөз жігі (сөз шекарасы, екпін дейтін тармақтың ырғақтық бір бүтін нәрсені құраушы бірлігінің шекарасы) бөлшектер, атрибуттар.

Ұлттық поэтика майталманы Зәки Ахметов орыстың өдебиеттану ғылымындағы ой-пікірлерге сүйене отырып, ой жібін тарқатады. Сондай-ақ С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Б. Кенжебаев байламдарын, иіні келгенде, ғылыми қолданысқа енгізеді.

Екпін туралы мына шумақтарды мысалға алады:

1. *Жүректен қозғайын,  
Өдептен озбайын.  
Өзі де білмей ме  
Көп сөйлеп созбайын.*
2. *Төмендеп қарайсың,  
Телміріп тұрмайсың.*
3. *Қызарып, сұрланып.*

Десек те қазақ тілінде барлық буындар бірдей айқын естіледі, екпін түскен буындар өте-мөте өзгешеленбейді дейді зерртеуші.

Зәки Ахметовтың өлең тіліндегі дыбыстардың айтылу ерекшеліктері, түрлері, сапасы жөніндегі ой-пікірін келтірелік:

1. Егер сөз басында *ы, і* дыбыстары *р, л* дыбыстарының алдында келсе, олар көбінесе қосылып айтылады.

2. *Ы, І* дыбыстары сөздің ортасында келген кезде бірде түсіп қалып, бірде қосылып айтылады. Ал кей ретте сөздің соңғы буынында да ескерілмейді.

3. Қысқа дауысты *ұ, ү* дыбыстары да *ы, і* дыбыстары секілді бірсыпыра сөздерде бірде айтылмай, біресе сақталып отырады.

4. Дауысты дыбыс – буын құраушы.

5. Дауыстыдан соң 1 не 2 дауыссыз дыбыс келеді.

Ахмет Байтұрсынұлының ой-тұжырымына жүгінсек: «Қазақтың нағыз өз тіліндегі дыбыс 24». Бұлар 3 түрге

бөлінеді: 5 – ашық дыбыс яки дауысты дыбыс, 17- тұйық дыбыс яки дауыссыз дыбыс, 2 орта дыбыс яки жарты дауысты дыбыс [49,66-67].

Өлең архитектуралықтарында дауысты және дауыссыз дыбыстардың гармониясы мейлінше ұлан-ғайыр. Бұлардың көркемдік қызметін, мәнісін академик Зәки Ахметов баяндай отырып түсіндіреді.

\*\*\*

Қазақ өлеңінің теоретигі Зәки Ахметов халық поэзиясындағы өн-өлеңдерінің түрлеріне (өлең, қара өлең, айтыс, қайым, жыр, толғау, терме, тақпақ), қазақ ауыз әдебиетінің байырғы өкілдеріне (жырау, жыршы, ақын, өлеңші), көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі мен стиліне зейін аударады. Қазақстан мен Орта Азия жерінде жазба әрі ауыз әдебиеті жоғары дәрежеде дамығанын және 7 буынды өлеңдерді қолданғанын атап өтеді.

Сондай-ақ өлең сөздің түпкі бастауында пайда болған мақал, мәтел, афоризм құрылысын біліктілікпен талдап, оларға ырғақтық-синтаксистік параллелизм, ықшамдылық, бейнелілік, дыбыс үйлесімділіктері, ішкі ұйқас тән екенін жарқын мысалдармен дәлелдейді. Мәселен:

1. *Апан-апан,  
Ескі шапан.  
Иір қобыз,  
Жарқ жұлдыз.*
2. *Жолға салсаң, жорға,  
Жонға салсаң, жүйрік.*
3. *Ақылы асқан жақсыны  
Алысым деп ойлама.  
Ақылы жоқ жаманды  
Жақыным деп ойлама.*
4. *Ескісін жаман,  
Ешкісін сауып.*
5. *Ешкі бақтым – еңіреп бақтым,  
Қой бақтым – қоңырау тақтым,  
Сиыр бақтым – сидаң қақтым,  
Жылқы бақтым – жорғалаттым,*



*Түйе бақтым – түйме тақтым,*

*Ылақ бақтым – жылап бақтым.*

Ырғағы, ұйқасы, декламациялық сипаты қызықтырады. Сонымен бірге үйлену салт-жырларының (жар-жар, бета-шар, сыңсу, тойбастар) мен ғұрып өлеңдерінің (естірту, көңіл айту, жоқтау) құрылысын байыптайды. Қазақ өлеңі құрылысына ауызша импровизациялық дәстүрдің әсері – ықпалын да әңгімелейді.

Толғау, жыр, түйдек үлгілерін талдап тексеру барысында «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Қобыланды», «Манас» дейтін батырлық, лиро-эпостық жырларға жүгінеді.

Ал 11 буынды өлеңдер түркі халықтары поэзиясында, атап айтқанда, өзбек, әзірбайжан, қарақалпақ, татар жырларында және төжік-иран әдебиетінде бар. Ф.Корштың жазуынша, әзірбайжанда 11 буынды өлең, ырғақтық өрнегі 5+6, 6+5 түрі кең жайылған. Осындай тоқылыс Яссауи хикметінде ұшырасатынын академик Зәки Ахметов те көрсеткен.

Қырғыздың 11 буынды өлшеммен шығарылған өлеңі қазақ өлеңінің ішкі бұтақталуымен төркіндес.

XVIII ғасырда 11 буынды қара өлең үлгісі кең қолданыс тапқан. «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» оқиғасына арналған «Елім-ай» қара өлең үлгісімен айтылған. Ф.Корш 7-8 және 11 буынды өлшемді айта отырып, жырдан «Ай астында бір жұлдыз айдан жақсы» деген мысал келтірген. О заманда туған кесек дастандар, айталық, «Жанақ жырлаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры, және Абайдың «Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масғұт», «Вадим» шығармалары қара өлең түрімен жырланған. Қиссалар да осылай.

«Қазақ өлеңі құрылысының даму тарихында Ұлы Абайдың суреткерлік қолтаңбасы, ақындық даналығы турасында жан-жақты, терең ой-түйіндеулер, тұрлаулы тұжырымдар мәнімен, сәнімен келісті баяндалады.

Шумақ, тармақ, бунақ, ұйқас құрылыс енгізген жаңалықтарын ғылыми-теориялық тұрғыдан тексеріп таразылайды. Әсіресе, Абай Пушкин өлеңінің мелодиялық

байлығын, түпнұсқаның рухын, сырын, интонациясының нәзік реңктерін, ырғақтық суретін әсерлі жеткізгенін сипаттайды. Ауыз-екі сөйлеудің интонациясын кемелдікпен байытқанын тәптіштейді. Бұл орайда «Бай сейілді», «Ем таба алмай», «Тайға міндік», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Жалын мен оттан жаралып», «Қуаты оттай бүрқырап», «Қатыны мен Масақбай», «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің?», «Сегіз аяқ» атты өлеңдері жаңалықты құбылыстарымен қызықтырғанын қадап айтады.

Поэзия мұхитынан, сұлулық дүниесінен жеміс терген, жемісін елге берген алтын ағаның білімдарлығына ділмарлығы, санаткерлігіне ар-ождан, рух тазалығы, көркем мінезі ұштасқан еді-ау! «Сөзде сиқыр бар, ал өлеңде даналық» деп, Мұхаммед пайғамбардың хадисінде айтылыпты. Сара әрі дара пікір! Иә, ғұламаның мұрасында ұлт тілінің керемет сыры, рухы, көркемдігі, тереңдігі, даналық дәрістері біліктілікпен сараланған.

Абай мұрасы – бір халықтың рухани-мәдени өмірінің шарайнасы, жазба әдебиеттің көшбасшы – атасы. Ұлтымыздың ақындық даналығын, өнерпаздық болмыс-жаратылысын мәшһүр еткен озық ойлы кемеңгер тұлға. Ойы мұхиттай толқыған, көкірек көзі көреген, арғы-бергі ғасырлар сырын мінсіз толғаған, халқының ұлттық ой-санасын оятқан Абайдың асыл туындыларының ағыс-толқындарын, астар-қабаттарын, түпсіз тереңдігін жарқырата ашу, шебер сөйлету, дәлелдеп көрсету – қиынның қиыны екені анық. Солай болса да, қазақ өлеңінің құрылыс-жүйесін, құдірет-қуатын, Абай поэзиясының орыс классиктерімен ұқсастығын қажырлықпен тексерген, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихын зерделеген және «Қазақ өлеңінің құрылысы» (1965), «Өлең сөздің теориясы» (1973) тәрізді күрделі еңбектер жазған академик Зәки Ахметовтың «Абайдың ақындық өлемі» атты зерттеуі ұлы Абайдың сұңғыла суреткерлігін, асқан ойшылдығын, нәзік сыршылдығын біліктілікпен, білгірлікпен парасаттайды.

Ұлттық поэтиканың, стилистиканың, риториканың майталман зерттеушісі Зәки Ахметов өз еңбегінде

Абай шығармаларының адамзаттың рухани-көркемдік тәжірибелерімен, әрі болашақ замана белестерімен дәнекерлікте байланыстырады. Және де әрбір туындының сұлулық табиғатын басқа шығармалармен сабақтастыра, жалғастыра, тұтастықта қарастырып отырады. Яғни тарихи принципті мықтап ұстанады.

Ең алдымен, Абайтану ғылымының тарихнамасына назар аударады. Оның бастауында тұрған Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлының, Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезовтың, Кәкітай Ысқақұлы мен Ілияс Жансүгіровтің және т.б. ой-пікірлеріне жүгінеді. Әсіресе, Зәки Ахметовтың Абай реализмі хақындағы ой-толғаныстарының орны бөлек. Сондықтан да ғалымның осынау пікіріне құлақ түрейік: «Абай реализмінің көркемдік әдіс ретіндегі ең басты өзгешеліктері, алдымен, айналадағы өмірді, болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеу, ел тағдырының өміріне қатысты ең маңызды әлеуметтік мәселелерді халықтық мүдде, озат арман-мақсаттар тұрғысынан толғай білу дейміз. Яғни көркемдік, шыншылдық, шынайылық әдебиеттегі халықтық принциппен, озат идеялылықпен ұштасып келетінін атап айтамыз».

Иә, реализм ұғымы – кең ұғым. Ғалымның түйіндеуінше, оған алғырлық, шығармашылық қиял, арманшыл ой, тұспалдап, ишаралап сипаттау, көркемдік шарттылық, көрегендік, ұлттық сана секілді қасиет-белгілер тән.

Академик Зәки Ахметов Абайдың лирикалық поэзиясының ерекшеліктеріне көркемдік-эстетикалық ойдың айрықша өткірлігін, қуатты, күйлі сымбатты құйылатынын, сезімнің барынша нәзіктігін, оттылығын жатқызады. Сондай-ақ Абай поэзиясының лирикалық кейіпкерінің болмысына, тұлға-тұрпатына, ішкі жан дүниесіне, толғаныс-тебіреністеріне, күйініш-сүйініштеріне зер салып, «сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап беретіні» жөнінде ой өрбітеді.

Зерделі зерттеуші «Келдік талай жерге енді», «Жүрегім, нені сезесің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрегім соқпа, кел тоқта», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?»,

«Ем таба алмай», «Тайға міндік», «Жастықтың оты жалындап», «Жүрегім менің қырық жамау» сияқты сыршыл лирикасының нәзік реңк толқындарын, нақышкестелерін, сезім сәулелерін есілте, төгілте жеткізеді. Өз сөзімен айтқанда, «соққан желдей заманның» еркіне көнбейтін қайсар мінезді, өткір тілді текті тұлғаның поэзиясына тұнып тұрған қасиетті ой, мөлдір сезім, мінсіз таза ақыл тән. Ол ғайыпты болжаған, тұңғыықтан сыр тартқан, сұлулықтың сиқырын сезінген көреген абыз іспетті.

Осынау ірі, кесек зерттеуде Абайдың аударма саласындағы үздік өнеріне, сөз таңдау, сөз саптау шеберлігіне, көркемдік ойлау жүйесінің тегеурін-қуатына барынша терең талдау жасайды. Абайдың орыстың классик ақындары Пушкин мен Лермонтовпен иық теңестіріп тұратындығы әрі олардың шығармаларымен бөсекелес, рухтас, тамырлас екендігін, олардың жырларын қазақы әуенмен келістіріп сипаттағанда ерекше еркіндікпен, ұлттық рухани болмысына, эстетикалық қабылдау, дүниетаным ерекшеліктеріне, психикалық табиғатына үйлестіре аударатындығын келісті әңгімелейді. Қыруар салыстыруларды жүйе-жүйесімен келтіреді. Абай Лермонтовты ықыласпен аударғанының себебін ол «ерекше ызаның ақыны, махаббаты ашумен уланған ақын» деп өте мөте бүйрегі бұрылып, ынтасы ауып, жүрегі қалап жақын тұтқанын зерделілікпен таразылап түсіндіреді.

Абай аударған М.Лермонтовтың «Ой» өлеңі жайында «Дүние, өмір жайлы тынымсыз ойға батып, бәрін сынап, ақылменен саралап, асқақ қиялға, үміт пен арманға, әбден берілген күйі де, жазықсыз жапа шеккен, ауыр бейнет тартқан, көптің атынан айтқан азулы күштілерге айтқан қатты наразылығы да – бәрі де осы өлеңнен молынан сезіледі» – деп жазғанында терең тамырластықты, еркіндестікті, сарындастықты аңғарған.

Академик Зәки Ахметов Абайдың әдеби мысал жанрын өрелілікпен өркендеткеніне көркемдік шарттылықты шебер ұйымдастыруына, тұспалдап айту тәсіліне, белгілі бір сюжетті, алуан-алуан тұспал-бейнелерді, алыстан орағытып, қиюластырып жеткізу, сөйтіп ғибратты ойлар ұсынғанына,

қоғам өмірі, адам баласының ішкі-дүниесін қалтқысыз ашып көрсеткеніне білім-білігін жұмсайды. Нағыз поэзияның жаны – нәзіктік, құштарлық, сезімталдық, ынтықтық, ұшқыр қиял және адамзат тарихына екшелген, қорытындыланған, жинақталған көркемдік тәжірибелерді асқан ұсталықпен меңгеру, «шабыттың қуатымен тебіреніп еркін сөйлеу, жан-тәнімен сезінген жүрекжарды ой толғамын ортаға салу». Ол жалпы халықтық сөйлеу тілін, байырғы ақын-жыраулар тілін, ұлтының ақындық өнерінің асылдарын бойына жинап, көкірегіне тоқып, қазақ өлеңінің жадағай қыстырма сөздерден, қайталаулардан жауһардай мөлдіретіп, гауһардай құлпыртып, қазақ әдеби тілінің ата-сы болды. Өр сөздің өмірбаянын жаңалықты мағыналармен толықтырып жетілдірді. Сондай-ақ қазақ өлеңінің ұйқастық, ырғақтық, буындық, бунақтық, тармақтық, шумақтық, интонациялық кестесін бұрын-соңды болмаған өзгерістермен кемелдендіреді. Міне, осы жәйттар аталмыш монографияның «Тіл бейнелілігі», «Өлең өрнектері» бөлімдерінде нақтылы түрде сөз болады. Автор қара сөздердің жанрлық табиғатына ой жіберіп, кейде шешен сөзге, кейде әңгіме-сұхбатқа, бірде діни трактатқа немесе Мұхтар Әуезов пікіріне сүйеніп, сыншылдық, ойшылдық сыр сипаты басым өсиет-толғауға жатқызады.

Асылы, Абайдың қара сөздері ұлттық прозаның, публицистикалық әдеби тілдің кемел дамуына жойқын ықпал жасағанын біліктілікпен баяндайды.

Ол Абайды «ұлы ізашар ақын», мүлде жаңа реалистік жазба әдебиеттің ту ұстаушысы ретінде бағалай отырып, оның ұлылық пен сұлулықтан, ойлылық пен сыршылдықтан, сыншылық пен суреткерліктен құйылған ғажайып шығармаларының, қоғамдық-әлеуметтік, танымдық-тағылымдық, көркемдік-эстетикалық мөңдерін егжей-тегжейлі ашып береді. Және де Абай дәстүрінің жанған шырақтай кең тарағанын, әсіресе, Шәкәрімнің ойшылдығын, Мағжанның өсем сыршылдығын, Сұлтанмахмұттың сыншылдығын: Ахметтің мысалшыл-дығын, тәмсілмен сөйлейтіндігін, Міржақыптың ағартушылық өнегесін сабақтастырғанын байыптайды.

Зерттеуші назарынан ақын шығармаларының текстологиясы да қағыс қалмаған. Ол 1905, 1907, 1910 жылдардағы Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбаларын ақын туындыларының ең негізгісі, етек-жеңі жинақысы деп санайды. 1909 жылы Санкт-Петербуркте жарияланған мәтіндерді түпнұсқа ретінде қараған жөн деп есептейді.

Академик З.Ахметов 1916 жылы Мұхтар Әуезов бастырған екі томдық академиялық жинақтарға дейін қамтыған. Бұрынғы басылымдар, тарихи-мәдени мәні ерекше қолжазбалар мейлінше ұқыптылықпен салыстырылып тексерілген.

Автор «Абайдың ақындық әлемі» монографиясында Абай аудармаларының түп тамырын іздеуі қуантарлық жәйт. Абайдың Қрыловтан аударған «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңінің негізгі иесі неміс ақыны Р.Левенштейн екен. Мұны академик З.Ахметов Санкт-Петербург кітапханасынан он күн сарсыла іздеп, ақыр соңында Антон Рубенштейн романстарының жинағынан тауыпты.

Немесе «Жүректе көп қазына бар, бөрі жақсы» өлеңі М.Ю.Лермонтовтың 1891, 1893 жылғы жинақтарында және «Русский архив» журналында (1888, №1, 159-бет) жарық көрген. Сөйтсек, бұл өлең Я.Полонскийдің 1842 жылы «Подземные ключи» жинағында (13-бет) басылғандығын ескертеді.

Қорыта айтқанда, академик Зәки Ахметов ұлы Абайдың ақындық даналығы мен даралығын сонау 1949 жылдан бері қажырлылықпен шұғылданып, зерттеген-ді. Ұлттық поэзия табиғатын, оның ереже-қисындарын, қағидаларын және тарихын жетік, зерек түсінген әрі білім-ғылыммен мұздай қаруланған З.Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» дейтін күрделі монографиясын ойлы, мағыналы қорытындылармен, сөз сұлулығы жайлы әсем талдаулармен ерекшеленетін абайтану ілімі тарихындағы елеулі еңбек.

**Дүние – жалған. Ғұмыр – қысқа, өткінші. Тағдыр – толқымалы.** Татар дәм-тұзың шектеулі, өлшеулі екен ғой. Ұлт руханияты әлеміндегі шырқау биікте жарқырап жанған жұлдыз қаңғырған қаңғалықтың кесірінен

қапияда ағып түсті. Тамырын тереңге жіберген қара емен морт құлап түсті. Миымыздан у бөлініп, қабырғамыз қақырай сөгіліп, тізбек-тізбек қорғасын бұлттардай нешеме алуан ойлар жөңкіліп, қайшылықтар тұтқынында тұншығып, қилы-қилы күй кешесің... Зәкендей саңлақ жампозды, ілім-біліммен мұздай қаруланған ғылымның қара нарын, ұлттық сөз өнерінің лағыл маржандарын жатқа заулататын майталманды, пікір-лебізі еркеленіп есілген көсілмелі-төгілмелі шешенді, ақылын, кеңесін, қабілет-жігерін, жақсылығын елінен, қауымынан аямаған жомарт мінезді, көңілі жаздың өсем таңындай сәулетті, жүзінде, жанарында бекзаттық нұры ойнаған жаны да, ары да шықтай таза, ішкі рухани мәдениеті жоғары кесек жаратылған айрықша кісілікті, сыпайы да сырбаз, мейірбан да қамқор, шынайы да риясыз, алды кең, асыл текті, арда туған ардақты азаматты жоғалту – өзекті өртейтін өкініш.

Ұстаз, білімпаз, қоғам қайраткері Зәки Ахметовтің өнегелі өмірі мен ғылыми шығармашылығы жарты ғасырдан астам уақытты қамтиды. Тегінде, оқымысты-педагогтың өмір тарихы Отан тарихымен, орыс, қазақ, зиялыларының тарихымен, республика жоғары мектеп өмірімен төркіндес.

Алтайдан ұшқан тастүлек небәрі 20 жасында Қазақ мемлекеттік университетін төмәмдап, іле-шала ғылым мен мәдениеттің алтын бесігі Ленинград қаласындағы КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының аспирантурасына қабылданады. Әйгілі оқымысты түркітанушы, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі С.Е.Маловтың жетекшілігімен 1951 жылдың 5 қаңтарында «Абай және Лермонтов» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Осынау кесек зерттеуде Абайдың аударма саласындағы үздік өнеріне, сөз саптау шеберлігіне, көркемдік ойлау жүйесінің тегеурін-қуатына барынша терең талдау жасайды. Абайдың Лермонтовпен иық теңестіріп тұратындығы әрі бөсекелес рухтас екендігі, қазақы өуенмен келістіріп сипаттағанда ерекше еркіндікпен, ұлттың рухани болмысына,

эстетикалық қабылдау, дүниетаным ерекшеліктеріне, психикалық табиғатына үйлестіре аударатындығын келісті әңгімелейді. Қыруар салыстыруларды жүйе-жүйесімен жіктеп тексереді. Абайдың Лермонтовты құштарлықпен аударғанының себебін ол «ерекше ызаның ақыны махаббаты ашумен уланған ақын» деп, өте-мөте бүйрегі бұрылып, ынтасы ауып, жүрегі қалап жақын тұтқанын зерделілікпен таразылап түсіндіреді.

Абай аударған Лермонтовтың «Ой» деген өлеңі жайында «Дүние, өмір жайлы тынымсыз ойға батып, бөрін сынап, ақылменен саралап, асқақ қиялға, үміт пен арманға, әбден берілген күйі де; жазықсыз жапа шеккен, ауыр бейнет тартқан, көптің атынан айтқан, азулы күштілерге айтқан қатты наразылығы да – бәрі де осы өлеңнен мольнанан сезіледі», – деп жазған. Демек, зерттеуші терең тамырластықты, төркіндестікті, сарындастықты аңғарған.

Задында, Зәки Ахметов абайтану мен лермонтовтануға жаңалықты құбылыстар енгізді. Жас ғалымның тұжырымды ой-пікірлерін академиктер: Крачковский, Струве, Баранников, профессорлар: Ефимов, Берков, көрнекті лермонтовтанушы В.А.Мануйлов қолдап қуаттады. Сөйтіп, оқу мен жазуды, тыңдау мен сөйлеу өнерін, қысқасынан қайырғанда, бірнеше өнер түрлерін түбегейлі меңгерген рухани балғын қасиеттің иесі Зәкең зиялы ойшыл қауымның, озат та үлгілі ортаның барша жақсылықтарын бойына тұтастай сіңірді. Осы кезде ұлттық әдебиеттану ғылымының ту ұстаушысы ретіндегі болашақ алғышарттары қалыптасты. Сөзіміз дәлелді болу үшін, ғылыми жетекшісі С.Е. Маловтың пікірін келтіре кеткен дұрыс. О кісі шәкіртімнің «ғылыми танымының тереңдігіне, зерделілікпен ой толғауына, білім деңгейіне және еңбексүйгіштігіне дән разы боламын» деген екен.

Академик Зәки Ахметов – Абайтану мен Әуезовтану ғылымының қалыптасуы мен даму тарихындағы ірі тұлға. Ғұлама ғалым лекцияларының өзегі – «мұхит, дария суындай, аузынан дүрлер төгілген, ақылға дихан кемеңгерлер» Абай мен Әуезов әлемі және ақындық мәдениет, поэзиялық көркемдік дүниесі. Ұлттық әдебиеттану ғылымының ту



ұстаушысы дәрежесіне көтерілген өзі күндей, сөзі гүлдей Зәки аға сөз жауһарын, ой асылын асқан сезімталдықпен, кемел білгірлікпен, салиқалы парасат- пайыммен саралап, студенттердің жүрегіне, ой-санасына жойқын шабытпен шебер жеткізеді. Лекцияларының әдеби және ғылыми сипаттары бір-бірімен әдемі үйлесім тауып, тұрлаулы, тұжырымды қорытындыларымен көңілге ұялайды, жарқын із қалдырады, көкірегіңе берік орнығады.

Негізінде, Зәкеңнің көркемдік өрі ғылыми ойлау жүйесіндегі тарихи-философиялық дүниетанымындағы ғаламдық өркениет пен ұлттық мәдениет жетістіктері (орыс, Еуропа, араб, парсы, үнді мәдениеттері) оның әрбір сөзіне, пікіріне, топшылауына, түйіндеуіне сәулесін мол түсіреді. Сондықтан да әдеби туындының ішкі қабаттарында, ішкі ағыс-толқындарында жасырынған ұшан-теңіз көркемдік сырларын жиһанкездің картасындай, сұлулық дәптеріндей жайып тастайды. Шабыт қанатында парлаған, желдей жүйткіген ақын жанды ұшқыр Зәкең ғайыптан ғажайып гулеген өуезді естігендей, күй шерткендей кейіпке түсетіндігі тағы бар. Ойымызды Ғұмар Қараштың сөзімен түрлендіріп айтар болсақ, академик, Зәки Ахметовтің әрбір лекциясы, әрбір пікір-лебізін «шешендер де шешеннің күңіреніп шер тартқан сөзіндей, шеберлерде шебердің шұбарлап кесте салған бізіндей, қалың орман ішінде қайыңның қайнап біткен безіндей, алтын жүзік қасының жауһардан жарып салған көзіндей» деп сипаттасақ жөн болар.

Біздер Абайды қанша оқысақ та, ұлы ақынның кейбір ой-толғаныстарын Зәки ағаның аузынан естіп, таң тамаша қалушы едік. Бірде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Диссертациялық кеңесінде Абайдың ақындық болмысын, даналық келбетін, суреткерлік шеберлік кереметін, ар түзейтін адамгершілік ілімін тереңнен тербеп:

*Ендігіге не сұрау бұл жалғанда,  
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.  
Өлген мола, туған жер жібермейді,  
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда! –*

дегенде Абайдың осынау шумағын жаңадан естігендей болдым. Бұл тұста 1893 жылы дүниеге келген Тарту университетінің тамаша бір дәстүрі туралы айта кеткен жөн. Егер де бір профессордан екінші бір профессор Пушкиннің бір шумағын тыңдаса, оған айрықша рахмет айтады екен. Өлбетте, жазбаша түрде.

Абай өлеңдерін Зәки аға түгелге жуық жатқа айтады десек те жарасады.

Абай мәтіндерін ғылыми тұрғыдан талдап, таңдап саралауда, түпнұсқа рухын сақтауда Абайтану ғылымының іргетасын қалаған Мұхтар Әуезовтің еңбегі ересен. Ұлы жазушының кемеңгерлік кеңестерімен 1987 жылы жарияланған қос томдық академиялық толық жинақ – ең негізгі, ең басты, шоқтығы биік басылым.

М. Әуезов әр сөзге ой көзімен мейлінше зейін аударғанын әрі әр түрлі оқылатын сөздердің қай нұсқасы негізге алынатынына өте-мөте мән бергені турасында академик Зәки Ахметов әр кезде айтып отырушы еді. «Өзі зордың болады ығы да зор» деп Абай айтпақшы, жетелі Зәкең ұлы Әуезовтің теңдессіз ғибраттарын көкірегіне тоқыған. Өзі де 1957, 1977, 1995 жылдарда әзірлеген Абай шығармаларының текстологиялық жұмыстарына қызу араласты. Білім-білігін аямай жұмсады.

Академик Зәки Ахметов «Қазақ өлеңі құрылысы» (1964, орыс тілінде), «Қазақ поэзиясының тілі туралы» (1970, орыс тілінде), «Өлең сөздің теориясы» (1973) дейтін еңбектері қазақ өлеңінің тарихы мен теориясына арналған. Қазақ өлеңінің құрылысы нақты айтқанда, буын, бунақ, тармақ, ырғақ, шумақ, ұйқас, жыр, терме, толғау және суреттегіш және бейнелегіш құралдар жүйесі, поэзия мен музыка, тіл мен стиль, синтаксис пен грамматика, фольклор мен әдебиет, дәстүр мен жаңашылдық арақатынасы, әуезділік ерекшеліктері байыпты қарастырылады. Бұл жұмыстар – түркітану мен ұлттық поэтика ғылымына қосылған зор үлес.

Зәки Ахметов 1965 жылдың 2 ақпанында докторлық диссертация қорғағанда ұлы жазушы Сәбит Мұқанов былай деген: «Өлең құрылысы туралы бұрын да аз жазылған жоқ.

Зәки Ахметов соларды түгелдей біліп, ескеріп, қазақ өлеңін жаңа қырынан терең зерттеген. Оның «Қазақ өлеңінің құрылысы» атты зерттеу еңбегі – бұған дейін айтылмаған толымды, көңілге қонымды пікірлер айтуымен құнды».

Академик В.М.Жирмунский Зәки Ахметовтің «Қазақ өлеңінің құрылысы» зерттеуін түркітануға және өлең теориясына қосылған бағалы еңбек деп есептейді.

Профессор Темірғали Нұртазин: «Өлең құрылысының нәзік құбылыстарын тамыршыдай дөп басып, жатық тілмен ұғынықты жеткізетін сирек талант иесі» – деп тиянақтайды.

Академик-жазушы Зейнолла Қабдолов: «Көркем творчество психологиясын әрі терең, әрі нәзік түсінетін суретке тән сыр мен сезім, талант пен шабыт құпияларын ақынша түйсінетін, өмір мен өнердің бір-біріне эстетикалық қарым-қатынасын силлогизм арқылы ғана емес образ арқылы ойлап-толғайтын айрықшы қабілет қажет етеді. Зәки Ахметовте дәл осы бітім мен қабілет түгел. Ол биік эрудициясымен баурайды, тамыр тереңімен қопара тексереді, аса білгірлікпен, үлкен мәдениетпен, білімдіге тән әдеп-ибамен сөйлейді, жазады. Толғаныстары мен талдаулары жан-жақты, терең, кең. Жан сарайының кіршіксіздігі сондай, алыс жақындыға қылдай кінәрат келтірмейтіні былай тұрсын, өзінде тіпті тірі пендені жеккөру сезімі атымен жоқ еді; адам атаулыға тек ғашық көзбен қарайтын. Қазіргі қазақ әдебиеттануының күмбезін тіреп тұрған күміс баған еді»- дейді.

Абай мұрасы – бір халықтың рухани-мәдени өмірінің шарайнасы. Жазба әдебиеттің көшбасшысы-атасы. Ұлтымыздың ақындық даналығын, өнерпаздық болмыс жаратылысын мәшһүр еткен озық ойлы кемеңгер тұлға. Ойы мұхиттай толқыған көкірек көзі көреген арғы-бергі ғасырлар сырын мінсіз толғаған халқының ұлттық ой-санасын оятқан Абайдың асыл туындыларының ағыс-толқындарын, астар қабаттарын, түпсіз тереңдігін жарқырата ашу, шебер сөйлету, дәлелдеп көрсету-қиынның қиыны екені анық. Солай болса да қазақ өлеңінің құрылыс-жүйесін, құдірет-қуатын Абай поэзиясының орыс классиктерімен

ұқсастығын қажырлықпен тексерген, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихын, зерделеген және «Қазақ өлеңінің құрылысы» (1965), «Өлең сөздің теориясы» (1973) тәрізді күрделі еңбектер жазған академик Зәки Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» атты зерттеу жариялауы орынды да. Себебі, ұлы Абайдың сұңғыла суреткерлігін, асқан ойшылдығын, нәзік сыршылдығын білгірлікпен өңгімелеу ондаған жылдар бойы ізденістерді қажет етеді.

Зерттеуші Зәки Ахметов өз еңбегінде Абай шығармаларының адамзаттың рухани көркемдік тәжірибелерімен, әрі болашақ замана белестерімен дәнекерлікте байланыстырады. Және де әрбір туындының сұлулық табиғатын басқа шығармалармен сабақтастыра, жалғастыра, тұтастықта қарастырып отырады. Яғни тарихи принципті мықтап ұстанады.

Ең алдымен, Абайтану ғылымының тарихнамасына назар аударады. Академикақын реализмі хақындағы ойтолғаныстарының орны бөлек. Сондықтан да ғалымның осынау пікіріне құлақ түрейік: «Абай реализмінің көркемдік әдіс ретіндегі ең басты өзгешеліктері, алдымен, айналадағы өмірді, болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеу, ел тағдырының өміріне қатысты ең маңызды әлеуметтік мәселелерді халықтық мүдде, озат арман, мақсаттар тұрғысынан толғай білу дейміз. Яғни көркемдік, шыншылдық, шынайылық, әдебиеттегі халықтық принциппен, озат идеялылықпен ұштасып келетінін атап айтамыз».

Иә, реализм ұғымы – кең ұғым. Ғалымның түйіндеуінше, оған алғырлық, шығармашылық қиял, арманшыл ой, тұспалдап, ишаралап сипаттау, көркемдік шарттылық, көрегендік, ұлттық сана секілді қасиет белгілер тән.

Академик Зәки Ахметов ақынның лирикалық поэзиясының ерекшеліктеріне көркемдік-эстетикалық ойдың айрықша өткірлігін, қуатты, күйлі, сымбатты құйылатынын, сезімнің барынша нәзіктігін, отылығын жатқызады. Сондай-ақ Абай поэзиясының лирикалық

кейіпкерлерінің болмысына, тұлға-тұрпатына, ішкі жан дүниесіне, толғаныс-тебіреністеріне, күйініш-сүйініштеріне зер салып, «сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап» беретіні жөнінде ой өрбітеді.

Зерделі зерттеуші «Келдік талай жерге енді», «Жүрегім нені сезесің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрегім, соқпа, кел тоқта», «Не іздейсің көңілім, не іздейсің?», «Ем таба алмай», «Тайға міндік», «Жастықтың оты жалындап», «Жастықтың оты қайдасың», «Жүрегім менің қырық жамау» сияқты сыршыл лирикасының нәзік реңк толқындарын, нақыш кестелерін, сезім сәулелерін есілте, төгілте жеткізеді. Өз сөзімен айтқанда, «соққан желдей заманның» еркіне көнбейтін қайсар мінезді, өткір тілді текті тұлғаның поэзиясына тұнып тұрған қасиетті ой, мөлдір сезім, мінсіз таза ақыл төн. Ол ғайыпты болжаған, тұңғықтан сыр тартқан, сұлулықтың сиқырын сезінген көреген абыз іспетті.

Академик Зәки Ахметов Абайдың әдеби мысал жанрын өрелілікпен өркендеткеніне, көркемдік шарттылықты шебер ұйымдастыруына, тұспалдап айту тәсіліне, белгілі бір сюжетті алуан-алуан тұспал-бейнелерді алыстан орағытып, қиюластырып жеткізу, сөйтіп ғибратты ойлар ұсынғанына, қоғам өмірін, адам баласының ішкі дүниесін қалтқысыз ашып көрсеткеніне білім-білігін жұмсайды. Нағыз поэзияның жаны – нәзіктік, құштарлық, сезімталдық, ынтықтық, ұшқыр қиял және адамзат тарихында екшелген, қорытындыланған, жинақталған көркемдік тәжірибелерді асқан ұсталықпен меңгеру, «шабыттың қуатымен тебіреніп еркін сөйлеу, жан-тәнімен сезінген жүрекжарды ой толғамын ортаға салу». Ол жалпыхалықтық сөйлеу тілін, байырғы ақын-жыраулар тілін, ұлттың ақындық өнерінің асылдарын бойына жинап, көкірегіне тоқып, қазақ өлеңін жадағай қыстырма сөздерден, қайталаулардан арылтып, ұршықтан шыққан жіптей, сымға тартқан күмістей етіп, жауһардай мөлдіретіп, гауһардай құлпыртып, қазақ әдеби тілінің атасы болды. Өр сөздің өмірбаянын жаңалықты мағыналармен толықтырып жетілдірді. Сондай-ақ қазақ

өлеңінің ұйқастық, ырғақтық, буындық, бунақтық, тармақтық, шумақтық, интонациялық кестесін бұрын-соңды болмаған өзгерістермен кемелдендірді. Міне, осы жөйттар аталмыш монографияның «Тіл бейнелілігі», «Өлең өрнектері» бөлімдерінде жүйелі түрде сөз болады. Автор қара сөздердің жанрлық табиғатына ой жіберіп, кейде шешен сөзге, кейде әңгіме-сұхбатқа, бірде діни трактатқа, Мұхтар Әуезов пікіріне жүгініп, сыншылдық, ойшылдық, сыр-сипаты басым өсиет-толғауға жатқызады.

Асылы, Абайдың қара сөздері ұлттық прозаның публицистикалық әдеби тілдің кемел дамуына жойқын ықпал жасағанын біліктілікпен баяндайды.

Ол Абайды «ұлы ізашар ақын», мүлде жаңа реалистік жазба әдебиеттің ту ұстаушысы ретінде бағалай отырып, оның ұлылық пен сұлулықтан, ойлылық пен сыршылдықтан, сыншылдық пен суреткерлікпен құйылған ғажайып шығармаларының қоғамдық-әлеуметтік, танымдық-тағылымдық, көркемдік эстетикалық мәндерін егжей-тегжейлі ашып береді. Және де Абай дәстүрінің жанған шырақтай кең тарағанын, әсіресе, Шәкәрім ойшылдығын, Мағжанның өсем сыршылдығын, Сұлтанмахмұт сыншылдығын, Ахмет мысалшылдығын, тәмсілмен сөйлейтіндігін, Міржақыптың ағартушылық өнегесін сәтті сабақтастырғанын байыптайды.

Зерттеуші назарынан ақын шығармаларының текстологиясы да қағыс қалмаған. Ол 1905, 1907, 1910, жылдардағы Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбаларын ақын туындыларының ең негізгісі, етек-жеңі жинақысы деп санайды. 1909 жылы Санкт-Петербургте жарияланған текстерді түпнұсқа ретінде қараған жөн деп есептейді.

Академик З. Ахметов 1916 жылы Самат Әбішұлы шығарған «Абай термесі» жинағынан бастап, 1957 жылы М.Әуезов бастырған екі томдық академиялық жинақтарға дейін қамтыған. Бұрынғы басылымдар, тарихи-мәдени мәні ерекше қолжазбалар мейлінше ұқыптылықпен салыстырылып тексерілген. Автор «Абайдың ақындық әлемі» монографиясында Абай аудармаларының түп тамырын іздеуі қуантарлық жөйт. Абайдың Крыловтан аударған

«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңінің негізгі иесі неміс ақыны Р.Левенштейн екен. Мұны академик ағамыз Санкт-Петербург кітапханасынан он күн сарсыла іздеп, ақыр соңында А.Рубенштейн романстарының жинағынан тауыпты.

Академик З. Ахметов ұлы Абайдың ақындық даналығын сонау 1949 жылдан бері қажырлылықпен шұғылданып, зерттеп келді. Ұлттық поэзия табиғатын, оның ереже-қисындарын, қағидаларын және тарихын жетік, зерек түсінген Зәкеңнің «Абайдың ақындық әлемі» дейтін күрделі монографиясы ойлы, мағыналы қорытындылармен, сөз сұлулығы жайлы әсем талдауларымен ерекшеленетін елеулі еңбек.

Заманымыздың бірегей суреткері Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы – ұлтымыздың шамшырағы, қайталанбас біртуар санаткері Ұлы Абайдың рухани болмысы мен ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының тарихи дәуірін кемел көркемдікпен терең жырлаған таңғажайып шығарма.

Ендеше, сұңғыла өнерпаздың шығармашылық зертханасын, көркемдік қабілет-қарымын, эстетикалық ойлау табиғатын, ұлттық сөз өнеріне қосқан үздік жаңалықтарын, шеберлік қырларын әсем тексеріп талдау да, тереңнен толғау да зерттегіштік өнерді қажет ететіні даусыз. Бұл орайда поэтика мәселелеріне, атап айтқанда, Абайдың ақындық дүниесіне, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихының поэтикасына кесек еңбектер арнаған ғалымның «Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы» атты («Санат» баспасы, орыс тілінде) зерттеу жариялауы да – заңды құбылыс.

Академик Зәки Ахметов эпопея авторының суреткерлік даналығы мен даралығын, тарихтың көркемдік шындығын асқақ шынайылықпен келістіре сипаттағанын, Абай поэзиясының рухы – эпопея кеңістігінде сұлу келісім-жарасым тапқанын, ұлы ақынның тіршілік, тартыс, өнер, білім, өмір-бәсеке майданындағы қалыптасу, өсу-өрлеу, өркендеу баспалдақтарын табиғилықпен өрнектеп баяндағанын, ақын мен халықтың біртұтастығын яки

Абай – халықтың ақыл-ойын, арман-тілегін, мұрат-мүддесін, мұң-зарын кемеңгерлікпен жырлаушы екендігін жан-жақты, толық түсіндіре білген. Және де кең тынысты, мол арналы, сан-салалы, салиқалы роман-эпопеяның өн бойындағы философиялық-этикалық, лирикалық, символикалық сарындардың негізін, себебін, мәнін жіктеп-жіліктеп, көрсетуімен де қызықтырады.

Академик Зәки Ахметовтің зерттеуінде проза мен ұлттық поэзияның байланысы, прозаның ұлттық ерекшеліктері, тарихи уақыт пен көркемдік уақыттың арақатынасы, М.Әуезовтің шығармашылық лабораториясы, текстологиясы, суреткерлік-бейнелілік жүйесі әңгімеленеді.

Ой кемесіндей, даналық өлшеміндей, қиял кеңістігіндей, жүрек қазынасындай «Абай жолы» эпопеясының тууы – өзі оқымысты, өзі педагог, өзі көрнекті абайтанушы, өзі әдебиет, театр өнер сыншысы, өзі теоретик, өзі фольклоршы, өзі аудармашы, өзі драмашы, өзі көсемсөзші М. Әуезовтің сан қырлы қабілет дарынына әбден қатысты. Демек, М. Әуезов эпопеясының күрделі табиғатына, күретамырына тән сымбаттылық, сыршылдық, өсемдік, үйлесімділік, тереңдік, даналық, эпикалық баяндау тәсілі тәрізді идеялық мазмұн, көркемдік қасиеттеріне тоқталғанда осындай рухани жаратылысына көңіл бөледі.

Академик Зәки Ахметовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы дейтін зерттеуі – әуезовтануға қосылған сүйекті қабырғалы дүние.

Ұлт санаткерінің әдебиет тарихы мен теориясы, ұлттық поэтика мен өлең жүйесі, абайтану мен әуезовтану жайындағы монографиялары Қазақстан ғылымы тарихында жарқын белес болып есептеледі. Оның еңбектері Қытай, Түркия, Ресей мемлекеттерінде, Минск, Кишинев, Ереван, Баку, Ташкент, Бішкек қалаларында жарық көрді.

Зәкең дарынды зерттеуші, талантты ұстаз ретінде қоғамның ғылыми әлеуетін көркейту ісінде, елді сәулелендіру жолында елеулі із қалдырды. Оның жетекшілігімен 20-дан астам докторлық және диссертациялар қорғалды.



Ол репрессияға ұшыраған Алаш қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын бағалауда тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге орасан зор еңбек сіңірді.

«Сөз жинаған мың кісілік», «Сөзінің әр ширегі мың ділдалық» дегендей, тумысы бөлек, тұлғасы биік, кеудесі қазына ардақты Зөкең қымбат сөз қалдырды.

«Жақсы сөз (кәлимагун-таиибатун) жақсы терек төрізді, оның тамыры тереңде болады да бұтақтары аспан бойлап кетеді. Демек, ол Құдай өмірімен мезгіл-мезгіл жеміс беріп тұратын қасиетті терекке ұқсайды» (Құран Кәрім. – Алматы: Дәуір, 2002, 269-270 беттер). Біздер осындай құдіретті сөзге имандай ұйып, қасиетті рухыңызды, салиқалы ісіңізді, даналық тағылымыңызды, парасатты кітабыңызды бойтұмардай сақтап әрі одан сусындап, ұлттық ой-пікірлер оқулығы ретінде пайдалана бермекпіз.

## АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

Біліктілік өнегесі, сыншылдық, ойшылдық дәрежесі, таным-пайым өресі, пікір айту мәдениеті айрықша Айқын Нұрқатов, шын мәнісінде, көрнекті әдебиет тарихшысы, білімдар сыншысы және пайымдау қабілет-қарымы тегеурінді әдебиет теоретигі еді. Ол - айтулы абайтанушы, білгір мұхтартанушы да. Оның өмір жолы мейлінше келте болса да, «жорғадай төгілте жазды, ағыл-тегіл ой толғады, пікір қозғады, көп шындықты қопара көрсетті, халқына кітаптан соң кітап ұсынды» (академик Зейнолла Қабдолов). Ол – академик-жазушы Мұхтар Әуезовтің әйгілі шәкірті. От ауызды, орақ тілді аяулы Айқын ағаның курстасы, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының ту ұстаушысы академик Серік Қирабаев кемеңгер суреткер М.О.Әуезовтің мына бір лебізін былайша келтіреді: «Айқын мен Серікті мен бөлмеймін. Екеуінің аяқ алысы жақсы. Білімі, талғамы зор. Бейсенбай, Есмағамбет, Қажымдар сыннан алыстап бара жатқан кезде, кейбір сыншылар басқа жанрларға ауысып тұрақтамай жүрген

тұста, екеуінің бірыңғай сынмен айналысуы маған ұнайды. Сынға тұрақты, маман кадрлар керек». Ұстаздың ұлы тілегі Тайбурылдың дүлдүл шабысын тілегендей еді. Айқын да қомданып әдебиет кеңістігінде қыранша парлап, тұйғынша барлап көркем сыр төкті.

Ажал-аждаһаның қанды тырнағына 37 жасқа қараған шағында іліксе де, ұлт тарихындағы ұлы Шоқан, Абайдың перзенті Әбдірахман, суырылып озған сұңқар табиғатты Сұлтанмахмұт, мемлекет қайраткері, әмбебап дарын Смағұл Садуақасұлы тағдырлас жемісі мол мәуелі керемет дарақ, тайпалмалы дарабоз деу лайық.

Артықша жаратылған зерек зейінді Айқын Нұрқатовтың шығармашылық өмірбаянына зерделей үңілсек, болаттай серпінді, екпінді берекелі ой-толғаныстары, сымға тартқан күмістей сыңғыр қаққан тілі, сонымен қатар оқығыштығы, тоқығыштығы, қорытқыштығы көңіл сүйсіндіреді. Оның ХІХ-ХХ ғасырлардағы қазақ әдебиетіне, ұлт баспасөзі мен журналистикасының тарихына, орыстың классикалық әдебиетіне, сондай-ақ әдебиеттану ғылымының теориялық қағида-қисындарына жетіктігі, мөлдірете, түсінікті баяндауы қызықтырады.

Айқын Нұрқатов әдебиеттану ғылымында жарқын із қалдырған шалқар шабытты шамшырақ тұлға. Оның қаламынан «Абайдың ақындық дәстүрі», «Идея және образ», «Мұхтар Әуезов творчествосы», «Жалғасқан дәстүр» дейтін парасатты пайымдауларға бай сүйекті зерттеулер туындады.

Өсіресе, ұлт мәдениеті тарихындағы Абай құбылысы – Айқын Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» атты еңбегінде ұшан-теңіз әдеби-мәдени және тарихи деректер негізінде ғылыми-теориялық тұжырымдар өрбіткен. Реалист-ақын, ағартушы-гуманист, қоғам қайраткері Абайдың ақындық дәстүрлерін жүйелі шығармашылық құбылыс ретінде және әрбір кезеңдегі жанды әдеби үрдіспен үйлесімді байланыстыра зерделеген. Адамзаттың заманауи ауқымды көркемдік мүлігі іспетті Абайдың ақындық даралығы мен даналығының тағылымдық, танымдық көріністері, үлгілі, өнегелі

жаңашылдық, бастамашылдық қырлары, дәстүр сабақтары шынайылықпен терең, әсерлі баяндалған.

Айқын Нұрқатов реалист-ақын, ағартушы-гуманист, қоғам қайраткері Абайдың ақындық дәстүрлерінің табиғатын талдап түсіндіру мақсатында «дәуірінің ұлы азаматы, қайраткері», «білімдары, ойшылы», «қазақтың жаңа әдебиетінің, жазба әдебиетінің негізін салушы, бастаушы», «тұтас бір дәуірдің» теңдессіз ұйтқысы «өз халқының ілгері ұмтылған талабы, ой-арманын қалай бейнеледі? Ұлттық мәдениетті дамыта түсуге оның сіңірген еңбегі қанша? Өз халқының рухани қазынасын ол қаншалықты молықтырды? Оның шығармашылығының дәуірге, халықтың тарихи тағдырына тигізген әсері қандай?» дейтін көкейкесті мәселелерді қарбыта қозғайды, мейлінше түбір-тамырынан терең толғайды. Заманның шындығы мен сырын, халықтың жайын, «бейуақыттың бар трагедиялық күйін, қаралы, кеселді көріністерін, дара-дара адам бейнелерін, айқын типтерді, тіпті дәуірдің типтерін, тұтас заман келбетін», «тарих тамырының жанды соғысын» үздік шеберлікпен, қыран көрегендікпен, жан құмарымен толғаған Абайдың ұлттық-көркемдік игіліктері «халықтың ой-санасының көрінісі» әрі халықтың эстетикалық-философиялық дүниетанымына жойқын, қуатты ағын қосатын құрал екендігін біліктілікпен салмақтап саралайды. «Ұлы ақынның поэзиясы, – деп жазады Айқын Нұрқатов. – өзінің сан-салалы қырымен, тереңдігімен және полифониясымен құнды».

Айқын Нұрқатов ұлт ақыны Абайдың суреткерлік өнегесін, «алыптығы мен ұлылығын» ақындық айналасы, әдеби мектебімен, қазақтың XIX ғасыр басындағы әдебиетімен сабақтастыра талдап түсіндіреді. Қазақтың байырғы ауыз әдебиетінің көркемдік тәжірибелерін жоққа шығармағанын қадап айтады. Абайдың ақындық дәстүрлері оның жаңашылдығымен төркіндестігі, түптеп келгенде, «дәстүр мен жаңашылдық – шығармашылық, эстетикалық және тарихи категория» екендігін және Абай дәстүрлерінің «өзімен тұстас және кейінгі қазақ поэ-

зиясында дамуы, орнығуы, өсіп өрбуі туралы мәселені» әр дәуірдегі жанды әдеби үдеріспен бірлік-тұтастықта қарастырады. Ақынның тұңғық ойлары, тұнық іңкәр сезімдері, биік парасаты, кемеңгерлік ғибраты, терең гуманизмі, ұлттық рухы, көркемдік келісімі қандай десеңізші!

Әдебиет зерттеушісі Айқын Нұрқатов Абайдың әлеуметтік-саяси, философиялық, пейзаждық, сатиралық, ғашықтық лирикасын, ғақлияларын, «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» дейтін тарихи еңбегін талдау барысындағы дәйекті негіздемелерінің ғылыми-теориялық мәні ерекше. Қазақ поэзиясы тарихында Абай лирикалық поэзияны классикалық дәрежеге жеткізгенін құлшыныспен дәлелдейді. Бұл орайда ол «Аттың сыны», «Адамның кейбір кездері», «Бір сұлу қыз тұрыпты ханның қолында», «Асқа, тойға баратұғын», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Тоты құс түсті көбелек» және т.с.с. өлеңдердің көркемдік әлеміне мұқият байқампаздықпен үңіледі. Суреткерлік зертханасының құпиясын тұспалдап түсіндіреді. Абай поэзиясына әуезділік, сыршылдық, ойшылдық, күйлілік, көркемдік, ұлттық бояу-нақыш, «ғажайып жанды суреттер» тән екенін көрсетеді.

Оның тұтас шығармашылығына халықтық рух, ұлттық дәстүр, қасиетті мақсұт, ұлттық нәр-нақыш, ұлттық намыс тән екенін және Абайдың ғибраты ой-толғамдары «жанды да көркем бейне» арқылы беріліп отыратындығын «бүкіл халыққа» тұтас қауымға ғибрат айтатынын бажайлап түсіндіреді. А.Нұрқатов Әбдірахман жайындағы өлеңдер шоғырын мұқият зерделейді. Мұнда Абай Әбдірахманның «рухани кейпін, интеллектуалдық бейнесін», «ірі-ірі сөздерді түйдек-түйдегімен қиыстыра отырып суреттейді». Сөйтіп, «қазақ жасының, жаңа адамының образын жасады». Зерттеушінің көрсетуінше, Абайдың лирикалық қаһарманы – әрі күрескер, әрі ақыл-ой иесі. Мысалы:

*Күн артынан күн туар,  
Бір күн дамыл еткізбес.*

*Ой артынан ой қуар,  
Желге мінсең жеткізбес.*

Сөз өнері ғылымын мінсіз меңгерген Айқын Нұрқатовтың танымына жүгінсек, мұнда бейне бір «өрелі ой, аталы ой әрі шабытты, қанатты ой» салтанат құрған.

Я болмаса «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» өлеңін адамды заңғар биікке құлшындыратын «қуат жыры, демеу жыры» деген түйін жасайды.

Сондай-ақ халық тағдыры мен заман талқысын толқыта толғаған «Сегіз аяқ», махаббат әнұранындай «Жарқ етпес қара көңілім нағылса да», рух мәңгілігі, ақыл-ойдың шұғыласы турасындағы «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», Адам ғапыл дүниені дер менікі, «Менікі» деп жүргеннің бәрі «онікі». Тән қалып, мал да қалып жан кеткенде, Сонда ойла не болады сенікі, «Өлсем, орным – қара жер сыз болмай ма?» дейтін сырлы, сап толғауларында ақынның «бүтін болмысы, бүтін тұлғасы» қызыл тілдің «бар толғауын, бар бояуын таба білгендіктен» жарқын көрініс тапқан. Палитрасындағы бояулар реңкі, «қатпар-қатпар күрделі ойлардың қиюын тауып жеткізуі», бейнелілік қуаты, шығармашылық тәжірибесі таңғаларлық. Задында, Айқын Нұрқатов Абай поэзиясының рухын осылайша сұңғылалықпен сезініп, ғұламалық зердемен қабылдап, төгілтіп сөйлейді. Айқынның аталы пікірлері, байсалды ойлары өркендемпаз, алға басымпаз қасиетімен қадірлі.

«Сөйтіп, ақын жалпы адам баласының, оның рухы мен ақыл-ойы жемісінің, – деп көрсетеді Айқын Нұрқатов. – мәңгі жасайтындығы туралы тақырыпқа ауысады». Бұл ретте ол «Өлсем, орным – қара жер сыз болмай ма?» өлеңіне ой көзімен бақылау жасап, «оның болашақ ұрпаққа арнап тіл қатуы, сондай-ақ өз жанының да бар түкпірі, тереңі мен тұнығы еді» деп пайымдайды.

Абай поэзиясында сатиралық сарындар мейлінше қуатты. Қоғам өміріндегі әділетсіздіктердің, адам бойындағы қайшылықтардың сыр-сипатын түбірлеп түсінеді. «Өзі мысқылдап отырған құбылыстың ішкі мәніне тереңдеп үңіледі және сол кеселдің туындап жатқан төркінін тап басып, дәл табады, өзінің ызалы тілінің зілі

мен көрін соған қадайды». Бұл орайда «Абыралыға», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Болыс болдым, мінекей», «Мәз болады болысың», «Дүтбайға», «Көзінен басқа ойы жоқ» тәрізді әлеуметтік мәні зор өлеңдеріндегі сатиралық, әшкерелеушілік пафосын айрықша атайды.

Сыншылдық көзқарасы, ой-пікірі оқшау, үздік ақынның тапқырлығы соншалықты, осынау «құралды кімге қарсы және қалай жұмсаудың жолдары мен тәсілдерін тапты». Суреткерлік қолтаңбасы, көркемдікті қабылдау қабілеті, шығармашылық тәжірибесі кемел Абайдың орыстың ұлы сатирашысы Салтыков-Щедриннен үлгі-өнеге алғаны тағы бар.

Абайдың рухани тұлғасын, даналық болмысын айқындауда Айқын Нұрқатов: «ол – шыншыл-ақын, күрескер-ақын, қоғамдыда, адамдыда сауықтырушы емші-ақын» деген мінездеме беретіндігі тегін емес. Оның «сауықтырушы, айықтырушы емші-ақын» дегенінде қоғам өміріндегі, адам бойындағы өрескел қайшылықтарды, ушыққан дерттерді қанын сорғалата аяусыз әшкерелеп, қарғыс оғын қапысыз жаудыруында («Түзетпек едім заманды», «Түзу кел, қисыққыңыр қырын келмей») оқымысты Абай сатирасының халықтың көзқарасымен үндестігін, жаңашылдық сипаттарын, суреткерлік сарайын саралай-салмақтай келіп, «нағыз эпиграммаға тән жинақылық пен алмастай тілгір өткірлік те бар», «құбылыстардың сыртқы көріністерінде, ішкі сырларын да көре білген.» «Жүз құбылған аярларды», «мақтан күйлегіш күпілдектерді», «сұмырайдай тақылдағандарды», ішмерездікті, үзеңгі бауы алты қабат кісімсінген менмендерді айыптаған сайын «әсемдік пен сұлулыққа, әділет пен адамгершілікке соғұрлым молырақ, әсерлірек етпек» деген түйінді қорытынды жасайды.

Зерттеуші Абайдың поэзиялық мұраларының ішінде поэма жанрын өркендетуге қосқан үлесіне талдау жүргізеді. Ақынның «Масғұт» поэмасы мен И.С. Тургеневтің «Восточная легенда» дейтін хикаятының негізі бір екенін анықтаған. Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында қазақ ақынының Тургенев шығармашылығымен таныс екендігі айтылған-ды.

Абайдың «Ескендір» поэмасы Өзірбайжан халқының ұлы шайыры Низамидің «Ескендірнама» дастанымен (20000 жол) үндес. Негізінде, ол Шығыстың жеті жұлдызының өнернамасымен етене жақын болған-ды.

Айқын Нұрқатов «Абай өзінің ойшылдығын, білім-дарлығын «Қара сөздерінде» де мол аңғартып отырады» дейді. Ғалым пікірінше: «Замана жайы, халықтың тағдыры мен тіршілік күйлері, ел мінезін түзудің, оны жарық пен прогресске бастаудың жолдары, адамның рухы мен санасының өзгеруі, халықтардың өзара байланысы мен қарым-қатынасы, оның мәдениеті мен рухани қазынасының жайы, адамға адамгершілік тәрбие беру мәселелері, со кездегі қазақ қоғамының, сахара өмірінің қым-қуыт шындығы – Абайдың «Қара сөздерінің» негізгі тақырыптары».

Тоқетері, мұнда қоғамдық-публицистикалық, философиялық-моралистік, сатиралық-әшкерелеушілік, патриоттық ой-толғаныстар өрбіткенін көрсетеді. Сонымен қатар адамзаттың рухани тарихындағы ақыл-ой алыптары Сократ, Платон, Аристотель, Гомер, Софокл, Фалес, Гермес жайын жақсы білгенін ойға оралтады.

Абайдың А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов сынды ұлы ақындардың суреткерлік тәжірибесіне, көркемдік әлеміне, сұлулық, еркіндік, рух ойларына иек артқанын және тең дәрежеде сұхбат құрғанын жан-жақты, терең, толық баяндайды.

Бұл орайда Айқын Нұрқатовтың үш түрлі түйінді, күрделі мәселені ғылыми-теориялық тұрғыдан байыпты қарастырғанын көруге болады.

Біріншіден, «озық та озат орыс әдебиетінің қазақ классигінің өнернамасына түп-тура құдіретті әсері шын мәнісінде, классикалық орыс әдебиеті ұлт ақынның «өмірлік сырласы», «шабыт алар қайнары», «тағылым алар ұстазы» болған-ды. Екіншіден, орыстың ұлт ақын-дарымен тең дәрежеде сырласып-сұхбаттасып, ой, пікір, идея жағынан рухани келісім тауып жасаған жаратындылары яки төрт аяғы тең төлтума аудармалары. Үшіншіден, орыстың ақын-жазушылары, сыншыл-ойшыл қайраткерлері мен Абайдың әдеби-ғылыми дүниетанымындағы ортақ, ұқсас сарындар.

Оқымыстының «Абайдың ақындық дәстүрі» монографиясына тарихилық пен деректілік тән. Дереккөздерді мұқият, тиянақты пайдаланады. Әдеби-зерттеу әдістерінің басты шарттарын қапысыз сақтайды. Әдебиет тарихшысы А.Нұрқатов Семей облыстық Статистикалық комитеті хатшысының 1882 жылы 6 шілдеде орыстың Императорлық географиялық қоғамының Батыс Сібір бөліміне жолдаған хатын келтірген:

*«К крайнему моему сожалению, я не могу оказать содействие отделу в сборе местных киргизских сказок и легенд как по незнанию киргизского языка, так по недостатку времени. Полагаю, что в этом отношении для отдела мог бы быть полезен Ибрагим Кунанбаевич Ускенбаев (управитель Мокурской волости Семипалатинского уезда), весьма развитой киргиз, умеющий при том писать по русский достаточно связно. Секретарь Микоклин» (ООМА. 86-қор, 11-іс, 102-пар., 2-бума).*

Асылында, «әдеби форма жасау міндеті халықтың ұлттық өмірін, болмысы мен тағдырын, ой-арманын барынша кең қамтып суреттеу, замана сырына, өлеуметтік құбылыстарының ішкі мәніне тереңірек үңілу міндетімен тығыз байланысты» екендігі ақиқат.

Поэзиялық бейнелеу, көркем суреттеу, ой асылын, сөз асылын шынайы шеберлікпен мінсіз келістіру, үйлестіру – мазмұн мен түрдің бірегей біртұтастығынан туындайды. Абай поэзиясы – қазақтың жазба әдебиеті, көркемдік ойлау тарихындағы тұтас бір тарихи дәуір, теңдесі жоқ үздік, ұлы құбылыс. Сондықтан да Айқын Нұрқатовтың мына бір лала, дара лебіздеріне зейін аударайықшы:

«Абай поэзиясы өзінің халықтығымен, қарапайымдылығымен құнды. Бұл – нағыз даналықпен ұласып жатқан қарапайымдылық».

«Абай поэзиясы өзінің айқындығымен, шыншылдығымен бағалы».

«Абай өлеңдері музыкалық үйлесімділігімен, өуезділігімен ерекшеленеді».

«Абай поэзиясының ең бір қуатты қасиеті – оның бейнелілігі. Ол өзінің ақындық құдіретімен небір дерексіз



сезімдер мен түйсіктерді жанды күйге түсіріп бере алады».

Әдебиеттанушы А.Нұрқатов Абайдың ақындық мектебін, ұстаздық еңбегін яғни Абай тұсындағы ақындар шығармашылығын, атап айтар болсақ, Баймағамбет Айтқожаұлы, Тайыр Жомартбаев, Ақылбай, Мағауия, Халиолла, Кәкітай, әншілер Мұхаметжан Майбасаров, Өлмағамбет Сексенбаев, Мұқа Әділханов, ертекіші Баймағамбет, жыршы Бейсенбай сынды нешеме алуан өрелі өнерпаздар болған.

Ақындық-әншілікті, композиторлықты, жыршылықты, әңгімешілдікті, шежірешілдікті туғып ұстаған өнерлі, өнегелі ортаның ортасында: «Мұқа асқан скрипкашылығына, зор үнді әншілігіне қоса ақын да болған. Оған Абайдың, Ақылбай мен Мағауияның зор ықпалы тиген. Ол «Дунай толқындарын» скрипкада тамылжытып тартатын болған. Соған арнап өлең де шығарған...» – деп, ой түйеді Айқын Нұрқатов. Мұқаның болмысына Абайдың композиторлық өнері, «аталы ойларының» рухы әсер еткен.

Ғалымның Абайдың немересі Әубәкірдің сатирашылдық қабілетіне, уытты жырларына ден қойып, ол жөнінде Әрхам Ысқақовтың естелігіндегі айғақтарды ортаға салады. Бұл деректер Абайдың ақындық, ұстаздық тағылымынан сыр шертеді. Әсіресе, Абайдан даналық дәрістерін ұғып-ұйып қабылдаған, шығармашылық дәстүрін дамытқан Ақылбай мен Мағауияның, Әріп пен Әсеттің поэма жанры мен лирикалық поэзиядағы жаңашылдық қырларын, көркемдік келісімін сөз етеді.

Ғалым-сыншы А. Нұрқатов Ақылбайдың «Дағыстан» мен «Зұлыс», Мағауияның «Медғат-Қасым» мен «Еңлік-Кебек», Әсеттің «Салиха-Сәмен» поэмаларының композициялық құрылысындағы, көркемдік әлеміндегі көркемдік құбылыстарды, романтикалық көріністерді, әсерлі, көркем суреттерді жаңғырта, түрлендіре жетілдіргенін, романтизм бағытын енгізгенін, «оқиғалы, қызықты дас-тан туғызғанын» ғылыми-теориялық тұрғыдан бажайлап түсіндіреді.

«Абай поэзиясының дәстүрлері туралы мәселе – сайып келгенде, қазақ поэзиясының тағдыры мен болашағы туралы мәселер еді» деген түйінді тұжырымына адалдық таны-

тып, Айқын Нұрқатов Абайдың шығармашылық өмірбаянын ыждаһатпен тексереді. Ақын шығармаларының жариялану тарихына, мысалы, «Жаздыгүн шілде болғанда» Көкбай ақын атынан жарық көргенін (1889 жыл, №7, 17 ақпан), «Болыс болдым, мінекей», «Күлембайға» («Дала уалаятының газеті», 1889 жыл, №12, 24 наурыз), «Аттың сыны», «Қансонарда» (Қисса Кнәз білән Зағифа. Қазан, 1897 жыл) өлеңдерінің қайда, қашан жарияланғанын нақтылы көрсетіп отырады.

Және де Зейнелғабиден ибн әл-Жауһари әл-Омскауи 1909 жылы Уфада бастырған «Насихат Қазақия» кітабында «Тобықты Ыбырай марқұмның өлеңдерінен» деген топтама-сында Абайдың өлеңдері берілген.

Сондай-ақ «қызғылықты бір дерек» Д.М. Львовичтің «По киргизской степи» (Петроград, 1914, с.46) дейтін еңбегінде бар екен. Ол Торғай уезін аралағанда Қарасу ауылының әншісі Нұрғожа Ыбырай Алтынсариннің табиғат лирикасы жайында және Нұрпейістің үйінде қарт жыршы Абылай Қарабатыровты тыңдағанда мынадай ой жібін сабақтайды: *«...Домбыра тартып, өлең айтқанына айран асыр қалғанымды айттым Абылайға. Содан соң тағы да бір ән салып беріңіз, көңілдірек біреуін айтыңыз деп қолқаладым... Ол көп бәлсінген жоқ. Домбырасының құлақ күйін келтіріп ап, ескектете қағып-қағып жіберді де, шырқап ала жөнелді. Алғашқы ән сияқты мынаның да әуені шерлі екен. Ал сөзі ше... Сөзі қандай тамаша еді, шіркін... Расымды айтайын, алғашқыда өз құлағымға өзім сенбедім... Кәрі қазақ өзге бірдеңе емес, Татьянаның Онегинге арнаған хатын әндетіп айтқанын көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші...»*

Айқын Нұрқатовтың өжеттігі дейсіз бе, ұлт мәдениетіне жанашырлығы дейсіз бе, әдеби-мәдени және тарихи деректерді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдастырған «Қазақ» газетіндегі материалдарды Кеңес дәуірінің өзінде ұсталықпен пайдаланған деуге болады. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының Абайдың шығармашылық мұрасы, ақындық тұлғасы (өлең бунақтары, дауыс ағыны, сөздің табиғи түзілісі), тарихи орны турасындағы көшелі пікірлерін ақылмандық тапқырлықпен орайластыра

келтірген. Мәселен, «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 30 наурызындағы №56 санында Мұхтар Саматовтың «Потанин докладынан» дейтін оқшау сөзінен үзінді келтірген:

*«Расында да қазақ халқы әнші келеді. Дауыстары таза, ашық болады. Әншілер өнерін халыққа аса шебер көрсетеді. Әнші болған жерге кәрісі бар, жасы бар жиналмаған жан қалмайды. Сондықтан да, менің ойлауымша, қазақ арасында ең әуелі ән-сырнай өнері гүлденбек. Енді бір елу жылдан кейін қазақ әнші-сырнайшы әртістері патшалық театрдың сахнасына да шығуға жарайды».*

1913-1914 жылдарда Абай мен Ыбырай Алтынсарин мұрасы хақында әдеби-музыкалық кештер өткен. Соның бірі – 1914 жылы 26 қаңтарда Семейдегі «Халық үйінде» ұйымдастырылған. Ұйытқысы ұлт мәдениетінің айтулы қайраткері Нәзипа Құлжанова Абай турасында екі тілде баяндама жасаған. Әнші Әлмағамбет Абай аудармаларын орындаған.

Сонан соң 1915 жылдың 13 ақпанында Семейдің «Приказчик клубында» Абай мен Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы жайында әдеби кеш өтеді. «Айқап» журналы (1915 жыл, №5, 77-бет) Абай мен Ыбырайды ұлт тарихындағы ұлы тұлғалар ретінде бағалаған. «Кеште Біржан мен Сараның, Жанаяқ пен Баланың айтыстарынан көрініс беріледі, Н.Құлжанова Ыбырай өлеңдерін оқиды, Әлмағамбет тағы да Абай өндерін айтады. Кештің басқа бөлімдері де қызық болып өтеді. Оған Қаныш Сәтбаев, Тайыр Жомартбаев, Қайықбай деген бала әнші, Ыбырай Алтынсариннің баласы – Ғабділхамит және басқалар қатынасады» – деп батыл жазады Айқын Нұрқатов.

Қазақ әдебиеті тарихындағы ұлы тұлғалар, керемет кесек шығармалар, қадау-қадау терең ой-тұжырымдар А.Нұрқатов назарына ілінбей қалғаны некен-саяқ шығар. 1933 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының толық шығармалар жинағындағы» (құрастырған Жүсіпбек Аймауытов) «Айтыс» поэмасында Нәзипа Құлжанова туралы толғаныстарға жүгінуді қандай зерделілік десеңізші! Ақын суреттегендей, «Сөз табар әр мәжілісте жарасымды», «Әр іске ыңғайы бар жанасымды» ұлт руханиятының

біртуар өкілінің өрелі істерін, ұйымдастырушылық, ұйыстырушылық қабілет-қарымын қапысыз әңгімелейді. Абай туралы «Қыр баласының хатын» («Дала уалаяты газеті», 1889, №24, 26, 29) ғылыми айналымға қосқан.

Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» атты өлеңін орыс тіліне Нәзипа Құлжанова тәржімалап, «Сибирский студент» журналына (1915, №3-4) бастырған.

Айқын Нұрқатов «Қазақтың жалғызы – Абай» жөніндегі Джордж Кеннанның, А.Е. Алекторовтың, А.Н. Белослюдовтың, А.Н. Седельниковтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Нұқ Рамазановтың ой-пікірлерін таразылап салмақтайды.

Америка журналисі, жиһангезі Джордж Кеннан 1880 жылдарда Абай еліне келіп, Леонтьевпен әңгімелескенде Абайдың Бокль, Милль және Дрэпер трактаттарын оқитынын естиді. «Иә, иә, алғаш рет кездестіргенімде ол индукция мен дедукцияның айырмасын түсіндіріп беруді қолқалап, мені айран-асыр қалдырды. Кейін мен оның ағылшын философтарын тереңдеп оқып жүргенін, ал мен айтқан авторлардың шығармаларын орысшаға аударылғанынан оқып шыққанын білдім.

– Сонда сіз ол оқығанының бәрін түсінді деп ойлайсыз ба? – деп сұрады студент.

– Дрэпердің «Еуропадағы өркениеттің тарихы» бойынша мен одан екі кеш бойы сұрап бақтым. Ашып айтуға тиіспін: оның білімі тіпті көп екен». (Джордж Кеннан. Сибирь и ссылка. Пер. с англ. С-Петербург, 1906, с.101-102).

Білгір зерттеуші Абай мұрасын танып талдауда, Алаш әдебиетін, әсіресе Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәбит Дөнентаевтың, қайраткер, санаткер Нәзипа Құлжанованың (Абайды қазақ әдебиетінің атасы деп білген), сонымен бірге ұлттық ояну, өнер-білімге құлшыну, әйел теңдігі тақырыбын қозғаған, халықтық, реалистік, демократтық бағыттағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Мақыш Қалтаев, Ғұмар Қарашев, Мұхамеджан Сералин, Спандияр Көбеев, Нұржан Наушабаев, Бекет Өтетілеуов, Әкірам Ғалимов, Бернияз Күлеев, Шөңгерей Бөкеев тәрізді ақын-жазушылардың мұрасын ынтызарлықпен әңгімелейді.

Атап өтерлік жәйт, Абай мен Сұлтанмахмұттың рухани үндестігін, көркемдік бояу-нақыштардың, суреткерлік палитрасының байлығы, ойлау жүйесі, Абай поэзиясымен тамырластығын және өзгешелігін әділ байқаған.

«Тегі, Сұлтанмахмұттың ақындық тілі – мейлінше шабытты тіл, шыншыл тіл» және оған «романтикалық өршіл сипат» тән екенін егжей-тегжейлі ұғындырады. Абай мен Сұлтанмахмұт дүниетанымы бойынша, «ақын – қоғам мінін түзеуші, адамгершілік қоғам іздеуші, әділет жыршысы».

Әуезовтің әйгілі шәкірті Айқын Нұрқатов Сұлтанмахмұттың Лермонтов, Некрасов, Блок сияқты ақындар поэзиясының полифонизмін, көркемдік-стилистикалық ерекшеліктерін, рухын, сарынын бойына сіңіргенін нанымды түсіндіреді.

Сайып келгенде, ол Абай поэзиясының эвфониясын, стилистикасын, музыкалық архитектурасын, образдық-метафоралық жүйесін, қарама-қарсы күрделі ассоциациясын, лирикалық тұлғаның интеллектуалдық дәрежесін, ішкі мәнін, поэзиялық фразеологиясын, негізгі сөздік қорын дұрыс пайымдаған, лайықты қорытынды шығарған. Абайдың ақындық, ағартушылық, қайраткерлік, санаткерлік еңбегі мен қызметін ұлт мәдениеті тарихындағы тұтас дәуір екендігін ұшан-теңіз әдеби-мәдени, тарихи деректер негізінде растап дәлелдеген.

Академик Серік Қирабаев А.Нұрқатовтың «Абайдың ақындық дәстүрі» атты зерттеуі «ғылымның елеулі табысы саналуға лайық», «қазақ әдебиеттану ғылымында тың сөз» деуі ақиқаттығымен бағалы.

Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихындағы «ойының байлығы, қаламының жүйріктігі» (С.Қирабаев сипаттамасы) жағынан алғанда атақты сыншы-ғалымның әдеби-ғылыми шығармашылығы өзгеше бір өміршең әлем. Ол – Абайтану мен Әуезовтану ілімі тарихындағы тарлан тұлға.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Абай поэзиясы мен қара сөздері – рухани құндылықтар мен көркемдік құбылыстардың бай да байтақ әлемі. Оған жаратылыс, болмыс, ғарыш, ғалам, Жаратқан Ие жайындағы ғылыми көзқарасын, дүниетанымын қоссаңыз, оның ақындық, ойшылдық, тәлімгерлік, әлеуметшілдік, стратегтік, күйшілік, шешендік тұлғасы асқақтай түседі.

Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы, классикалық қазақ әдеби тілінің атасы, ұлттық сөз өнерінің пірі Абайдың мәтіндері – ұлттық санамен, дәстүрмен, мәдениетпен, ұлттық рухпен, жалпыадамзаттық мәдени игіліктермен сабақтас.

Қайраткер Абай кесек, ірі ой-пікірлерін, стратегиялық мақсатын тапқырлықпен, сыншылдықпен, айтқыштықпен, өткірлілікпен, әсерлі, түйдекті толқындаған күймен жеткізеді. Мұнда отты, бет қаратпас лидерлік мінез тағы бар. Сондай-ақ телегей энциклопедиялық, ұлттық-мәдени білімі, тәжірибесі де жеткілікті. Оның дүниені, сыртқы, ішкі әлемді қабылдауы да, түсіндіруі де, толғауы да, қиялы да, ойы да, сезімі де, идеясы да, мазмұны да өлшеусіз көркемдік бояуларға, нақыштарға, кестелерге, суреттерге, көрегендік қасиеттерге ие. Әрбір сөзі – сыр, мағына. Әрбір өлеңі – өзгеше бір қызықты әлем, ыстық лебіз, даналық дәрiс.

Мың қырлы, мың сырлы, мың әуезді Абай поэзиясының көркемдік табиғатын тексеру, талдау, ішкі астар-қабаттарына, сырларына, ағыс-иірімдеріне үңілу мақсатында образдық-метафоралық жүйесіне, суреттегіш-бейнелегіш құралдарына, көркемдік-пәлсапалық логикасына, ғылыми дүниетанымына, афоризмдерінің поэзиялық, тағдыранықтағыштық қырларына, даналық

болмысының түпкі дереккөздеріне (өнерлі, өнегелі ортасына) үңілдік. Абай, негізінде, ұлттың, заманның, жанрдың, қоғамның, кейіпкер тілін терең білген бесаспап тұлға.

Абай тілінің сөздігі бойынша мына бір статистикалық мәліметтерді келтірген жөн болар.

Абай тілінде 6293 сөздің негізгі және туынды түбірі бар екендігі, сонымен қатар 46596 сөз қолданыс кездесетіні анықталған. Ақын тікелей араб тілінен – 402, парсы тілінен – 50, латын тілінен – 6, татар мен ноғайдан – 25, орыс тілінен – 62, шағатай тілінен – 27, түрік тілінен – 4, грек тілінен – 1, поляк тілінен – 1, қытай тілінен – 1 сөз қолданған. Жиыны 11 шет тілін пайдаланған. Бұл көрсеткіштер Абай тіліндегі мейлінше мағнауи құндылықтарды байқатады.

Тоқетері, Абайдың рухани мұрасы, ой қазынасы, даналық ілімі мен мектебі – әлем өркениеті мен Ұлы дала тарихындағы дара құбылыс.

*2020 жыл, ақпан-мамыр*

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұхтар Әуезов. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі // «Шолпан» журналы, 1922 жыл, № 2; 1923 жыл, №4.
2. Литературное наследство. т. 92. – Москва: Наука, 1980. – 564 с.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-2 Т. – Алматы, Жазушы, 1995. – 384 б.
4. Егемен Қазақстан // газетінің 20.07.1994).
5. Әрхам Кәкітайұлы. Абай өмірбаянына қосымша деректер. // «Жұлдыз» журналы, 1993, – № 6.
6. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1Т. – Алматы, Жазушы, 1995. – 338 б.
7. Исабай Қалмұхан, Байжан Ата Сапар. Қажыға барған қазақтар. – Алматы: Ана тілі, 1996.
8. Октавио Пас. Солнечная система // Иностранная литература. 1997, – № 7. – 234-235 с.
9. Теория метафоры. – Москва, Прогресс, 1990. – 512 с.
10. Әуезов М. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: «Қазақ энциклопедия-сының» Бас редакциясы, 1997.
11. Россия. Қырғыз өлкесі. / В.П. Семенов редакциясы мен. 1903, 18-том.
12. Абай Құнанбаев. Толық жинақ. – Қызылорда, 1933.
13. Коран. Перевод смыслов и комментарии. – Алматы, Өлбаракат, 2006.
14. Белинский В.Г. Собр. соч. в трех томах. Т.1. – Москва, ГИХЛ, 1948.
15. Коран. Перевод смыслов и комментарии иман Валерии Пороховой. 10-е издания. – Алматы, 2007. – 808 с.
16. Мықтыбекұлы Қ. Қазанат, – Астана, 2001.



17. Байтұрсынов Ахмет. Ақ жол. – Алматы, Жалын, 1991.
18. Көбесов А. Өл-Фараби. – Алматы, Қазақстан, 1971.
19. Таранов П.С. Философия сорока пяти поколений. – Москва, АСТ, 1999.
20. Ламартин, «Түркия тарихы»
21. Гете. «Батыс-Шығыс Диуаны туралы ескертпелер мен очерктер»
22. Сэр Бернард Шоу. «Истинный Ислам». т.1. 1936
23. Томас Карлейл «Арабтар, Мұхаммед және оның ғасыры»
24. Босуарт Смит, «Мұхаммед және мұхаммеданизм»
25. Эдвард Гиббон, «Царацин Империясының тарихы». – Лондон, 1870
26. Джеймс Тигнер. «Ислам: Жұмбақ дін», «Оқырмандар дайджесі» Америка басылымы, мамыр.1955ж.
27. Ибатов А. Қутбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. XIV ғасыр. – Алматы, «Ғылым», 1974.
28. Құнанбаев Т. Әкем Абай туралы. – Алматы: Ана тілі, 1993.
29. Өуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Санат, 1995.
30. Марғұлан Ө. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985.
31. Өуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы, Ғылым, 1988.
32. Өуезов М.О. Абай жолы.1-кітап, – Алматы: Жазушы, 1990.
33. Скогорев В.А. Афоризмы комедии «Горе от ума» А.С.Грибоедова // Сравнительно-историческое исследования русского языка. – Воронеж, 1980.
34. Коваленко С. Крылатые строки русской поэзий. – Москва, Современник, 1989
35. Толстой Л.Н. Собрание сочинений. В 22-х томах. т.15. Статьи об искусстве и литературе. – Москва: Художественная литература, 1983.
36. Бельгер Г. Қараңғы түнде тау қалғып // «Абай» журналы, 1993, №5.
37. Бөжеев М. Абайдың ақындық айналасы. – Алматы, 1971.

38. Тоғжанұлы Ғ. Абай. – Алматы-Қазан, 1935.
39. Йүсүп ұлық Хас-Хажиб Баласағұни. Құт әкелетін білім Құтадғу білік. Наманган нұсқасы. / Ғылыми-поэтикалық тәржімасын жасаған Әбжан Құрышжанұлы. – Түркістан, 2004.
40. Қыр баласы. Бас қосу турасында. // «Қазақ» газеті, 1913 жыл, 10 июнь, №18.
41. Ахмет Байтұрсынұлының «Қоңсылық жайында» // «Қазақ» газеті, №34, 1913 жыл 16 қазан.
42. Вейль Г. Симметрия. – Москва: Наука, 1968.
43. Агбунов М.В. Путешествие в загадочную Скифию. – Москва: Наука, 1989.
44. Сарай Өнес. Көк түріктері. – Алматы, 2014.
45. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он алты томдық. – Алматы, 1980. Джорж Кеннан. Сибирь и ссылка. 1906.
46. Қажым Жұмалиев. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы. ОГИЗ. 1948.
47. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, Ана тілі, 2008. – 310 б.
48. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.3. Тіл – құралы. – Алматы, «Алаш», 2005. – 352 б.

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ .....	12
<b>I бөлім. АБАЙ ДАНАЛЫҒЫ .....</b>	<b>15</b>
АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ ОРТАСЫ .....	16
АБАЙДЫҢ МЕТАФОРАЛАРЫ .....	29
АБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫ .....	55
АБАЙДЫҢ ДАНАЛЫҚ ӘЛЕМІ .....	69
ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ .....	93
АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТЫҢ КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТІ .....	95
АБАЙДЫҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ .....	107
АБАЙ АФОРИЗМДЕРІ .....	131
ПОЭЗИЯ ЖӘНЕ МУЗЫКА .....	140
АБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ .....	165
АБАЙ – СТРАТЕГ .....	176
«ОСЫ ӨЛЕҢ – ОҚИТҰҒЫН ДҰҒАМ МЕНІҢ» .....	185
«СЫПАЙЫ ЖҮР ДЕ, ШАРУА ОЙЛА» .....	188
«ӘЙТЕУІР АҚСАҚАЛДАР АЙТПАДЫ ДЕП...» .....	191
«СӨЗІН ОҚЫ ЖӘНЕ ОЙЛА...» .....	193
«ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ» .....	195
АБАЙ ДӘУІРІ ЖӘНЕ ЖАС ҚАУЫМ .....	199
АБАЙ ЖӘНЕ ШҮМЕР МӘДЕНИЕТІ .....	201
<b>II бөлім. ӘЙГІЛІ АБАЙТАНУШЫЛАР .....</b>	<b>205</b>
МҰХТАР ӘУЕЗОВ .....	206
СӘБИТ МҰҚАНОВ .....	221
ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ .....	227
ЗӘКИ АХМЕТОВ .....	233
АЙҚЫН НҮРҚАТОВ .....	265
ҚОРЫТЫНДЫ .....	278
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....	280

**Серік НЕГИМОВ**

**АБАЙДЫҢ КӨРКЕМДІК ЖӘНЕ  
ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМЫ**

**Жобаның бас үйлестірушісі  
Думан ОРЫНБЕКОВ**

**Жоба үйлестірушісі  
Жұлдызай КІШКЕНБАЕВА**

**Жауапты шығарушы  
Жанбота КӨРІПБАЕВ**

**Көркемдік жетекшісі  
Алмаз МЫРЗАХМЕТ**

**Техникалық редакторы  
Ілияс ҚҰРМАНҒАЛИЕВ**

ISBN 978-601-337-348-5



Теруге 26.05.2020 қол қойылды.  
Басуға 4.05.2020. Офсеттік басылым.  
Қатты тыс. Пошымы 60X90.  
Қаріп түрі: Book.  
Таралымы 500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
типографиясында басылып шығарылды:  
010008, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к., 13/1